Француз тіл біліміндегі бұл жағдайдың күрделілігін көрсету үшін ғалым М.А.Бородина шетел ғалымдарының аймақтық тілге деген түрліше көзқарастарын келтіріп кетеді:

1) (Под региональным языком) «мы понимаем язык, употребляющийся на определенном географическом пространстве Франции, в то время как французский язык является общим языком на всем национальном пространстве» (Ж.Б.Марчеллези); 2) а) «Системность французского регионального, повидимому, заключается в генетической связи с патуа и в известном влиянии «французского центрального»; б) «французский региональный язык сделал выбор между своими собственными архаизмами нормой французского узуса; в) «наиболее сложным вопросом является определение размеров территории, которые связаны с понятием «региональный»; г) «французский региональный тоже пытается утвердиться, он имеет свою норму, не менее императивную, чем норма французского центрального, только намного менее устойчивую» (Ф.Буайа); 3) (Региональный французский не является) ни говором с определенной внутренней структурой, ни однородной языковой системой т.к. известно, что в ней преобладает общенациональная форма языка, измененная под действием местных говоров. Он является более варьированным и индивидуализированным, чем эти последние, т.к. говорящий на региональной форме языка отражает нестабильность языковой структуры» (О.Блок); 4) «Региональный французский – это региональная привычка языковой реализации, которая по своему ареалу редко совпадает для отдельных языковых явлений; по этому надо говорить не о региональных французских языках, но о бесчисленном множестве вариаций французского литературного языка» (Б. Потье); 5) «Региональный французский – это географический вариант общенационального койне или языка» (Л. Вольф) [4.30].

Жоғарыда келтірілген шетел ғалымдарының пікірлері аймақтық тілдің

жергілікті диалектілер мен әдеби тілдің арасындағы желісі үзілмеген жалғасы және өзге тілдік ортада өзінше қалыптасқан тіл екендігін айғақтайды. Оның бойында көне тілдік элементтер мол сақталған.

Аймақтық тіл қазақ диалектолог-ғалымдарының арасында да соңғы уақыттарда зерттеу нысанына айналған өзекті мәселе болып келеді. Осы турасында «Қазақ тілінің аймақтық сөздігінің» кіріспесінде академик Ш.Сарыбаев: «Қазақстан жеріндегі сөйленістермен қатар, белгілі бір тілдік жағдайда өзге аймақтарда, өзге тілдік ортада өзіндік жазбаша және ауызша да әдеби нормаларын қалыптастырып, өз бетінше дамып келе жатқан қазақтардың тілінің мәртебесін тек сөйленіс, диалект дегеннен гөрі *аймақтық тіл* деп атауға тура келеді. Мұның мысалы ретінде өз жазу-сызуы, сөйлеу тілі негізінде нормаланған аймақтық әдеби тілі қалыптасқан Моңғолиядағы, Қытайдағы қазақтардың тілін келтіруге болады» [5.8], – деген тұжырым айтады.

Демек, бүгінгі таңда қазақ ғалымдары да қазақ диаспорасының тілін аймақтық тіл тұрғысынан зерттеуге бет бұрды. Мәселен, Моңғолия қазақтарының тілін әлеуметтік лингвистика тұрғысында зерттеген ғалым Б.Бәмішұлы Моңғолия қазақтарының тілін қазақ сөйленістері негізінде емес, Қазақстандағы қазақ тілі сияқты арнайы зерттелуге тиісті әлеуметтік мәселе тұрғысынан қарастырады. Ғалым: «Моңғолия қазақтарының тілі – ең бір таза сақталған тіл. Бірақ басқа жұртпен араласып, қатынасқа түспеген тіл емес. Моңғолия қазақтарының тілі қазақ дипломатиясында, билер сотында, шаруашылық саласында, дін тармағында, астрономиясында, табиғат болжауда, өнерде, ауыз әдебиетінде, тұрмыс, отбасы тағы басқаларда еркін қолданылады» – дей келе [6.6], Моңғолия қазақтарының тілін қазақ әдеби тілінің варианты деңгейінде қарастырады.

Яғни Моңғолия қазақтарының тілі – өзінің этникалық орталығынан тысқары аумақта (Моңғолияда) өмір сүріп отырған қазақтармен бірге жасасып, оның төл мәдениетін ұрпақтан-ұрпаққа үздіксіз ұластырушы ұлттық тарихи мұрасы. Ана тілі қазақтарға қалтқысыз қызмет ететін ұлттық қатынас құралы, ұлт өзегі болып қалыптасты.

Сөз етіп отырған қазақтардың Батыс Моңғолияға қоныстанғаннан бергі ұзақ уақыт аралығында алты-жеті ұрпақ ауысып үлгерсе де, әлі күнге дейін Моңғол жеріндегі қазақ диаспорасы өзінің ұлттық қасиетінің басты элементі – ана тілін сақтап келеді. Олардың сөйлеу тілі фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, сөздік қоры жағынан елеулі өзгешеленгенімен, қазақтың біртұтас халықтық тілінен оншалық алшақтап кетпеген. Бұл турасында академик Ә.Қайдар: «Қазақ тілін сырттай бақылап жүрген түрколог ғалымдардың байқауынша, бүгінде оның шұрайлы да таза сақталған жері – Бай-өлке. Бұл пікір дұрыс та. Оның басты себебі: біріншіден, Моңғолия қазақтарының өз басында отау тігіп отыруында болса, екіншіден, осы өлкеде 98% шоғырлана бірыңғай жайғасуында. Моңғолияның ішкері жағындағы қазақтар жағдайы сәл басқашалау болса да, дәл Бай-өлкенің өзінде бар-жоғы 2% құрайтын ұранхай-тыва сияқты тіл өкілдерінің оған әсері онша байқалмайды» [7.72], – деп келтіреді.

Моңғолиядағы қазақ диаспорасының фонетикалық ареал құбылыстарын

арнайы зерттеген ғалым А.Үдербаев Моңғолиядағы қазақтардың тілінің сақталуының басты себебін олардың Моңғолияға қоныс аудару процесінің әдеби тіліміз әбден кемелденген тұсқа тура келуімен байланыстырады. Ғалым осындағы қазақтардың тілінде жергілікті ерекшеліктермен қатар қазіргі халықтық тілімізде ескіріп, қолданыстан шыққан сол кездердегі байырғы сөздердің біразы әлі де қолданылады, бұл жалпы шет жерде қоныстанған тіл өкілдерінің сөйлеу тіліне тән ерекшелік (фонетикасындағы, лексикасындағы, тілдік болмысындағы көнеліктің сақталуы) болса керек деп тұжырымдайды [8. 19].

Республика шекарасынан жырағырақ барып, екінші бір халықтың территориясында орналасқан сөйленістерді Ш.Сарыбаев *ауыспалы сөйленістер*, оның ішінде *тіларалық ауыспалы сөйленістер* деп бөледі. «Олардың тілінде ауыс-түйіс, кірме элементтер көп болады да, ерекшелік бір аралас говор пайда болады» [9.195] деп жазады. Сонымен қатар ғалымның түсіндіруінше, қазақ тілінің сөйленістері таза территориялық емес, территориялық-рулық сипатта. Территориялық сөйленіс көбінесе рулық, тайпалық сөйленістерді негізге алады, соған сүйенеді. Өйткені сол территорияда оның қолданушысы болып табылатын әр ру-тайпа өкілдері тұрады. Осы орайда алтаист-ғалым Б. Базылханның пайымдауынша, «Моңғолия қазақтарының тілі» деген атау мен «Керей тайпасы» деген атау бөлінбейтін егіз ұғым. Моңғолия қазақтары тілін зерттеу деген сөз – Керей тайпасының тілін зерттеу деген сөз» [10.4]. Бұл – Моңғолияның қазақтарының этникалық құрамының негізі қазақтың керей тайпасы болғандықтан айтылған сөз. Сондай-ақ, Ауған, Иран қазақтарының тілін зерттеген ғалым Б. Өтебеков Ауған, Иран қазақтары этникалық құрамы жағынан алғанда Кіші жүз қазақтарына кіретінін айтады [11.6].

Ғалым Ф. Қалиев қазақ тілінің тараған жер көлемінің молдығына байланысты бірқатар түркі және басқа халықтармен шектесіп жатқандығын ескере отырып, сондай шекаралас аудандардың бәрінде де тіларалық ауыспалы құбылыстардың пайда болатындығын орынды атап көрсетеді. Ғалымның түсіндіруінше, тіларалық ауыспалы құбылыстардың екі жағдайда пайда болатыны байқалады: бірінші, қазақ сөйленістері басқа тілдермен шекаралас болған жағдайда, екінші, қазақ сөйленістері басқа тілдік ортада қалыптасқан жағдайда. Осыған сәйкес тіларалық сөйленістердің бір-біріне жақын екі түрі туғандығын атап көрсетеді: басқа тілдермен шекаралас аудандардағы тіларалық сөйленістер және басқа тілдік ортадағы тіларалық сөйленістер.

Тіларалық сөйленістердің бұл екі түрінің өзара айырмасы жайында мынаны айтуға болады. Басқа тілдермен шекаралас аудандардағы тіларалық қазақ сөйленістері – Қазақстан жеріндегі сөйленістер. Ондағы тұрғындардың әлеуметтік өмірі, мәдениеті мен шаруашылығы республика өмірімен тығыз байланысты, сондықтан олар қазақ әдеби тілінің әсеріне үнемі ұшырап отырады. Олар өздеріне көршілес халықтар тілдерін ана тіліндей меңгерген деуге де болмайды, мұндай сөйленістердің билингвизм сипаты шамалы. Ондағы тіларалық ауыспалы құбылыстар қазақы сөздермен, формалармен аралас

қолданылып, бәрі бірдей жалпылық сипат алмаған [12.28].

Ал басқа тілдік ортадағы тілаларлық қазақ сөйленістері Қазақстаннан тыс жерлерде қалыптасқан сөйленістер. Зерттеушілер ондай сөйленістердегі тұрғындардың әлеуметтік өмірі, мәдениеті мен шаруашылығы өздері араласып отырған халықтармен тығыз байланысты екенін, кейде мұның өзі олардың тұрмыс-салтына, діни сезіміне ықпал еткен (мысалы, Таулы-Алтай автономиялы облыстарындағы Қошағаш сөйленісіне кіретін Тұраты қазақтарының Қазан төңкерісіне дейінгі дәуірде шоқынып кетуі [12.48]), араласып отырған халық тілін өздерінің ана тіліндей меңгеріп алғанын атап көрсетеді. Түрікменстандағы қазақ сөйленісін зерттеген Ә.Нұрмағамбетов: «Түрікмендермен араласып отырып қазақтар шаруашылықтың қай саласында болса да, солармен үнемі, үздіксіз қарым-қатынаста болуының нәтижесінде түрікмен тілін өзінің ана тілінен кем білмейді десек асыра айтпаған болар едік» [13.13], – дейді. О.Нақысбеков Тәжікстандағы қазақтар өткен ғасырдың орта шенінен бастап қоныс аударғанын айта келіп: «Содан бері жергілікті тәжік, өзбек халықтарымен тығыз қарым-қатынас жасап келеді. Мұнда тұрған қазақтар өзбек мектептерінде оқиды. Өз ана тілімен бірге өзбек, тәжік тілдерін жақсы біледі» [3.129], – деп атап көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда сөйленістердегі екі тілдік сипаттағы (билингвизм) ауыспалы сөйленістер дегенге толық қосылуға болады [13.14].

Басқа тілдік ортадағы сөйленістердің кейбіреулерінде (Қарақалпақстан, Түрікменстан, Өзбекстан, Моңғолия, Қытай) баспасөз, мектеп, т.б. арқылы Қазақстанмен, қазақ әдеби тілімен қарым-қатынас үзілмей, белгілі дәрежеде сақталғанымен, басқа тілдік ортаның әсері күнделікті сезіліп отырады. Біздің пікірімізше, қазақ халқының негізгі аудандарынан жырақ жатқан, оның мәдени-экономикалық өмірімен күнделікті байланысы жоқ басқа тілдік ортадағы сөйленістерде қазақ әдеби тілінің әсері біршама солғын болады. Осының негізінде бөтен тілдік ортадағы сөйленістерде өзіндік жергілікті ерекшеліктері айқындалып, сол аймақтың өзіндік жалпыхалыққа ортақ тілін қалыптастырады.

Аймақтық лексиканың күрделілігі аймақ иесінің өмір сүру ортасымен түсіндіріледі. Басқа халықтар сияқты қазақ этносының ұлттық тілі қалыптасқаннан кейінгі кезеңінің өзінде атамекен, атажұртынан әлемнің төрт бұрышына түгел дерлік қоныс аударып, бөтен тілдік ортаға түсуіне және өз ортасына өзге тіл өкілдерін көптеп қабылдауына тура келеді. Мұндай жағдайда тілдің өзара әсер етуі, қостілділік, көптілділік үрдістері жүреді, аймақтардың оқшаулануы да кездеседі, бұған алыс, жақын шетелдердегі қазақ диаспорасы тілін жатқызуға болады. Шетел қазақтарының тілі өзінің негізгі аймақтық, сөйленіс тобы көлемімен соншалықты алыстап кетпегенімен, оған өзін қоршаған өзге туыс немесе туыстық қатысы жоқ тілдер айқын әсер етеді. Қарақалпақ жеріндегі қазақтар қарақалпақ, өзбек, түрікмен халықтарымен аралас тұрады, сондықтан олардың тілінде аталған тілдердің әсері байқалады. Осы сияқты Өзбекстан, Түрікменстан, Қытай, Моңғол, Ресей қазақтарының тілі де үлкен әсерге ұшыраған, дегенмен оқшауланған сөйленістер де жалпыхалықтық лексиканың негізін сақтайды.

Қостілділікті сөз ете келе, сол қоғамдағы диглоссия жайын да айтып кетпеске болмайды. Бұл – билингвизм құбылысынан әлдеқайда қарапайым құбылыс болса да, диглоссиясыз таза билингвизм құбылысы бола бермейтін реті бар. «Билингвизм мен диглоссия құбылысы – тілдік жағдаяттың жекелеген бейнесі. Бұл екі құбылысты сипаттағанда тілдік жағдаяттың әр қыры анықталып, жалпы болмысы толықтырылады» [14.90-94].

Қазақ диаспорасының тіліндегі диглоссиялық жағдаят біздің тікелей зерттеу нысанымызға кіреді. Ең алғаш диглоссия ұғымын енгізіп анықтама берген Ч. Фергюсон болатын. Ғалымның түсіндіруіндегі диглоссия (бір тілдің өзін жоғары тіл мен төменгі тіл немесе варианттары деп бөлу) кейіннен Дж.Гамперц, Дж.Фишман, А.В.Исавченко, Б.А.Успенский, Л.П.Крысин зерттеулерінде жалғасын тапқан еді. Диглоссияға бұл кісілердің еңбектерінде анықтама беріліп, оның өзі бірнеше функционалдық типке бөлінген. Ғалым А.Үдербаев А.Д.Швейцердің: «Жеке тұлғаның (индивидтің) бір тілдің екі немесе одан да көп жүйе ішілік жүйелерін (подсистема) қолдана білуін диглоссия деп білеміз» деген пікіріне ден қоя отырып, Моңғолия қазақтарының тілін диглоссиялық жағдайдағы тілдер қатарына жатқызады [8.29]. Себебі олардың тілі ұлттық тілдің варианты ретіндегі диглоссияның мынадай кең тараған типіне сәйкеседі: *территориялық диалект (сөйленіс) және әдеби тіл.*

Қазақ тіліндегі диалектілік лексиканы этнолингвистикалық аспектіде қарастырған ғалым М.Атабаева аймақтық лексиканы тарихи жазба деректері аз түркі тілдерінің бірі – қазақ тілінің өз тарихын таразылауында, халықтың рухани-материалдық байлығын зерделеуінде, этностың өзін-өзі тануында, жаңа тарихын жазуында жүгінетін көнекөз куәсінің бірі деп есептейді [15.17].

Этникалық отанынан тыс жерде тұратын халықтың шоғырланған бөлшегі әлеуметтік лингвистикада «диаспора» деп аталады. Әлеуметтанушы лингвист-ғалым Б.Хасанов «қазақ диаспорасы» атауының орнына *шоғыр* сөзін қолдануды ұсынады. Мысалы, «Түркиядағы қазақ шоғыры» [16.250]. Ғалымның ойынша, қазақ шоғырларының тілдік жағдайы бойынша зерттеу жүргізудің қазақ тілі үшін де, дүниежүзі тілдері үшін де маңызы бар: 1) қазақ шоғырлары тілін зерттеу арқылы «этнос өз ортасынан тыс жерде, өзге тілдік ортада өз тілін қалай сақтап, дамыта алады» деген сұраққа жауап алуға болады, сол арқылы жалпы тілге ортақ көкейкесті мәселенің шешілуіне өзіндік үлес қосады; 2) әлемдегі ана тілінде сөйлейтін қазақтың санын анықтау арқылы қазақ тілінің басқа тілдер арасындағы орнын анықтауға болады; 3) өзге тілдер сияқты қазақ тілінің де географиялық таралу өрісін білуге болады; 4) қазақ шоғырының қостілділігі көрінісінде әлеуметтік лингвистика ғылымын тың деректермен байыта түсуге болатыны даусыз [16.251].

Қазақ тілінің аймақтық ерекшеліктерін зерттеген ғалымдар Ш.Сарыбаев пен О. Нақысбеков: «Тіліміздің аймақтық ерекшеліктерін жиып-теру, оны жан-жақты зерттеудің теориялық әрі практикалық мәні зор. Әсіресе, әдеби тілдің даму процестерін тереңірек зерттеу мәселесі күн тәртібіне қойылып отырған кезеңде, әдеби тіл мен диалектінің қарым-қатынасына зер салмай тиісті қорытынды

шығару мүмкін емес. Өйткені ауызекі сөйлеу тілде сақталып, әдеби тілде кездесе бермейтін сан алуан фонетикалық, грамматикалық, лексикалық құбылыстар кездейсоқ пайда болмай, белгілі тарихи жағдайға байланысты қалыптасқан. Сондықтан аймақтық ерекшеліктерді жан-жақты зерттеудің тіл тарихы үшін маңызы ерекше», – деп тұжырымдайды [17.4].

Қазақ халқының басқа түркі тілдес халықтармен этностық байланысын ашу үшін де аймақтық материалдардың едәуір пайдасы бар. Өйткені қазақтың құрамына кірген бірқатар ру, тайпалардың басқа түркі тілдес елдердің ішінде де кездесуі, сондай-ақ тіліміздегі кейбір диалектілік құбылыстардың қазақ тілінің басқа сөйленістерінде ұшырамай, көрші, туыстас тілдердің материалдарымен ұқсас болып келуі тегін емес. Міне, осындай туыс тілдер арасындағы қарым-қатынасты шешуге аймақтық ерекшеліктерді зерттеудің пайдасы мол.

Әдеби тілдің сөздік құрамын байытуда және оның икемділігін жетілдіріп, емле мен орфоэпиялық норманы бірізге түсіріп, қалыптастыруда халық тілінің бай қазынасын пайдаланудың маңызы зор.

Яғни шетел қазақтарының тілінің аймақтық ерекшеліктерін зерттеу арқылы қазақ әдеби тілінің қалыптасуы мен дамуын анықтай аламыз, сондай-ақ оның өзіне тән тілдік ерекшеліктерін, өзіндік болмысын, тарихын зерделеуге мол мүмкіндік алуға болады.

Қорыта айтқанда, аймақтық лексика – этнос тарихындағы әр алуан кезеңдер мен оқиғалардың, әр түрлі қатынастардың белгісін бойына сақтаған қазынасы, этнос тұрмыс-тіршілігінің, оның тарихының, мәдениетінің баға жетпес байлығы.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Болатов Ж.* Восточная группа говоров казахского языка и ее отношение к литературному языку: автореф. дис... док. филол. наук. – Алматы, 1970. –36 с.
2. *Нұрмағамбетов Ә.* Қазақ тілі говорларының батыс тобы. – Алматы: Ғылым, 1974. –289 б.
3. *Нақысбеков О.* Қазақ тілінің оңтүстік говорлар тобы. – Алматы: Ғылым, 1982. –168 б.
4. *Бородинa М.А.* Диалекты или региолекты? (К проблеме языковой ситуации в современной Франции) // Вопросы языкознания. – М., 1985. – №5. – С. 29-38.
5. Қазақ тілінің аймақтық сөздігі / Құраст. Ғ.Қалиев, О.Нақысбеков, Ш.Сарыбаев, А.Үдербаев және т.б. – Алматы: Арыс, 2005. – 824 б.
6. *Бәмішұлы Б.* Моңғолия қазағының тілі: әлеуметтік-лингвистикалық қыры: филол.ғыл.канд. ... дисс.: 10.02.19. – Алматы, 2006. – 167 б.
7. *Қайдар Ә.* Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы. – Алматы, 1993. – 72 б.
8. *Үдербаев А.Ж.* Моңғолиядағы қазақ диаспорасының тіліндегі фонетикалық ареал құбылыстарды салыстырмалы зерттеу: филол.ғыл.канд. ... дисс.: 10.02.02. – Алматы, 2002. – 159 б.
9. *Сарыбаев Ш.Ш.* Диалектология саласындағы кейбір атаулар жайында //Қазақ тіліндегі жергілікті ерекшеліктер. – Алматы: Ғылым, 1973. – 193-200 бб.
10. *Базылхан Б.* Моңғолия қазақтарының тілі. – Улаанбаатар-Өлгий, 1991.– 206 б.
11. *Өтебеков Б.* Ауған, Иран қазақтарының тіліндегі жергілікті ерекшеліктер: филол.ғыл.канд. ... дисс.: 10.02.06. – Алматы, 1998. –131 б.
12. *Қалиев Ғ.* Қазақ говорларындағы диалектілік сөз тудыру. – Алматы: Мектеп, 1985. –232 б.
13. *Нұрмағамбетов Ә.* Түрікменстандағы қазақтардың тілі. – Алматы: Ғылым, 1974. –165 б.
14. *Никольский Л.Б.* Синхронная социоллингвистика. – М.: Наука, 1976. – 166 с.
15. *Атабаева М.С.* Қазақ тіліндегі диалектілік лексиканың этнолингвистикалық негізі: филол.ғыл.канд. ... дисс.: 10.02.02. – Алматы, 2006. –283 б.
16. *Хасанов Б.* Ана тілі – ата мұра. – Алматы: Жазушы, 1992.–269 б.
17. *Сарыбаев Ш., Нақысбеков О.* Қазақ тілінің аймақтық лексикасы. – Алматы: Ғылым, 1989. –192 б.

А.Н.БАЙТУОВА

кандидат филологических наук,
доцент МКТУ им. А.Ясауи

СРАВНИТЕЛЬНЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ В ОБЛАСТИ ТЮРКСКИХ ЯЗЫКОВ

Мақалада салыстырмалы түркология саласындағы танымал ғалымдардың ғылыми зерттеулері қаралады.

This article deals with the comparative research in the sphere of turkology of famous scientists.

По образному выражению Н.А.Баскакова пионером сравнительно-сопоставительного изучения тюркских языков был Махмуд Кашгарский [1.1]. Созданный им труд «Диван-у лугат-ит-тюрк» по своему содержанию далеко выходит за рамки обычного словаря. В нем приводятся достаточно полные сведения о языках тюркских народностей и словоупотребления в них, о семантических, грамматических и фонетических особенностях тюркских языков и т.д. При написании своего труда, Махмуд Кашгарский исходил из близости и сходства изучаемых им тюркских языков, наличия в них регулярных и нерегулярных соответствий. «А такие соответствия, которые нельзя объяснить заимствованиями из одного языка в другой, предполагают их общее происхождение. Но их надо систематически истолковать, в этом и состоит задача сравнительно-исторического языкознания», писал А.Мейе [2.2].

Материальную основу сравнительного метода, как известно, составляют словарный состав, грамматические формы и фонетический строй родственных языков. Именно на этой основе и создал свой «Диван» Махмуд Кашгарский, проживший долгое время среди тюркских племен и народностей. Он стремился определить условия распространения тюркских языков, пытался воссоздать их историческую перспективу развития и выявить внешние контакты. Для воссоздания исторической перспективы автор описывает древние фонетические и морфологические особенности тюркских языков и путем сопоставления устанавливает сходство и отличие их от современных известных ему тюркских языков.

Для сравнения языковых фактов Махмуд Кашгарский по мере возможности пользуется приемом группировки, объединяя племенные языки на основе определенных общих признаков. Сравнивая языковые единицы, М.Кашгарский выявляет наличие или отсутствие в них фонетических закономерностей. Отмечая фонетические несоответствия в тюркских языках, он стремится выяснить их причины. Иногда эти несоответствия автор объясняет влиянием неродственных языков, например, наличием **h** в начале слова.

М.Кашгарский особое внимание уделяет изменению звуков и морфем в зависимости от различных занимаемых ими позиций в слове, указывая, что

изменения звуков в начале, середине и в конце слова не всегда носят одинаковый характер. Несмотря на то, что в своем исследовании автор в основном опирался на письменные знаки, однако ему удалось почти полностью охарактеризовать фонетическую систему тюркских языков, при этом им были использованы такие дополнительные средства как харакаты, буквенные сочетания, а также некоторые условные термины, поясняющие фонетические особенности тюркских языков, а именно: мушбаат «твердый», ракикет «мягкий» и т.п.

Отдельные факты тюркских языков М.Кашгарский объясняет историческими условиями, языковой средой. Иногда для обоснования того или иного фонетического закона автор апеллирует к неродственным языкам, например, к арабскому или персидскому, тем самым показывая универсальность некоторых языковых явлений. Для выяснения первоначального облика какого-либо слова или морфемы, М.Кашгарский опирается на фонетические законы и правила: выпадение звуков, метатеза, ассимиляция, в том числе закон гармонии звуков в тюркских языках, установленный им впервые в истории тюркских языков. Следовательно, в труде М.Кашгарского нашли свое применение, хотя и в элементарной форме, положения, которые можно и должно характеризовать как основные черты сравнительного метода.

Сравнительные исследования тюркских языков в современном понимании начинаются со второй половины прошлого столетия. Начало этому было положено трудами известных востоковедов В.В.Радлова, О.Бетлинга и В.Томсена, добившихся больших успехов в изучении тюркского вокализма и гармонии гласных. Затем традиции тюркской компаративистики были продолжены В.Гренбеком, Х.Педерсоном, Ф.Е.Коршем, К.Фоем, П.М.Мелиоранским, В.Бангом, В.А.Богородицким, Е.Д.Поливановым, Г.Рамстедом, М.Рясяневым, Э.В.Севортьяном, А.Н.Кононовым, А.М.Щербаком, К.М.Мусаевым, Б.А.Серебрянниковым, А.Т.Кайдаровым, А.Жунусбеком и некоторыми другими тюркологами в основном младшего поколения.

Работа В.В.Радлова [3], написанная в духе младограмматической школы, для своего времени была крупным шагом вперед, так как она подвела научную базу под изучение фонетики тюркских языков и явилась толчком для дальнейшего их изучения. В ней дается подробное и достаточно глубокое описание фонетики всех тюркских языков (у В.В.Радлова-диалектов) и затем предлагается их классификация по фонетическим признакам.

Заметим, что состав гласных в общетюркском масштабе автор устанавливает, опираясь на вокализм телеутского диалекта, сохранившего, по его мнению, в большей мере, чем другие, специфически тюркские особенности. Классический труд В.В.Радлова не потерял своего значения и в

настоящее время.

Особое положение занимают работы видного финского тюрколога, специалиста по уральской и главным образом алтайской группам языков М.Рясянена, известного своими многочисленными исследованиями в области сравнительно-исторической фонетики и лексикологии. Основным и наиболее крупным трудом М.Рясянена являются, безусловно, «Материалы по исторической фонетике тюркских языков» [4], представляющие собой итог многолетней работы автора-синтез всех его разысканий по фонетике тюркских языков. При создании данного фундаментального труда автор опирался главным образом на труды русских ученых и, в первую очередь, на известную, но в значительной степени уже устаревшую работу по фонетике тюркских языков В.В.Радлова и на капитальный труд М.Ф.Катанова «Опыт исследования урянхайского языка» [5], где для сравнительно-сопоставительного описания тувинского (урянхайскотюркского или сойотского) языка были привлечены свыше сорока тюркских языков.

Книга М.Рясянена является итогом систематизации фактического материала и значительным шагом вперед в подготовке полной исторической фонетики тюркских языков. Вопросы фонетики занимают в сравнительно-историческом изучении тюркских языков важное место, и полное, всестороннее изучение процессов фонетического развития слова в значительной мере предопределяет успехи в изучении сравнительно-исторической лексики, морфологии и синтаксиса. Обширный фактический материал, привлеченный данной работе, и сравнительно-исторический метод, который широко был использован автором при систематизации этого материала, выдвигает его работу на видное место в истории сравнительного изучения фонетики тюркских языков.

Результаты изучения богатого наследия упомянутых выше тюркологов были использованы А.М.Щербаком при создании им «Сравнительной фонетики тюркских языков» [6], содержащий анализ дифференциальных признаков гласных и согласных фонем, а также просодических явлений в современных тюркских языках, реконструкцию фонологической системы тюркского праязыка и описание эволюции материального выражения праязыковых форм.

Одним из основополагающих работ в области изучения фонетического строя турецкого литературного языка является исследование Э.В.Севортяна «Фонетика турецкого литературного языка», изданная в Москве в 1955 году [7]. В данной работе Э.В.Севортян всесторонне описал фонетическую систему турецкого языка, произвел детальную классификацию гласных и согласных фонем, выявил позиционные и комбинаторные изменения гласных и согласных. Особое внимание автор уделил историческим чередованиям фонем, а также характеристике ударения в турецком языке.

Крупным событием в тюркологии явился выход в свет четырех томов «Этимологического словаря тюркских языков» Э.В.Севортяна [8]. Данный словарь является первым в истории востоковедения трудом, в котором на материале всех современных тюркских языков (более 25), их диалектов и памятников, на основе новой методики историко-филологического анализа рассматривается происхождение обще- и межтюркских основ. При работе над словарем автор использовал все имеющиеся более или менее значимые в области тюркологии исследования, как отечественных, так и зарубежных ученых.

Таким образом, все вышеизложенное позволяет сделать вывод о том, что сравнительный метод в языкознании зародился в XI веке на основе изучения тюркских языков, и его основоположником был М.Кашгарский.

ЛИТЕРАТУРА

1. *Баскаков Н.А.* Тюркские языки. –М.: «Высшая школа», 1969.
2. *Мейе А.* Сравнительный метод в историческом языкознании. /Пер.с франц. М.: Издательство Академии наук СССР, 1954.
3. *Радлов В.В. Radloff W.* Phonetik der nördlichen Turksprachen. -Leipzig, 1882.
4. *Рясянен М.* Материалы по исторической фонетике тюркских языков. -М.: Издательство Академии наук СССР, 1955.
5. *Катанов М.Ф.* Опыт исследования урянхайского языка. - Казань: «Китап», 1903.
6. *Щербак А.М.* Сравнительная фонетика тюркских языков. -Л.: «Наука», Ленинградское отделение, 1970.
7. *Севортян Э.В.* Фонетика турецкого литературного языка. –М.: Издательство Академии наук СССР, 1955.
8. *Севортян Э.В.* Этимологический словарь тюркских языков. -М.: Издательство Академии наук СССР, 1974-1989.

Р.Б.ТАУКЕБАЕВА

кандидат филологических наук,
профессор МКТУ им. А.Ясауи

С.БАЙРАМКУЛОВА

магистрант МКТУ им. А.Ясауи

**ГРАНИ ДАРОВАНИЯ ДЖУЛИИ ЛАМБЕРТ
(РОМАН У.С.МОЭМА «ТЕАТР»)**

Бұл мақалада У.С.Моэмнің «Театр» романындағы бас кейіпкердің сипаттамасы сөз болады.

This article is devoted to the characteristics of the main hero of S. Maugham's novel "Theatre".

«Книги Моэма и личность их автора вызывали, вызывают и, можно с уверенностью сказать, будут вызывать к себе разное отношение, но только не равнодушие. Честность писателя перед самим собой и своими читателями всегда импонирует. Она вызывает на заинтересованный разговор с сопоставлением суждений, оценок и точек зрения, и такой разговор с Моэмом ведут вот уже несколько поколений, соглашаясь с ним, споря, а то и полностью расходясь во мнениях. Значит, книги Моэма продолжают жить, а с ними и их автор» [1.13].

Классик мировой литературы XX столетия, выдающийся английский писатель, Сомерсет Моэм родился в 1874 г. во Франции. В 1897 г. был опубликован его первый роман "Лиза из Ламбета", который был благосклонно принят критикой и общественностью. Наибольший успех принесла писателю пьеса «Леди Фредерик» (1903 г.). В июле 1919 года Моэм отправляется сначала в Китай, а позднее в Малайзию, – что дало ему материал для двух сборников рассказов. Моэм продолжает писать пьесы «Круг» (1921), «Шеппи» (1933), пишет автобиографический роман «Бремя страстей человеческих» (1915), романы «Луна и грош» (1919 г.), "Пироги и пиво, или Скелет в шкафу" (1930 г.), "Узорный покров" (1925 г.), «Театр» (1937 г.). В 1944 году выходит роман писателя «Острие бритвы», который считается его последним значительным романом. В своей последней книге «Точки зрения» (1958 г.) Моэм делится своими рассуждениями о жанре «короткий рассказ». Сомерсет Моэм был не только талантливым писателем, он также посвятил много трудов литературной критике. В 1947 году писателю учреждается английская литературная премия для финансирования поездок молодых писателей за границу, которая присуждается и в настоящее время. Романист, эссеист, критик и драматург, С.Моэм скончался 15 декабря 1965 года в больнице в Ницце от пневмонии. За свою долгую жизнь Сомерсет Моэм написал 21 роман, почти 30 пьес (некоторые из которых сохранились в рукописи и до сих пор неопубликованы), множество сборников рассказов, путевых заметок и автобиографических книг.

Роман «Театр» (1937) является вершиной художественного творчества

С.Моэма. Литературный критик Е.Седова пишет: «В романе нет столь ярко выраженного социального фона... Здесь речь идет о внутренней сущности творческой личности актрисы Джулии Лэмберт, как в ее сознании преломляются категории жизни и игры. В романе ... делается вывод о преображающей функции искусства, подводятся итоги, что есть творцы и их жизнь: 1) гениальность творческой природы для Моэма, в первую очередь, способность не к феерическому самовыражению, но к неповторимому, отмеченному личностью художника перевоссозданию жизни, успех которого и есть показатель красоты. Не красоты, а именно красоты...; 2) высшая свобода художника – свобода переплавить собственный опыт, перевоссоздав жизнь. Таково существо актерского гения (роман «Театр»); 3) герои предпочитают жить всецело жизнью духа. Их истории – это поиски самих себя, своего места в этом мире» [2.83].

Будучи признанным писателем и литературным критиком на высоком профессиональном уровне, С.Моэм имел возможность строго и объективно судить произведения классиков литературы, а также анализировать собственные произведения; и, как талантливый писатель, С.Моэм придавал большое значение такому феномену в литературном творчестве, как «качественное прорисовывание» образов, ибо все образы в романе индивидуальны, они отражают жизнь во всей ее многогранности: «...Вымышленные автором фигуры должны быть строго индивидуализированы, их поступки должны вытекать из их характеров. ...Счастлив тот писатель, который может увидеть своих персонажей, исходя из собственной индивидуальности, и, если его индивидуальность достаточно необычна, придать им иллюзию оригинальности» [3.34].

Анализируя многогранное творчество писателя, рассуждая о его романе «Театр», известный литературовед Г.Ионкис правомерно пишет следующее: «Во времена Моэма в театральных кругах продолжался спор, начало которому положил трактат Дидро "Парадокс об актере": чувствительность, эмоциональность или же холодный разум делает актера великим, должен ли актер быть крупной индивидуальностью или слепым исполнителем воли режиссера? Сторонник Дидро, Моэм считал, что только рациональный, наблюдательный, направленный вовне актер способен впитывать, оценивать и пересоздавать действительность в искусство. Вместе с тем он не отрицал и личностное начало. Он полагал, что страсти, которые актер не переживает сам, а наблюдает со стороны, умозрительно останутся не постигнутыми им до конца и во всей глубине» [4.18].

Исходя из вышеизложенного, следует констатировать, что роман «Театр» является своего рода творческой лабораторией актерского мастерства. Автор посредством создания образа главной героини, Джулии Ламберт, раскрывает азы актерского искусства через преломление

человеческих характеров, описывает «обратную сторону» этой профессии, как постоянное притворство, перенесенное в повседневную жизнь, согласно сюжетному наполнению романа и специфической системе создания образов. Образная система романа, на фоне главного героя произведения, обладает своеобразной индивидуальностью. Примечательно, что все образы в романе воспринимаются через многогранную личность Джулии, мастерски описанную прозаиком.

Главный персонаж романа, Джулия Ламберт, бесспорно, занимает центральное место в его образной системе. Психологически тонко вылепленный, типический образ актрисы многогранен, и создан на основе жизненного опыта писателя, ибо он на протяжении своей долгой жизни встречался со многими выдающимися актрисами и творческими личностями. Большинство исследователей его творчества сходятся во мнении, что Джулия Ламберт является собирательным образом, что нет конкретного прототипа ее личности.

Джулия Ламберт- великая актриса, с необычным божественным дарованием. Исследователь творческого таланта, С.Мозм особенно ярко раскрывает ее неподражаемый актерский талант, высказывая о ней свое личностное мнение: «Она могла вызвать слезы по собственному желанию, это был один из ее самых эффектных трюков, и теперь, хотя она не издала ни звука, ни всхлипа, слезы заструились у нее по лицу.» [5.421]; и далее: «Она могла получить роль, и даже не очень хорошую роль, с глупым текстом, и благодаря своим личным качествам, благодаря своему искусству, благодаря владению актерским ремеслом, на котором она собаку съела, вдохнуть в нее жизнь. Тут ей не было равных.» [5.453].

В силу своего огромного актерского таланта, Джулия обладает необычайным даром подражания, которым обладают не все творческие личности: «У Джулии был большой подражательный дар, который она обычно сдерживала, считая, что это может повредить игре на сцене, но в этих кругах она обратила его в свою пользу и приобрела репутацию остроумной женщины.» [5.417].

В процессе анализа образа Джулии Ламберт вырисовывается довольно противоречивое явление - она обладает неординарными актерскими способностями, ее боготворит публика, но она остается предельно скромной: «Она прекрасно знала, какой высокой репутацией пользуется у публики, но сама была о себе достаточно скромного мнения. Джулию всегда удивляло, что люди восторгаются какой-нибудь ее интонацией или жестом, которые приходят к ней так естественно, что ей кажется просто невозможным сыграть иначе.» [5.452].

Исследователь творчества С.Мозма критик Е.Седова констатирует: «В своей эстетике С.Мозм выделяет три главные ценности- это Истина, Красота и Добро, которые, с точки зрения писателя, не столько абстракции, сколько идеалы, необходимые людям даже при бессмысленной жизни. ...Кроме того, Истина, Красота и Добро являются ориентирами для любой творческой личности, как, например, в «трилогии о творцах искусства» [6.13] Исходя из вышесказанного,

восхищаясь многогранностью натуры героини Джулии, писатель наделяет ее прекрасным чувством доброты: «Она была добрая женщина...» [5.408]; «Она была довольна собой. Всегда приятно сделать доброе дело.» [5.425].

Еще одно не менее важное качество человеческого характера – щедрость (великодушие) присуще Джулии Ламберт. Не будучи дочерью богатых людей, сама зарабатывающая большие средства на жизнь, следовательно, зная им настоящую цену, Джулия никогда не скупится и проявляет большую щедрость к окружающим: «Джулия разузнала, когда у него день рождения, и подарила ему золотой портсигар - вещь, которую ему хотелось иметь больше всего на свете. Он стоил куда дороже, чем она могла себе позволить, Майкл с улыбкой попенял ей за мотовство.» [5.380].

Характеризуя Джулию Ламберт, писатель отмечает, что она не просто талантливая актриса, но она еще обладает блистательным остроумием и чувством тонкого юмора: «Джулия была далеко не глупа.» [7.384]; «У нее еще никогда не было так легко на сердце, как в его обществе, а блеска и остроумия у нее с избытком хватало на двоих.» [5.443].

Восхищаясь своей героиней, С.Мозм, признанный мастер ваения человеческих характеров, создает ее образ в движении, подчеркивая, что она обладает важнейшими навыками артистической личности- искусством общения, умением подстроиться к собеседнику, прекрасно владеть мимикой, голосом и жестикуляцией: «Джулия не была блестящей собеседницей, но глаза ее так сияли, слушала она с таким внимательным видом, что, как только она научилась жаргону светского общества, с ней никому не было скучно.» [5.418].

Будучи красивой и светской женщиной, она любит красиво одеваться и тратить изрядные суммы на свои наряды (в этом плане, Джулия не есть исключение): «Одевалась она всегда великолепно. Майкл, наивно полагававший, что она покупает свои туалеты за бесценок, даже не представлял, сколько она в действительности тратит на них.» [5.418].

Известно, что театр занимает важнейшее место в жизни главной героини романа, ибо все значимые события в жизни Джулии тесно связаны с его аурой. «Театральное» «я» Джулии Ламберт настолько сильно, что оно проникает в ее повседневную жизнь. В театре она чувствует себя настоящей хозяйкой, она преображается, неудачи повседневной жизни отходят на второй план и она торжествует на сцене: «Однако, когда Джулия вошла в театр, она почувствовала, что стряхнула это наваждение, как дурной сон, от которого пробуждаешься утром. Здесь, в своей уборной, она вновь стала себе хозяйкой, и все события повседневной жизни утратили важность.» [5.459].

Общепризнанно, что Джулия – гениальная актриса, она живет играя и играет живя, как утверждает великий писатель в романе. В конце произведения, после очередного триумфа на сцене, Джулия приходит к выводу, что притворство- есть реальная жизнь: «Говорят: игра - притворство. Это притворство и есть единственная реальность» [5.566], и этот довод еще раз подтверждает эстетическое кредо С.Мозма, его философские взгляды относительно природы

актерского мастерства. Особая эстетика взглядов писателя об актерам и их игре выражена в творческом амплуа главной героини: «актерская игра – не жизнь, это искусство, искусство же – то, что ты сам» [5.498]; «Все люди – наше сырье. Мы вносим смысл в их существование» [5.512]. От этих мыслей исходит главная задача творческого человека – преобразование действительности, наполнение ее смыслом, красотой, духовностью. Следовательно, «мир, построенный художником, будет особенный. Эта особенность – самая ценная часть багажа» [7.221]. С ней, с творческой личностью, люди будут жить «духовной жизнью, более отвечающей их устремлениям, чем та жизнь, которую навязали им обстоятельства» [7.257]. Следовательно, игра как творческое начало, преобразует правду и делает ее реальнее, чем сама жизнь.

Анализируя творческий путь писателя, литературный критик Е.Седова пишет: «Мировоззрение С.Мозма отличается эклектичностью. Оно сформировалось в пору широкого распространения фрейдизма, ницшеанства ... и других концепций, к которым писатель отнесся скептически. Неискоренимым на земле С.Мозм считает зло, источник которого-эгоизм, тщеславие, глупость, лицемерие – скрыт в самой человеческой природе. Следует отметить, что мозмовский скептицизм в отношении человека непостоянен: писатель признавался, что великие творения человека затушевывают его слабости и пороки.» [6.17]

Сомерсет Мозм – неординарная личность, он был подвержен модернистской эстетике - восприятию мира не в традиционных понятиях, а через личностное, оригинальное мировидение и мироощущение. Роман «Театр» – одно из самых талантливых его произведений, которое послужило основой тесной взаимосвязи повседневной жизни с искусством и перевоплощения личностных качеств человека в особенности творческого поведения.

ЛИТЕРАТУРА

1. *Мозм С.* Узорный покров. Острие бритвы: Романы/Пер. с англ. М.Лорие; Предисл. В.Скороденко. - М.: Радуга, 1991. -432 с.
2. *Седова Е.С.* Место романа С.Мозма «Театр» в «трилогии творцах искусства»// Шадринские чтения.- Шадринск, 2006. - 184 с.
3. *Мозм У.С.* Искусство слова. О себе и о других.- М.: Художественная литература, 1989. -400 с.
4. *Ионкис Г.Э.* Уильям Сомерсет Мозм: Грани дарования. Мозм У. С. подводя итоги: (Эссе, очерки). М.: Высш. шк., 1991. - 7- 25 с.
5. *Мозм У.-С.* Собрание сочинений. В 5 т. Т. 2. Театр.- М.: Художественная литература, 1991. -571 с.
6. *Седова Е.С. Театр У.* Сомерсета Мозма в контексте развития западноевропейской драматургии конца XIX– первой трети XX вв.: автореф.дис. ... канд.филол.наук/Седова Е.С. –Екатеринбург, 2010. -23 с.
7. *Мозм У.С.* Сплошные прелести. Подводя итоги. Рассказы / Пер. с англ., составл. А.Ф. Кошляка. Томск: Изд-во Том. ун-та, 1992. -287 с.

Б.ӘБИЕВ

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің оқытушысы

**АУҒАН, ИРАН ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ АУЫЗЕКІ ТІЛІНДЕГІ КЕЙБІР
ФОНЕТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР**

В данной научной статье рассмотрены фонетические особенности разговорной речи, у пришедших в 1993 году казахов из Афганистана и Ирана. Развитие языкового процесса рассмотрены в статье как фонетические особенности. Проблемный вопрос в этой статье затрагивает особенности чередования звуков, звуковых дифтонгов, фонетических процессов, а также гласных и согласных звуков.

This article deals with the phonetic peculiarities of oral speech of Kazakhs in Iran & Afghanistan. The phonetic peculiarities of sound interchange and phonetic processes and peculiarities of diphthongs sounds are literary compared and linguistically analyzed on the basis of the language rules.

Аталған ғылыми мақалада 1993 жылы Ауғанстан мен Ираннан келген қазақ диаспорасының тіліндегі ауызекі тілде кездесетін фонетикалық ерекшеліктер қарастырылған. Ауызекі тілдегі ерекшеліктер екі түрлі лексикалық қабаттан тұратыны белгілі. Осы екі қабаттың біріншісі көне тарихи тілдің қазіргі тілдегі кейбір аймақтарда жүрген қалдықтары болса, екіншісі – араласқа түскен халықтардан ауысқан лексикалық қабат болып табылады. Аталған қазақтар тілінде осы екі ерекшелік те кездесетіндігін байқаймыз. Мақаладағы қарастырылған фонетикалық ерекшеліктер бір тілдің даму процесінде болған тілдік құбылысты көрсететін өзекті мәселелердің қатарына жатады. Мақалада осындай өзекті мәселе болып табылатын дыбыс алмасуына байланысты ерекшеліктер, дифтонг дыбыстарға байланысты ерекшеліктер, фонетикалық процестерге байланысты ерекшеліктер, қос сөздерге байланысты ерекшеліктер дауысты және дауыссыз дыбыстар материалдары негізінде талдау жасалынды.

Кейбір дауысты дыбыстардың алмасуына байланысты ерекшеліктер:

А-Ә. Жоғарыдағы аталған құбылысқа керісінше жіңішке «ә» қолданылатын сөздерге жуан «а» дауысты дыбысы жұмсалады. Мысалы: адат (әдет), аял (әйел).

Е-Ә. Әдеби тілде «е» дауысты дыбысы айтылатын кейбір сөздерде Ауған-Иран қазақтары тілінде «ә» қолданылады. Мысалы: әгәр-егер, әсәл - әсел.

Ә-Е. Бұл құбылысқа мысал ретінде төмендегі сөздерді атауға болады: бела-бөле, емір-әмір.

А-Е. Зерттеліп отырған тұрғындар тілінде әдеті тілдегі жуан дауысты «а» қолданылатын сөздерде жіңішке «е» дауысты дыбысы жұмсалады. Мысалы: арасында-арасында, жевап-жауап.

А-Ы. Говордағы «а», «ы» дауыстыларының алмасу реттері де жоғарыдағы сөз болған дыбыстық алмасуларға ұқсас. Мұнда да бірқатар сөздерді ашық «а» дауыстысы орнына қысаң «ы» дауыстысы жұмсалады. Мысалы: майдын-майдан, Чыңқай-Шанхай.

Е-І. Зерттеліп отырған өңірдегі тұрғындар тілінде езу дыбыстардың

ашық, қысаң дауыстылары біраз сөздерде алмасып айтылады. Әдеби тілдегі ашық дауысты е қолданылатын кейбір сөздерде Ауған-Иран қазақтарында қысаң «і» жұмсалады. Мысалы: дінді-денді, сәскі-сәске.

Я-Е. Бұл өзгешелік көбінесе ономастикалық және топонимикалық атауларда молырақ кездеседі. Мысалы: Түркие-Туркия, Марзие-Марзия, Кадие-Кадия, Мариe-Мария, Рабие-Рабия, Руфие-Руфия, Дарие-Дария.

О-А. Ауған-Иран қазақтары тілінде ерін дыбысы «о»-ның орнына езулік «а» дыбысының қолданылуы кездеседі. Сан жағынан олар бірер сөзді ғана қамтиды: абырай-абырой, жапан-жапон, атар-отар.

Ы-О. Бұл дыбыс алмасулары қазақ тілінің басқа говорларында сирек кездесетін құбылыс, тек қана Монғолия қазақтарының тілінде байқалады. Онда да бір-ақ мысал келтіріледі; сосон-сосын [1.30], Ал А. И. қазақтары тіліне келсек, бұл құбылыс санаулы сөздермен ғана шектеледі: Жамбол-Жамбыл, сосон-сосын.

Ө-Ү. Санаулы сөздер болса да ауғандық, ирандық қазақтары тілінде «ө» орнына «ү» дыбысының қолданылуы кездеседі: сүз-сөз, күзе-көзе, үгей-өгей, т.б.

Ө-Ү. Дыбыстарының алмасуы басқа түркі тілдері мен оның говорларында кездеседі. Түрікмен тілінде жоғарыда келтірілген мысалдағы сөздер күзе, сүз болып айтылады [2.32]. Бұл дыбыстардың ұйғыр тілінің диалектінде бар екені жөнінде А.Қайдаров еңбегінде деректер келтірілген [3.288].

Дифтонг дыбыстарға байланысты ерекшеліктер:

Ауған-Иран қазақтары тіліндегі басты бір ерекшеліктердің бірі – дифтонг дыбыстардың болуы. Олар «е», «о», «ө» дауыстыларының сөз басында айтылғанда басқа дыбыстармен (и-е, ұ-о, у-ө) қосақталып айтылуында.

Е-ИЕ. Сөз басында келетін езулік «е» дауыстысы алдына «и» дыбысы қосақталып дифтонг дыбысқа айналады: иегде-егде, иегең-егең, иел-ел, иелес-елес, ием-ем, иең-ең, иер-ер, иес-ес, иет-ет, т.б.

О-оу. Сөз басында келген «о» дауысты дыбысына «у» дыбысы қосылып, қосарланып айтылады: уой-ой, уол-ол, уоң-оң, уопа-опа, уор-ор, уот-от, т.б.

Ө-УӨ. Жоғарыда берілген «о» дыбысы сияқты «ө» дауысты дыбысы сөз басында «у» дыбысымен қосарланып айтылады: уөз-өз, уөкпе-өкпе, уөлең-өлең, уөмір-өмір, уөң-өң, уөр-өр, уөрт-өрт, уөсек-өсек, уөт-өт, т.б.

Жоғарыда көрсетілгендей «е», «о», «в», дыбыстарының қосарланып «ие», «ұо», «үө» болып айтылуы қазақ тілінің Арал-Сыр және қарақалпақ говорларына ортақ [4.32] құбылыс болып саналады. Осындай басты өзгешеліктері арқылы олар басқа говорлардан ерекшеленіп тұрады. Н.А.Баскаков «ие», «уо», «үө» дифтонгдарын ескеріп, бұл қарақалпақ тіліне тән басты ерекшелік екенін айтқан болатын [5.200]. Бұл құбылыстың біз

зерттеп отырған Ауған-Иран қазақтары тілінде ұшырауы да, қарақалпақ тілінің әсерінен болған құбылыс деуге болады.

Ауған-Иран қазақтары тілінде басқа говорлармен салыстырғанда байқалып тұратын өзгешелік кейбір дауысты дыбыстардың сөздің алғашқы буынында созылыңқы айтылуы. Мысалы: а:дат-әдет, а:лам-әлем, ка:сіп-кәсіп, ка:де-кәде, те:жік-тәжік, не:рсе-нәрсе. Кейбір дыбыстардың созылыңқы айтылуы х, ғ, л дауыссыздарының түсіп қалуынан болатыны тәрізді: бә:сі-бағасы, рә:ат-рахат, та:ла-(тағыла (алла тағыла), бо:са-болса т. б.

Дыбыстардың үндесуіне байланысты ерекшеліктер:

Қазақ әдеби тіл нормасы бойынша сөздің бастапқы буынының құрамындағы дауыстының жуан не жіңішке болып келуіне байланысты, онан кейінгі буындардың құрамындағы дауыстылардың да бірінғай жуан не жіңішке болып үндесіп келетіндігі белгілі.

Кейде дауыстылардың бірыңғай ерінді не езулі болып үндесіп келетіндігі тағы бар. Ал жергілікті тұрғындар тілінде әдеби тілдегі осындай сингармонизм заңы бұзылып отырады. Мысалы: агер-егер, ажел-ажал, арасында-арасында, байлеу-байлау, бәракат-береке, берар-берер, дүкандүкен, дүниа-дүние, жарайсындар-жарайсындар, кәруан-керуен, қабар-қабар, қабарға-қабырға, қабілдау-қабылдау, қалей-қалай, қалем-қалам, қандай-қандай, қанче-қанша, қапес-қапас, мамлакатімді-мемлекетімді, салде-сәлде, селам-сәлем, сергарден-сергелдең, сондей-сондай т.б.

Сингармонизм заңының бұзылуы қазақ тілінің басқа говорларында кездесе бермейді. Бұл құбылыс Ауған-Иран қазақтары тіліне тән, сондағы араб, иран, пушту, өзбек, түрікмен халықтарымен араласуынан туған ерекшелік деп тануға болады.

Дауыссыз дыбыстарға байланысты фонетикалық ерекшеліктер:

а) дауыссыздардың алмасуы. Қазақ тілі говорларының фонетикалық жүйесінде кездесетін қатаң дыбыстың ұяңға (к-г, қ-ғ, п-б, с-т), ызың дауыссыздың шұғылға (ш-ч), үнділердің үндіге (ң-н), үндінің ұяңға (л-д), тіс дауыссыздарының (з-с) алмасуы тәрізді дыбыстық ерекшеліктер. Ауған-Иран қазақтары тіліне де тән құбылыс болып саналады. Бірақ осы говорлардың осындай ұқсастық жағы мен айырмасы да бар. Ол айырма осы құбылысты қамтитын сөздердің біреуінде аз, екіншісінде мол болуында. Сонымен бірге зерттеліп отырған говор қазақ тілінің басқа говорларында ұшырамайтын, дыбыстық алмасуларының өзіндік ерекшеліктерімен (ж-ч, қ-һ, б-в, у-в, п-в) және басқа тілдер әсерінің молдығымен сипатталады.

Ш–Ч. Ауған-Иран қазақтары тілінде кездесетін дауыссыз дыбыстарға байланысты басты ерекшеліктердің біріне аффрикат «ч» дыбысының қолданылуын жатқызуға болады. Әдеби тілдегі ызың «ш» айтылатын орындарда зерттеліп отырған өңірдегі тұрғындар тілінде үнемі шұғыл «ч» жұмсалады. Ондай айтылу сөздің басында да (чаре–шара, чәнсу–шаншу)

айтылатын кейде сөздің соңында да (хич–еш) кездеседі.

Ж–Ч. Жоғарыда аталған дыбыстық алмасумен қатар аффрикат «ч» дыбысы ызың «ж» дауыссызының орнына да жұмсалады. Мысалы: Гүлчан–Гүлжан, қоча–қожа.

Қ–Ғ. Бұл дыбыстардаң алмасуы да Ауған-Иран қазақтары тілінде жүйелі түрде кездесетін құбылыс. Сөз басындағы қатаң «қ» дыбысының ұяңданып «ғ»–мен айтылуы көп сөздерді қамтып, сөздің барлық позицияларында кездеседі. Мысалы: ғаз–қаз, ғашан–қашан, шындығ–шындық.

Х дыбысы қазақ әдеби тілінде не түсіп қалады, не «қ» дыбысы арқылы қолданылады. Кейбір сөздерде «қ» дыбысы айтылатын сөздердің «х» - «та» варианты да кездеседі. Мысалы: тақиқат–ақиқат, хәкем–әкім [6.200]. З.Ақылбекова мен Б.Османиевалардың араб-парсы кірме сөздерінің Орта Азия түркі тілдерінде қалыптасуы туралы еңбектерінде (h,x,xa) дыбыстарының Орта Азия түркі тілдерінде не түсіп қалатыны, не х,қ «әуел» сияқты дыбыстар мен дыбыс тіркестеріне алмасатыны туралы нақты мысалдар келтірілген [7.200]. Сөз болып отырған тілдердің дыбыс жүйесі үшін х,h фонемалары тән болмағандықтан кірме сөздерде олар, осы дыбыстарға жақын фонемалармен ауыстырылады немесе берілмей қалады. Мысалға: мына сөзді салыстырып көруге болады: харақат–ұйғ., һәриқат–өзб., харикат–қ. қалп., әрекет–қазақ., херекет–түрікм., аракет–қырғ.

П.-Б. Жоғарыда аталған құбылысқа керісінше Ауған-Иран қазақтары тілінде қатаң «н» дыбысы келетін орындарда ұяң «б» дыбысы қолданылады. Бұл ерекшелік көбінесе сөз соңында етістіктің «ын», «-іп», «-п» көсемше тұлғасы арқылы жасалған шақтың категориясына байланысты қолданыстарда байқалады, мысалы: айтыб: (айтып) отырмын, алыб (алып) кеттім т.б.

Б-П. Еріндік ұяң дыбыстардың сөз басында қатаңданып айтылуы да Ауған-Иран қазақтары үшін жат құбылыс емес. Мұнда әдеби тілде ұяң «б»-дан басталатын сөздер орнына қатаң «п» дауыссызы жұмсалады. Мысалы, пазарлық–базарлық, пәкі–бәкі, пест–бест, пейшенбі–бейсенбі, полат–болат т.б.

Б-В еріндік дауыссыз дыбыстың, тіс пен ерін дыбысына алмасуы қазақ тілінің басқа говорларында кездеспейтін тек Ауған-Иран қазақтары тіліне тән ерекшелік. Бұл дыбыстар сөздің басында немесе ортасында алмаса береді, Мысалы: Авай-Абай, авайсызда-абайсызда, вал-бал, вала-бала, вар-бар.

М-Н, зерттеліп отырған тұрғындар тілінде сөз басындағы «м» дауыссыз дыбысы бір топ сөздерде еріндік «п» дыбысымен алмасып айтылады. Мысалы: пахта–мақта, паша–маса, пысы–мысы, пышық–мысық.

П-Ф дыбыс алмасулары. Ауған-Иран қазақтарының тілдік ерекшеліктерінде қазақ әдеби тіліндегі шұғыл қолданылатын орындарда «ф» дыбысы қолданылатын орындар да бар. Қазіргі қазақ әдеби тіліндегі «ф» дыбысы қолданылып жүрген сөздер орыс тілінен немесе орыс тілі арқылы

енген фабрика, флот, филателия сияқты т.б. сөздерге тән болып келеді. Аталған говордағы (Ауған-Иран) «ф» дыбысымен байланысты сөздер парсы тілдері мен кейбір туыстас түркі тілдеріне, диалектілеріне байланысты құбылыс: атраф-атрап, битараф-битарап, кафір-кәпір, кафа-қапа, тераф-тарап, файда-пайда.

Дауыссыз дыбыстарға байланысты басқа құбылыстар:

Ауған-Иран қазақтары тілінде сөз басындағы дауыссыз дыбыстар түсіп қалып отыратын афферезис құбылыстар бар: ажайып-ғажайып, алым-ғалым.

Зерттеліп отырған говорда біраз сөздер соңындағы дыбыстардың түсіп қалуы тәрізді апокопалық құбылыстар байқалады. Мысалы: аласапыр-аласапыран, күл-күллі (күл бұ адам), үтү-үтік, сончалы-соншалық, ша-шақ.

Говордағы сөздердің ішінде сөз ортасында кейбір дыбыстардың түсіріліп қалуы тәрізді синкопалық құбылыстар да байқалады: доллар-доллар, бәсі-бағасы, қоқпа-қорықпа, қоқу-қорқу, боды-болды, күйіру-күйдіру.

Ауған-Иран қазақтары тілінде қазақ тілінің басқа говорларынан ерекшеленіп тұратын протезалық құбылыстар бар. Атап айтқанда, сөз басында дыбыстар қосылып отырады. Оларды мына төмендегі сөздерден аңғаруға болады: еш-еш, ешкім-ешкім, һәфте-апта, һалас-алас (алас қылу), һәркім-әркім.

Сөз болып отырған тұрғындар тілінде сөз арасында, соңында дауыссыз дыбыстардың қосылып кетуі тәрізді эпентезалық және эпитезалық құбылыстар да кездеседі. Мысалы: бұғдай-бидай, атам-бабам-ата-бабам.

Говордағы метатезалық құбылыс мына төмендегі сөздерден байқалады байналды-байланды, дайра-дария, көпру-көпір, тешкеру-тексеру т.б.

Қорыта айтқанда, мақалада қарастырылған мәселелер тек қана қазақ тілінің әдеби тілімен ғана емес, олар байланысқа түскен Иран, Ауған елдеріндегі парсы, пушту, өзбек тағы да басқа тілдермен салыстырыла қарастырылып, олардың ұқсастықтары мен айырым белгілеріне лингвистикалық талдау жасалынды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Нурмагамбетов Ә.* Түркіменстан қазақтарының тілі. А., 1974, 32–б.
2. *Қайдаров Т.* Развитие современного уйгурского языка. А., 1974, 32–б.
3. *Османишева Б.* Иранские элементы в тюркских языках. В книге: «Источники формирования тюркских языков в Средней Азии и Южной Сибири». Фрунзе, 1966, 200-бет.
4. *Бекетов Б.* Қарақалпақ қазақтарының тілі. А., 1992, 46-б.
5. *Болатов Ж.* Қошағаш қазақтары тіліндегі жергілікт ерекшеліктер. //Қазақ тілі мен диалектологиясы мәселелері. 4-шығуы, А., 1962, 103–б.
6. *Жанұзақов Т.* Лично-собственные имена в казахском языке. Автореф. канд. филол. наук. А., 1961, 20-б.
7. *Оңдасынов Н.* Арабша-қазақша түсіндірме сөздік. Том I. А., 1984, 180-190 б.

Р.ӘДІЛБЕК

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің оқытушысы

**ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ ТАРИХИ ӨЛЕҢДЕРДІҢ
ЗЕРТТЕЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

В статье рассматриваются проблемы исследования исторических стихов, которые очень важны для казахского фольклора.

The research problems of historical verses which are very important for the Kazakh folklore are considered in the paper.

Сан ғасыр орыстың боданында бұғауланған ұлттық мәдениетіміз бен әдебиетіміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін объективті де, субъективті де жағынан зерттеу нысанасына айналды. Мәселен, Кеңес Үкіметінің пәрменшіл саясаты рухани құндылықтарды танып білуге түрлі қаулы-қарарларымен тасқындай тосқауыл жасап келді. Халқымыздың өлең-жыр, дастандары мұрағаттарда көмкеріліп, жарыққа шыға алмай, тек қана халық аузында жалғасын тауып жатты. Сол мәдениетіміздің айқын айғағы, әдебиетіміздің қайнар бұлағының бірі болған тарихи өлеңдерімізді де келер ұрпаққа зерделеп жеткізу өзекті болып отыр.

Тарихи өлеңдер тамырын халықтың қалыптасу, даму тарихымен тығыз байланысты екенін аңғарамыз. Сондай-ақ, қазақ халқының басынан кешкен «Ақтабан шұбырынды...» заманы мен «азаттық жолындағы күрес» оқиғалары талай тақырыпқа арқау болғанымен, солақай саясат ауыз әдебиеті шығармаларын ұрпақ санасынан өшіруді мақсат етті.

Қазақ поэзиясының бір саласы болып танылатын тарихи өлеңдер туралы алғаш пайымдаулар өткен ғасырдың бас кездерінде айтыла бастаған болатын. Олардың арасында А.Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» (1926) еңбегінде, М.Әуезовтің «Әдебиет тарихы» (1927), Х.Досмұхамедұлының «Қазақ халық әдебиеті» (1928), С.Сейфуллиннің «Қазақ әдебиеті» (1932) еңбектері бар. Бұл еңбектерде ауыз әдебиетінің тектері мен түрлеріне қатысты пікірлер айтылады. Бұл тарихи өлеңдер жалпы тарихи кезеңдер шындығын берудегі халық поэзиясының рухани күш-қуаты тұрғысында бағаланады. Осы еңбектердің көпшілігінде қазақ фольклорындағы тарихи өлеңдер мен тарихи жырлардың арасына шек қойылмай бірлікте алынып, ой-пікірлер айтылды.

Сондай-ақ, сол ғасырдың орта шектерінде тарихи өлеңдерге деген ерекше көзқарастар пайда болып, зерттеушілердің назарына ілінді. Мәселен, Ә.Х.Марғұланның эпосқа қатысты еңбегі (1946), Н.С.Смирнованың XVIII ғасырдағы қазақ әдебиетіндегі эпикалық және тарихилық мәселелеріне (1948; 1949; 1951) байланысты зерттеулері мен қазақ әдебиеті тарихына арналған көп томдықтың алғашқы томында (1948) сөз бола бастады. Бұл еңбектерде де тарихи өлеңдер мен тарихи жырлар арасы толық анықталмай, зерттеушілер «тарихи жырлардың ең кішігірім үлгілері» деген атау қалыптастырды. Бұл аталып отырған еңбектердегі талданғандар шын мәнінде

тарихи өлеңдер болатын. Тарихи өлеңдердің бертіндегі туғандарына байланысты Б.Кенжебаевтың еңбегі 1916 жылғы көтеріліс жырларына арналды (1956). Осы тақырыпта Х.Ищановтың «1916 жыл және халық поэзиясы» (1958) еңбегі жарық көрді. Сөйтіп, тарихи өлеңдер туралы тарихи жырлармен қоса ғылыми тексерулер ісі басталды. Тарихи өлеңдердің ерте дәуірлерде туғандары туралы бұл кезеңдерде жинақтау ісі болса да, ғылыми тұрғыдан талдаулар шолу түрінде айтылған ой-пікірлермен шектеледі. 1960 жылы жарық көрген «Қазақ әдебиетінің тарихы» кітабының 1-томы ауыз әдебиетіне арналып, мұнда XVIII ғасырдан бастап, тарихи өлеңдер мен тарихи жырлардың өткендегі тарихи оқиғаларды шын мәнінде жеткізе алатындығы айтылды. Кітапта XIX ғасырдағы және 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске қатысты туған өлеңдер жөнінде түсініктер беріліп, біршама ғылыми салмақты пікірлер айтылды.

Ал енді, XX ғасырдың 60-80 жылдары арасында тарихи өлеңдерді зерттеу көзқарасы жаңаша бағытқа бет алды. Атап айтар болсақ, 1962 жылы М.Жармұхамедовтің «1916 жылғы көтеріліске қатысты қазақ халық поэзиясы» атты кандидаттық диссертациясы қорғалса, 1968 жылы орыс тілінде «Қазақ әдебиет тарихының» көп томдығының бірінші томы жарық көріп, онда қазақ фольклорының XVIII-XIX ғғ. тарихи шығармаларға арналған бөлімді С.Қасқабасов пен Е.Тұрсынов, XX ғасырға арналған бөлімді Е.Бсмайылов жазады. Қазақтың тарихи жырлары мен аталған ғасырларға қатысты мұнда да бағалы пікірлер айтылған еді. М.Мағауиннің «Қобыз сарыны» (1968) атты монографиясының жарық көруі, диссертациялық еңбегінің қорғалуы да көне мұраны жаңғыртып, жаңаша көзқарас қалыптастыруға ықпал етті деуге болады. Себебі бұл еңбектерде тарихи өлеңдер туған дәуірлерге байланысты байыпты байлам, ғылыми жаңаша тұжырымдама қалыптасқаны аян.

Белгілі ғалым Б.Уахатов «Қазақ халық өлеңдері» (1974) атты монографиялық еңбегінің бір тарауын тарихи өлеңдерге арнады. Бұдан бұрынғы тарихи жыр мен тарихи өлеңдерді бірге қарап, арасына шек қойылмай келген мәселелерге автордың бұлайша концепция ұсынуы тарихи өлеңдерге байланысты жаңаша бір бағыт әкелді деуге болады [1.15].

Осындай зерделі зерттеулердің жалғасы ретінде 1979 жылы Қазақ ССР ҒА М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ұжымдық «Қазақ тарихи жырларының мәселелері» монографиялық еңбегі жарық көрді. Жалпы, қазақ халық поэзиясының осынша уақыт аралығында зерттеулер арқылы жанрлық жіктелулерін, сонымен қатар тарихи өлеңдердің тақырыптарына сай ерекшеліктері мен поэтикалық мәселелерін кеңінен, нақты таныту мақсатында көптеген еңбектер жазылды. Олардың қатарында С.А.Қасқабасовтың «Тарихи жырлардың зерттелуі мен жанрлық сипаты» атты мақаласы бар. Бұл мақалада тарихи жырлардың қалыптасуына тарихи

өлеңдердің цикленуі ықпал еткені аталып, екі жанрдың айырмашылықтарын ғылыми тұрғыдан жан-жақты түсіндірсе, Е.Тұрсыновтың «Тарихи жыр, өлеңдердің тегі мен дамуы» атты мақаласында тарихи жырлардың қалыптасу эволюциясы сөз болып, автор екі жанрды бірлікте қарайды. 1982 жылы жарық көрген Р.Бердібаевтың «Қазақ эпосы» атты еңбегінде тарихи жырларға арнайы тарау беріліп, осы тарауда «тарихи өлеңдердің іздеушісі керектігі» түбегейлі зерттелуі туралы мәселе қозғалған еді. Бұл пікірлер дамытылып, әсіресе, «ақтабан шұбырынды» дәуіріне қатысты «Қаратаудың басынан көш келеді» өлеңі туралы пікір талас туындап, тәуелсіздік алғаннан кейін де осы мәселе турасында көптеген мақалалар дүниеге келді. 1993 жылы «Қазақтың ХVІІІ ғасырындағы ұлт-азаттық көтерілісіне байланысты туған тарихи жырлар» жөнінде кандидаттық диссертация қорғаған Б.С.Рахымов еңбегінде тарихи жырлардың өз бастауы тарихи өлеңдерден тамыр тартатыны, тарихи өлеңдердің тақырыптық топтасулары туралы мәселелер көтерілді [1.54].

Қазақ фольклорындағы тарихи өлеңдердің шығу тегі мен дамуын саралап, өзге халықтардың тарихи өлеңімен салыстыра сипаттау, олардың поэтикалық ерекшеліктерін анықтау фольклортанушы ғалымдардың жетістіктері болып саналды. Осы жолда табанды еңбекпен ғылыми бағдарда жұмыс жүргізген ғалымдар қатарында Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедұлы, С.Сейфуллин, М.Әуезов, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Б.Кенжебаев, Е.Ысмайылов, Ә.Х.Марғұлан, Н.С.Смирнова, Ә.Қоңыратбаев, Ы.Дүйсенбаев, З.Ахметов, Н.Төрекұлов, Р.Бердібай, С.Қасқабасов, Б.Уахатов, О.Нұрмағамбетова, М.Жармұхамедұлы, Е.Тұрсынов, Б.Әбілқасымов, Ш.Ыбыраев, М.Мағауин, С.Садырбаев, З.Сейітжанов, Б.Әзібаева, Б.С.Рахымов және т.б. ғалымдарды атап көрсетуге болады.

Сонымен бірге осы тақырыпқа қатысты орыс ғалымдарының теориялық пікірлері де назар аударарлықтай. Көптеген ғалымдар солардың пайымдауларына назар аударып, еңбектерінде В.Бартольд, Л.Н.Гумилев, И.Березин, Б.Н.Путилов, И.В.Стеблева, В.Я.Пропп, А.М.Астаховалардың ғылыми ұстанымдарын тиісті дәрежеде кәдеге асырды.

Түбі бір түркі халықтарының бір тамырдан нәр алған құндылықтарын таныту мақсатында нысанаға алынған өзекті мәселердің бірі ретінде бүгінгі таңда тарихи өлеңдерді зерттеудің бірнеше мәселелері айқын көрінеді. Яғни, қазақ тарихи өлеңдерін түрік, қырғыз, қарақалпақ, татар, өзбек сынды түркі халықтарының рухани мұраларымен салыстыра отырып зерттеу, тарихы тереңде жатқан қазақ тарихи өлеңдерінің рухани мұрасын жаңаша пайымдау және қазақ тарихи жырларының қазақ әдебиетінің басқа да жанрларымен байланысын толықтай ашу сияқты әлі де көп мәселелер жас ғалымдарды толғандырады.

Бұл мақсатта зерттеушілер өз еңбектерінде түркі халық әдебиетінің тарихы туралы зерттеулерді, тарихи құжаттар мен тарихшы ғалымдар еңбектерін

кеңінен пайдалануы тиіс.

Ал шынында тарихи өлеңдерді зерттеу нәтижелері қазақ ауыз әдебиетінің көп томдық еңбектерінің халық поэзиясына арналған бөлімін толықтыруда. Тарихи өлеңдер жеке ел болып қалыптасқан дәуірлердегі ел басына туған түрлі қиыншылықтарды, оқиғаларды бейнелеуімен, ел мен жер тағдырын тақырып етумен, белгілі бір дәуір тұсындағы ел күйзелісін толық ашуымен, ел қамын жеген халықтың көсемдері мен батырларын мадақтауымен, сонымен қатар тәуелсіздік жолындағы күрестің бастауы болуымен ерекшелене отырып, ел мен жердің азаттығы, халықтың арманы мен мұраты болып саналады.

Негізінде тарихи өлеңдердің пайда болу мәселелері тым ерте дәуірлерге байланысты екен. Бұл тұрғыда академик М.О.Әуезов: «Ел ескілігінің бір алуаны тарихи өлеңдер», - дей отырып, «Тарих өлеңдері ең алдымен ел тіршілігінде анық болып өткен тарихи оқиғадан туады» [2.140], - деуінің қисынды айтылғанын көреміз. Қазақтың тарихи жырларының қалыптасуына тарихи өлеңдердің әсер-ықпалы бар екенін айтып, арнайы көңіл бөлген академик С.А.Қасқабасовтың төмендегі пікірі де соның дәлелі болып табылады. «Тарихи өлеңдер қоғам дамуының әр кезеңінде туып отырады, яғни бұл – оперативтік жанр. Сондықтан тарихи өлең өте ескі жанрлардың бірі. Мәселен, бүкіл түркі халықтарының тарихи кезеңдерінің ең көне үлгісі Білге Қаған, Күлтегін, Тоныкөк т.б. туралы Орхон-Енисей маңынан табылған шығармалар деуге болады» [1.28]. Ал бізде тарихи өлеңдер XVIII ғасырдан басталады деген пікір қалыптасқан. Кейінгі көне түркі дәуірлеріне байланысты еңбектерден шын мәнінде тарихи өлеңдердің ерте дәуірлерде қалыптасқанын аңғаруға болады. Бұл істе белгілі ғалым, академик Р.Бердібайдың: «Әзірше зерттеушілеріміз тарихи өлеңді арнайы жүйелеп, толық қамтып тексеруге жеткілікті көңіл бөле қойған жоқ. Түбінде тарихи өлеңнің өз іздеушісі туса, оның хронологиялық кезеңін де, аумағы да анағұрлым айқындала түсетіндігі кәміл. Кейбір фольклортанушылардың тарихи өлеңді белгілі оқиғалар негізінде құрылған көлемді жырлармен бір топта қарап келгендігі де, бұлардың жанрлық жігіне жете мән беріле қоймағандықтан» [3.185], - деуінің дәлелді айтылғаны талассыз. Мәселен, Көне түркі жазба ескерткіштері туралы терең ізденіп, лингвистикалық жағынан үздіксіз зерттеп келе жатқан ғалым Ә.Құрышжанұлының еңбегінде «Таңғұттармен соғысу», «Мыңлақ елімен соғысу», «Ябақулармен соғысу», «Жорық жырлары», «Алып ер Тонаны жоқтау», «Белгісіз батырды жоқтау», сынды дүниелерді көне түркі тілінен аударып, оларды «Халық өлеңдерінен үзінділер» деген атаумен берген [4.297]. Анықтай қарар болсақ, осы өлеңдердің болмыс-бітімі тарихи өлең табиғатына толық сәйкес келеді.

Түркі-моңғол халықтарының тарихы туралы қыруар еңбек жазған В.Бартольд еңбегінде де тарихи өлең қалыс қалмаған [5]. Оның қисынсыз еместігі «Моңғолдың құпия шежіресімен» салыстырғанда байқалды [6].

Осылайша, жиналуы мен зерттелуіне қатысты пайымдардан тарихи өлеңдерді дәуірлік жағынан ендігі уақытта былайша тақырыптарға бөліп қарастырған жөн:

1. Тарихи өлеңдердің көне дәуірдегі хатқа түскен үлгілері.
2. Қазақ хандығы кезеңіне байланысты тарихи өлеңдер.
3. «Ақтабан шұбырынды» оқиғасына қатысты туған тарихи өлеңдер.
4. XIX ғасырдағы туған тарихи өлеңдер
5. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс өлеңдері.

Бүгінгі таңда жас ғалым Ж.Ахметжанова өз еңбегінде тарихи өлеңдерді аталып өткен тақырыптар бойынша зерделей келе, сол тарихи өлеңдердің жанрлық ерекшеліктерін дамуы мен қалыптасуын, топтасуы мен тұтастануын, халық поэзиясының өзге жанрларымен арақатынасын, көркем бейнелеу құралдарының тарихи өлеңдегі қызметін және тарихи өлеңдердегі тіл өрнегін жан-жақты сипаттап жазған. Осының нәтижесінде қазіргі таңда тарихи өлеңдерге қатысты қорытынды мәселелерге тоқталғанда төмендегідей тұжырымдар ұсынылады.

1) Тарихи өлеңдер қоғам өмірінің әр кезеңінде туып, халықтың мақсат-мүддесіне сай қызмет еткен. Оның нақ бастаулары Көне түркі дәуірі, Алтын Орда, Ноғайлы дәуірлерінен танылса, айрықша дамуы мен қалыптасуы Қазақ хандығы және одан кейінгі ел тарихындағы оқиғалармен байланысты туындаған.

2) Қазақ тарихи өлеңдерінің жинақталуы XIX ғасырдан бастап, XX ғасырдың алғашқы жартысында жүзеге асқан. Бұл іске қазақтың ақын-жазушылары, қоғам қайраткерлері және фольклортанушы ғалымдары айтарлықтай ат салысқан.

3) Қазақтың тарихи өлеңдерінің көне үлгілері бізбен туыстас көптеген халықтардың өлеңдерімен тақырыбы ұқсас, идеясы бір болып келеді.

4) Халық поэзиясындағы жоқтау, қоштасу, лирикалық өлеңдермен тарихи өлеңдердің өзара қарым-қатынасы бар. Бірақ тарихи өлеңдерді отбасы әдет-ғұрып поэзиясына жататын азалау фольклорымен шатастыруға болмайды. Онда жеке адамның өмірден өтуі, тіршіліктегі тағдыр-талайы айтылса, тарихи өлеңде жалпы халықтың елі мен жеріне деген шынайы махаббаты, қимастық сезім сырлары сипатталады. Лирикалық өлеңдермен сабақтастығы да осы тұста көрініп, тарихи өлеңдердің әнге айналуынан байланыс-бірлігі танылады.

5) Тарихи өлең мен тарихи жырлардың жанрлық айырмашылығы бар. Тарихи жыр өзінің поэтикалық жағынан толық эпостың белгілерін танытса, тарихи өлеңде эпикалық ерекшелік жалпы оқиғаның мән-жайын, себеп-салдарын баяндауға құрылады. Жеке адамның образын жасау тарихи өлеңге тән емес.

6) Поэтикалық жағынан тарихи өлеңдерге тән бейнелеу құралдарынан айшықтаулар айрықша орын алады. Әсіресе, арнаулар: сұрай арнау, зарлай

арнау, жарлай арнаулар тарихи өлеңге тән ерекшелікті аңғартады. Басты дәлел халықтың өлеңдегі ашу-ызасы, өкпе-назы, реніш пен қайғысының дәстүр негізінде шын болған оқиғаға сай жасалуынан көрінеді.

7) Тарихи өлеңдерде шендестіру және параллелизмнің халық психологиясын беруде шеберлікпен айтылып, тамаша сипатталғанына толық көз жеткіземіз. Сондай-ақ, дәстүрлі дыбыс қайталаулар ассонанс пен аллитерация және жай қайталаулар өлеңге ажар-көрік беріп, өткен мен бүгінді салыстырып, ел тағдыры мен жер тағдырын таразыға тартады.

8) Тарихи өлеңде әр дәуірдің дерегін танытарлық дәлелдің көрсеткіші ондағы көнерген сөздер мен жаңадан қалыптасқан сөздерден аңғарылады.

9) Қоғам дамуындағы белгілі бір ұлттың халық, ел болып қалыптасқан кезінде басына қиын-қыстау күн туғандағы тарихи-әлеуметтік жағдайына қатысты жедел туып, сол ұлттың оқиғаға деген көзқарасын, көңіл-күйін, арман-тілегін дәлме-дәл жалпыхалықтық психологиямен өрелестіретін мұраларымызды тарихи өлеңдер дейміз [7].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақ тарихи жырларының мәселелері. –Алматы: Ғылым, 1979. -312 б.
2. Әуезов М. Әдебиет тарихы. –Алматы: Ана тілі, 1991. -240 б.
3. Бердібаев Р. Қазақ эпосы. –Алматы: Ғылым, 1982. -232 б.
4. Құрышжанұлы Ә. Ескі түркі жазба ескерткіштері. –Алматы: Қайнар, 2001. -420 б.
5. Бартольд В. История турецко-монгольских народов. –Ленинград, 1928. -24-29 с.
6. Моңғолдың құпия шежіресі. -Өлгий, 1979. -151 б.
7. Ахметжанова Ж.Б. Қазақ фольклорындағы тарихи өлеңдер (10.01.09-Фольклортану). Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2007. -10 б.

А.М.ТЮТЕБАЕВА

PhD докторант КАЗ УМО и МЯ им. Абылай хана

МЕДИАТЕКСТ КАК ОСНОВНАЯ ЕДИНИЦА ЯЗЫКА СМИ

Бұл мақала бұқаралық ақпарат мәтіндеріне арналған. Газеттегі мақала, радиохабар, теледидар жаңалықтары, интернет-жарнама және бұқаралық ақпарат құралдарының басқа да өнім түрлері медиамәтінді қамтиды. Медиамәтін тұжырымдамасының негізіне ауызша және медиа топтаманың шектелген тіркес бірліктері жатады. БАҚ-тың басты тіл бірлігі ретінде медиамәтін күрделі әрі көп деңгейлі және көп өлшемді құбылыс болып есептеледі.

This article focuses on the texts of media. Media texts include newspaper articles, radio programs, TV news, Internet advertising and other kinds of media products. The concept of a media text is a combination of units of limited verbal and media series. As the basic unit of language media text is a complex, multilevel and multidimensional phenomenon.

Средства массовой коммуникации «являются одним из важнейших общественных институтов, оказывающих решающее влияние на формирование не только взглядов, представлений общества, но и норм поведения его членов, в том числе и речевого поведения. Это мощный инструмент воздействия на аудиторию и средство манипуляции общественным сознанием» [1].

Изучение лингвистической литературы показывает, что все имеющиеся работы, можно разделить на 4 группы [2]:

1. Изучение особенностей языковых средств, реализующихся в языке англоязычной прессы (изучение словообразовательных средств, фразеологии, стилистических приемов, общих для большинства медиатекстов категорий и т.д.

2. Рассмотрение лингво-стилистических параметров различных жанров и типов текста в англоязычной прессе.

3. Описание средств, обеспечивающих прагматическое воздействие англоязычного медиатекста.

4. Рассмотрение концептуальной метафоры в англоязычной прессе.

В современных условиях становления информационного общества особую актуальность приобретает изучение дискретных единиц медиапотока.

Вне всякого сомнения, основной такой единицей является медиатекст, рамки которого позволяют объединить такие разноплановые и многоуровневые понятия, как газетная статья, радиопередача, телевизионные новости, Интернет-реклама и прочие виды продукции средств массовой информации. Появившись в 90-х годах XX века в англоязычной научной литературе, термин «медиатекст» быстро распространился как в международных академических кругах, так и в национальных медиадискурсах. Быстрое закрепление концепции медиатекста в научном сознании было обусловлено все возрастающим интересом исследователей к изучению проблем медиаречи, особенностей функционирования языка в сфере массовой коммуникации.

Огромное внимание данной проблематике уделяли такие известные ученые,

как Теун Ван Дейк, Мартин Монтгомери, Алан Белл, Норманн Фейерклаф, Роберт Фаулер, которые рассматривали тексты массовой информации с точки зрения самых различных школ и направлений: социолингвистики, функциональной стилистики, теории дискурса, контент-анализа, когнитивной лингвистики, риторической критики. Внимание ученых привлекал самый широкий круг вопросов: это и определение функционально-стилевого статуса языка СМИ, и способы описания различных типов медиатекстов, влияние на медиаречь социокультурных факторов, и лингвомедийные технологии воздействия.

В России значительный вклад в становление и развитие теории медиатекста, а также методов его изучения внесли такие ученые, как С.И.Бернштейн, Д.Н.Шмелев, В.Г.Костомаров, Ю.В.Рождественский, Г.Я.Солганик, С.И.Трескова, И.П.Лысакова, Б.В.Кривенко, А.Н.Васильева. В наиболее полном виде концепция медиатекста как базовой категории и медиалингвистики впервые была сформулирована в исследованиях Т.Г.Добросклонской.

В основе концепции медиатекста лежит ограниченное сочетание единиц вербального и медийного ряда. В отличие от линейного толкования текста как объединенной общим смыслом последовательности вербальных знаков, текст в массовой коммуникации приобретает черты объемности и многослойности. Это происходит за счет совмещения вербальной части текста с медийными свойствами того или иного средства массовой информации. Так, в прессе вербальная часть текста сочетается с графической и иллюстративной. На радио вербальный компонент получает дополнительную выразительность с помощью аудиосредств – голосовых качеств и музыкального сопровождения. Телевидение еще более расширяет границы текста, соединяя словесную часть с видеоизображением и звуковым рядом. Важно отметить, что вербальные и медийные компоненты текста тесно взаимосвязаны и могут сочетаться друг с другом на основе самых разных принципов: дополнения, усиления, иллюстрации, выделения, противопоставления и т.д., образуя при этом некую целостность, неразрывное единство, которое и составляет сущность понятия «медиатекст».

Концепция медиатекста как объемного многоуровневого явления дополняется устойчивой системой параметров, которая позволяет дать предельно точное описание того или иного медиатекста с точки зрения особенностей его производства, канала распространения и лингвоформатных признаков. Названная система включает такие существенные параметры, как:

- способ производства текста (авторский - коллегиальный);
- форма создания (устная - письменная);
- форма воспроизведения (устная - письменная);
- канал распространения (средство массовой информации – носитель: печать, радио, телевидение, Интернет);

- функционально-жанровый тип текста (новости, комментарий, публицистика (features), реклама);
- тематическая доминанта или принадлежность к тому или иному устойчивому медиатопику.

По способу производства медиате́кст может быть либо авторским, либо коллегиальным, в зависимости от ТОО, сколько человек принимают участие в его разработке, а также указывается ли авторство при презентации конечного информационного продукта. Иллюстрацией текста авторского может служить любой медиаматериал, содержащий указание на индивидуальное авторство, при презентации конечного информационного продукта. Иллюстрацией текста авторского может служить любой медиаматериал, содержащий указание на индивидуальное авторство, например, статья обозревателя или репортаж корреспондента; примером текста коллегиального - многочисленные материалы новостного характера, распространяемые от корпоративного лица информационных агентов – Интерфакс, ИТАР-ТАСС, CNN, Reuter, BBC и т.д. В некоторых случаях для подчеркивания значимости корпоративного характера издания редакция намеренно не указывает авторов публикуемых материалов, как, например, это принято в известном журнале «The Economist».

В описании медиатекстов с точки зрения типологической дихотомии «речь устная – речь письменная» участвуют два компонента – форма создания и форма воспроизведения. И это не случайно, так как здесь отражена специфика бытования медиатекста по отношению к этому базовому для функционирования языка разграничению. Действительно, в сфере массовой коммуникации устойчивая дихотомия «речь устная – речь письменная» приобретает ряд специфических черт и особенностей. Здесь многие тексты, создаваемых как устные доходят до потребителя в письменном виде, а тексты первоначально письменные реализуются затем в устной форме. Определяющее значение для типологического описания медиатекстов имеет также канал распространения, иначе говоря, то средство массовой информации, в рамках которого данный текст создан и функционирует. Каждое средство массовой информации, будь то печать, радио, телевидение или Интернет, характеризуется особым набором медийных признаков, которые оказывают существенное влияние на лингвоформатные свойства текста. Так, в газете или журнале словесная часть текста может быть усилена графическим оформлением и иллюстрациями, на радио – голосовыми возможностями и звуковым сопровождением, на телевидении – видеорядом [3].

Функционально-жанровая принадлежность текста является следующим обязательным параметром типологического описания текстов массовой информации. Систематизация жанров медиаречи всегда представлялась довольно сложной, что объясняется самим определением понятия жанр как

«исторически сложившегося внутреннего подразделения во всех видах искусства». Сегодня в сфере массовой коммуникации динамика речепотребления настолько активна, что происходит постоянное жанровое движение, лишаящее данную единицу необходимого признака устойчивости. На фоне общего многообразия существующих подходов к возможностям функционально-жанрового описания текстов массовой информации классификация, разработанная в рамках теории медиалингвистики, позволяет гибко сочетать устойчивую структуру с бесконечным разнообразием и подвижностью реального текстового материала. Данная классификация выделяет четыре следующих основных типа медиатекстов [3]:

- 1) новости;
- 2) информационная аналитика и комментарий;
- 3) публицистика, иначе говоря, любые тематические материалы, к которым применим английский термин «features»;
- 4) реклама.

Универсальный характер данной классификации обусловлен тем, что она позволяет достоверно отражать реальную комбинаторику функций сообщения и воздействия в том или ином типе медиатекстов. Так, новости – это тексты, наиболее полно реализующие одну из главных функций языка – сообщение, и одну из главных функций массовой коммуникации – информативную. Медиааналитика, или комментарий, сочетает реализацию функции сообщения с усилением компонента воздействия за счет выражения мнения и оценки. Публицистика, или тексты группы «features», к которым относится широкий диапазон тематических материалов, представленных основными СМИ, характеризуются дальнейшим усилением воздействия в его художественно-эстетическом варианте. Реклама совмещает в себе функцию воздействия в двух ипостасях: как функцию языка, реализуемую с помощью богатого арсенала лингвостилитических средств выразительности, и как функцию массовой коммуникации, реализуемую посредством особых медиатехнологий, присущих тому или иному средству массовой информации.

Еще одним существенным параметром типологического описания медиатекстов является содержательная характеристика текста, которая позволяет выделить его тематическую доминанту, или принадлежность к одной из устойчивых, регулярно освещаемых СМИ тем – медиатопику. Анализ содержательной стороны информационного потока демонстрирует наличие устойчивых тематических структур, вокруг которых естественно организуются все тексты массовой информации, или медиаконтент. Можно сказать, что СМИ организуют, упорядочивают динамично меняющуюся картину мира с помощью устойчивой системы медиатопиков, или регулярно воспроизводимых тем, к которым относятся, например, такие как политика, бизнес, спорт, культура, погода, новости международной региональной жизни и т.д. При этом следует подчеркнуть значение лингвокультурного

фактора, поскольку в текстах СМИ происходит своеобразное взаимопроникновение языковой и информационной картин мира, что естественно проявляется в наборе постоянных тематических составляющих, характерных для той или иной страны, той или иной культуры. Так, например, одной из постоянных тем для британских СМИ является освещение подробностей частной жизни членов королевской семьи и высокопоставленных политиков. Регулярно воспроизводимые темы, отражающие национально-культурную специфику того или иного медиаландшафта, называются *buzztopics*, или темами, вызывающими повышенный интерес.

Таким образом, можно заключить, что как основная единица языка СМИ медиате́кст представляет собой сложное, многоуровневое и многомерное явление.

ЛИТЕРАТУРА

1. *Кормилицына М.А.* «О некоторых активных процессах в языке современной публицистики» Материалы междунар. научн. конф. М.: 2003.
2. *Добросклонская Т.Г.* «Вопросы изучения медиатекстов (опыт исследования современной английской медиаречи)», изд. 2, М., 2005.
3. *Еремينا Е.А.* Множественность форм прагматического воздействия англоязычного медиадискурса : диссертация ... кандидата филологических наук: 10.02.04. Москва, 2007. 277 с., Библиогр.: с. 185-199 РГБ ОД, 61:07-10/1711.

Т.А.АБДУКЕРИМОВА

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің аға оқытушысы

**«ШИПАГЕРЛІК БАЯН» ЕҢБЕГІНДЕГІ АУРУ АТАУЛАРЫНЫҢ
ЛЕКСИКАЛЫҚ МАҒЫНАСЫ**

В этой статье рассматриваются лексические значения названий болезней из книги Отейбойдак Тлеукабылұлы «Шипагерлік баян».

This article deals with the lexical value of names of diseases from the book of Oteyboydak Tleukabylyuly «Shipagerlik bayan» (Treatment).

«Шипагерлік баян» кітабы бәрімізге ортақ байлық, ондағы ғылыми мәнді аша алсақ, бұл баға жетпес іс болмақ. Бұл еңбек ұлттық санамызға, ғылымымызға, тарихымыз бен тұрмысымызға талай-талай құнды үлес қоса отырып, халқымыздың жазба әдебиеті мен мәдениеті әріден басталатындығын дәлелдейді.

Ал, Өтейбойдақ Тілеукабылұлы бабамыздың көптеген ауруларға ем жасағанын кітаптан оқыдық. Ал енді оның «Шипагерлік баян» еңбегіндегі көне атаулардың, бүгінгі таңдағы медициналық терминдерге қазақша баламасын тауып қолдансақ, ана тіліміздің көнеден қалыптасқан нақты ауруларға тән қажет сөздер екендігіне көз жеткізуге болады.

Тілімізге кеңінен сіңіп кеткен медициналық терминдердің түп негізіне қарасақ, XV ғасырда Өтейбойдақ Тілеукабылұлы бабамыздың емдеген емі, жасаған шипалық дәрілері, қолданған әдіс әрекетінің біразы қазірге дейін жеткен. Әлі де болса, бабамыздың бізге қалдырған еңбегіне зейін салып қарасақ, ғылымымызға медициналық көптеген терминдерді қазақшаласақ, ата-баба дәстүрін сақтаған, аманатқа қиянат жасамаған халық екенімізді білеміз. Оның үстіне тіліміздегі көптеген сөздердің төркінін табу арқылы қазақ халқының әр алуан дәуірлерде басқа халықтармен жасаған қарым-қатынасын байқауға болады.

«Шипагерлік баян» сол заманның ғана ұлы ғылымнамалық шығармасы емес, бес ғасыр өткеннен кейінгі бүгінгі заманның да сирек кездесетін дүние. Ғалым «Шипагерлік баянын» Жәнібек ханның жарлығы бойынша жетпіс жасында, яғни 1467 жылы жазған екен. Емдік дәрілер шұбыртқысының өзі 1384 түрден асатынын көргенде (оның 70 неше түрлі металл-металлойд, 859 түрі өсімдік, 455 түрі жан-жануар), емдік қасиетін анықтап, атын біліп, санын түгелдеудің қиынға соғатынын және бұл дүниелердің ішінде не қилы кереметтердің бар екеніне ешкім шүбә келтіре алмаса керек. Неге десеңіз соңына түскен ғылымның нәтижесін шығарып, жемісін бүрлеткені, ғалымның өзіне аян еді.

Менен ұрпақ қалмаса да, күндердің күнінде мені әлемге әйгілейтін «Шипагерлік баяным» артымда қалмақ. Бұл соңғылықтар қадірін біліп, ұстана білсе, қанғысыз булақ, қадірін білмесе, отбасы аяқпен тозатын тулақ.

*Ой, дүние-ай!
Іске аспады арманым, қараң қалды,
Шың басына шығарда, арандалды.
Өтейбойдақ қойыпты атымды әкем,
Жаман ат, жаман ырым, мазамды алды.
Қалмады ұрпақ, Өтейбойдақ аяңдалды,
Мені өшірмес «Шипалық баян» қалды
Бұ да менің ұрпағым жөн білгенге,
Тілкімменен жалғасқан аян қалды. [1.34-35]*

«Шипагерлік баян» кітабындағы медициналық атаулардың, лексикалық мағынасын талдап, төмендегі сөздерді көрсетуге болады.

Алжан: Жанын алу өлуге таяу [1.438-439]. **Жаны.** 1. Құрал- сайманның жүзін қайрау, өткірлеу. Жасық пышақ өтпейді, **жаныса да** (мақал). 2. **Жаны.** Бір нәрсенің қасы, маңы, тұсы. Тәлімді ~на отырғызды. Апамның ~на жата кетерсің. **Алжа-алжа.** Әбден қартайып біткен ~кемпір-шал [2.208-209].

Айығым алғысты: Айығу, сақайу, жазылу [1.438-439]. **Алғыс.** Ізгі ықылас, жақсы ниет. ~айтты. **Алғыста.** Алғыс айту жаудыру. Жиын жігіттер дуылдасып, Кәмешті алғыстап жатыр. (Жансүгіров). [2.32-33] **Сақай.** 1. Есею, ер жету, үлкею. Адамның есейіп **сақайған** мезгілі болады (Талжанов). **Сақай.** 2. Аурудан жазылып кету, сауығу. Әбдірәш **сақайып** алды (Доспанбетов) [2.546-547].

Аллалық жазымыш: Құдай жазған [1.438-439].

Анда: Одақ, дос, тамыр [1.442-443]. **Анда.** Анау жер, ана жақ. Қой жайылып жатыр [2.38-39].

Алқалығы: Тірегі [1.442-443]. **Алқа.** 1. Бір я көп жылдық шөптесін немесе шала бұта өсімдіктер туысының жалпы атауы. **Алқалы.** 2. Алқа таққан, алқасы бар. ~қыз. **Алқалы.** 3. Топтасып жиналған жинақы. ~кеңес (жиын, топ) [2.34-35]. **Тірек.** 1. Үй, қора, шахта сияқтылардың бел ағашын тіреп қоятын тірек, ағаш, темір. **Тіректе.** 2. Тірек жасау негіздеу, жинақтау. Жауабын көптеген дәлелмен **тіректеп** жібереді (Тарази). **Тіректі.** 3. Тірегі бар; тиянақты, табанды, сенімді. ~күш, ~адамы [2.672-673].

Алдыға келе алмау: Есін жия алмау [1.442-443].

Арғы жық: Бос, жұмсақ, әлсіз [1.449-450]. **Арғы.** 1. Бір нәрсенің арғы жағы, қарама-қарсы беті. ~жақ (бет, қабақ). 2. Өткен, бұрынғы. ~заман (дәуір, ата, тек). 3. **Атқы,** сонғы, киінгі. ~ойы. 4. **Алдағы,** келесі, болашақ. ~күні (жылы, жұма) [2.44-45].

Асыңқы мүшел: Балиғатқа толмаған [1.449-450].

Айтқылық: Атауымен [1.449-450].

Арашасыздық: Ушығу [1.451-452]. **Арашасы.** 1. Ажыратып алушы, қорғап қалушы.[2].

Ая керімі: Тәжірибе керімі [1.451-452]. **Ая.** 1. Алақанның аумағы. Шал **ая** толым қақырық түкірді (М.Әуезов). 2. Туып-өскен, тәрбие алған орта.

Аянда еркін өскен менмін балаң (Б. Ысқақов). 3. Қойнау, баурай. Алатаудың **аясы**, балауға шырғай саясы (Жамбыл). **Ая.** 4. Біреуге жаны ашу, мүсіркеу, есіркеу. Жауды **аяған** жаралы (мақал) [2.60-61]. **Керім.** 1. Кербез, паң, маңғаз; сылқым, **керім**, марал – сұлулықтың төңірі (Жасқайрат). 2. Тамаша керемет. Теңіз қандай **керім** (Санбаев) [2.308-309].

Аналыққа айқасқы аластаулық: Босандыру [1.455-456].

Ауыз нақ: Әуелгі анықтама [1.455-456]. **Ауыз.** Адам мен жан-жануарлардың тамақтанатын мүшесі. **Аузы** жаман елді былғар, аяғы жаман төрді былғар (мақал). **Ауызы уылды** – ауыздың ағарып ауруға ұшырауы. **Нақ.** Дәл, тура, дәлме-дәл. **Нақ өзі** – дәл өзі [2.56-57].

Ас жегіш аулақ: Тамаққа тәбеті тартпау [1.459-460].

Аралшақтандырылғы: Бөліп тастау, алшақтату [1.459-460].

Асындырғы: Асқындыру [1.459-460].

Айырғы: Топ, жіктеліс [1.459-460].

Ақар: Алақан [1.455-456] қолдың саусақпен білезік аралығының ішкі жақ аясы [2].

Ақтақ: Ұрықсыздық, белсіздік [1.459-460]. **Ақта.** 1. Піштіру кестіру, тарттыру. 2. Үйдің іші-сыртын әкпен тазарту. 3. Ел кезіп күнін көру. Ел ~п жүріп, хабарсыз кетті [2.26-27].

Аққы: Тесіліп аққан ірің немесе соның орны. [1.459-460] **Ақ.** 1. Сүттің, қардың түсіндей аппақ түс. 2. Шын, тура, ақиқат, хақ. Жұмыр басты пендеге өлім ~ақ (Мақал) [2.24-25].

Алқымдама: Шықшыт безінің қабынуы [1.459-460]. **Алқымда.** 1. Алқымнан алып қылқындыру, буындыру. 2. Қасқырдың малды шетінен тамағынан тістеп қыра беруі, тамақтауы [2.34-35].

Айықтырғы: Ем, емдеу [1.459-460]. **Айық.** 1. Күннің бұлт пен тұманнан ашылып, жарқырап тұруы. 2. Аурудың беті бері қарап, тәуір болып жазылды. 3. Мас адамның өзіне-өзі келіп сергуі, әдепкі қалпына келуі. Мاستығынан – ғып кетті. [2.22-23]

Айығымы арсыз: Дауасыз, ем қонбас [1.459-460].

Аластаулық, айығымдық: Жазу, сауықтыру [1.459-460].

Ақтарма: Қарын [1.455-456] адамның, жан-жануарлардың ас қорытатын мүшесі: Асқазан жақсы ас қалғанша, Жаман қарын жарылсын (Мақал). [2.384-385] **Ақтар.** 1. Бір заттың арасын ішін ашып көру, қарау. Сандығын - ды. Кітап -ды. 2. Тінтілеп іздеу, зерттеу, тексеру. Архивті түгел ~ып шықты. 3. Лақ еткізіп төгу, төңкере салу. Ол ақ шәйнекті -ып алды. 4. **Ауыс.** іштегі сырды жасырып бұқпай айта салу. Ішкі сырын -а салды [2.26-27].

Ақтарылма: Етеккір [1.449-450] қыз баланың бой жеткендігін көрсететін белгі, балиғатқа толудың белгісі [2.186-187]. **Ақтармала.** 1. Ақтарып төңкеру, тінтілеп іздеу. 2. Сойылған малдың ішек-қарнын аршу. Әйелі сойылған қойды ~п жатыр [2.28-29].

Алқым ұрысы: Боғақ ауруы [1.438-439].

Әпсін: Ауру аты [1.451-452].

Әдеп лебіз: Мазмұны [1.438-439].

Әужәл: Азық-түлік, азық, тамақ [1.438-439].

Әттеңдік үсінім: Ішінаралық үсік [1.443-444].

Әдегле (әдеглегі): Әдетте (әдеттегі) [1.443-444].

Әпсін қаусырма: Шетке [1.451-452]. Қойда болатын мал ауруы [2].

Әккілік құрсақ: Түлкі құрсақ, шала құрсақ, орта [1.451-452].

Бұланай: Гималай [1.438-439].

Болым: Туылу, тудыру, пайда болу [1.438-439]. **Болым.** 1. Жарамды, тындырымды, мықты. Өзіде бір ~жігіт. 2. Кескінді, келбетті, тұлғалы, денелі. Сәлім бойшаң, ~кескінді адам [2.104-105].

Бұнама: Белбеу кісе [1.438-439]. **Кісе.** 1. Күмістен, жезбен әшекейлеп істелінген пышақ қыны, шақпақ салатын қалташалары бар қайыс белбеу. 2. **Кісе нан** ~ішіне ет, картоп, капуста т.б. салып пісіретін нан [2.348-349].

Бітістік құранды: Бітістік, денелік құрам [1.438-439].

Балғарлық: Тұтас [1.443-444].

Буыншак: Буыны, бөлімі бөлгіші [1.443-444]. **Буыншак** буылған кішкентай нәрсе, түйіншек, ~тарды көтеріп келеді [2.112-113].

Буын қабынуы (артрит) буын сырқырап, іседі, пішіні өзгереді, буынға сары су жиналады, кейде ол ірінге айналады буын терісі қызарып, қызуы көтеріледі. Бұл мерез, соз, қызылша, тұмау, туберкулез сияқты жұқпалы аурулардан соң пайда болады, кейде зат алмасумен ішкі секреция бездерінің жұмысы бұзылудан, жүйке жүйесі зақымданудан да ауырады [3.23-24].

Бет шытырман: Шыбар (шешектен бетке шұбар түсу) [1.451-452].

Бөкселік сал: Бөкседен төмен салдану [1.451-452]. **Бөксе.** Адам мен жан-жануардың белінен төмен, жамбасының тұсы [2.108-109].

Барбаң: Бүйі [1.451-452]. Өрмекші тәрізді бунақ денелі улы жәндік [2.120-121].

Барғақтық езілгі: Жұмсақ бауырлық [1.451-452].

Батбақыл: Бұлқыну [1.451-452]. **Бұлқын.** 1. Аласұрып босануға тырысу, жан таласу, жұлқынып қалу. Қарт қатты бір **бұлқынды** (Ә.Нұрпейісов). **Бұлқын.** 2. Қайықтың жүрісін бағдарлайтын тетік [2.116-117].

Бұрма-бұрма: Алдаусырату, назарын аудару [1.455-456]. **Бұрма сөз.** 1. Күлдіргі, қыңыр сөз. **Бұрмасы жоқ** – бүкпесі жоқ, адал [2.118-119].

Безелік: Сасық без [1.455-456]. **Без.** 1. Адамның жан-жануарлардың ағзасында болатын, оның зат алмасуын реттейтін нәрсе. Бадамша ~і, бүйрек ~і. **Без.** Түйін мед. емшек, бауыр, және т.б. бездерде өсетін қатерсіз ісік. **Безі шошыды** – безі қабынды, ісінді [2.92-93].

Белдеуше: Көкіректен белдікше шығатын қотыр [1.459-460].

Бітелгі (бітеу): Мұрын еті өсу [1.459-460].

Безбен (Жақтаулық қысқама): Баспа [1.459-460]. **Баспа мед.** 1. Дауысты

қарлықтырып, жұтынғанда ауыртатын тамақ ауруы. ~мен ауырды. **Баспа.** 2. Кітап, газет-журналдарды басып шығаратын мекеме. Кітабын ~ға дайындады [2.86-87].

Бүпсек: Қыжылдау [1.459-460]. **Қыжыл.** 1. Ашу, ыза, кек. **Қыжылда.** 2. Ішкен тамағы жақпаған жағдайда кеудесін тырнап, ауызынан қара су ағып ауыру. Жүрегі ~ды [2.428-429].

Бұзылғылық шие: Бой бұзылуы [1.459-460].

Бөлінімділер: Сынулар [1.459-460].

Гүршік: Темірқазық жұлдызы [1.438-439].

Гүлтегін: Гүлшайна, тәштек [1.454-455]. **Тәштек** мыртық, қортық, тапал. Ешкінің асығындай **тәштекті** жек көрем (Жүнісов) [2.626-627].

Ғалек алғызу: Жүздесу, амандасу [1.438-439].

Дарымдалғы: (Дарымшы) [1.439-440] ем-дом жасаушы, халық емшісі, тәуіп.

Дарымдаулық меңзесі: Дәрі мөлшері [1.456-457].

Бұл еңбек «Шипагерлік баян» XV ғасырда қараузген шипагер, ғұлама ғалым, жиһангез Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының жетпіс неше жыл тексеріп-зерттеп, елден жинау, тікелей қолданылмалы тәжірибелер өткізу арқылы «Алдымен өзім ішіп, өзім жеп, шипа ем дарым зәруаттарының ішінде, әкем айтқандай, олпы-солпы жағдай емес, не қилы кереметтердің барлығын аяндадым » дегеніндей, нақтылы іс жүзінде негізінен ой елегінен өткізіп тұжырымдаған кесек ғылымнама! Бұл-ғасырлар аралығын алып жатқан көшпелілер мәдениетінің тарихында, ұлы дала тудырған даналық үлгілерінің бірі «Шипагерлік баян». Ұлтымыз тарихында сирек кездесетін, ұлы медициналық еңбек әрі ғылымнама тек шипагерлік жағынан ғана емес, ол халқымыздың тіл, мәдениет, тарих, философия, психология, астрономия, этнография, метерология, әскери ғылым, этика, эстетика, тағы басқа жақтардан да қыруар білім, мәлімет береді. Өнер-білім тарихы ел тарихынан айырылмайды. Ұлтымыз тарихында сирек кездесетін ғылымнама «Шипагерлік баян» да өз дәуірінің жемісі. [1.429-433]

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Тілеуқабылұлы Ө.* Шипагерлік баян. Алматы: Жалын, 1996.
2. *Қазақ тілінің сөздігі.* Алматы: Дайк-Пресс, 1999.
3. *Медицина терминдерінің қысқаша түсіндірме сөздігі.* Алматы: Рауан, 1994.

D.ALJANOVA

A.Yesevi UTKÜ mastır öđrencisi

“KAN ILE TER” VE “DEVLET ANA” ROMANLARINDA DİL VE ÜSLUP

Бұл мақалада қазақ жазушысы Әбдіжәмил Нұрпейісовтың «Қан мен тер» және түрік жазушысы Кемал Тахирдің «Девлет ана» романдарының тілі мен стилі туралы айтылған.

В данной статье рассматриваются стиль и язык романов Абдижамии Нурпейсова «Кровь и пот» и Кемали Тахира «Девлет ана».

This article is about the language and style of the novels “Kan men ter” (Blood and sweet) by the Kazakh writer Abdizhamil Nurpeisov and “Devlet ana” (Mother country) by the Turkish writer Kemal Tahir.

Abdujemil Nurpeyisov, Sovyet rejiminin yeteneđini çaresiz kabul etmek zorunda kaldıđı Kazak edebiyatının önemli temsilcilerindendir. Yazar bu üstün yeteneđi sayesinde en yüksek edebi payelere layık görülmüştür. Defalarca Ali Meclise Vekil olmuş ancak mücadeleci yazar şan şöhrele satılmamıştır. Nihayetinde onlara karşı tüm duygularını anlatan Aral denizindeki feci durumu anlatan romanını yazmıştır. “Edebiyatımızın son yüz yıllık gelişmesi devrine dikkat edersek, onun bazı parlak zirvelerini görmek mümkün değildir. Kazak nesrinin o şaheserleri sırasında “Kan ile Ter”, “Son Vazife” adlı eserler gibi zirveler vardır. Beş kitaptan oluşan iki romanın içine sığdırılmış dramatism, trajizm, aşk, sevgi, parlak sahneler, panoramik olaylar, zalimlikle aşk, kişilikle belaların karşılaştıđı olaylar dizesidir. Bu beş kitap içeriğinde dombıranın nazik teli gibi ses çıkararak çekilerek yazarın kahramanları yardımıyla ana yurdum diye sızlayan yüređi, can ađrığı hissedilir. Destanda bu dünyada her hangi bir insanın başına gelebileceđi olayları tamamen görmüş gibi oluyoruz. Elaman’ın Akbala’ya karşı duyduđu aşk şiiri, Türkmen delikanlısını kurtlara yem olarak acımasızca bırakan Kalauw gibi merhametsizi, bereketsiz cimri Suwdır Ahmet, barımtacı (suç işlemiş birinin malını alan kimse) dan kahramana dönüşmüş olan Kalen! Milli rengi net kahraman bir tuz granitinden yontulmuş büyük şahsiyetler deđil mi?” [5.54].

Romanı edebi inceleme sırasında kahramanlar görünüşünün tasvir edilmesi, karakterlerin görünüşü, diyalog ve monolog, manzara, edebi ayrıntı meseleleri ile romanın edebi sırrını açmaya yardım eden, roman dilidir [4.41].

Roman dilinde Kazak günlük hayatında sık sık kullanılan “Baq adassa batpaqqa qonadı” (Şans yolunu şaşırırsa çamura konar), “Jauwdı alğan jaralı boladı” (Düşmanla savaşan yaralanır) ve buna benzer atasözü ve deyimleri kullanmıştır [4.42].

Romanın dili anlaşılır, cümleleri kısa ve nettir. Özellikle yazarın bazı düşüncelerini vermek için kendinden bazı kelimeler ekler kullandıđı görülür. Mesela, köngke, zezzat, payşerik, tazayın v.b [4.59].

Biz “Kan ile Ter” romanını edebi inceleme yaparken, romanın konusundan başlayarak, romanın başından sonuna kadar uzanan edebi sanatları aramaya çalıştık. Çünkü amacımız romanın edebi güzelliğinin sırrını açmak ve yazarın

ustalığını göstermektir [4.68].

Devlet Ana romanında ise yazar şahısları zıt karakterler hâlinde yansıtarak olayları ele almıştır. Ya iyiler ya da kötüler vardır. İyiler mükâfatını alırken kötüler cezalandırılmıştır. Şahıslar açık olarak ayırt edildiğinden okuyucu haklı ya da haksız kişileri ayırt etmekte zorlanmaz. Bilimsel veriler ile kahramanlar arasında sıkı bir bağ kurulmuştur. Hilmi Yavuz, Ahmet Mithat örneği ile romana yaklaşırken şu şekilde bir görüş belirtir: “Yani somut gerçekçiliğin bize özgünlüğünü, dolayısı ile tarihselliğini belirleyen bilimsel verilerin, romanda ortaya konan insan tiplerinde ve yaratılan durum ve eylemlerde özümsemesidir” [2.67].

Romanda bireysel çatışmalar ile toplum çıkarları iç içedir. Bacıbey için Demircan’ın katillerinin bulunması iç hesaplaşma iken Osman Bey için devlet sorumluluğudur. Birinci ciltte ağırlıklı olarak iki baş kahraman vardır. Bunlar Osman Bey ve Kerimcandır [3.76].

Devlet Ana Kemal Tahir Mavro, kız kardeşi Liya ile, Ertuğrul Bey’in himayesinde bulunan Karacahisar topraklarında Issızhan adı verilen bir yolcu hanında yaşamaktadır. Kıbrıs Sen-Jean şövalyelerinden Nottis Gladyüs ve Uranha hana gelirler. Mavro silahlara ve silah kullanmaya aşırı derecede ilgili bir gençtir. Şövalye Nottis Gladyüs, Mavro’nun bu zaafından faydalanır, kendisini usta bir şövalye yapacağını söyler. Şövalye son derece kaba ve terbiyesiz biridir. Mavro’nun ablası Liya’ya sarkıntılık eder, onu zorla elde etmeye çalışır. Fakat bu emeline ulaşamaz. Liya, yastığın altından aldığı hançerin zehirli olduğunu söyleyerek şövalyeyi odasından çıkarmayı başarır [3.87].

5. Педагогикалық және өндірістік-технологиялық практикалар арқылы студенттердің «Технология» пәнінен алған теориялық білімдері бекітіле түседі. Бұл жөнінде А.Байтұрсынов бала білімді тәжірибе арқылы өзі алуы керек, ал мұндағы мұғалімнің қызметі – балаға орындалатын жұмыс түрлерін шағындап беру, қойылған мақсатқа жету үшін бағыт-бағдар беріп отыру дейді [6.88-93].

Ресей патшасы Петр I халыққа білім алуды, оның ішінде практикалық дағдыны игеруді міндеттейтін. Ол «Менте ет ману» деген латын мақалын жиі қолданатын. Оның аудармасы тек қана баспен емес, қолмен де еңбектену керек дейтін.

Ол өзі Петербор кеме жасайтын верфиде (зауытта) қатардағы ағаш жұмысшысы (плотник) болып, қолмен жұмыс істеп, айлығын алып тұратын. Ол жөнінде демократ – жазушы Николай Добролюбов – «в матросской куртке, с топором в руках, он также грозно и властно держал свое царство» деп жазды [7.46].

Теориялық оқыту мен практикалық даярлықтың ара қатынасы жөнінде [7] тарихи еңбекте былай делінеді: «Кәсіпке үйрету шеберханадағы практикалық жұмыс арқылы іске асады». Сондықтан практикалық жұмыс нәтижесінде теория

туындайды.

Бұл жерде біз Ресейде кәсіптік техникалық білім мен практиканың қалыптасу және даму тарихына қысқаша шолу жасай отырып, біздің еліміз 70 жыл бойы КСРО құрамында болғанда, Қазақстандағы кәсіптік білім сол КСРО құрамында бірге дамығанын айтпақпыз. Дегенмен ол кезеңдерде кәсіптік білім тиісті дамығанын жоққа шығаруға болмайды.

Өндірістік практикаларды тиімді өткізу туралы мақала [8] авторлары былай дейді: «Технология» пәні мұғалімі үшін, ең бірінші еңбек объектісін анықтаудың маңызы зор, өйткені оның кейінгі әрекетінің бәрі сол бұйымды жасау жолдарымен ерекшеленеді. Практика кезінде болашақ «Технология» пәні мұғалімі үздіксіз білім беру қағидаларына сәйкес қарапайым операцияларды орындаудан бастап күрделі тетіктер жасауға көшу арқылы олардың білімі мен біліктілігі және дағдылары дұрыс қалыптасады деп есептейді.

«Технология» пәні мұғалімі кәсіптік-техникалық училищелерде, кәсіптік мектептерде, лицейлер мен гимназияларда сабақ бере алады. Сондықтан «Технология» пәні мұғалімін ЖОО-ларда даярлау проблемаларының шешімін табуы мынадай нәтижелер береді:

1. оқу материалдық базаны еңбек бағытына сәйкес жабдақтау және ғылым мен техниканың дамуымен сәйкес жетілдіру;
2. инновациялық оқыту технологияларын оқу процесіне ендіру;
3. студенттердің өндірістік, технологиялық және дипломалды практикалары өндіріс салалары бойынша нақты өндіріс орындарында өткізілуі тиіс;
4. оқушылардың танымдық қабілетін арттыру мен шығармашылық қабілетін дамытуға жол ашу.

Қорыта айтқанда «Технология» пәні мұғалімін сапалы даярлауға қатысты жоғарыда көрсетілген мәселелердің шешімін табуы Қазақстан Республикасы экономикасының дамуына едәуір үлес қосады деп есептейміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Дидактика средней школы. Некоторые проблемы современной дидактики. /Под.ред. М.А.Данилова и М.Н.Скаткина. М.: Просвещение, 1975. 303 с.
2. *Киверяле А.Л.* Методы исследования в профессиональной педагогике. Таллин: ВАЛГУС, 1980, 331 с.
3. *Пошаев Д.Қ.* Мамандыққа кіріспе. Оқу құралы. Шымкент: М.Әуезов атындағы ОҚМУ. 2004. – 112 б.
4. *Құдайқұлов М.Ә.* Қабілеттілік. Дағды. Шеберлік – Алматы: Қазақстан, 1986. 118 б.
5. Сыздықов О. Болашақ инженерлердің кәсіптік-технологиялық даярлығын жетілдірудің дидактикалық негіздері. Пед.ғыл.докт. дисс... Алматы, 2002, 319 б.
6. *Байтұрсынов А.* Шығармалары. – Алматы: Қазақстан, 1991. 560 б.
7. *Цимрин С., Кузнецов Ю.* Страницы истории профессионального и технического образования России /Музей истории профессионального образования, Фонд имени А.Г.Неболсина – СПб., 1996, 176 с.
8. *Сыздықов О., Тұтқабаяев Ә.* Болашақ «Технология» пәні мұғалімдерін даярлауда өндірістік практикаларды тиімді өткізудің маңызы. «Әуезов оқулары-7: М.Әуезов және қазақтанудың өзекті мәселелері» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция еңбектері. Шымкент-2008, 156-158 б.

С.М.ДЖАКУПОВ

доктор психологических наук, профессор
КазНУ им. аль-Фараби

А.А.ИСАХАНОВА

PhD докторант МКТУ им. А.Ясауи

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ПОКАЗАТЕЛИ ВСЕОБЩЕГО РАВЕНСТВА В ПРОЦЕССЕ ЭТНИЧЕСКОГО ВОЗРОЖДЕНИЯ ЛИЧНОСТИ

Бұл мақалада этникалық қайта өрлеу процесіндегі этносаралық қарым-қатынастағы жалпы ұлттық теңдік қарастырылады.

The general equality of the person in interethnic interaction in active process of ethnic revival is considered in the given article.

В современном мире в последние несколько десятилетий большое внимание уделяется психологическим особенностям этнического взаимодействия с окружающей средой и ее представителями. Несмотря на то, что глобализация все больше стирает границы между людьми обобщая все понятия человечества, вопрос этнической принадлежности и этнических корней становится все острее. Множество исторических исследований показывают особенности происхождения культуры и развития каждого этноса в материальном и моральном мире. Современное общество акцентирует свою принадлежность к определенному этносу через культурные особенности, веру исповедания и взаимодействие с мировым окружением. Этническое прошлое именно в информационно нестабильном и быстро меняющемся двадцать первом веке борется за стабильную и надежную основу в построении нового будущего. В связи с этим меняется и взаимодействие людей друг с другом, и их взгляды на себя, на мир и на все происходящее вокруг, так как человек не может развиваться если он неуверен в основе своего существования, пусть даже где-то иллюзорной, но стабильной и неизменной. Изменения в связи с этим, происходят как негативного так и позитивного характера. Мы можем наблюдать их яркое проявление в информационном потоке СМИ, в современных социально ориентированных исследованиях, а так же в повседневной жизни.

Человечество в познании собственной природы выделило такие значимые для самопознания феномены, как «социальная единица», «личность», «этносы», «человечество», «цивилизация» [1]. И на основе этих понятий, наша цель – обратиться к проблеме личности современного человека в условиях так называемого этнического возрождения, переустройства миропорядка и столкновения цивилизаций, которые изменяют психологическое развитие и равновесие личности. Человек по природе своей социален и потому включен в общественное бытие и конкретно в свой этнос, в свою государственную структуру, появление новой информации, изменение мирового сознания и социального взаимодействия

очень сильно влияют на личность вызывая изменения во взглядах и бытие человеческой личности с этническими предрасположенностями.

То, что мир охвачен этническим возрождением это абсолютно ясно со всех сторон, но судить о мире в целом очень трудно, так как этническое возрождение затрагивает абсолютно все направления бытия человечества и в каждой стране, в каждой национальности оно развивается и расширяется своими индивидуальными темпами. Нам под силу рассмотреть только влияние этнического возрождение в рамках одной страны или/и одной национальности.

Последние два десятилетия, после того как Казахстан стал независимым государством, многочисленные исследования в области этнопсихологии ведутся различными учеными на его территории, которые дают нам основание судить о том, что развитие этнопсихологических стереотипов, взглядов и суждений казахстанцев усилились в последние годы независимости. Этнос занимает одну из главенствующих сил развития Казахстана, этнические нотки видны из социальных, культурных и политических призывов к сплоченности народа и его дружбе. Этническое возрождение идет быстрыми темпами и становится все больше привлекательным для молодежи Казахстана.

Казахстан является многонациональным государством, на его территории проживают более 120 национальностей, но все же казахский этнос по своей численности превышает все остальные этносы и по истории государства именно казахский народ занимал территорию республики многие тысячелетия назад. История Казахстана и его народа очень богата взаимоотношениями с разными государствами и странами. Казахстан формировался на огромном открытом всем ветрам и народам пространстве и в то время через территорию проходили важнейшие торговые пути соединявшие восток с западом и север с югом. Не случайно перекрест энергетических полей земли Байтерек находится в центральном Казахстане. Распределенность народов Казахстана на огромной территории стимулировала развитие межличностного общения, а взаимодействие с представителями других культур и конфессий обогащало механизмы межличностного общения, создавая новые взаимовыгодные формы межкультурного и межэтнического общения. Все это являлось важной предпосылкой того, что современная казахстанская культура становится одной из самых эффективных в плане обеспечения результативности межличностного и межэтнического взаимодействия и общения людей [2].

Но, не все так хорошо в межэтническом общении казахстанцев. Изредка нас сотрясают межэтнические конфликты на почве недопонимания, не всегда мы можем оценить уникальность психологического строения каждого этноса, беря во внимание лишь уникальность своего. Каждый этнос состоит из многочисленных личностей, которые создают определенный свойственный

только этому этносу внутренний мир. А внутренний мир принимает тот облик из которого состоит его личности. У каждой личности есть свои взгляды на жизнь, на бытие, на других людей и все это составляет его личностный смысл. Личностные смыслы могут быть как "нормальные", так и "аномальные".

При оценке личности, полагании ее нормальной или аномальной, отклоняющейся, при ее воспитании, психокоррекции и психотерапии следует иметь в виду не только и не даже столько особенности ее отдельных проявлений, их сочетания, корреляций и т.п., но и то какие общие смысловые устремления, общие мотивы способы их достижения соотносятся с социальными и нравственными плоскостями общечеловеческого бытия. Общечеловеческие принципы в основе своей одинаковы для всех этносов и стран их проживания. Сформировавшееся личность уже в процессе воспитания и развития постигает все нравственные принципы жизни, которые по не писанным, а так же законно утвержденным правилам она должна соблюдать. В детском возрасте смена одного типа деятельности другим во многом непосредственно диктуется социально-культурными условиями, а в зрелом возрасте нормальная личность способна сама выбирать объекты и формы своей активности [3]. Активность же, в свою очередь, как показывают многочисленные психологические исследования у всех людей разная, не смотря на то, что место, время и все остальные социальные факторы могут совпадать каждая личность выбирает свой уникальный способ активности. Но все-таки если брать смысловую сферу человека она не ограничивается кругом восприятия людей лишь своего этноса и во времена глобализации мы сталкиваемся с многочисленными национальностями и этносами, которые не мало важны как для каждого отдельного человека, так и для всех этносов в целом. Смысловая сфера личности это нечто большее, чем узкий круг родственных связей, конечно же надо учитывать и уровень развития личности и его взгляды на бытие человека и окружающего мира.

В книге "Аномалии личности" Б.С.Братуся описываются, выведенные автором, три уровня развития смысловой сферы личности: эгоцентрической, группоцентрической и просоциальной или гуманистической [3]. Позже Б.С.Братусь ввел четвертый - духовный уровень [4]. Каждый из этих уровней свидетельствует о личностном восприятии мира и "Я" положении личности. На эгоцентрическом уровне нет равенства ("Я" - выше всех). Нет его и на группоцентрическом уровне. Выше - группа (семья, народ, нация). С гуманистического уровня начинается нравственность, там каждый человек заслуживает такого же отношения, что и любой другой, принадлежит он твоей группе или нет. На духовном уровне любой определен не только его гуманистической ценностью (что он такой же человек) но и - нечто большее, что превосходит и этого человека, и меня, и его народ, и мой народ - Бог (дляверующих), Человечество (для неверующих). И в свете этого большего (много большего), уравнивается ценность каждого.

Весь мир сейчас стремится достичь последнего четвертого уровня развития смысловой сферы для каждого человека, так как именно на этом уровне мы

можем существовать без конфликтов, в дружбе и согласии народов и стран. Но достижение данного уровня почти невозможно. Проблемы по этому вопросу решаются, но от этих решений их не становится меньше.


Можно сказать, что Казахстан является миниатюрой мира, в нем проживают в тесном взаимоотношении большое количество этносов уже многие годы. Все проживающие этносы на территории республики имеют одинаковые права по законодательству страны. В Конституции Республики Казахстан в разделе втором, статье четырнадцатой говорится: 1. Все равны перед законом и судом. 2. Никто не может подвергаться какой-либо дискриминации по мотивам происхождения, социального, должностного и имущественного положения, пола, расы, национальности, языка, отношения к религии, убеждений, места жительства или по любым иным обстоятельствам [5]. Судя по статье из Конституции страна находится где-то, на четвертом уровне развития смысловой сферы или на третьем, где каждый заслуживает одинакового отношения к себе и другим гражданам республики. Но так ли это на самом деле в стране, действительно ли граждане воспринимают друг-друга равными. В своем послании президент страны Н.А.Назарбаев говорит о том как "важно усилить воспитательный компонент процесса обучения. Патриотизм, нормы морали и нравственности, межнациональное согласие и толерантность, физическое и духовное развитие, законопослушание"[6]. Этот вопрос очень актуален в нашей быстро развивающейся стране, в годы активного роста Казахстана на мировом политическом "олимпе", куда мы поднимаемся и поднимаем статус страны, которая еще недавно была мало кому известна. Но, в беспокойное время терроризма и экстремизма особенно после первых проявлений этого "зла" на территории государства, вопрос всеобщего равенства требует большего изучения и влияния с профессиональной точностью, для того, что бы не усугубить, а выявить проблемы и исправить их.

В исследовании принимали участие более 200 человек из русского и казахского этносов. Представители русского этноса были выбраны не случайно. Быстрая социальная интеграция и аккультурация казахов происходила под доминирующим влиянием культуры-донора – русской культуры. Специфика заключается в том, что овладение достижениями мировой культуры и современной цивилизации пришло к казахам вместе с языковой русификацией. И это не было злой сознательной волей "старшего брата", а естественным следствием его численного и цивилизационного превосходства, продуктом объективных исторических условий [7].

Респонденты в исследовании были разделены на четыре группы: казахский этнос 1-группа - казахи не имеющие контактов с представителями русского этноса; казахский этнос 2-группа - казахи постоянно контактирующие с представителями русского этноса; русский этнос - представители русского этноса с рождения и по сей день проживающие на территории Республики Казахстан и тесно контактирующие с представителями казахского этноса; метисы - люди рожденные и выросшие в смешанной семье, где один из родителей представитель казахского этноса, а второй - русского.

По результатам нашего исследования было выявлено не равное отношение этносов к друг-другу и своему этносу.

Показатели отношения респондентов к своему и к соседнему этносу.



Выявленные показатели дают право судить о том, что межэтническое общение стимулирует развитие личности и ее нравственной, смысловой сферы. Расширяется кругозор личностного пространства личности, респонденты живущие в непосредственном контакте с различными представителями других этносов воспринимая их культуру и поведения в бессознательно и сознательно корректируют свою деятельность дополняя ее новыми формами влияния и действия на окружающую среду.

По проведенным исследованиям можно сделать вывод - что Казахстан находится на довольно-таки высоком уровне нравственного развития. Этот рост нравственного развития продукт многолетней совместной истории казахского народа и народов доноров, проживавших в тесной связи различных взаимоотношений. Наша задача на сегодняшний день состоит в том, чтобы продолжать стимулировать добрые взаимоотношения народов Казахстана в период бурного этнического возрождения, показывая и рассказывая о том, что сила нашего государства и всех нас в сплоченности и межэтнической дружбе!

ЛИТЕРАТУРА

1. Мухина В. Личность в условиях этнического возрождения и столкновения цивилизаций: XXI век // Развитие личности, №1, 2002.
2. Джакупов С.М. Проблемы этноконфессиональной идентификации личности // Вестник НАПК №3-4, 2005.
3. Братусь Б.С. Аномалии личности. Москва Мысль. 1988. 301 с.
4. Братусь Б.С. Возможна ли нравственность в психологии? <http://psybrest.iatp.by/bratus.htm>
5. Конституция Республики Казахстан. <http://www.constcouncil.kz/rus/norpb/constrk/>
6. Послание Президента Республики Казахстан – Лидера Нации Н.А.Назарбаева народу Казахстана. Январь 2012. http://www.akorda.kz/ru/speeches/addresses_of_the_president_of_kazakhstan/poslanie_prezidenta_respubliki_kazahstan_na_nazarbaev
7. Балаева А.Г. Этно-религиозная идентификация молодежи Казахстана: социологический аспект. Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата социологических наук Республика Казахстан, Астана, 2010.

А.Б.КУЗДЕУБАЕВА

педагогика ғылымдарының кандидаты,
АИУ-нің аға оқытушысы

БОЛАШАҚ МУЗЫКА МҰҒАЛІМІНІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

В данной статье рассматриваются некоторые вопросы формирования творческих навыков будущего учителя музыки в процессе обучения в ВУЗе.

The article deals with the formation of creative skills of future teachers of music in the process of teaching in high school.

Егемен еліміздің жаңару кезеңінде, қоғамымыздың ілгерілеу процесінде адам факторының алатын орны ерекше. Кез келген елдің болашағы жастарға әлемнің дамыған елдерімен тең дәрежеде білім беру болып табылады. Жастардың ақыл-ойын барынша дамыту, дүниежүзілік ғылым мен техниканы, өндірістік технологияны меңгеру үшін ғылыми негізде білім беру жүйесін неғұрлым тиімді құру білім берудің негізгі міндеті. Ғылым, мәдениет, өнер, технология, сондай-ақ қоғамның құқықтық, рухани-адамгершілік, діни негіздерінің қалыптасуы да білім беруге байланысты. Аталған мәселелердің мәні 2007 жылы қабылданған Қазақстан Республикасы "Білім туралы" заңында, "Білім" мемлекеттік бағдарламасында, гуманитарлық білім беру тұжырымдамасында мазмұндалғандай, қоғамның экономикалық және әлеуметтік жағынан ілгерілеуінің маңызды факторы ретінде білім берудің ұлттық моделін дамыту, шығармашыл тұлға қалыптастыруға бағыт алу, ақыл-ой қорын жинау сияқты мақсаттарды көздейді. Олар жөнінде аталған заңның білім беру жүйесінің міндеттерінің бірі ретінде: "...жеке адамның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтын берік қалыптастыру, жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы интеллектін байыту" - деп нақтылаған [1].

Қазақстанның қоғамдық экономикасында болып жатқан өзгерістер білім беру жүйесінің дамып, жетілуіне маңызды ықпал етуде. Қоғамның жаңа әлеуметтік мәдени жағдайында өскелең ұрпаққа білім мен тәрбие беруде өздігімен дербес тиімді педагогикалық жолдарды таба білетін, алғыр да қабілетті педагогқа деген сұраныс жылдан-жылға өсуде. Тұлғаның ерікті түрде, шығармашылықпен дамуына, өзін-өзі көрсете білуіне, өз өмірін дұрыс бағдарлауына осы қасиеттерді жетік меңгерген мұғалім ғана жәрдемдесе алады. Осыған орай музыка мұғалімі маманының кәсіби-шығармашылық белсенділігін қалыптастыру мен дамыту мәселесінің көкейкестілігі күннен-күнге арта түсуде. Бүгінгі жоғары педагогикалық оқу орындарының музыка-педагогикалық факультетінде кәсіби біліктілігі жоғары, іскерлік қабілеті жетілген музыка мұғалімі даярлануы қажет.

Шығармашылық қабілет, іс-әрекет жөнінде өз ойларын көптеген ғұламалар өздерінің еңбектерінде жазып қалдырған. Адамның жеке басын,

қабілеттерін дамытуды ұлы дала ойшылдары Ч.Уәлиханов, Әл-Фараби, Абай тұжырымдарын, көзқарастарын тиісті еңбектерінде білдірген. Көрнекті педагогтар К.Д.Ушинский, Ы.Алтынсарин, В.А.Сухомлинский, А.С.Макаренко қабілеттерді дамыту жолдарын қарастырған.

Ресей ғалымдары Г.С.Альтшуллер, А.Г.Ананьев, Ю.К.Бабанский, Л.С.Выготский, В.В.Давыдов, В.С.Ильин, В.А.Крутецкий, Т.В.Кудрявцев, А.Н.Леонтьев, Н.С.Лейтес, Л.В.Занков, Б.М.Теплов, т.б., сондай-ақ республикамыздың көрнекті ғалымдары Т.Т.Тәжібаев, Қ.Б.Жарықбаев, М.М.Мұқанов т.б. өз еңбектерінде жеке тұлғаны дамыту мәселесінің теориясы мен тәжірибесінің негізін қалаған, шығармашылық қабілеттің дамуының психологиялық негіздерін, шығармашылық процестің құрылымын зерттеген.

Музыкалық педагогика мен психология оқытушылардың шығармашылық әлеуетін белсендендіруде бірқатар әдіс - тәсілдерді, амал - жолдарды жинақтады. Оны осы салада орындалған зерттеу еңбектері (Л.А.Баренбойм, В.Н.Шацкая, С.А.Ұзақбаева, Г.У.Серікбаев, Р.Р.Джердималиева, М.Х.Балтабаев, Д.Б.Кабалевский, Г.Г.Нейгауз, А.Н.Сохор, Г.М.Цыпин және т.б) дәлелдейді. Олар педагог-музыканттың кәсіби-шығармашылық мәселесіне елеулі үлес қосып отыр.

Алайда, бұның бәріне қарамастан кәсіби-шығармашылық ойлау қабілеті мен ықылас-ынтасы жоғары музыка мұғалімін даярлауға сұраныс бұрынғысынан да артып отыр.

Сонымен психологиялық-педагогикалық зерттеулерге жасаған талдау және жоғары педагогикалық оқу орындарында музыка мұғалімін оқыту процесінің дәстүрлі бағдарлылығы білім алушылардың шығармашылығының өздігімен дербес дамымағандығын, кәсіби-шығармашылық белсенділікті қалыптастыруға мотивациялық даярлығының төмендігін, студенттердің шығармашылық әлеуетінің жеткілікті жүзеге асырылмайтынын көрсетеді. Демек, бүгінгі жоғары педагогикалық оқу орындарында болашақ музыка мұғалімінің кәсіби-шығармашылық қабілетін дамыту қажеттігі мен аталған қасиеттердің мақсатты бағыттылықта зерттелмеуі арасында; болашақ мұғалімге меңгертілетін арнайы пәндердің шығармашылық әлеуетінің маңыздылығы мен олардың оқу процесінде жеткіліксіз жүзеге асырылуы арасында; болашақ музыка мұғалімінің кәсіби-шығармашылық қабілетін дамыту барысында қалыптастыру қажеттігі мен оған тәжірибе жүзінде аса назар аударылмайтыны арасында қарама-қайшылық анық байқалады.

Қазіргі қоғам жеке адамнан прогрессивті ойлай алатын белсенді әрекетті, жан-жақты болуды талап етеді. Өйткені, адамның қоғамда алатын орны, қазіргісі, болашағы үнемі толғандыратын мәселелер қатарына жатады. Бұл қоғамның дамуына тікелей байланысты.

Шығармашылық – бүкіл тіршілік көзі. Жоғары кәсіптік мектепте білім

беру ісіндегі басты бағдар-болашақ мұғалімдерді тек шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту және оларды шынайы өмірдегі дара тұлға етіп әзірлеу. Ол үшін ең біріншіден, өз таңдаулары бойынша оқытудың ұстанымын жүзеге асыру, яғни денсаулығын, дамуын, қызығуын ескеріп мүмкіндіктерін ашу. Екіншіден, оқыту үрдісінің сапасын арттырудың басты құрамды бөлігі – жақсы түсінікті тілмен жазылған оқулық. Бұрынғы әдіске арналған оқу үрдісінде мұғалімге басымдылық рөл берілсе, ал қазір оқу үрдісінде оқытушы белсенділігі көрсетілуі тиіс. Ол өздігінен оқуы тиіс, ал мұғалімнің негізгі көңіл аударатын жайы: әрбір оқушының жеке қызығуы мен мүмкіндіктерін ашу. Әрбір оқушы басқа оқушымен салыстырылмайды, керісінше, дамуына қарай өзімен-өзі салыстырылады. Мектептерде шығармашылық сабақтарды жиі өткізу оң нәтижеге бастайтыны тәжірибе жүзінде дәлелденіп отыр. Мұғалімнің кез келген сабағы шығармашылық сипатта өткізіліп отырса, оқушы дербестігінің қалыптасуы жоғары деңгейге көтерілері сөзсіз. Оқушылардың шығармашылық дербестігін қалыптастыруға ықпал ететін шығармашылық сабақ түрлерін төмендегінше бөліп қарастыруға болады:

1. Танымдық;
2. Эвристикалық;
3. Әдістемелік;
4. Коммуникативтік.

«Шығармашылық» ұғымының мәні философиялық және психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде екі көзқараста қарастырылады: шығармашылық-материя атрибуты ретінде және шығармашылық – іс-әрекеттің жоғары формасы ретінде.

Психология мен педагогикада шығармашылық, іс-әрекеттік көзқарас аясында көптеген жағдайда себеп-салдар логикасында іс-әрекет процесі ретінде, әрекеттің амал-тәсілі, әрекеттің өнімі мен нәтижесі ретінде сарапталады (И.В.Страхов, Ю.Б.Борев, С.Х.Раппопорт және т.б.).

Көптеген зерттеулер адамға деген көзқарасты өзін-өзі жетілдіре білетін, өзін - өзі көрсете білетін және өзінің ісімен өзі мақтана алатын, белсенділік танытатын субъект ретінде анықтауға мүмкіндік береді. Ғалымдардың еңбектеріне талдау бере отырып біз, шығармашылық ұғымын тұлғаның белсенділігі мен өздігімен дербес әрекеттілігінің жоғары формасы ретінде қарастырамыз. Шығармашылық үрдісі кезінде баланың ақыл-ойы қабілеттері дамиды. Дамыта оқыту жүйесіндегі қойылатын сұрақтар ойлауды, пайымдауды қажет ететіндей етіп беріледі. Жауаптардың бірнеше түрі болуы мүмкін екендігі қарастырылады. Ізденіс барысында мұғалім әр баланың көңіл-күйін бақылауға, ой-пікірін байқауға мүмкіндік алады. Бала өз ойын қорықпай, сеніммен айта алады.

Шығармашылықтың әр кезеңінде болашақ музыка мұғалімінің бойында әр түрлі қасиеттер қалыптасып жатады. Осы сабақтарды түрлендіріп, оларға дамытушылық сипат беретін жұмыстың бір түрі шығармашылық қабілеттерді

дамытушы педагогикалық шарттар. Болашақ ұрпақтың білімділігі мен оның рухани байлығы – әлемдік өркениетке жетер бағыттағы Қазақстан Республикасының гүлденуіне кепілдік болар бірден-бір жол. Нарықтың қазіргі жағдайында мәдениетті, білімді, өзіндік ұстанымы мен таным - көзқарасы жетілген адам тәрбиелеудің маңызы зор. Бүгінгі болашақ мұғалімі – ертеңгі біздің болашағымыз, Қазақстанның келешегі – жастардың еншісінде. «Елімізді 2030 жылы барысқа айналдыратын күші бүгінгі мектеп партасында отырған оқушылар мен 15-20 жас аралығындағы жастар» - деп Елбасымыз тегіннен-тегін айтқан жоқ [2]. Қазіргі жас буын мемлекетіміздің мығым тірегі болмаса ғана, шын мәнінде экономикалық-әлеуметтік жағдайымыз өз дәрежесіне көтеріліп, жаңа дәуір салтанат құрады. Олай болса, ХХІ ғасыр жастардың жан-жақты терең білімді, саяси-экономикалық сауатты, яғни интеллектуалды деңгейі жоғары болуын талап етеді.

Процесті игеру үшін мұғалімнің жан-жақты білімі мен дүниетанымы болуы қажет. Музыкалық шығарманың шығу тарихы, сазгерлердің өмірі мен шығармашылығы өмірге, қоғамға көзқарасы, оның балалармен қарым-қатынасы бәрі қызықтыратын болуы керек. Мұғалім керекті материалдарды пайдаланса ғана баланың кітапқа құмарлығы, өз бетінше іздену дағдысы дамиды, музыкалық танымы кеңейеді.

Мұғалімнің зерттеу жұмысын жүргізе білуі – баланың дамуына сай музыкалық білім мен тәрбиені берудегі шешуші фактор. Қоршаған ортадағы, қоғамдық өмірдегі өзгерістерге байланысты қойылып отыратын жаңа талаптардың күнбе-күн өсуі мұғалімнің өмірде кенже қалмай, білімін үнемі жетілдіруін қажет етеді. Оқушылар сабақта радио мен теледидардан естіген әндерін айтуға құмар келеді. Музыка бағдарламасы үнемі тақырып мазмұнын аша алатындай шығармалармен толықтырылып отыруы қажет. Жалпы сабақтың дәстүрлі, дәстүрлі емес, сайыс, ойын, кіріктірілген сабақ, саяхат, аралас сабақ түрлерін жиі өткізу әдетке айналғаны жөн. Заман талабына сай оқытудың жаңа технологиясын игере отырып, пәнаралық байланысқа үнемі көңіл бөлген дұрыс.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. ҚР «Білім туралы заңы» 2007 ж. 27 шілде №319-III ҚРЗ
2. Назарбаев Н.А. Послание Президента народу Казахстана «Казахстан на пороге нового рывка вперед в своем развитии. Стратегия вхождения Казахстана в число 50-ти наиболее конкурентоспособных стран мира» // Университет, 2007.14.13.

Қ.ОРАЗБЕКҰЛЫ

педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

ҚАЗАҚТЫҢ ПӘЛСАПАЛЫҚ ОЙЛАУ ЖҮЙЕСІНІҢ НЕГІЗІ

В статье рассматриваются основы казахской философской системы мышления.

The article is about people's ethnic and pedagogical experience.

Қалың бұқараның педагогикалық тәжірибесі бірқатар жағдайларда ата-аналарға нақты нұсқау-кеңестер беретін шешендік сөздер, мақал-мәтелдер, т.б. сияқты фольклордан бастап қалыпты салт-дәстүрлердегі қайталанып отыратын іс-әрекеттерге дейінгі мәселелерде тығыз астасып жатады. Алайда, бұл жерде әңгіме жастардың көзқарасын қалыптастыратын, айқын мақсатты сипатқа ие тәрбиеге байланысты педагогикалық тәжірибе жөнінде болып отыр. Бұл мақсатты бағыт түптеп келгенде ата-ананың өз ұрпағының мінез-құлқы мен психологиясына белгілі бір дәрежеде өзгерістер енгізуге тырысуынан айқын аңғарылады.

Мұндай өзгерістердің пайда болу қажеттілігі біріншіден, нақты өмір тәжірибесіне, екіншіден, жалпы мойындалған тұжырымдар мен кеңестер талаптарына, үшіншіден, жастарды отбасылық өмірге дайындаудың тарихи үздіксіз процестері жалғасуындағы қоғамның сұраныстарына байланысты болды.

Қалың жұрттың сауатсыздығы, жазба ісінің дамымауы халықтық тәрбие тәжірибесінің ұрпақтан-ұрпаққа халық ауыз шығармашылығы - фольклор арқылы жеткізілгені дәлелдеуді қажет етпейтін шындық.

Жас ұрпақ бойына отбасылық шаруашылықтың сан қырлы құпия-сырлары әкеден-балаға, анадан-қызға беріліп, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып жатты.

Ауыл шаруашылығымен, қолөнер еңбегімен, отбасындағы күнделікті тыныс-тіршілікпен тығыз байланысты болды, жас ұрпақ өмірден алған тәжірибелерін одан әрі дамыта түсті. Кәмелетке толып, отбасылы болған адам өзі үйренген қызмет түрлеріне балаларын баулыды. Әдет-ғұрыпқа негізделген әлеуметтендірудің осындай қуатты ықпалы жастарға қатты әсер етті.

Күнделікті тыныс-тіршілікке, салт-дәстүрге тығыз байланысты болған педагогикалық тәжірибе халық ауыз шығармашылығымен де байи түсті. Айталық, фольклордың педагогикалық функциясы сан қырлы болып келеді. Біріншіден, онда ұрпақ тәрбиесіндегі, оның мүмкіндіктері, міндеттері, мақсаттары мен құралдары жөніндегі қалың бұқараның ғасырлар бойғы тәжірибесі айқын көрінеді. Екіншіден, фольклорда нақты педагогикалық нұсқау-кеңестердің қасиеттері сақталған. Бұл қазір де өзінің маңызын жойған жоқ. Міне, осылар жөнінде қазақ халқының тұрмыс-салтын тыныс-тіршілігін зерттеген саяхатшылар, ғалымдар мен әдебиетшілер өз зерттеу еңбектерінде мол мағлұматтар қалдырған.

Халық педагогикасының негізгі мақсаты - келер ұрпақты еңбексүйгіштікке, өнерге баулу, жанұя, ауыл-аймақ, туған жер намысын қорғай алатын, жаны жайсаң, ар-намысы биік азамат тәрбиелеу болды. Осы тұрғыдан қарағанда, ар-намысты қасықтай қаны қалғанша қорғай білу, дархан көңіл, ақжарқындық пен адалдық, досқа деген мейірімділік қазақ халқының бойына туа біткен ұлттық психологиялық ерекшелігі, философиялық ойлау жүйесінің негізі болып келеді.

Осы орайда зерттеуші А.Левшиннің пікірі ерекше назар аударды: «...Деспотизмді көп көрмеген қазақтар басқа Азия халықтарына қарағанда аңғал да ақкөңіл, сенгіш... қайырымдылық, адамды аяу, қарттарға, ақсақалдарға құрмет көрсету - олардың ең жақсы қасиеті. Қырғыз үшін меймандостық - қастерлі заң. Олар бар дәмді асын қонақтарға тосуды заң» деп санайды, - деп қазақтарға тәнті болады.

Қазақ халқының далалық философиялық ойлау жүйесіндегі бай қазына - мақал-мәтел, шешендік, жыр, терме, айтыс, тағы басқалар салт-дәстүр ерекшелігіне тікелей байланысты. Бұл халықтық этнопедагогикада ғасырлардан ғасырларға созылып, өзінің заңды жалғасын тауып келеді.

Қазақ халқында үлкен кісіге, ақ сақалды қарияларға, ата мен анаға кіріп сәлем етіп, есік ашу, кебісін кигізу, жол беру, атқа қолтығынан демеп отырғызу көпшіліктің бойына сіңген ізгі, ізетті қасиеттер. Иіліп сәлем жасағанда оғаш қимыл жасамай, бар мүмкіндігінше сынық жұмсақ мінез көрсетеді. Сәлемді сый-құрметтің белгісі санап, қариялар алғысын айтып, “бақытты бол, балам”, - деп, ақ батасын береді. Жастарға ақсақалдан немесе үлкен кісіден бата алу зор ғанибет болып саналады. Ел аузындағы аңыз-әңгіме былай дейді:

Ұлы жүздің арасында Қайдар деген жігітті ел билемекке белгілейді. Сонда көпшіліктің ішінде бұрын жол көргендері айтыпты:

- Сен Арғын Алшағыр биден бата ал, “Баталы ел арымас” деген. Онсыз билік айтқан сөзінде пайда болмайды, - дейді. Содан кейін Қайдар Алшағырға келіп сәлемдеседі. Алшағыр: “Шырағым, жолың болсын, қандай бұйымтайың бар еді?” - депті. Қайдар “Бір-екі ауыз сұрайтын сұрағым бар еді», - дейді.

- Бірінші, тұмай жатып әкем өлді, туған соң үш айдан соң шешем өлді. Ер жетіп, мал таптым, тапқаным құралмайды, ұраға жығылады, ұры алады, өле береді. Жасымда жетім қылып зарлатты, өскен соң кедей қылып қақсатты. Мен құдайдың несін алдым? Осыған айтар ақылыңыз бар ма? - депті.

Алшағыр айтыпты:

- Балам, сен жетім емессің ғой, дүниеде үш жетім бар. Басшысы келіспесе - ел жетім, ұқпасқа айтқан сөз жетім, жаңбырсыз жер жетім. Ол жетімдіктерге сен жатпайсың.

Бақ дәулет келер болса,

Отыңның басы ұйым болар,
Үйің күнде мейман - жиын болар.
Кедейлік келер болса,
Бұта түбі үйің болар.
Кедейлікке қарсы тұр,
Келетұғын көрінбей.
Бір мінсе иығыңнан түспейді,
Қайнатқан қара желімдей.
Қарау болма, ашық бол,
Сараңдыққа берілмей
Мал тап, алысқа кет,
Жалқаулыққа жеңілмей.
Мал арыстанның аузында,
Түрікменнің төрінде,
Табарсың оны қайраттансаң ерінбей.
Бақ-дәулет келуіне мен кепіл,
Ар-ұятыңды төкпей жүрсең ерілмей,
Атың Қайдар екен, айдарсың,
Топтап малды байларсың,
Тасымай жүр, тасыған төгілер,
Ақылмен жүрсең рулы елді жайғарсың, - деп ақылын айтып, батасын беріпті.

Халықтық педагогикалық бай тәжірибе қорытылған халық ауыз шығармашылығында нақты эмпирикалық фактілер бейнелі түрде көрініс тауып отырды. Бұл санада терең із қалдырып, терең ойға жетелейді. Қазақ фольклорындағы халық даналығы педагогикалық тәрбиенің негізіне айналды. Қарапайым мақал-мәтелдердегі идеялар өзегінде тәлімді тәрбие жатыр. Айталық, “Таппасаң сөздің жүйесін, отына өзін күйесің”, “Андамай сөйлеген ауырмай өледі», “Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле”, “Жүйелі сөз жүйесін табар” деген сөздердің ұрпаққа берер тәлімі қаншама!

Исі қазақ үшін туған жерден, өскен елден қасиетті де қастерлі ештеңе жоқ. Халық ежелден өз ұрпағына елді, жерді шексіз сүюді өсиет етіп келген. “Ел-елдің бәрі жақсы, өз елің бәрінен жақсы”, “Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас”, “Өз елің - алтын бесік”, “Өз елім - өлең төсегім”, “Ер жігіт ел үшін туады, ел үшін өледі” деген мақал-мәтелдер терең сүйіспеншіліктермен өрілген.

Ежелден еңбеккер халық еңбекті ардақтайды, оны күллі игілік-ырыстың көзі деп біледі, өз ұрпағына өсиет етеді. “Еңбек түбі - береке, көптің түбі – мереке”, “Еңбек етсең емерсің”, “Ер дәулеті – еңбек”, “Бейнет, бейнет түбі – зейнет”, “Еңбек ет те егін ек - жарымасаң маған кел, белді бу да бейнет қыл - байымасаң маған кел”, “Еңбегіне қарай - құрмет, жасына қарай – ізет”, “Еңбек - ерлікке жеткізер, ерлік - елдікке жеткізер”, “Еңбек еткен - мұратқа

жеткен”, “Әрекет болмай - берекет жоқ, еңбексіз - рахат жоқ”, “Бір еңбектің - бір рахаты бар”, т.б.

Халық ауыз әдебиетінде ата-ананың өскелең ұл-қызына деген шексіз сүйіспеншілігі, қамқорлығы мен қуаныш-қызығы, бақыты мен мұңы мақал-мәтелдер арқылы бейнеленген: “Бала - ата-ананың бауыр еті, көз нұры”, “Ананың сүті - бал, баланың тілі - бал”, “Баласыз ана - гүлсіз алма”, “Ана алдында - құрмет, ата алдында - қызмет”, “Атадан жақсы ұл туса, есіктегі басын төрге сүйер, атадан жаман ұл туса төрдегі басын көрге сүйер”, “Әке тұрып ұл сөйлесе, ер жеткені, шеше тұрып қыз сөйлесе, бойжеткені”, “Тісі шыққан балаға, шайнап берген ас болмас”, “Атадан жақсы ұл туса, елінің қамын жейді, атадан жаман ұл туса, елінің малын жейді”, т.б. Ғибратқа толы мақал-мәтелдер баланы ата-анаға құрмет көрсетуге тәрбиелейді.

Жастарды өнер-білімге, оқу-ғылымға үндейтін мақал-мәтелдер қаншама: “Ғылым - теңіз, білім - қайық”, “Өнер - ағып жатқан бұлақ, ғылым - жанып тұрған шырақ”, “Ақыл - тозбайтын тон, білім таусылмайтын кен”, “Білімді өлмес - қағазда аты қалар, ұста өлмес - істеген заты қалар”, “Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ”, “Кітап - білім бұлағы, білім - өмір шырағы”, т.б. мақал-мәтелдерде ғылым мен білімнің, өнердің орны ерекше бағаланады.

Қазақ халқы ежелден-ақ ата-анасының өнегесін көріп, ұлағатты істерінен нәтиже шығарар ұл-қызды өзіне етене тартып тұрады. Сондықтан да: “Анасын сүйгеннің баласын сүй”, “Ауылына қарап, азаматын таны», “Анасын көріп қызын ал”, “Түсі тәуірден түңілме”, “Ер жігіттің екі сөйлегені - өлгені, еменнің иілгені - сынғаны” дейді.

Сөзге мән беріп, аталы сөзге бас иген халық ұрпағын жақсы адам етіп тәрбиелеуге ұмтылады. Жаман қасиеттерден жирендіріп, жақсы қасиеттерді дәріптеп, өсиеттейді. “Әдептілік, ар-ұят - адамдықтың белгісі”, “Жарлы болсаң да арлы бол”, “Тәні сұлу - сұлу емес, жаны сұлу - сұлу”, “Бойыңмен мақтанба, ойыңмен мақтан”, “Ақыл асырар, ашу састырар”, “Ай түнде керек, ақыл күнде керек”, “Үлгілі үйдің ұл-қызы ұялтпайды”, “Қалам жазбайды, ақыл жазады”, “Бос өткізу өмірді - ақымаққа көңілді”, “Ашуың келсе қолың тарт”, “Айтпас жерде тілің тарт”, “Ойнап-күлсең де, ойлап сөйле”, “Түйедей бойың болғанша, түймедей ойың болсын”, “Ойға терең бол, өсекке керек бол”, т.б. мақал-мәтелдер сондай мақсаттардан туындаса керек.

Фольклордың кез келген мысалын алып қарасаңыз да халық тәрбиесінің мақсат-мүддесі, нақты өмір шындығының, тұрмыс-тіршіліктің қиыншылықтары мен қызықтары айқын көрінеді. Бұл ой-пікірлер мен идеялар жас ұрпақтың жағымды сипаттары арқылы қалыптасып отырды.

Қазақ халқы ауыз әдебиетінің ертегілері мен өлең-жырларында, мақал-мәтелдері мен жұмбақтарында еңбекке баулу, жоғары адамгершілік қасиеттер - адалдық, қайырымдылық, ақыл-ой жоғары қойылады, әспеттеледі.

Зерттеуші ғалым Г.Н.Волков халық санасындағы тәрбие мақсаттарын

деталдандыру дәрежесі жөнінде айта келіп, олардың халық ауыз шығармашылығында көрініс тапқан жеке адамдардың бойындағы жүздеген нақты белгілерге бағытталатынын атап көрсетеді. Ол қалың бұқара педагогикасындағы тәрбие мақсаттарының балалардың ересек тарта бастауымен күрделене түсетінін айтады. Кез келген жас бала санасының өсе түсуімен бірге бұрын тек ата-анаға ғана мәлім болып келген оның тәрбие мақсаты тар ауқымнан шыға бастайды. Халық педагогикасына ата-ана мен тәрбиелеуші, тәрбие мен өзін-өзі тәрбиелеу мақсаттарының тығыз астасуын қамтамасыз етуге ұмтылыс тән, мұның өзі педагогикалық қызметте табыстың маңызды шарты ретінде қарастырылады.

Халық тәрбиесінің мақсаттары қалың бұқара арасынан шыққан жан-жақты жетілген адам идеалы жөніндегі ұғым-түсініктерге бағытталған. Қазақ халқы үшін бұл идеал қоғамдағы бұқара халықтың нақты жай-күйін көрсететін қоғамдық сипатқа ие. Осылай десек, әлеуметтік-тарихи жағдайларға байланысты мақал-мәтелдердің де мазмұны байып, өзгеріп отырған. Мысалы, “Қойды құртаң бүлдіреді, елді сұлтан бүлдіреді” деп үстемдікті әшекерелесе, “Базары жақын байымас”, “Талтандасаң талтанда, ақшаң болса қалтанда”, “Ексең егін, ішерсің тегін” деген мақалдар қазақ даласына сауда, базар сияқты қарым-қатынастардың енуіне байланысты шыққаны, елдің экономикалық тіршілігіндегі өзгерістерден туғаны айқын. Тіпті, қазақ арасында кешегі кеңес кезінде де жаңа мақал-мәтелдердің пайда болғанын айта кету артықтық етпес. Айталық, “Ынтымақты колхоздың шаруасы сай, шаруасы сай колхоздың өмірі бай”, “Партия жеңіске бастайды, келелі кеңіске бастайды», “Партия халықтың көз-құлағы, партия - халықтың ақыл-шырағы”, т.б. сияқты мақал-мәтелдер заман ағымына сай туындаса, енді назардан тыс қалып, ескірді, көмескіленді.

Небір жаугершілік замандарды бастан өткеріп келген халық мақал-мәтелдерінің негізгі саласы ерлікке, батырлыққа бағытталуы заңды. Қазақ халқы ерлік пен елдікті бірдей көрген, осыны ұрпағына өсиет еткен. “Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар”, “Батыр туса - ел ырысы, жаңбыр жауса - жер ырысы», “Ер бір рет өледі, ез мың рет өледі», “Ер - елімен жақсы», “Елі жоқ - жер жетім, ері жоқ - ел жетім», - деп, елге қорған болар батырларды мадақтайды. Халық қашанда ынтымақ пен бірлікті жоғары қояды, “Бірлік болмай - тірлік болмас”, “Бірлігі бар елдің белін ешкім сындырмас”, - деп, бірлікке үндеген. “Байлық - байлық емес, бірлік - байлық”, “Ынтымақтың арты игі”, “Ері ынтымақты елде жоқшылық болмайды”, - деп, береке-байлық та, елдік те бірлікте деген тұжырым жасайды. Ежелден кеңпейіл, ақкөңіл, ақжарқын халық достықты, жолдастықты пір тұтады. “Досы көпті жау алмайды, ақылы көпті дау алмайды”, “Жақсы дос ашып айтар, жаман дос қосып айтар”, “Дұшпан күлдіріп айтады, дос жылатып айтады”, “Ағаш тамырымен, адам досымен мықты”, “Доссыз көңіл тұл, махаббатсыз - өмір тұл», “Жолдасы көптің - олжасы көп”, “Жолдасы жақсы - жолды болар, жолдасы

жаман - қолды болар”, - деп достық пен дұшпандықты, жақсы жолдас пен жаман жолдасты салыстыра отырып, адал досты, жақсы жолдасты үлгі етеді.

Дала көшпендісі - қазақтың негізгі күн көрісі, кәсібі, тіршілігі малға байланысты болғаны белгілі. Сондықтан төрт түлікке қатысты мақал-мәтелдердің өз алдына бір сала болуы заңды. “Мал - баққандікі, жер – жыртқандікі”, “Ат - ер қанаты”, “Өлкенің көркі - мал болар, өзеннің көркі - тал болар” дейді халық даналығы. Сол сияқты егіншілік кәсібіне байланысты мақал-мәтелдер де аз емес: “Жердің сәні – егін”, “Ексең егін, ішерсің тегін”, “Берген алар, еккен орар”.

Қысқасы, қазақтың пәлсапалық ойлау жүйесі ерекше. Осылай болып қалыптасуына халықтың фольклоры тікелей ықпал еткені ақиқат.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Ғабдуллин М.* Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1974.
2. *Константинов Н.А., Мединский Е.Н., Шаббаев М.Ф.* История педагогики. – М: 1974.
3. *Алтынсарин Ы.* Таңдамалы педагогикалық мұралар. – Алматы: Рауан, 1991.
4. *Адамбаев Б.* Шешендік сөздер. – Алматы, 1992.
5. *Левшин А.* Қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ ордалары мен даласының сипаттамасы. Орысшадан аударған М.Кенпейілов. -Санкт-Петербург, 1983.-2 том. 192 б.
6. Мақал мәтелдер. – Алматы: Білім. 1955.
7. *Құнанбаев А.* Шығармаларының толық жинағы. – Алматы: Қаз БМБ, 1948. – 501 б.
8. *Уәлиханов Ш.* Таңдамалы шығармалар жинағы. Т.4 – Алматы: Қазақстан, 1981. – 412 б.
9. *Радлов В.В.* Алтын сандық (Қасқабасов С., Ісләмжанұлы Қ.). Алматы: Ана-тілі, 1993, Б.8

О.Қ.ДҮЙСЕНОВ

педагогика ғылымдарының кандидаты
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің доценті

ТАБИҒИ АПАТ КЕЗІНДЕ ЗАРДАП ШЕККЕНДЕРГЕ КӨМЕК КӨРСЕТУДІ ҮЙРЕТУ ӘДІСТЕМЕСІ

В статье рассматривается методика обучения оказания помощи пострадавшим в природной стихии.

The training technique of assisting the victims in natural elements is considered in the article.

Егеменді Қазақстан өзінің тәуелсіздігі жылдарында өз территориясында келеңсіз жағдайлардың алдын алу мақсатында жалпы халықтың амандығын, өмірін сақтау мақсатында балабақшада, жалпы білім беретін мектептерде, жоғары оқу орындарында және көптеген ұйымдарда, мекемелерде «Табиғи апат кезінде зардап шеккендерге көмек көрсету және одан өзін-өзі құтқара алу» әдістемесін білуді үйретуді жүзеге асыруда. Оның негізгі әдістемелік және бағдарламалық саясаты «Азаматтық қорғаныс» және «Тіршілік қауіпсіздігі негіздері» әдістемелік жұмыстары негізінде жүзеге асырылып отырады. Сонымен қатар арнайы мамандандырылған бөлімдердің құтқару жұмыстары мен практикасы аясында көрініс табатын шаралар барысы болып табылады. Оның ғылыми негізі біршама мәселелердің бетін ашып, жаңалықтың қарама-қайшылықтан туындаған негізін көрсетеді. Бұл өз кезегінде зерттелген тақырыптың мынадай зерттеу деңгейін, мақсаты мен міндеттерін және нысанын белгілейді [1].

Халықты және мамандарды оқытып-үйрету табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда, құтқару жұмыстары мен басқа да шұғыл жұмыстарды жүргізуде оларды кәсіби даярлау, іс-қимылға дағдыландыру, өзіне және өзара көмек көрсетудің негізгі тәсілдері мен әдістерін үйрету, халық арасында болуы ықтимал шығынды барынша азайту, материалдық залалды төмендету мақсатында жүргізіледі.

Халықты оқытып-үйрету мектепке дейінгі және орта білім беру мекемелерінде, жұмыс, оқу, тұратын орны бойынша ұйымдарда сабақтарда, жаттығуларда және арнайы оқу-жаттығу жүргізу барысында бұқаралық ақпарат құралдарын кеңінен пайдалана отырып, сондай-ақ өз бетімен оқып-үйрену жолымен жүзеге асырылады.

Азаматтық қорғаныс құрамаларына кірмейтін персоналмен ұйымдарда бекітілген бағдарлама бойынша оқытылған тақырыптар көлемінде сынақ қабылдай отырып, жоспарлы оқу-жаттығулар жүргізіледі.

Халықты оқытып-үйрету кезінде «Баршаңыздың назарыңызға!» дабылы бойынша дұрыс іс-қимыл жасауға және өзара көмек көрсету әдістеріне ерекше назар аудару қажет. Жұмыс істейтін халық кешенді жаттығуларға, объектілік жаттығуларға және жаттығулардың барлық түрлеріне тартылуы тиіс.

Жұмыс істемейтін халықты оқытып-үйрету олардың өз бетінше жарнамаларды, буклеттерді, мерзімді баспасөз материалдарын оқуы, телерадио хабарларын көруі (тыңдауы), сондай-ақ оларды оқу-жаттығуларға тарту арқылы жүргізіледі.

Оқу орындарының студенттері мен оқушыларын оқытып-үйрету әрбір санат үшін оқыту бағдарламасында көзделген көлемдерде өтеді.

Жоғары оқу орындарында оқытып-үйрету «Тіршілік қауіпсіздігі» бағдарламасына сәйкес жүргізілуі тиіс.

Жалпы білім беретін мектептердің барлық түрлерінде оқытып-үйрету «Тіршілік қауіпсіздігінің негіздері» бағдарламасы бойынша жүргізілуі тиіс.

Жалпы білім беретін мектептердің барлық түрлерінде және кәсіптік-техникалық мектептерде жыл сайын «Азаматтық қорғаныс күнін» өткізу ұсынылады [2].

Сейсмикалық қауіпті аймақтарда немесе химиялық қауіпті объектілерге жақын орналасқан ұйымдарда, оқу орындарында және мектепке дейінгі балалар мекемелерінде тоқсан сайын сейсмикалық жаттығулар немесе қатты әсер ететін улы заттардың жайылуынан туындаған апаттар кезіндегі персоналдың, студенттердің, оқушылардың, балалардың іс-қимылы бойынша жаттығулар жүргізу қажет.

Сел қауіпі бар аудандарда орналасқан ұйымдарда, оқу орындарында сел қауіпінің басталар алдында жылына 1 рет сел жаттығуларын жүргізу қажет.

Орталық және жергілікті атқарушы органдардың, республикалық мекемелердің және ұйымдардың басшы құрамы, сондай-ақ жоғары, кәсіптік орта оқу орындарының, ғылыми-зерттеу институттарының басшылары, азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар басқару органдарының мамандары белгіленген оқыту мерзімділігіне сәйкес Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқарушы органының біліктілікті арттыру оқу орындарында даярлау мен қайта даярлаудан өтеді.

Меншік нысанына қарамастан, ұйымдардың басшылары және олардың орынбасарлары, азаматтық қорғаныс құрылымдарының командирлері, ұйымдардағы сабақ жүргізу топтарының басшылары, бастауыш сыныптардың мұғалімдері және барлық үлгідегі жалпы білім беру мектептерінің және кәсіптік орта оқу орындарының алғашқы әскери дайындығын ұйымдастырушы мұғалімдері, мектепке дейінгі балалар мекемелерінің меңгерушілері, пәтер меншіктенушілер кооперативінің төрағалары, әлеуетті-қауіпті объектілердің мамандары бекітілген бағдарлама бойынша Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқарушы органының аумақтық органдарында даярлаудан және қайта даярлаудан өтеді.

Даярлаудың негізгі практикалық сабақтар мен тактикалық-арнайы оқу-жаттығулар болып табылады. Азаматтық қорғаныс құрылымдарының жеке құрамы кешенді оқу-жаттығуларға объектілік жаттығуларға, командалық-

штабтық оқу-жаттығуларға, сейсмикалық және сел жаттығуларына, апаттық жағдайлар жөніндегі жаттығуларға қатысуға тиіс.

Азаматтық қорғаныс құралымдарының жеке құрамымен хабарлау және жинау жөнінде кемінде жылына екі рет жаттығу жүргізу қажет.

Төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласында кадрларды кәсіптік оқытып-үйрету Қазақстан Республикасының жоғары және кәсіптік орта оқу орындарында бекітілген мамандықтар мен білім беру стандарттарына сәйкес жүргізіледі.

Осы ереже төтенше жағдайлар саласында білімді насихаттау, халықты және мамандарды оқытып-үйрету, хабардар ету тәртібін белгілейді.

Ұйымдар меншік нысанына және ведомстволық бағыныштылығына қарамастан, қызметкерлерге және халыққа төтенше жағдайлардың туындау қауіпі және туындауы туралы хабарлайды.

Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқарушы органының аумақтық органдары жергілікті атқарушы органдармен, мемлекеттік органдардың өкілдерімен өзара іс-әрекет жасай отырып, ведомствоға қарасты аумақты төтенше жағдайлар туралы ақпарат жинауды ұйымдастырады және ол туралы халыққа хабарлайды.

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласында ақпаратты лауазымды адамдардың жасырып қалуына, мезгілінде бермеуіне немесе жалған ақпарат ұсынуға жол берілмейді.

Жеткілікті атқарушы органдар қауіп-қатер фактілері мен төтенше жағдайлардың алдын алу және сол аумақтағы болуы ықтимал төтенше жағдайлардың сипатына сәйкес олардың қорғану жөніндегі қажетті шаралар туралы халыққа және ұйымдарға тоқсан сайын хабарлайды.

Халыққа хабарлау үшін хабарлау жүйесі пайдаланылады.

Хабарлау жүйесі дегеніміз табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың қауіп-қатері және туындауы туралы азаматтық қорғанысты басқару органдарына, апаттық-құтқару қызметтерінің күштеріне және халыққа қысқа мерзім ішінде ескерту беру жөніндегі құралдардың ұйымдастырушылық-техникалық бірлестігі.

Хабарланатын ақпараттық ұйымдардың меншік нысанына қарамастан, радио және сымды байланыстың арналары, радио хабарларын тарату мен теледидар және басқа да техникалық құралдар арқылы беріледі.

Төтенше жағдайлар саласында білімді насихаттау, халықты және мамандарды оқытып-үйрету, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі іс-шараларға жатады.

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласында білімді насихаттауды орталық және жергілікті атқарушы органдар, қоғамдық бірлестіктер жүзеге асырады. Сондай-ақ білімді насихаттау үшін бұқаралық ақпарат құралдары пайдаланылуы мүмкін.

Төтенше жағдайлар саласында білімді насихаттаудың міндеттері:

1) халыққа табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан қорғану тәсілдері мен құралдарын түсіндіру;

2) басшылардың, жұмысшылардың және қызметшілердің, азаматтық қорғаныс құрылымдары жеке құрамының, бүкіл халықтың төтенше жағдайлардың іс-шараларына қатысуға жауапты көзқарасын тәрбиелеу жөніндегі шараларды түсіндіру;

3) басқару органдары, апаттық-құтқару қызметі және азаматтық қорғаныс күштерінің жеке құрамының, халықтың табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың зардаптарын жою кезіндегі жанкешті әрекеттерін насихаттау;

4) төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру кезінде жинақталған оң тәжірибені қорыту және тарату;

5) бұқаралық ақпарат құралдарының мүмкіндіктерін пайдалану;

6) көрнекі үгіт-насихат (плакаттар мен билбордтар) жөнінде жобалар әзірлеу және енгізу, имидждік бейне және аудиороликтерді, жарнамалық ұрандарды пайдалану болып табылады [3].

Төтенше жағдайлар саласында білімді насихаттау мынадай негіз қалаушы қағидаларға негізделуі тиіс: ғылымилық, атаулылық, кешенділік, жүйелілік, жеделдік, нақтылық.

Насихаттау нысандары мен әдістерін жұмыстың мазмұнына, оның нақты мақсаттары мен міндеттеріне, тыңдаушылар дайындығының деңгейіне және басқа да ерекшеліктеріне, насихат жүргізілетін объектінің, ұйымның және аумақтың ерекшелігіне байланысты жетілдіріп және өзгертіп отыру қажет.

Төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі іс-шараларды насихаттау жоспары мынадай бөлімдерді қамтуы тиіс: мақсаттары мен міндеттері; ұйымдастыру іс-шаралары; бұқаралық ақпараттық құралдарында насихаттау; қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, вербальдық және визуалдық әсер ету; қоғамдық ұйымдармен өзара іс-әрекет жасау.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" Қазақстан Республикасының Заңы, 5.07.1996 ж.
2. Алғашқы әскери дайындық //Өмір қауіпсіздігі негіздері. №5, 2008.
3. Алғашқы әскери дайындық //Өмір қауіпсіздігі негіздері. №4, 2007.

Б.ЖОЛДАСОВА

педагогика ғылымдарының кандидаты,
А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің аға оқытушысы

БОЛАШАҚ МАМАНДАРҒА ҰЛТТЫҚ ҚОЛӨНЕРДІ КОМПОЗИЦИЯЛЫҚ ТҮРҒЫДАН ҮЙРЕТУ

Поиск композиционного решения национальных рукодельных изделий как продолжение искусства предков казахов для будущих профессионалов.

The article touches upon the research of compositional national handicraft products as an extension of the art of the ancestors of the Kazakhs for future professionals.

Сәндік-қолданбалы өнер ғасырдан-ғасырға жалғасын тауып келе жатқан ұлттық мәдениеттіміздің үлкен бір көрінісі. Бұл өнер ұлтымыздың рухани байлығы болуымен қатар, материалдық өндіріске үлкен үлесін тигізуде.

Сәндік-қолданбалы өнер жайлы зерттеуші ғалым С.Қасиманов «Қазақ халқының қол өнері деп халық тұрмысында жиі қолданылатын өру, тігу, тоқу, құрастыру, бейнелеу сияқты шығармашылық өнер туындыларын айтады» деп жазды [1]. Демек, оған көркем өнер ошақтарындағы мәдени еңбек дағдылары және түрлі материалдарды көркем өңдеу (жүн, киіз, маталар мен тері, түбіт, ағаш, металл, сүйектер және түрлі аңдардың мүйіздері, тістері мен тұяқтары т.б.) кіреді.

Сән және қосалқы өнер бейнелеу өнерінің бір саласы болып табылады. Сән және қосалқы өнер негізінен тұрмысқа қажетті көркем және жиһаздық заттарды өндіретін шығармашылық түрлерінің басын құрайтын өнер түрі, халқымыздың ұлттық байлығы. Халықтың көркем кәсібі қазіргі заманғы өнеркәсіптің ерекше сапасына кіреді, сонымен қатар сәндік-қолданбалы өнерге қатысты болып келеді.

Сөздіктерде «сәндік-қолданбалы өнер» туралы ұғымның терминологиялық екі маңызы көрсетіледі. Олар: «Халықтық өнер» (ағылшын тілінде Folk art, француз тілінде Art populaire, неміс тілінде Volkunst) еңбекшіл халықтың көркем шығармашылық қызметін білдіреді; «Сәндік-қолданбалы өнер» (Латын тілінде decora-безендіремін, сәндеймін) деген өзіндік ерекше ой түйіні. Мұнда өнер туындысының сапалық ерекшелігі, композициялық құрылымы мен колориттік шешімі, форманың әдемілігі жатыр. Сонымен қатар ол адамдардың күнделікті тұрмыстағы қажеттілігін өтеуі де болып табылады [2].

«Қолданбалы» терминін өнердің кез келген түріне қатысты қолданылады деп түсінген дұрыс. Мұнан шығатын түсінік кез келген зат немесе бұйым өнер туындысына жатпайды. Сол затқа немесе бұйымға арнайы жасалған әшекейлік өнер қолданылып жапсырылады. Сонда ғана әлгі зат немесе бұйым «безендіріледі». Демек, «затқа әшекейлік өнер қолданылады» деп түсіндіріледі [3].

Сәндік-қолданбалы өнер өзінің даму жолында адамзаттың рухани байлығы болуымен қатар, түрлі материалдарды сәндеп өңдеуде көркем

бұйымдарды жасаушы тәжірибелі шеберлердің еңбегі халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігінде өзіндік талғампаздық қасиеттерінің оянуына зор ықпал етті. Осылардың бәрін саралай келе қолөнер біріншіден қандай да бір қолөнер тәсілімен, қол бұйымдарын дайындау бойынша арнайы дағдыларды талап ететін жұмыс болса; екіншіден кәсіп, сабақ түрі ретінде анықталған.

Қазақ халқының дәстүрлік жалғасы ретінде алдымызға қойған міндет бүгінгі ұрпақты өз халқының өнерімен тәрбиелеп, өз қолымен бұйым жасай алатын, ұлттық ата кәсіпті дамытып мәдени дамуымызға үлес қосатын тұлға етіп дайындау [4].

Сәндік-қолданбалы өнеріне баулудағы көркемдік білім болашақ мамандарға нақты еңбектік іс-әрекет саласындағы білімдер мен ептіліктерді игеру үшін қажет.

Берілетін білім мазмұны мынадай талаптардың орындалуына себебін тигізеді:

- тұлғаның жан-жақты дамуы және оның базалық мәдениетінің қалыптасуына қажет міндеттерді толық та біртұтас күйде берілуін қамтамасыз ету;

- базалық және кәсіптендіру пәндері мен қоғамдық практикаға енетін білім материалдарының ғылыми және тұрмыстық маңызға ие болуы;

- материал мазмұны көлемінің болашақ маманның орындай алатын істері, мүмкін болған игеру уақытына сәйкес келу;

- көркемдік білімді құрастыруда халықаралық тәжірибені ескеру;

- оқу-әдістемелік және материалдық базаға сәйкес арнайы жабдықталған оқу шеберханасының болуы.

Ұлттық қолөнердің идеялық-тәрбиелік маңызы болашақ мамандардың еңбекке деген құлшынысын оятып, халық шеберлерінің туындыларына, олардың жасаған құнды шығармашылықтарына деген қызығушылығын ұлғайту. Соның нәтижесінде олар ғасырлар бойы халық шеберлері жасаған құнды шығармаларға өз бетінше талдаулар жасап, сұлулық пен әдемілікке, өнерге деген өздерінің жеке пікірлерін қалыптастырады. Сонымен қатар қолөнер туындыларын студенттер өз бетінше талдау арқылы шеберлік деңгейін жоғарғы сапада көрсете алады. Яғни, бұдан шығатын нәтиже – қолөнермен айналысуда тақырыптың композициялық шешімін табудың маңызы зор. Ұлттық қолданбалы өнер негізінде жасалынған жұмыстардың барлығын осы композициялық әдіспен жасайды. Яғни, жаңа идеялар ойлап тауып, шығарманы кең ізденістік композициялық әдісті қолдана отырып, сапалы да, мәнді шығарма жасай білуі қажет. Болашақ қолөнер пәні мұғалімі жаңа жоғары талаптар деңгейінде әлеуметтік жағдайдың өзгеруіне тез бейімделуі керек, өзінің кәсіби сапалық білімін шығармашылық тұрғыдан болашақ қолөнер мамандарымен бірлесе отырып жұмыстың композициялық шешімін заңнамалық ережелері бойынша жасай білуге бағыт көрсетіп отыруы шарт.

Композиция дегеніміз – латынның «Compositio», «ойлап табу», «құрастыру» деген сөзінен шыққан ұғым. Композиция ұғымы өнердің барлық түрлеріне қатысты қолданылатын бейнелеу мүмкіндігі ретінде танылады. Бұл бейнелеу өнерінің кескіндеме, графика, мүсін, сәндік қолданбалы өнер, дизайн түрлерінің барлығымен байланысы бар ұғым. Композиция ұғымын оқу материалы ретінде қолдану үшін композиция заңдылықтарын мынандай төрт топқа бөлінеді: 1. Тұтастық заңы; 2. Үлгі (типизация) заңдылықтары; 3. Қарама-қарсылық (контраст) заңдылығы; 4. Композицияның барлық заңдылықтары мен мүмкіндіктерінің идеялық ойға бағыну заңдылығы. Композицияның бүтіндік заңының сақталуының нәтижесінде өнер шығармаларындағы көріністер тұтастай қабылданады. Бүтіндік заңының мәні композицияның тұтастығын көрсетеді. Белсенді қоғам тұлғасын біртұтас педагогикалық ереже жүйесінде оқытып тәрбиелеуді қалыптастыру мүмкін емес, себебі адамның қалаған іс-әрекетінің композициялық идеясының өзі үлкен өзіндік шығарма болып табылады [5].

Әдебиеттерге шолу нәтижесінде композицияның негізгі заңдылықтары мен ережелеріне мыналар кіретіндігі анықталды:

1. Композициядағы барлық құралдар бұйымның қолдануына сай келіп оны айқындай түсуі қажет;
2. Композициядағы барлық элементтері мен бөліктері бір-біріне мөлшерлес әрі өлшемдес болуы қажет;
3. Міндетті түрде композициялық орталық болуы тиіс;
4. Композиция тұтас болуы қажет.

Сонымен композициялық құрылым элементтеріне сурет мазмұнын ашу, пішінді нақты табу, шығарма көлемін табу, т.б. байланысты. Адамға үйлесімділік құрылымы күшті көркем шығарма айрықша әсер етеді. Үйлестіру мен сюжет өзара тығыз байланыста болады. Сюжет дегеніміз – шығарманың мазмұнының көрінісі, оқиғалар жүйесі. Композициялық шешімде симметрия және асимметрия үлкен рөл атқарады, және оның түстік, реңдік қатынастары өте маңызды. Яғни форматқа сурет ішіндегі бейнелерді белгілі бір ретпен ыңғайластырып, жарасымды орналастыруы. Дұрыс композициялық шешімдер арқылы бейнелейтін көріністі шашыратпауға, ұсақ бөлшектердің, басты назар аударуды қажет ететін басты бөлшектердің ерекшеліктерін көре білу қажет.

Ұлттық сәндік-қолданбалы өнер сатыларында болашақ мамандар ең алдымен шығарманың композицияна аса көңіл бөлуіне, тұтынушы халықтың көңілінен шыға білетіндей жұмыс болуына аса көңіл бөлуі керек.

Ұлттық қолөнерді болашақ мамандарға композициялық тұрғыдан баулу барысында теориялық білімнің негізінде практикалық дағдыны жоғарғы деңгейде қалыптастыру жолын қарастыру керек. Олар:

- теориялық білім беру, практикалық дағды қалыптастыру;
- оңайдан күрделіге көшу, оқу материалын жүйелеу;

- ойлау қабілетін дамыту, байқағыштық қасиетін арттыру, композициясын шыңдай білу;
- болашақ мамандардың белсенділігін арттыру, іскерлігін дамыту;
- композициялық шығармашылық ойлауы мен еңбектік іс-әрекеттерін дамыту;
- іскерлік пен дағдысын қалыптастыра отырып, еңбек мәдениетін дамыту;
- адамгершілікке, имандылыққа, композициялық тапқырлыққа тәрбиелеу;
- еңбекқорлыққа, іскерлікке, жетістікке үйрету;
- жоғары оқу орынында алған білімді өмірде қолдануға, жан-жақты ізденуге;
- дүниеге көзқарасын танытып, бағыт-бағдар беруге;
- шеберлігінің негізгі сүйікті маманы болуға қалыптастыру.

Ұлтымыздың қолөнері туралы студенттерге түсінік беру үшін, көркемдік ұғымының мазмұнын анықтап алу керек. Ол үшін қолөнер түрлерінің тарихи бастауларына терең үңілу қажет. Сонымен бірге болашақ жас мамандарға өнердің жалпы көркемдік принциптері, дәстүрлері, өзіндік ерекшелігі, кәсіби қолөнер шеберлерінің шығармаларымен, басқа да ұлт өкілдерінің мәдениетімен өзара байланысы туралы білім беріп, олардың көркемдік-шығармашылық қалыптасу жолдарын үйреткен жөн және ұлттық қолөнердің композициялық шешімі туралы түсініктеріндегі өзара айырмашылықтарды да ажырата білген дұрыс деп түсіндіріледі [6].

Біріншіден қолөнер қандай да бір қолөнер тәсілімен, қол бұйымдарын дайындау бойынша арнайы дағдыларды талап ететін жұмыс; екіншіден кәсіп, сабақ түрі ретінде анықталады.

Қолөнерге баулуда көркемдік білім болашақ мамандарға нақты еңбектік іс-әрекет саласындағы білімдер мен ептіліктерді игеру үшін қажет. Педагогика ғылымында білім мазмұнын іріктеудің өлшем жүйесі қабылданған. Білім мазмұны мынадай талаптардың орындалуына себебін тигізуі міндетті:

- тұлғаның жан-жақты дамуы және оның базалық мәдениетінің қалыптасуына қажет міндеттерді толық та біртұтас күйде берілуін қамтамасыз ету;
- оқу пәндері мен қоғамдық практикаға енетін білім материалдарының ғылыми және тұрмыстық маңызға ие болуы;
- материал мазмұны көлемі;
- жалпы жоғары білімді құрастыруда халықаралық тәжірибені ескеру;
- осы заманғы оқу-әдістемелік және материалдық базаға сәйкес, арнайы жабдықталған оқу, үйрену аудиторияларының кең, ұтымды да жеткілікті болуы.

Біздің қоғамымызда болып жатқан өзгерістер жоғары оқу орындарында да өз ықпалын тигізіп отыр. Өйткені жоғары оқу орны қоғамның ажырамас бөлшегі деп қарауымыз керек. Сондықтан қоғамдағы болып жатқан әрбір өзгеріске ең бірінші жоғары оқу орнына көңіл бөлуі – табиғи құбылыс.

Жалпы жоғары білім ордаларында қолөнерге баулуда өндіріс негізінің теориясымен және практикасымен танысып, өндіріс құралдарымен қалай жұмыс істеу керек екенін үйреніп, сонымен бірге өнімді еңбек ете білуге дағдыланады.

Сабақта студенттер ұлттық қолөнер түрлерін жасап, оның жасалу тәсілдері мен технологиясын үйренеді, демек, сабақ барысында мұғалім студенттің көркемдік композициялық қабілетін, техникалық ойлауын, аса маңызды болып саналатын сапаны дамытуға көп көңіл бөледі. Бұл өнердің ерекшелігі: егер ұлттық кілем түрін тоқу керек болса студенттің композициялық сән үлгілерін, әр түрлі конструкторлық жұмыстарды жасау барысында оның бойында қалыптасқан білім мен іскерлігі және қабілеті өнімді еңбек тәсілін жасай білуінде болып табылады. Болашақ мамандардың түрлі өнімді жұмыс жасай білуіне танымдық әрекеттер үдерісінде ең бастысы қолдана білу шарттары ол - табандылық, белсенділік, тапсырма орындауда көзін таба білетін, ой еңбегі мен дене еңбегі. Осы әдістің барысында нағыз өз маманының қас шебері және сапалы шығармалар иесі атануына, ұлттық рухани мұрамыздың ұрпақтан-ұрпаққа қайта жалғасын тауып, жаңғыруына мүмкіндік береді.

Қолөнерін оқыту барысында танымдылық, белсенділік пен ой-еңбегі және эстетикалық мәдениетін дамытудағы міндеттер, қоғамдық пайдалы өнімді еңбек, еңбек етуге қабілет пен шеберлілік, т.б. жүзеге асады. Халық өнерін меңгеру - жастарды еңбек сүйгіштікке, әсемдік пен әдемілікке талаптандырып, өз халқының тарихын білуіне және мәдени мұрасын қадірлеп, дәстүрлерін жалғастыра білуіне игі әсерін тигізеді. Сонымен қатар болашақ мамандарға дәріс барысында тоқыма және тігіншілік өнеркәсібімен танысып, мағлұматтар алады және оқу-өндіріс комбинаттарында практика жүзінде іскерлікпен толығымен түседі.

Болашақ мамандарды сәндік-қолданбалы өнеріне баулуда көркемдік білім берудің әдістері мен формаларын негізге ала отырып терең білімі бар тұлға қалыптастыра аламыз. Яғни, мынадай мақсаттар қойып отыр: мамандарды жұмыс орнында материалдар мен құрал-жабдықтармен дұрыс жұмыс істеуге үйрету; қолөнер бұйымдарын жасауда қолданылатын материалдарды үнемдей білуге үйрету; бұйым жасау барысында адамгершілік, эстетикалық талғамын қалыптастыру; сәндік-қолданбалы өнер туралы түсініктерін кеңінен дамыту. Осылайша болашақ мамандарға сәндік-қолданбалы өнері арқылы ұлттық қолөнер туындысының композициялық мәнін тауып, сапалы да, көркем, көзді тартар әсемділікке толы жұмыстар жасауға қалыптастыруға болады. Сондықтан көркемдік білім беру үнемі, үздіксіз жүргізілуі керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Қасиманов С.* Қазақ халқының қолөнері. А.: 1995. 27 б.
2. *Пластические искусства: Краткий терминологический словарь.* - М.: ПАССИМ, 1995.- С.33.
3. *Эренгросс Б.* Искусство вокруг нас. -М.:Детская литература,1968. -200 с.
4. *Тәжімуратов Ә.* Шебердің қолы ортақ. -1977. 92 б.
5. *Ералин К.* Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі. Түркістан: «Тұран», 2008. -220 б.
6. *Ералин К., Бейсенбеков Ж., Ералина Ф.* Мамандыққа кіріспе. Оқу құралы. ХҚТУ. Түркістан: Тұран, 2009. -178 б.

С.ҚҰРБАНҚОЖА

педагогика ғылымдарының кандидаты,
А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің профессоры

А.ҚҰРБАНХОДЖАЕВА

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің оқытушысы

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ НЕГІЗДЕРІ ТУРАЛЫ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР

В данной статье рассматриваются некоторые проблемы предмета «основы национального воспитания».

Some problems of the subject «the basis of national education» are considered in the paper.

Әрбір халықтың (ұлттың) қастерлі міндеттері мен мақсаттарының бірі – ол ата-бабаның (Ұлтының) рухани мұраларын келешек өскелең жас ұрпаққа жеткізу болып табылады. Мұның астарында сан ғасырлар бойы халықтың жиып-терген мол қазынасы–рухани ұлттық тәлім-тәрбие өсиеттері жатыр. Ұлттық тәлім-тәрбие тарихын сөз еткенде ұлы ғұлама ойшылдардың және халық даналарының өнегелі өсиеттеріне сүйену абзал. Халық қазынасының арнасы тартыла бастаған шақта, сара бұлақтарының бастауы – «Ұлттық тәрбие негіздерінің» рухани мұрамыздың бір парасы екеніне ешкімде дау айта алмас. Ұлттың қазынасы болған – «Ұлттық тәрбие негіздері» тәжірибесінің желісін үзбей бүгінгі таңға жеткізіп отырған, нағыз шынайы қасиет иесі деп танылған дана халқымыздың кейбір мұраларының аяғы су құрдымға кетіп барады. Осы, соңғы тұяқ, дана бабалардың өсиетін жүйелеп ала алсақ, онда сол мұрамызды сақтап қалуға мүмкіндік туар еді. Егер де ұлттық тәрбиенің ата-бабадан жалғасын тауып, бүгінгі аласұрған технология заманына жеткен сарқыншағын ғылыми тұрғыда саралап сақтап қалуымыз керек.

Қорқыт ата, Орхон-Енисей жазуларынан бастап Әл-Фараби, Ж. Баласағұни, М.Қашқари, Әл-Беруни, Ибн-Сина, Қожа Ахмет Ясауи сынды ғұлама ойшылдар арқылы ұлттық тәлім-тәрбие мәселелері өз жалғасын тауып келді. Ол руханилық пен ұжымдыққа, Отансүйгіштік пен халықтар достығына негізделген. Халық тәлім-тәрбиесі, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрлері, ырым-тыйымдары, таным-нанымдары, сенімдері, халық емшілігі ғасырлар бойы сараланып сан сыннан өткен, сол халықтың ой-арманымен, тіршілік тынысымен, кәсібімен, отбасылық, қоғамдық, әлеуметтік, экономикалық, ұлттық тәлім-тәрбие, емшілік дәстүрлерімен тығыз байланыста туып, өсіп-өркендеп, дамып және ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып жатқан тарихи және рухани-мәдени мұрасы.

Әр халықтың ұрпақ тәрбиелеудегі сан ғасырларға созылған өзіндік тарихи тағылымы, ой-пікірі қорытынды түйіні бар. Ал ол жазу-сызудан, оқу құралынан, ауыз әдебиетінен, ұлттық өнер тағылымынан, халықтың дәстүрі мен салт-санасынан, әдет-ғұрпынан, таным-нанымынан, сенімінен, атадан балаға қан арқылы жалғасып келе жатқан емшілік қасиетінен, бір сөзбен

айтқанда рухани-мәдени мұраларынан өзекті орын алып, көрініс береді. Өткеннің тәжірибесін тал бойына дарытқан, озық өнегелі дәстүрсіз, ұрпақтар сабақтастығынсыз тарихи дамуды елестету мүмкін емес.

Әлеуметтік рухани мұра неғұрлым бай болса, алуан арналы болса, өткені мен бүгінгінің ұлттық рухани-мәдени мұралары жарасымды жалғасып жатса, солғұрлым өміріміздің мән-мағынасы терең, идеалымыз айқын, тарихи үлгі-өнеге тұтар парасатты ой толғаныстары күшті кемелденген қауым тәрбиелейміз [1].

Өкінішке орай, Кеңес Өкіметі салтанат құрған тоқырау заманында «бірінғай Кеңестік мәдениет» жасаймыз деген желеумен өткендегі ұлт мәдениеті атаулыға, оның ішінде ұлттық рухани-мәдениетке менсінбей қараушылығы кесірінен, жастарымыздың арасынан туған еліміздің тарихы мен тілін, мәдени және әдеби мұраларын оқып тағылым ала білмейтін тоғышар жандардың көбейіп кеткені анық. Мұның өзі Түркі (Қазақ) халқы ғасырлар бойы қараңғы, надан, көшпелі мешеу дәуірді бастан кешкен деген сияқты сыңаржақты көзқарастың қалыптасуына әкеліп соқтырғанын жасыруға болмайды.

Қазақстан аумағында қазіргі жүргізілген археологиялық қазбалардың нәтижелеріне қарағанда көшпелі сахардағы тайпалар тек малшы, жауынгер ғана емес, сонымен бірге тамаша сәулетші, мүсінші, суретші, ұста, зергер, қолөнерші, емші, балгер, бақсы, көріпкел де болғандығы байқалады. Бұған Маңыстау түбегінен табылған мәдени қазбалар бірден-бір айғақ. Әсіресе, Сарыташқа таяу жердегі жартасты кеулеп салынған Шақпақ ата зиратының қабырғаларындағы хайуанаттардың, салт атты садақшылардың әшекей ою-өрнекті суреттері немесе Ақсу-Жабағылы қорығындағы жақпар тас бетіндегі аңшылық, саяткерлік өмірді бейнелейтін суреттер біздің арғы ата-бабаларымыз Ғұндардың (IVғ.) мәдениетінен хабар береді. Жамбылдағы (Тараздағы) Айша бибі, Қарахан, Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи, Отырардағы Арыстан баб, Ұлытаудағы Алашахан, Аягөз бойындағы Қозы-Көрпеш – Баян сұлу зираттарындағы ескерткіштер ертедегі қазақтардың (түркілердің) сәулет өнерінің асқан шебері бола білгенін дәлелдейтін тарихи айғақ: Есіктегі «Алтын адам» бойындағы жәдігерлер ертедегі ата-бабаларымыздың ағаш пен сүйектен, жүн мен теріден күнделікті өмірге керекті түрлі бұйымдық заттар жасауымен ғана шектелмей, тіпте темірден түйін түйетін, «алтынды аптап, күмістен күптеп» зергерлік әшекей заттар жасауы, емдеуге пайдаланатын түрлі аспаптар жасаушы он саусағынан өнері тамған, қас шеберлердің болғанын дәлелдей түсетін қолөнер бұйымдары.

Күмбірлеген күміс күйлі қобыз, домбыра, сыбызғы, сырнай үнімен, асқақтата салған әсем сазды әнімен де ежелгі ата-бабамыз өзінің ұлттық рухани жан дүниесінің мұң-шерін, асқақ арманын келер ұрпақтың зердесіне құйып, көкірегіне ұялатқанынын ұмытуға болмайды. Дала абыздары ұлттық өнегенің нағыз насихатшылары еді. Сонымен қатар, неше бір тылсым құпия

сырлы сырқаттарды болдырмауға, бола қалған жағдайда оларды емдеп жазуға халық емшілері, бақсы балгерлер, көріпкелдер, сынықшылар өз үлестерін аянбай жұмсап отырған. Солардың арқасында талай халық осы уақытқа дейін салауатты ұрпағын жалғастырып келеді. Бұл ұлттық тәрбиенің, рухани сабақтастық желісінің, емшілік дәстүрдің бір кемшілігі – тек ауызекі жалғасып келгендігі. Енді, осыны біз қағаз бетіне түсіріп ғылыми негіздеп, келер ұрпаққа жеткізер болсақ, ұрпақ алдында алдымызға қойылған міндеттерімізді орындаған болар едік.

Ғұлама ойшылдар, ақын-жыраулар, шешендер, әулиелер, халық айтты дейтін тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін шешендік ой толғауымен шешкен, келер ұрпаққа үлгі-өнеге, мән-мағынасы бар шешендік ұлағатты сөздердің, мақал-мәтелдердің де елеулі міндет атқарғанын білеміз.

«Өнер алды – қызыл тіл» деп қарап, саналы сөзді сары алтыннан артық бағалаған ата-бабамыз, сөздің әдептік қасиеттерін айқындай түсіп, тарихитанымдық салмағына ден қойып: «Жер астында жатқанды қазбай қарап тіл табар» деген. Яғни, өз ұрпағының «Сегіз қырлы, бір сырлы», өнегелі, өнерлі болуын мақсат еткен. Тіл—халықтың сәбилік кезінен бүгінге дейінгі өмірінің айнасы, мәдениеті мен ақыл-ойының алтын қоймасы деп қараған. Қазақтың айтыс өлеңдерінде, терме толғауларында, бесік жырларында, ертегі, аңыз-әңгімелерінде, мақал-мәтелдерінде, афоризм, ұлағатты сөздерінде ел тағдыры, келер ұрпақ қамы, бас бостандығы, адамгершілік ар-ождан мәселелері жан-жақты сөз болып, дидактикалық ақыл-нақыл, насихат, өсиет, ұлағатты, өнегелі сөз түрінде айтылып, ол халықтың қыз ұзату, келін түсіру, шілдехана, баланы бесікке салу, сүндет той, өлікті жөнелту сияқты дәстүрлі жиындарында марапатталып келген. Сол арқылы көпшілік қауымға, әсіресе жастарға өнеге айту, тәлім-тәрбие беру көзделген [2].

Еліміздің ежелден дәріптеп, қастерлеп келген ұлттық өнерінің, ұлттық рухтың, халық емшілігінің тегін тектеу, болмысын тану, оның асылын тарихтың рухани көш керуеніне ілестіріп отыру арқылы бүгінгі және болашақ ұрпақ қамын қамдау, өскелең өмір талабы болып отыр.

Өкінішке орай, ұлттық салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпты, ырым-тыйымды, наным-сенімді, танымды, халық емшілік дәстүрін аяқ асты ету, үлкенді-кішінің, ата-енені-келіннің, әкені-ұлдың, шешені-қыздың, тіпте ұстазды-шәкірттің сыйламауы, ағаның ақылын-інінің алмауы, жастардың еңбекті сүймеуі, жатып ішер жалқаулық, нашақорлық пен маскүнемдік, пайдакүнемдік, әруақтарды аяқ асты ету т.б., сорақылық қылықтардың жастар арасынан жиі көрініс беруі халық педагогикасында, халық психологиясында кең насихатталып келген ұлттық тәлім-тәрбиенің пәрменді түрде жүргізілмеуінен туындап отыр. Бала тәрбиесі–баршаға ортақ іс. Оған көпшілік қоғам болып жұмылу және парасаттылық пен байсалдылық керек. Ұрпақ тәрбиесіндегі ежелден қалыптасқан халқымыздың жақсы дәстүрі мен тағылымдарын емшілік дәстүрлерін, рухани-мәдениет тарихын, бұрын-соңғы

ғұлама ойшыл ұлы ұстаздардың еңбектерін оқып жетік білмей, оны жақсы меңгермей тұрып келер буынға дұрыс тәрбие-тағылым беру мүмкін емес. Себебі, өткенді жақсы білмейінше келешекке сапар шегу ғұлама ойшылдар айтқандай: «Айсыз қараңғыда сүрлеу соқпақ іздеп шатасумен пара-пар».

Бұл жердегі көзделетін мақсат – ұлтаралық мәдени қарым-қатынастың, ұлттар достығының асыл арқауының әріден басталатыны жөнінде қауымға түсінік беріп, көзін жеткізу. Ұлт рухани-мәдениеті жөнінде Кеңестік дәуірде ой түйген, арнайы зерттеп ғылыми еңбектер жазған А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, М.Әуезов, т.б. психолог-педагог ғалымдардың еңбектері де бар. Олардың Кеңестік дәуірде туған психология-педагогика ғылымының іргетасын қаласып, туған ел топырағында психология-педагогикалық ой-пікірлерді дамытуға азды-көпті қосқан үлесін таныту көзделеді.

«Ұлттық тәрбие негіздері» пәнінің басты мақсаты болашақ жастарды еліміздің өткендегі рухани-мәдени мұрасынан хабардар етіп, дұрыс бағдар нұсқау. Олардың халқымыздың ғасырлар бойы дәріптеп келген ұлттық өнері мен ұлттық рухани-мәдениетінің қадір-қасиетін, емшілік жолдың қыр-сырын, әулиелі жерлердің ерекшеліктерін, рухани-туризм жайлы мәліметтер беріп, олардың маңызы мен тәлім-тәрбиелік мәнін терең түсініп, жан жүрегімен тебірене сезінетіндей ету. Сөйтіп, туған жеріне, өскен еліне адал қызмет ететін ұлтжанды азамат етіп тәрбиелеп шығару. Өйткені, рухани-адамгершілік ізгі қасиет тәлім-тәрбиеден туады. Адамның тәні сияқты, жанына да тәлім-тәрбие керек. «Адам тағдырын тәрбие шешеді». Әл-Фараби айтқандай: «Тәрбиесіз берілген білім, адамзаттың қас жауы». Сондықтан, жастарға ең алдымен дұрыс тәрбие беруіміз қажет. Жастарға ұлттық тәлім-тәрбие беруші, ғылым негіздері мен қаруландырушы мектеп пен ата-ана, жастарды қоршаған қоғамдық орта. Сол ортадан дұрыс талғаммен қажеті мол білім алған азамат қана шын мәнінде Ел, Жер, Отан мүддесін қорғай алатын елжанды болып шығады. Бүгінгі ұлт мектебінің міндеті азаматтық борышты терең сезінетін саналы азамат тәрбиелеу. Ал, осы міндетті «Қазақтың тәлім-тәрбие тарихы» мен «Ұлттық тәрбие негіздері» өтей алатыны сөзсіз. Осы айтылған тәлім-тәрбие мәселелеріне қосымша мәліметтер қажет болады. Олар осы уақытқа дейін айтылмай келген әруақтар жайлы, діннің қыр-сырлары, әдет-ғұрып, салт-дәстүрдің ғылыми астарлары, емшілердің құпия тылсым қасиеттері т.б. Міне осы тылсым құпия істердің басын ашу, сонымен қатар оларды ғылыми жолға салу, ұлттық жауһарларымызды қайта түлету, жалған емшілер мен шынайы емшілердің ара жігін айырып анықтау, оларға дұрыс бағыт-бағдар беру. Бұлармен қатар қосымша сабақтар ұйымдастыру. Қысқасы, ұлттық тәрбиеге көлеңке түсіретін мәселелерді аластатып, ұлттық тәрбиеге ғылыми тұрғыдан сара жол табу.

Әулиелерді аралау (зиярат ету) үшін «Рухани туризм» жолдарын ашу. Соларға арнап бейне таспалар дайындау, буклеттер шығару, кітапшаларды

дайындау. Ұлтымыздың даналары мен ғұламаларының ой байламдарына байланысты ғылыми түсініктемелер беру. Оларға ғылыми тәжірибелер жүргізу. Әсіресе, ұлттық тәрбие негіздері бойынша тереңдеп ізденуші жастарға «Құрани Кәрімді» талдап түсіндіру, бес парызды өтеуге ынталандыру, Хадистерге талдаулар жасау. Әулие басындағы шырақшылардың дерек қор мәліметтеріне ғылыми ізденістер жүргізу. Ізденушілерді қазіргі озық ғылым мен медицина жетістіктерімен таныстыру. Анатомия, физиология, биология, психология, педагогика ғылымдарынан қысқаша мәліметтер беріп отыру. Міне, негізгі мақсат міндеттері осылар болмақ. Бұл жөнінен көптеген іс-шаралар біздің тарапымыздан қолға алынуда.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Құдайбердіұлы Ш. Үш анық. /Жауапты редактор А.Сейдімбеков. -Алматы, 1991.
2. Мырзахметұлы М. Ясауидегі Жан ғылымы, тән ғылымы хақында. //«Ясауи әлемі» Түркістан, №1 (1), 2009.
3. Құрбанқожа С.Н. Қожа Ахмет Ясауидің этнопедагогикалық идеялары және оларды оқу-тәрбие үдерісіне ендірі. Монография. Түркістан, 2010.

Б.С.ДЛИМБЕТОВА

педагогика ғылымдарының кандидаты
Мирас университеті

А.Ә.ӘКІМБАЕВ

М.Әуезов атындағы ОҚМУ-нің магистр-оқытушысы

Н.Қ.ЕРЕПБАЕВ

педагогика ғылымдарының кандидаты
М.Әуезов атындағы ОҚМУ

ЖЕТКІНШЕК ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТАРЫНЫҢ ӨЗГЕРУІНІҢ СЕБЕПТЕРІ

В статье рассматриваются некоторые психологические аспекты становления характера подростков с девиантным поведением и причины их изменения.

Some psychological aspects of formation of character of teenagers with deviantny behavior and the reasons of their change are considered in the paper.

Жеткіншек шақ - балалық шақтағы ең қиын және ең күрделі кезең. Бұл кезеңді өтпелі кезең деп те атайды. Себебі, бұл кезде жеткіншектер балалық шақтан ересек шаққа өтеді. Бұл кезде бала бойында көптеген өзгерістер болады. Ол анатомиялық, физиологиялық, интеллектуалдық, адамгершілік дамуында және оның әрекет түрлерінде өзгерістер болады.

Өтпелі кезеңде балалар сабағы өзгереді, жақсы оқып жүрген балалар сабағы нашарлайды. Балаларда өзіндік "мен" сезімі пайда болады. Олар еркін жасауға құмар келеді. Тым еліктегіш болады. Жасөспірімдік шақта оларда өзін-өзі тануға болады. Олардың өз көзқарастары мен пікірлері әрекеттері барысында айқын байқалады. Сонымен қатар бұл кезеңде балалар отбасы мен мектептен оқшауланып, өз құрбыларының ықпалында болады. Олар әсіресе өздерін еркін сезінетін ортаға орналасуға бейім болып келеді. Олар спорт секциялары, техникалық үйірмелер болуы мүмкін, тіпті, темекі шегетін, арақ ішетін орын ретінде үйлердің жертөлесі болуы мүмкін. Бұл кезеңде кейбір балалар ересектермен, әсіресе ата-аналармен көбірек ерегіске барып, ортақ тіл табыса алмайды. Балалар ата-аналарының тең құрдасындай қарым-қатынас жасауын қалайды. Бұл кезде балалар көбірек өз бетінше өмір сүруге тырысады. Олар өзіне пір (кумир) сайлап алады да, соған еліктейді. Басқа балалардан ерекшеленуге тырысады.

Қоғамда мінез-құлқы ауытқыған балаларды "қиын" немесе "тәрбиесі қиын" бала деп санау қабылданған. Тәрбиесі "қиын" балалардың әрекеті девиация деп аталады. Девиантты мінез-құлық көбінесе тұрмыс жағдайының жақсы, қиын әрі төмен болуынан. Жеткіншек кезеңде бала ауытқудың ортасында болса бұл мәселеге тек педагог емес, сонымен қатар дәрігерлер де көңіл аударуы керек.

Ауытқудың пайда болуына жеткіншектің дене құрылысының күрт өсуі, және әлеуметтік орта да әсер етуі мүмкін. Жеткіншектің физикалық тез дамуы немесе кеш дамуы арқылы ол өзінің әлеуметтік бағасын анықтайды. Қоршаған ортаның оның сырт көрінісіне, физикалық дамуына айтылған сын, жеткіншекті аффект жағдайына апаруы әбден мүмкін. Жеткіншектің тұлға болып қалыптасуы жеткіншектер психологиясында ең күрделі мәселелердің бірі болып табылады. Бақылаудың нәтижесіне қарасақ балалық шақтан ересектік кезеңге өту қиындаған сайын, оның маңыздылығы арта түседі. Жеткіншек шақ эмоциялық тұрақсыздықпен, көңіл-күйдің тез ауыспалдығымен, қырсықтық, бірбеттілік, өзінің көзқарасын үлкендерге қарсы шығу арқылы дәлелдеу тағы басқа іс-әрекетпен көрініс береді.

Жеткіншектердің денесінің күрт өзгеруі, жыныстық мүшенің дамуы, қаңқаның тез өзгеруі, жеткіншектің санасының өзгеруіне алып келеді. Жеткіншек физикалық еңбекке шаршаңқы келуі мүмкін, немесе өз кемшіліктерін басқа саламен толықтыруы мүмкін. Жүйке жүйесінің, бұлшық еттердің қалыптасуы кешуілдегенде қозғалу координациясы бұзылады. Бұл қопалдықпен көрінеді. Жеткіншектің сырт көрінісі немесе қопалдығы туралы қоршаған ортаның айтылған сыны жеткіншекті ашу-ыза, тіпті аффект жағдайына апарды. Акселерацияға ұшыраған балалар өздерінің ересек, күшті болғанына нық сенімді. Олар қоғамның құрметіне, мойындауына күреспесе де болады. Олардың өзіне-өзі сенімділігі, қоршаған орта оларды өз көзқарасы бар тұлға ретінде қабылдауына әкеледі. Біздің ойымызша, бұл кезде жеткіншектің сырт пішіні маңызды рөл атқарады. Акселерацияға ұшыраған бала өзінің ересектерге еліктегені тез іске асуда деп ойлайды. Оның бұлшық еті, бойы, даусы өзгеріп, оны өзі және құрдастары нағыз ересек, ойы да жетілген тұлға ретінде қабылдайды. Осыған байланысты бұл жеткіншектер өздерін еркін ұстап, өздеріне аз көңіл бөлуді талап етеді. Ал шын мәнінде ол сырт пішіні ересектерше өзгергенімен ішкі дүниесі әлі сырт пішініне сай емес. Ол әлі толық қалыптаспаған жасөспірім. Ал дамуы кешуілдеп өсіп жатқан жеткіншектер керісінше көп қажет етіп, өз "мінезін" көрсетіп тұрады. Өз "кемшілігін" білдіртпеу мақсатында, бұл жеткіншектер үнемі тапқырлық, қайсарлық, үнемі көпшіліктің ортасында болу және өзінің "жетістігімен" топқа керектігін, тіпті орын толмас екенділігін дәлелдеп отырады. Мұндай активтілік ортамен қарым-қатынас жасауда қиыншылықтарға эмоционалды қысымға келеді. Расында, жеткіншек үнемі эмоционалды қысымда жүреді, ал мұның өзі ауытқу. Жыныстық мүшенің дамуы да мінез-құлық өзгеруіне ерекше әсер етеді. Тез жетілген жағдайда жеткіншектің көңіл-күйі тұрақсыздықпен көрінсе, кеш дамып жатқан жеткіншектерде мінезінің өзгеруі, яғни ашушаң болу, үнемі қарсы шығу көрініс береді. Кешуілдеп дамыған жеткіншектер жай қимылдап, қопал болып, өзіне сенімсіз болады.

Көңіл-күйдің тұрақсыздығы ер балаларда 11-13 жас, қыздарда 13-15 жаста

ерекше көрініс береді. Сонымен қатар, бұл жаста қырсықтық, бірбеттілік көрсетеді. Жеткіншек өмірде өз орнын тапқысы келіп, өмірді өзгерткісі келіп, көбіне дүниеге деген көзқарасы өзгереді. Жыныстық бағыттылығы анықталады. Жеткіншектердің жыныстық мүшесі, әлеуметтік ересектіктен бұрын дамып бітеді. Әлеуметтік ересектілік біркелкі өтпейді. Ол оқуды бітірумен, материалдық тәуелсіздіктен немесе кәмілет жасқа толумен байланысты. Мысалы: спортшылар тобында жеткіншектің абыройы жоғары болғанымен, ол қыздар арасындағы қарым-қатынасы ересектерше болмауы мүмкін.

Девиантты (ауытқулы) мінез-құлық – деп, қазіргі қоғамда белгіленген ережеге сәйкес келмейтін, әлеуметтік мінез-құлықты айтады (И.А.Невский). Танымал социолог И.С.Кон анықтамасында, -"Девиантты мінез-құлық ол психикалық саулық, құқық, мәдениет және адамгершіліктің әрекет жүйесі ретінде, жалпы бекітілген ережеден ауытқуы"- деп қарастырды. Бейімделген мінез-құлық тұжырымдамасына сәйкес ауытқу процесі кез келген бейімделуді бұзады (психикалық, әлеуметтік, әлеуметтік-психологиялық орта). Әлеуметтік ауытқуды С.А.Беличева "девиантты мінез-құлықты" төмендегідей топтастырды:

- пайдақор бағытта: құқық бұзу, материалды, ақшалай, мүліктен пайда табу (ұрлық, алдау, жымқыру, сату, т.б.)

- агрессивті бағытта: жеке бас дамуына кері бағытталған қимыл (бұзықтық, соққы, тіл тигізу, өлтіру, зорлау).

- әлеуметтік-енжар түрі: әлеуметтік және жеке мәселелерді шешуде (жұмыс, оқу, нашақорлық, ішімдік және суицид, белсенді өмір сүруден қашу, азаматтық жауапкершіліктен жалтару). Бейсаналық мінездің сыртқы жағдайда көрінуі, ол ішкі ресурстың реттелуімен: әлеуметтік, адамгершілік бағыт және түсініктің өзгеруі негізінде қарастырылады. Сондықтан баланың бір жағынан мінез-құлқында белгі, дабыл, нышан пайда болуы және дамуы деп қарастырсақ, екіншіден – жеке бас дамуына мақсатты әсердің құралы тәрбиелік әсердің сала көрсеткіші.

И.А.Невский, Л.С.Колесова тәжірибеде мектеп қызметкерлеріне экспертті сауалнама өткізген. Педагогтар пікірінше сыртқы факторлар негізінде қаланатын мінез-құлықты түзетуге жататындар:

1. Қоғамда болып жатқан процестер: қоғамдық құндылықтың иерархиялы өзгермеуі, мемлекеттік идеологияның болмауы, қылмысты жазалауды заңның дұрыстығы, құқық қорғау қызметкерлерінің өз жұмысына жауапкершілік алуы. Жұмыссыздық (ашық және жабық) отбасына әлеуметтік қолдау мен жәрдем ақының дұрыс қарастырылмауы ақпарат көздері арқылы қаталдық және зорлық туралы көп насихат жасалуы, баланың дене және психикалық жағынан түзетуге және көмек көрсетуге қажетті мекемелердің аздығы, балаға ақысыз сапалы үйірмелердің, қосымша білім алу көздерінің қарастырылмауы, керісінше ішкілік пен темекіні жарнамалау және оны

сатып алу оңайлығын сөз етуге болады.

2. Отбасы жағдайы және оның ахуалы бүтін емес отбасы: отбасының материалды жағдайы (кедейлік және байлық), ата-ананың төменгі әлеуметтік-мәдени деңгейі: отбасында тәрбие стилінің болмауы (ата-ана қаталдығы, балаға жүйелі талаптың қойылмауы, жазалаудың әділ болмауы): балада өзіндік құндылықтың болмауы: баланың мүмкіндік қажеттілігін өтеуде асыра сілтеушілік немесе жеткізбей бағалау: ата-ананың ішімдік және нашақор пайдалануы; ата-ананың шектен тыс мейірімінен балаға психобелсенділік туғызатын заттарды пайдалануға шек қойылмау.

Жеткіншектік кезең - адамның қалыптасуындағы ең күрделі кезең. Әсіресе осы жаста адамның мінез- құлқы және басқа да жеке басының негіздері қалыптасады. Міне, осы кезеңде жеткіншектермен жасалатын тәрбие жұмысында кемшіліктер айқын көріне бастайды. Соңғы кездері жеткіншектер тәртібінің төмендегенін байқауға болады:

- ата-анамен келіспеушілік жағдайда болу;
- мектептегі қиындық пен сәтсіздік;
- тәртібі қиын құрбы-достарымен байланыс орнату.

Отбасындағы жақсы қарым-қатынасты жоғалту, мектептегі сәтсіздік, келеңсіз топтағы құрбыларымен жақындық әр түрлі жолдарға итермелейді. Ендеше осы үш элемент: отбасы, мектеп, құрбы-құрдастар тобы – барлық жеткіншектердің нағыз табиғи ортасы. Олар кәмелеттік жасқа толмағандардың ең маңызды қоғамдық факторы болып табылады. Демек, жас баланың мінез-құлқының қалыптасуына отбасы ерекше әсер етеді, солай болғандықтан оның көп қырлы, жан-жақты болуы отбасына байланысты. Ал педагогикалық әлеуметтік жағынан жіберілетін әлсіздік оқу жүйесіндегі сәтсіздік, аномальды мінез-құлықтың қайнар көзі болып табылады.

Жеткіншектің мінез-құлығындағы ауытқулар көбіне туа пайда болмайды, олар физиологиялық ауытқуларда емес, отбасындағы және мектептегі дұрыс тәрбие бермеуден пайда болады. Осы аталып көрсетілген ауытқу девиантты мінез-құлық деп аталады. Девиантты мінез-құлықта жеткіншек агрессивтілікпен көзге түседі. Жеткіншек мінез-құлығындағы агрессивтілік ішімділікпен тікелей байланысты. Ішімділікке бейімділікпен нашақорлыққа құмарлық жеткіншектің девиантты түрдегі өмір құрылымына сіңіп кетеді. Жеткіншек тәртібі агрессивті күйде болса, онда ол «қиын» балалар қатарына жатады.

Мінез-құлығында ауытқулары бар оқушылар білім деңгейі төмен, тәртібі нашар, сабақтан көп қалатын, мұғалім талабын орындамайтын, адамгершілік деңгейі төмен, құрбылармен тіл табыса алмайтын, сынып мәселелері қызықтырмайтын, ал кейде психикалық дамуы, ойлау қабілеті артта қалған, ашуланшақ (әр түрлі жүйке ауруларына шалдыққан, тәрбиеге әрең көнетін) жеткіншектерді қиын балалар қатарына жатқызуға болады.

Мінез-құлқында қиыншылығы бар девиантты мінез-құлықтың бұзылуының

ішіне:

- гиперкинетикалық мінез-құлықтың бұзылуы;
- мүмкіндігі шектеулі отбасындағы мінездің бұзылуы;
- әлеуметтендірілмеген мінездің бұзылуы;
- әлеуметтенген мінез-құлықтың бұзылуы;
- делинквентті мінез-құлық;
- ерте кезден ішімділік қолдану, наркомания;
- девиациді сексуалды мінез-құлық;
- тұлғаның психогенді патологиялық құрылымы жатады.

Гиперкинетикалық мінез-құлық, өз дегеніне жете алмау, оқуда табандылық көрсетпейтіндікпен, бала бір тапсырманы аяқтамай екінші тапсырмаға тез өтуімен көрініс береді. Мұнымен санасыздық, импульсивтік, үнемі келеңсіз жағдайға түсіп қалу, қоғам нормасына қарсы келетін көзқарастарды айтқаны үшін жаза алуымен байланысты. Ересектермен қарым-қатынаста аралықты сезінбеу, балалар оны ұнатпайды, олармен ойнаудан бас тартады. Кейде өзін-өзі бағалауы төмен болуы да мүмкін.

Әлеуметтендірілмеген мінездің бұзылуы, бұл әлеуметтік қоғамда қалыптасқан нормаларды бұзу, балаларға қатыгездік істеумен көзге түседі. Өз құрбы-құрдастарымен жақсы қарым-қатынаста болмауы, олардан шеттеліп қалуы, құрдастарының онымен дос болудан бас тартуы, беделінің болмауы, сонымен қатар достарының болмауы немесе олармен тығыз қарым-қатынаста болмауы. Әдетте үлкендермен қарым-қатынаста оларға қарсы шығады, қатыгез, жақсы қарым-қатынасы өте сирек болғанымен оларға сенбейді. Кейде көңіл күйінің бұзылуы қатар жүреді. Әдетте бала мен жеткіншек – жалғыз. Бұл мінез-құлыққа бұзықтық, төбелес құмарлық, өзгенің затын, ақшасын тартып алу, қатыгездік зорлық-зомбылық көрсету, тыңдамау, дөрекілік тән. Әлеуметтенген мінез-құлықтың бұзылуы. Мұның айырмашылығы антиәлеуметтік тұрақтылық (ұрлау, өтірік айту, сабақ кезінде қыдыру, үйден кетіп қалу, дөрекілік) немесе агрессивті мінез-құлық қарым-қатынасқа тез түсетін балаларда көрінеді. Олар жиі әлеуметтік нормаға қарсы топтар құрамында болады, бірақ кейде делинквентті емес топтар құрамында болады. Беделді ересектермен қарым-қатынасы нашар.

Аралас мінез-құлық көрсеткенімен, олардың басым көпшілігінде ашу-ызаның, депрессия белгілері көрінеді. Кейде үнемі депрессияда болады, қатты уайымда болу, қызығушылығының жоғалуы, ойын, тапсырмалардан ләззат алмау. Сонымен қатар, қорқақтық, өзін-өзі үнемі кінәлау.

Делинквентті мінез-құлық бұл – қылмысқа жатқызуға, соттауға болмайтын бұзақылық. Оларға сабақ кезінде қыдыру, әлеуметтік норманы бұзатын топтармен қарым-қатынаста болу, өзінен кішілерге, әлсіздерге күш көрсету, ақша тартып алу, велосипед, мотоциклдарды ұрлап айдап кету, үй заттарын ұрлау, т.б. жатады. Мұның себебі-тәрбиенің жетіспеушілігінде. 30%-80% делинквентті балалардың отбасы толымсыз, 70% жеткіншектердің

мінез-құлқы күрделі бұзылған, 60% акцентуанттар. Ауруханадағы жеткіншектердің 40% психозсыз делинквентті балалар. Олардың жартысында психопатияның белгілері көрінеді. Үйден кету, көшеде түнеу делинквенттіктің 3/1 құраса, 4/1-і үйден кетумен ұсталған. Жеткіншек алғаш рет үйден жазалау қорқынышынан кетеді немесе жауап қайтару, өзін көрсету белгісі ретінде. Мұның мақсаты көңіл көтеру; ата-ананың қатал талабына қарсы шығу; жақын туыстарының жеткіншекке көңіл бөлмеуінен; жаза қорқынышынан; армандап, қиялданып кетуінен; ата-ана бақылауынан, тәрбие, ескертулерінен құтылу үшін; достарының нашар қарым-қатынасының нәтижесінен; күрделі өзгеріске, жаңа өмірге ұмтылу мақсатында болады.

Жеткіншектің ішімдік қолдануға себеп іздеуі немесе наша қолдануға, үнемі құрамында спирт бар сусынды іздеу, бұл ерте жастағы алкогольизмнің белгілері. Девиацидті сексуалды мінез-құлық жеткіншек жыныстық қарым-қатынасқа шектен тыс ұмтылуы, бірақ онда жыныстық идентификация әлі толық жетілмеген. Сондықтан оның жыныстық мінезі ауытқиды. Әсіресе бұған жыныстық жетілуі тез немесе кеш жетіліп жатқан жеткіншектер шалдығады. Біріншісінің жыныстық қарым-қатынасқа деген құлшынысы әлеуметтік ересектілікке дейін пайда болады. Ал екіншісінде өзін көрсету үшін, өз құрдастарының сексуалды жағынан алда болуға шектен тыс ұмтылуы. Оның үстіне құрдастарынан қалып бара жатқан жеткіншек күлкі, мазаққа қалуы мүмкін. Жеткіншектердің сексуалды девиациясы өмірлік жағдайларға байланысты. Жеткіншек есейе келе және қалыпты жыныстық өмірге өткеннен кейін девиация толығымен жойылады. Ал жағымсыз өмірлік жағдайларда олар жаман әдетке айналып, қалыпты жыныстық өмірмен қалыптасып кетеді. Немесе қалыпты жыныстық өмір болмаған жағдайда сексуалды девиация жаңарып отырады. Физикалық жағынан жынысы жетілмегенге дейін жеткіншек жыныстық қарым-қатынасқа түссе, оны девиацияға жатқызады. Жеткіншектік промискуитет (жігітін (қызын) жиі ауыстыру, жыныстық қарым-қатынаста да) – сексуалды девиация. Бұл көбіне ішімділікпен қатар жүреді. Кейбір жеткіншектерде өмірге деген қызығушылығының күр төмендеуімен көрінсе, кейбір жеткіншектерді пассивті түрде бағынушылыққа алып келеді.

Жеткіншектердің дамуында бұрыс тәрбие үлкен рөл атқарады, нәтижесінде жеткіншек қиын балалар қатарына қосылады. Бүгінгі таңда мектептің негізгі міндеті-баланың бастапқы тұлғалық қалыптасуын қамтамасыз ету, оның қабілеттерін айқындау және дамыту болып табылады. Өсіп дамып келе жатқан бала бойында алуан түрлі қасиеттер байқалады. Осы бір көп сырлы қасиеттердің жағымды, жағымсыз жақтарымен қатар елеусіз мінез көріністері де бала бойында болады. Бала мінезінің жағымды жақтарына қайырымдылық, инабаттылық, сыйлаушылық, шынайы адалдық, жақсы-жаманды айыра білушілік, болашаққа ұмтылыс жасау, ал нашар мінез

көріністеріне тұрақсыздық, өтірік айтушылық, өзімшілдік, беймаздық, ұшқалақтық сияқты қасиеттер жатады. Бала бойына назар салып бақылағанда байқалатын қасиеттерге: өзіне-өзі көзбен қарап, мінездегі кемшіліктерді сезіну, әділетті, әділетсіздікті аңғаруы ойлаған мақсатын орындап шығу үшін шыдамы мен іскерлігі жатады. Егер бала мінезіндегі көріністер өмірімен сабақтасып, тәрбиемен ұштасса, бала қайырымды, байсалды, бір сөзді, батыл жүректі, табанды болып ер жетеді. Ал, бала бойында ынжық мінез қалыптасса, онда сылбырлық, жалқаулық, күйгелектік, қорқақтық, мылжыңдық мінездер пайда болады. Бала өскен сайын көп көріп, естіп білуге ұмтылады. Өз ойын айту, басқалармен достасу, пікірлесу сияқты мінез-құлық қалыптасады. Баланың дамып, нықталып келе жатқан мінезін дұрыс жолға сала білудің маңызы зор. Бала мінезін тәрбиелеудің сан қырлы жолдары бар. Мектеп мұғалімдері «қиын» балаларға теріс көзбен қарайды. Олардың мұндай балалармен жұмысы келеңсіз, стимуляция әдісімен бүкіл сынып алдында жүйке жұқаратын әңгіме, жазалау, т.б түрінде жүзеге асады. Әдетте, бұл әрекеттің барлығы оң нәтиже бермейді, керісінше «қиын» жеткіншектердің мұғалімге, мектепке кектенуі күшейе түседі және қарсы келуіне әкеліп соқтырады. Мұғалімдер «қиын» жеткіншектерге деген өзінің кері көзқарасын жасырмайды, олармен кикілжіңге де келеді. Девиантты мінез-құлық бар жеткіншекке қолданылатын тәрбиелік профилактикалық іс-шаралар тұлғаға әсер ету ғана емес, түзету іс-шаралармен де шектелмейді. Жеткіншектің әлеуметтік дезадаптациясы кері әсерлі ортада сауықтыруды және әлеуметтік педагогикалық түзетулерді қажет етеді. Кәмәлетке толмағандардың девиантты мінез-құлықтағы профилактика мен ескерту қоғамның әлеуметтік, психологиялық қажеттілігінен туындайды. Жасыратыны жоқ, бастауыш сынып, жоғарғы сынып оқушылары арасында да адамгершілік тәрбиені іске асыруда қиындық келтіретін, оқуға және тәрбиеге көнбейтін нашар, қиқар оқушыларды жиі кездестіреміз. «Қиын» оқушылар отбасы, мектеп және жұртшылық тарапынан тәрбиеде жіберілген түрлі кемшіліктерден болса керек. Жоғарғы сыныптардағы «қиын» оқушылардың тәртіп, заң бұзушылығын кездейсоқтық деп қарауға болмайды, ол оқушы бойындағы бұрыннан бар екенін мойындауымыз керек. Оқушылармен жұмыс істеу жан-жақты зерттеуді, баланың бойындағы ұнамсыз әрекеттердің шығу себебін, тәрбиеленіп, өскен отбасын, мектептегі тәрбие жұмысының деңгейін зерттеуді жан-жақты білуден бастау керек.

Баланың мектепке бейімделу қиындықтарының пайда болуына әкелетін басқа факторлар, яғни, жағымсыз тұлғалық сапаның қалыптасуы бәрінен бұрын тәрбиелеу амалының дұрыс еместігінен көрінеді. Мұндай балалардың ата-аналарының білім деңгейлері жоғары болуы мүмкін, балаға көп көңіл бөліп, баланың танымдық сферасын дамыту мен шұғылдануы мүмкін, бірақ та оларда балаға жағымсыз әсер ететін ата-аналарының арасындағы дау-дамайлы қарым-қатынас бар. Балалардың әрқашан үрейлі, қорқынышты

жағдайда болуы тұлғаның эмоционалды, бір қалыпты емес типінің қалыптасуына әкеліп соғады: оларға алаңдаушылық, шиеленіс, әлеуметтік жасқаншақтық, өзіне де сенімсіздік сияқты сапалар тән. Бұл жетіспеушіліктер мектеп тапсырмаларын орындағанда тікелей әсер етіп, орынсыз асығыстық жауап беруіне әкеліп соғады. Социометриялық мәліметтер бойынша, сыныптастары оларды таңдамайды және олар өздері де қарым-қатынас жасауға ұмтылмайды.

Өзін-өзі жоғары бағалайтын балалар жаңа ұжымға келгенде айналасындағылардан ерекше көңіл бөлуді талап етеді, көш бастаушылық позицияны алуға ұмтылады, сондықтан да құрдастарымен әрдайым дауласып, келіспей қалады. Басқа жеткіншектерде де көбіне оларды қабылдамайды және өзінің жағдайына қанағаттанбаушылық оларда жағымсыз эмоциялардың, сыныптастарына деген қарым-қатынастың агрессивтілігінің пайда болуына әкеледі. Бұл жеткіншектер әлеуметтік жоспарда ұзақ уақыт бейімделе алмай, ұжыммен қарым-қатынас орнату қиындықтарды сезінеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Дүйсенбиева С. "Қиын" баланы қайта тәрбиелеу жолдары // Алматы, 2007.
2. Сұлтанбекова А., Малдыбаева А. Агрессивті мінез-құлық // Қазақстан мектебі. 2005, №5-6 мамыр-маусым, 27 б.
3. Қалыбаева Р. Мектеп психологының "қиын" балалармен жұмыс әдісі. // Мектептегі психология, - 2007, № 1.
4. Қойжігітов А. Девiantты іс-әрекетті балалар мәселесі // Ұстаздар пайымы 2007, № 3, 2-9 бет.
5. Коробкина Н. Наши трудные дети // Практическая психология. - 2007, № 1.
6. Степанова В.Г. Психология трудного школьника. -М., 1998.

Қ.ОРАЗБЕКҰЛЫ

педагогика ғылымдарының кандидаты,
А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің доценті

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕНІҢ АЛТЫН ДІҢГЕКТЕРІ

В статье речь идет о народном опыте казахской этнопедагогике.

In the article will tell about people's ethnic and pedagogical experience.

Түркі халқының шығу тегі жөнінде мынадай аңыз бар: дұшпандардың ойрандатып қырғын салған шабуылынан кездейсоқ аман-сау қалған нәрестені қасқырдың қаншығы тауып алады. Кейін олардың киелі некесінен он ұл туады. Солар алғашқы түріктер болып табылады.

Көне түркі тілінде, яғни барлық түркі тілдес халықтар тілінде “көк” сөзі “аспан” деген ұғымды білдіреді.

V-VIII ғ.ғ. Алтай шыңдарынан Қара теңіз жағалауына дейінгі кең-байтақ елді мекенді қоныс еткен ежелгі түріктер аспанға, көкке табынған.

Қазақ халқы ерте заманнан бастап жас ұрпақты тәрбиелеуге үлкен мән берген. Бұл істе көне ғасырлардан келе жатқан тәжірибесі бар. Оны қазақ хандығы құралған XIV-XV ғасырдан бастап қарастыру, тарихи-әлеуметтік тұрғыдан алғанда дұрыс емес. Ежелден Шығыс мәдениетінің ошағы болып саналып келген кең-байтақ ұлы даланы мекендеген дала көшпенділерінің ұрпақтары - түркі тектес (тілдес) халықтар, одан әрі ғұндар мен сақтар бір тілде сөйлеп, бір дінге сеніп, әлем мәдениетінің қалыптасуына теңдесі жоқ үлес қосты. Сөйтіп, бүгінгі түркі халықтарына ортақ мәдениет пен тарихтың көне бастауы болғаны ешбір талассыз.

Зерттеуші ғалымдар А.Қасымжанов пен Ж.Алтаевтың: “Біз тарихқа XIV ғасырдың басынан бастап қазақ деген атпен енсек те, мың жылдық мәдениеті, философиясы, әдебиеті, тарихы бар халықпыз...” деген ғылыми тұжырымдары жоғарыда айтылғандардың айқын дәлелі.

Қазақ халқы өмір сүретін ұлан-ғайыр өңірдің қысқаша тарихи-географиялық сипаты белгілі. Бірақ тұтас халық жөнінде әлі де болса толық анықталып-айқындалмаған жәйттер аз емес. Болашақта тәуелсіз елдің тарихшылары, әдебиетшілері, лингвистері, археологтары қазақ халқының этнотарихи сипатын тың деректермен толықтыра берері күмәнсіз. Ал біз бұл жолы мәселенің тарихи-педагогикалық сипатымен және ұлттық мәдениеттегі болашақ отбасы тәрбиесі мәселесін айқындауға тікелей не жанама маңызға ие жағрапиялық және әлеуметтік-экономикалық факторлармен шектелеміз.

Осы орайда мына маңызды мәселеге баса назар аударған жөн. Қазақ халқының этнопедагогикасын зерттегенде ғылыми тұрғыда жан-жақты зерттелген тарихи деректерге тарихи-әлеуметтік тұрғыда кеңірек үңілуіміз керек. Осы орайда біз қазіргі қазақ этнопедагогикасын зерттеуші, ғалым С.Қалиұлының бірқатар тұжырымдарын негіз етіп алдық. Ғалым халық педагогикасының тарихын адамзат дамуының қоғамдық құрылыс кезеңдеріне сай сегіз кезеңге бөліп қарастырады.

Зерттеушінің пайымдауынша, I кезең - Алғашқы қауымдық құрылыс кезіндегі тәрбие (б.д.д. тас, қола замандары); II кезең - Сақтар мен гундердің жауынгерлік тәрбиесі (б.д.д VII-VIII ғ.ғ. - б.д. V ғ. дейін); III кезең - Ұлы түрік қағанаты кезіндегі тәрбие (VI-IX ғ.ғ. аралығы); IV кезең - Араб-шығыс мәдениеті, орта ғасыр ойшылдарының тәлімгерлік ой-пікірлері (X-XV ғ.ғ. аралығы); V кезең-Қазақ хандығы кезіндегі ұлттық тәлім-тәрбие көріністері (жыраулар поэзиясындағы тәлімдік ойлар. XV- XVIII ғ.ғ. аралығы); VI кезең - Қазақстанның Ресейге қосылу кезіндегі ұлт-азаттық қозғалысы мен ағартушылық-демократиялық бағыттағы тәлім-тәрбие (XVIII ғасырдан XX ғ. 20-ж. дейін); VII кезең - Кеңестік дәуірдегі ғылыми педагогиканың қалыптасуы (1920-1990 ж.ж. аралығы); VIII кезең - Тәуелсіз Қазақстандағы ұлттық тәлім-тәрбиенің өркен жаюы (1991 ж. кейінгі егеменді ел).

Халық салт-дәстүрлері қоғам тарихының барысында қалыптасты. Әрбір қоғамдық-экономикалық формацияның даму кезеңінде өзіндік салт-дәстүрлер жүйесі болды, бұл экономикалық қатынастардың сипатына сәйкес жаңа ұрпақтың рухани жан-дүниесін қалыптастырудың маңызды құралы қызметін атқарды. Олар ішкі рулық немесе тайпалық қоғамдық қатынастарды ретке келтіріп отырды және ұжымдардың рулық-тайпалық қызметін ұйымдастырудың қажетті формасына, әлеуметтік тәжірибені жинақтап, оны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізудің әдісіне айналып отырды. Рулық-тайпалық салт-дәстүрлер мінез-құлықтың орныққан нормалары мен тәртіптерін қандай деңгейде сақтау қажеттігінің айқындаушысы болды.

Халықтық әдет-ғұрып, салт-дәстүр ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан, кез келген ұлттың өзіне тән сипатын айқындай түсетін асыл қасиеттер болып табылады. Халық педагогикасы осы әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлерде мәңгі қалған педагогикалық мағлұматтар мен тәрбиелеу тәжірибесінің жиынтығы. Этнопедагогика мен халық педагогикасының зерттеуші ғалымдары Е.Л.Христова, Г.С.Виноградов, Г.Н.Волков, Г.Н.Филонов, тағы басқалар ұлттар мен ұлыстардың әлденеше ғасырға созылған ұрпақ тәрбиесіндегі ұлттық әдет-ғұрыптар мен дәстүрлерге, мәдени ойлау процесінің эмпирикалық негіздерінің озық үлгілеріне айрықша мән бере отырып, олардың жас ұрпақты адамгершілік, имандылық рухында тәрбиелеудегі рөлін негізге алады. Академик А.К.Кон өзінің этикалық сөздігінде “әдет-ғұрып дегеніміз - белгілі-бір қоғамда немесе ұжымда белгілі бір тарихи жағдайға байланысты адамдар арасында қалыптасқан қоғамдық тәртіптің түрі. Ол әлеуметтік өмірдің әртүрлілігіне және күрделілігіне қарамастан, белгілі ұқсастық жағдайында адамдардың біркелкі әрекет етуін қалайды. Яғни, бір қоғам ішіндегі адамдардың еңбек ету тәсілдері мен әдістерінің жалпыға ортақ болуын, олардың саяси-қоғамдық іс-әрекетінің және күнделікті тұрмыстағы қарым-қатынасында немесе көзқарасында бірыңғайлық әрекеттің болуын талап етеді. Осының бәрі әдет-ғұрыптың, салттың жиынтық көрінісі болып табылады”, - деп тұжырымдай келе “дәстүр дегеніміз - әдет-ғұрыптың өмірдегі өсіп-жетілген әр түрлі формасы. Ол адамдардың белгілі бір бағыттағы тұрақты іс-әрекеті мен мінез-құлқының ұрпақтан-ұрпаққа белгілі формада ауысып берілетін түрі”, - деген анықтама береді.

Сонымен, “Салт-дәстүрлер ұлттың ұлт болып қалыптасуымен бірге туып, бірге дамып келе жатқан тарихи және көне процесс. Ол ұрпақ тәрбиесінен, мәдени тұрмысы мен шаруашылық тіршілігінен көрініс бере отырып, адамның дүниеге келуімен өрбіп, О дүниеге аттанып кеткенше құндақтайтын, тербететін алтын бесігі іспеттес».

Кез келген өркениетті қоғамның түпкі нәтижесі сол қоғамдағы адам сапасымен анықталатын болса, көшпенді қазақ халқының қабілет-күші мен ақыл-парасатының өзара үндесе кемелденуі, сөз жоқ, сол ортадағы тіршілік-өмір салттың әбден реттеле орнығуының нәтижесі болды. Бұл жөнінде Шоқан Уәлиханов былай дейді. “Далалық орданың тұрғыны - қазақ өзінің моральдық қасиеті, ақыл-ой қабілеті жөніндегі отырықшы татар немесе түркі шаруаларына қарағанда әлдеқайда жоғары тұр... Осынау дала көшпелілерінің ақынжанды болып келетіні, ой-қиялының жүйрік болып бітетіні мұңсыз-қамсыз көшпелі тіршіліктің арқасы болуы керек немесе ұдайы ашық аспанда, шет-шегі жоқ шүйгін дала құшағында ғұмыр кешкен соң табиғат шіркінді Тәңірі тұтқандықтан да болар... Татар атаулы халықтар арасында өзінің ақындық қабілет-дарыны жөнінен қазақтар бірінші орында болса керек».

Көшпелі қазақтардың қасиетін байырғы кезеңдерден бастап, бүгінгі этнологтарға дейін, барлығы да мойындайды. Қазіргі Орталық Азияны мекендеген бір тектес өзбек, түркімен, башқұрт, саха, татар және басқа халықтар өздерін “көшпендіміз” деп жария ете бермейді. Керісінше, олар ұлттық мәдениеттің өркениетке жетуі, тек отырықшы мәдениет негізінде екеніне ден қояды. Мыңдаған шақырымдық байтақ далаға қанат жайған ежелгі қазақтар өздерінің этномәдени тұтастығын сақтап қала алды. Әрбір көшпелі қазақ өзінің дәулет-мұрасын “өкше басар ұрпағы” - балалары мен “бөлінбеген еншісі бар” - үйіне ғайыптан келе қалатын қонағына тең бөліп қалдырып отырды. Көшпелі қазақ өмірінің, тыныс-тіршілігінің нақтылы шындығы сол, көшпелілер қоғамы үшін ғасырлар сынынан өткен салт-дәстүрі мен әдеп-ғұрпының сол қоғам өмірін реттеуде, үйлестіруде ұлы міндет атқарғандығы. Түптеп келгенде, кез келген қоғамның, кез келген ұлттық мәдени-рухтың өресі салт-дәстүрдің, әдет-ғұрыптың орнықтылығымен өлшенуі тиіс. Бұл орайда, көшпелі қазақтардың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптары ұдайы қоғам мүддесімен үндесіп, өмір салтқа кең өріс ашуға қызмет етіп отырғанын көреміз.

Қазақ ежелден шешен халық. Халықтың байырғы өзіндік тіршілік тынысы, ел ішіндегі түрлі мәмлегерлік мәселелер, оларды шешіп реттеп отырудың қарапайым халықтық тәсілі дәстүрлі шешендік өнердің дами түсуіне әсер етіп отырды. Бұл өзге халықтардың салт-дәстүрлерінде кездесе қоймайтын, ұлттың өзіне ғана тән айрықша құбылыс ретінде қарастырылады. Халық алдында талқыланатын дау-жанжал, билік-бітім сөздерде жеңіске жету үшін қазақ билерінен халықтың салт-санасын, әдет-ғұрпын жетік білумен қатар ойға ұшқыр, тілге шешен болуды талап етті. Шешендік сөздер ас-тойларда, жәрменке-жиындарда айтылатын дау-тартыс, ақындық, шешендік айтыстармен ғана шектелмеген. Ауылдағы ойын-сауықтарда, мәслихат-жиындарда, жай отырыстарда көпті көрген қарттар үлгілі сөз айтып отыратын салт болған. Бұл ел

арасында қазір де өзінің заңды жалғасын тауып келеді.

Қоғамдық құрылымда елді саралап танып, сабақтап тарата білу ісі қазақ үшін әрі өмір салтына, әрі өмірлік қажеттігіне, әрі кісілік нормасына айналған. Қазақтың тарихи танымының ұдайы кеңейіп, шежірелік зердесінің ұдайы шыңдала түсуін осымен түсіндіруге болады. Бұл жөнінде Ш.Уәлиханов былай дейді: “Қазақ өздерінің көне аңыздары мен наным-сенімдерін қайран қаларлық тазалықта сақтай білген. Одан да өткен ғажабы, сол байтақ даланың әр шалғайындағы, әсіресе өлең-жырлар еш өзгеріссіз, бір қолдан шыққандай қайталанатынын қайтерсіз. Көшпелі, сауатсыз ортадағы ауызша тараған осынау үлгілердің бір-бірінен қылдай ауытқымайтыны адам айтса нанғысыз қасиет, алайда күмән келтіруге болмайтын шындық”.

Халық даналығының жас ұрпақты тапқырлыққа, өткірлікке, адамгершілікке баулитын тәрбиенің мәнін алғаш дұрыс түсінген ағартушы-ғалым Ы.Алтынсарин оны кезінде қажетке жарата білген. Оның “Хрестоматиясына” тұңғыш рет енген тапқырлық-шешендік сөздер осының айқын дәлелі болса керек. Айталық, ол “Жәнібек батыр” әңгімесінде ел кезіп, көнекөз қариялардан бата алып өскен Қаракерей Соқыр Абыздың “Алдына келсе әділдігінді аяма – аймағың кетпес алдыңнан. Жолдастың мыңын алма, бірін ал, бір кісі мың кісіге олжа салатұғын. Олжанды аямасаң жолдасың қалмас жаныңнан» деген өсиеті мен Кіші жүздің тоқсанға келген Тойжан биінің “Өгізді өрге салма - қанатың талар, Жаманға жүзінді салма - сағың сынар” деген өсиетін келтіріп, ел билеген Жәнібек бидің өмірін жас ұрпаққа үлгі еткен.

Шешендік сөздерді ауыз әдебиетінің бір саласы ретінде алғашқы зерттеушілердің бірі М.Әуезов еді. Отызыншы жылдары шешендік сөздерді жинау, зерттеу ісінің басында С.Сейфуллин болды. Ол өз еңбегінде шешендік сөздерді дербес жанр ретінде қарады.

Өскелең жас ұрпаққа тәлім-тәрбие берудің қайнар көзі, өнегеліліктің тамаша үлгісі болып табылатын қазақ халқының шешендік сөздері бата-тілектен бастап, өнегелі өсиет сөздерді, өмірде кездесетін жер дауы, ер құны секілді дау-талап, келіссөзді қамтиды. Қазақ халқында жерге, елге, малға айтылатын шешендік сынның алуан түрі бар. Асан қайғының “Он жылда бес саулық мыңға, бес қара жүзге жететін жердің құты екен, әттең аттың сауырына сыймайды-ау, артыма сала кетер едім» деп, жерге, “Жалқұйрығы қанат екен, төрт аяғы болат екен, айдаса жаудікі екен, ысқырса желдікі екен» деп, жылқыға айтқан сөздері шешендік сынның ежелгі үлгісі болып табылады. Шешендік сөздерді атадан бала қайталап, басынан кешірген алуан түрлі оқиғалардың нәтижесінде туған келелі ойдың қорытындысы, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні деуге болады. Жас ұрпаққа арналған қазақтың шешендік арнау, нақыл сөздерінің мән-мағынасы тереңнен толғайды.

Бала болсаң - болғандай бол,
Ағайынға қорғандай бол.
Досыңа майыспа,
Дұшпаныңа қайыспа,
Жаман болсаң көп жақсы,

Жақсы болсаң ел жақсы.
Арғымақ мінген байлардың
Тойға мұқтаж күні бар.
Май шайнаған билердің
Нанға мұқтаж күні бар.
Елден безген залымның
Елге мұқтаж күні бар.
Басқа бақ жарасады,
Батырға жаз жарасады.
Аталы ерден би тұрса,
Халықтың пайдасына жанасады.
Жақсы адамға мал бітсе,
Ағайынның жоғына қарасады,
Жаман адамға мал бітсе,
Көрінгенмен итше таласады.

Қазақтың шешендік сөздерінің мәнін терең ұғынып, оның жастар тәрбиесіндегі алар орнын жоғары бағалаған белгілі саяхатшы-ғалым В.В.Радлов өзінің зерттеулеріне шешендік нақыл сөздерді енгізеді, бағасын береді: “Қазақ тілі - исламның бүлдіргіштік әсеріне ұшырамай түпкі таза түрін - түркі сыйпатын сақтап қалған тіл. Рас, мұнда да бірен-саран жат сөздердің енгені байқалады. Бірақ ол сөздер ... қазақ тілінің үндестік заңына бағынып, бірыңғай халық тілінің қорына қосылған. Қазақ тілінің осы тазалығы мен табиғилығы, сондай-ақ көп таралғандығы бұл тілдегі мұраларды менің көбірек жинап, оған әдебиет нұсқаларын құрастырған жинақтардың толық бір томын арнауыма себеп болды. Оның үстіне қазақтың басқа бауырластарына қарағанда сөзге тапқырлығы мен шешендігі маған қатты әсер етті», - дейді.

Қазақ халқында ел арасында туындап жатқан даулы мәселелер қазылықпен, жол-жоба білетін қарттарға жүгінумен шешілген. Халықтың әдет-ғұрпына сүйеніп әділ баға беріліп отырған. Жер дауы, жесір дауы, мал дауынан өзге арнамыс, абырой үшін де айтыс-тартыстар мәмле сөздерге тоқтаған. Бұлардың бәрінің түпкі мән-мағынасында жас ұрпаққа тәлім-тәрбие боларлық терең ғибрат, үлгі-өнеге жатыр.

Ежелден халық аузында айтылып келе жатқан мына дауға назар аударғанды жөн көріп отырмыз:

Ертеде бір бай адам болыпты, бай екі әйел алады. Ол кезде ел әйелін көпке көрсетпейді екен. Бәйбішеден бала болмай, тоқалдан туған бір баланы бәйбіше бауырына салып тәрбиелейді. Сол уақыттың салты бойынша бала туған шешесін танымай, бәйбішені “анам” деп өседі.

Бір кезде елге жау тиіп, мал-мүлкін шауып алып, ұлын құл етіп, қызын күң етіп басқа елге көшіріп алып кетеді. Барған жерде балалы әйелге жеңілдік болады. Екі әйел айырылысып, балаға таласады. Осы дау қазының алдына түседі. Қазы даугерлерден сұраса, екеуі де “өзім таптым” деп жамандасады. Қазы төрелік-билік айтайын десе, анығына жете алмайды. Содан кейін бір білгіш қазыға:

- Оған несіне бөгеліп ойланып отырсыз, екі әйел баланы бір-біріне қимаса, онда баланы қақ жарып екеуіне бөліп беріңіз, екеуі де разы болсын, - депті. Қазы “бұл да дұрыс екен», депті де “ертең келіңіздер, билік құрам, үкім етем” депті.

Ертеңіне келіп, жұрт жиналған соң, қазы үкімін айтыпты. “Үкім қақ жарып екеуіңе бөліп беру, осыған разысыздар ма?” депті. Сонда бәйбіше:

- Бала өзімнің тар құрсағымды кеңітіп, тас емшегімді жібіткен балам еді, түн ұйқымды төрт бөліп тәрбиелеп, асырап біткен балам еді. Өтірікші жалақор қатынға кеткенше, көз алдымда өлсін, өзіме тиісті денесін қолыма беріңіздер. Қолымнан арулап қоятын, артынан дұғасын оқытып, батасын қылдырып отырайын, менің тілегім осы, - депті.

Екінші әйел, о да алдымен ананың айтқанын айтып зарлап жылап жіберіпті де:

- Шіркін, құлынымды өлімге қимаймын. Алты қырдың аржағында жүрсе де аман жүрсін, өлтірмей оны өтірікші әйелге беріңіз, мен баламның тірілігін тілеймін. Бірақ осы үкіміңізді ұмытпастай қылып балама ескертіңіз!, -депті. Қазы билік шығарылар алдында, “Осы бала кімдікі?” деп кеңескенде, билік құрамында отырған адамдар:

- Бала тоқал - мына соңғы әйелдікі: ана әйел баланы жақсы көргендігінен басқаға қимай отыр. Не болса да, шын анасы баласын өлімге қимайды. Бала соңғы әйелдікі депті. Қазы солай үкім шығарыпты.

Қазақ халқының қалыптасуы мен өсіп-өркендеу генезисі болашақ отбасы тәрбиесі мәселелерін терең түсініп, айқын ұғынудың кілті іспеттес. Халықтың халық педагогикасы ғасырдан ғасырларға созылып қалыптасты. Оның мазмұны қалың бұқараның өскелең ұрпақты тәрбиелеуге бағытталған тәжірибесін құрайды. Халық педагогикасы кәдуілгі сана деңгейінде әрекет етіп, халықтың ұжымдық педагогикалық шығармашылығының нәтижесіне айналды.

Ұлттың салт-дәстүрлері мен шешендік сөздері этнопедагогиканың алтын дінгектерінің бірі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Ғабдуллин М.* Қазақ халқының ауыз әдебиеті. –Алматы: Мектеп, 1974.
2. *Константинов Н.А., Мединский Е.Н., Шаббаев М.Ф.* История педагогики. –М: 1974.
3. *Алтынсарин Ы.* Таңдамалы педагогикалық мұралар. – Алматы: Рауан, 1991.
4. *Адамбаев Б.* Шешендік сөздер. –Алматы, 1992.
5. *Левшин А.* Қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ ордалары мен даласының сипаттамасы. /Орышадан аударған М.Кенпейілов. -Санкт-Петербург,1983.-2 том. 192 б.
6. *Мақал мәтелдер.* –Алматы: Білім. 1955.
7. *Құнанбаев А.* Шығармаларының толық жинағы. –Алматы: Қаз БМБ, 1948. – 501 б.
8. *Уәлиханов Ш.* Таңдамалы шығармалар жинағы. Т.4 – Алматы: Қазақстан, 1981. – 412 б.
9. *Радлов В.В.* Алтын сандық. (Қасқабасов С., Ісләмжанұлы Қ.). Алматы: Ана-тілі, 1993, 8 б.

С.МАҒЖАН

филология ғылымдарының кандидаты,
А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің аға оқытушысы

Б.ЖҮСПОВА

филология ғылымдарының кандидаты,
А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің доцент м.а.

**ИННОВАЦИЯЛЫҚ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ
ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

В этой статье рассматривается технология инновационного обучения.

This article considers the technology of innovative knowledge.

Егеменді ел болып, іргемізді бүтіндеп отырған кезде болашақ еліміздің көсегесін көгертетін жас ұрпақтың ой-санасын жетілдіріп, жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру – біздің парызымыз.

Адамзат қоғамын алға апаратын күдіретті күш – білім. Ал жаңа мемлекетіміздің болашағы – бүгінгі мектеп оқушылары. Оларға бірдей талап қойып, олардың табиғи қабілеттерін, нақты мүмкіндіктерін анықтап, соған негіздеп оқыту – бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Ол үшін мектеп ұжымдары, әр мұғалім күнделікті ізденіс арқылы барлық жаңалықтар мен өзгерістерге батыл жол ашарлық қарым-қатынас жасаулары керек. Оқыту түрлерін, әдістері мен құралдарын одан әрі жетілдіріп, тиімді тәсілдерді нәтижелі қолданудың жолдарын іздестірулері қажет-ақ.

Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі. Өйткені, жаңа педагогикалық технологияны меңгеруге оқытушыларды даярлау – оларды кәсіби білімін көтеруге дайындау аспектісінің бірі және педагогтың жеке тұлғасын қалыптастырудың үрдісіндегі іс-әрекеттің нәтижесі болып табылады.

Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту білім беру мекемелерінің басты міндеті болып отыр. Ол бүгінгі білім беру кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісімен келмек. Сондықтан да әрбір студенттің қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді [1].

Оқу-тәрбие үрдісінде қолданылып, айтарлықтай нәтиже беріп жүрген жаңа педагогикалық технологиялар: дамыта отырып оқыту әдістемесі (Л.Занков, Д.Эльконин, В.Давыдов, В.Репин, В.Левин); оза отырып оқыту

(С.Лысенкова) іс-әрекетті бағалау (Ш.Амонашвили, И.Волков); тірек және тірек конспектілер арқылы оқыту (В.Шаталов); саралап оқыту; шоғырландырып қарқынды оқыту жүйесі; деңгейлік тапсырмалар арқылы дамыта оқыту; жобалап оқыту технологиясы, т.т.[1].

Жаңа технологиялардың педагогикалық негізгі қағидалары: балаға ізгілік тұрғысын қарау; оқыту мен тәрбиенің бірлігі; баланың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту; баланың өз бетімен әрекеттену әдістерін меңгерту; баланың танымдылық және шығармашылық икемділігін дамыту; әр оқушының, оның қабілеті мен мүмкіндік деңгейіне орай оқыту; барлық оқушылардың дамуы үшін жүйелі жұмыс істеу; оқу үрдісін оқушының сезінуі. Осыған байланысты бірқатар мектептердің оқу-тәрбие үрдісіне интерактивтік әдістер қолданылып, жүзеге асырылып жүр [1].

«Интерактивтік» деген сөз энциклопедиялық сөздікте көрсетілгендей, интеракция деген ұғымнан келіп шығады. Ал интеракция жеке индивидтердің, топтың, жұптың өзара біріккен әрекетке бір-біріне алма-кезек өтуі.

Ғалым Т.Левандовский интеракцияны қарым-қатынас жасау үрдісіне синонимі ретінде сипаттайды. Бұл әдіс, әсіресе, сұхбат құруда оқушылардың белсенділігін арттырады. Бірігіп жұмыс істеуге үйретеді. Олардың ізденуін, шығармашылықпен әрекет етуін қамтамасыз етеді.

«Интеракция» термині әлеуметтік психологияда бар. Ендеше бұл термин ертеден бері қарастырылып келеді деуге болады. Алайда, кейбір социолог ғалымдар оны адамдардың өзара бірлескен әрекеті деп көрсетсе, кейбіреулері қарым-қатынас деп түсіндіреді. Енді социологтар интеракцияны қарым-қатынастың бір түрі деп біледі. Адамдар арасындағы қарым-қатынас, біріккен әрекет қоғам мүшелерінің өзара ой, пікір, идея алмасуы арқылы жүзеге асатын болса, интеракция қарым-қатынас кезінде оқушылардың істі ұйымдастыра білу қабілеттері де көрінеді. Интерактивтік әдіспен сабақ өткізу кезінде оқыту – кеңесші, серіктес рөлін атқарады [2].

Оқу-тәрбие процесінде жаңа педагогикалық технологияларды ендірудің алғы шарттары: оқытушылардың инновациялық іс-әрекетін қалыптастыру болып табылады. Жаңа педагогикалық технологияны меңгерген әрбір оқытушы өз сабағын нәтижелі даму жағынан көре алады.

Оқытушы алғаш педагогикалық технологияларды оқып үйренеді, екіншіден, меңгереді, үшіншіден, жаңа педагогикалық технологияларды тәжірибеде қолданады, төртіншіден, оны дамытып, нәтижесін тексереді [3].

Жаңа технологияны қолдану төмендегідей кезеңдер арқылы жүзеге асырылады: 1 кезең – оқып үйрену; 2 кезең – меңгеру; 3 кезең - өмірге ендіру; 4 кезең – дамыту. Олар мына әдет-дағдылар:

1. Оқушы өзін-өзі батыл, еркін сезінеді. Үйреніп жатқан тілге деген қызығушылығы артады.

2. Өзіне бөлінген тақырып бойынша сөйлеу барысында ізденуге,

шығармашылықпен жұмыс істеуге, тіпті өзінің бүкіл түйсігін, сана-сезімін белгілі бір мәселеге жұмсауға үйретеді [2].

Оқу тәрбие үрдісінде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін пайдаланғанда оқушыны субъект тұрғысынан қарастырғанда оқытудың нәтижелі, білімнің сапалы болатындығы және ең бастысы, оқушылардың пәнге деген жауапкершілігі, қызығуы күшейеді, оқушының өз бетінше жұмыс істеуге ынтасы оянып, оның іздеушілік-шығармашылық, зерттеушілік қабілеттері артады.

Инновациялық құбылыстар білім беру саласында өткен ғасырдың сексенінші жылдары кеңінен тарала бастады. Әдетте инновация бірнеше өзекті мәселелердің түйіскен жерінде пайда болады да, берік түрде жаңа мақсатты шешуге бағытталады, педагогикалық құбылыстар үздіксіз жаңғыртуға жетелейді. Р.Масырова, Т.Линчевская – “Жаңару” (новшество) дегенімізді былай деп түсіндіреді: Жаңару – белгілі бір адам үшін әділ түрде жаңа ма, әлде ескі ме оған байланысты емес, ашылған уақытынан бірінші қолданған уақытымен анықталатын жаңа идея.

Инновациялық үрдіске түскен ұжым даму барысының бірнеше кезеңін бастан кешіреді: 1) жалтақтап күдіктену; 2) даңғазашылдық; 3) тұрақтану; 4) ынтымақтастық қалыптасуы. Соңғы екі кезеңі – инновациялық үрдісті ұжымның шығармашылықпен сезінген, түсінген кезеңдері [3].

Ең алғаш “Инновация” ұғымына қазақ тілінде анықтама берген ғалым Немеребай Нұрахметов. Ол “Инновация, инновациялық үрдіс деп отырғанымыз – білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі” деген анықтаманы ұсынады.

Н.Нұрахметов “Инновация” білімінің мазмұнында, әдістемеде, технологияда, оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда, мектеп жүйесін басқаруда көрініс табады деп қарастырып, өзінің жіктемесінде инновацияны, қайта жаңарту кеңістігін бірнеше түрге бөледі: жеке түрі (жеке-дара, бір-бірімен байланыспаған); модульдік түрі (жеке-дара кешені, бір-бірімен байланысқан); жүйелі түрі (мектепті толық қамтитын) [3].

“Инновация” сөзі - қазіргі уақытта барлық өндіріс, медицина, техника салаларында өте жиі қолданып жүрген термин. Қазір бұл сөз “Жаңа, өзгеру, жаңаша” деген мағынаны білдіреді және дәл қазіргі жаңа заманға да “Жаңа, жаңаша өзгерудің” мазмұны терең және анық екендігі белгілі. Бұл әдістеменің негізінде үйренушінің дербес қабілеті, белсенділігін қалыптастыру, оқыту материалдарын өзінше пайдалану арқылы танымдық белсенділігін арттыру алға шығады.

Инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдануда оқытушы сабақты дайын күйінде бағалайды, әрбір білім алушының өзі ізденіп ғылыми негіздерін өз бетінше игеріп, ғылыми зерттеуді көздейді, ал оқытушының негізгі міндетіне білім алушының іс-әрекетін бақылау жатады.

Инновациялық процестің негізі – жаңалықтарды қалыптастыру, жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады [3].

Елбасы Н.Назарбаев білім және ғылым қызметкерлерінің III съезінде білім сапасын арттыру жөнінде тұжырымды ой айта келіп, білім нәрімен сусындататын біздің асыл да ардақты ұстаздарымызға да үлкен міндеттерді жүктегені барлығымызға мәлім. Ендеше, келешекте Қазақстанның ғарыштап дамуына өз үлесін қосатын бүгінгі ұрпақ – ертеңгі азамат болғандықтан, оқу–тәрбие үрдісін жаңартып, білім сапасын арттыру оқытушылар құзырындағы өте үлкен жауапты іс [4].

Білім сапасын арттырудағы жаңа инновациялық технологияларды оқып, үйреніп сараптай келе, мынадай тұжырым жасауға болады:

-білім алушылардың білім, білік сапасын арттырудағы жаңа инновациялық технология түрлері сан алуан, оларды таңдау және одан шығатын нәтиже оқытушының кәсіби біліктілігіне тікелей байланысты;

- жаңа инновациялық технологияларды енгізу жүйелі әрі мақсатты түрде жүргізілгенде ғана жетістікке жетуге болады;

- жаңа инновациялық оқыту технологияларын енгізу барысында әрбір оқу орнының материалдық – техникалық базасында бүгінгі талапқа сай еместігі, әрі жетіспеуі, кадрлық әлеуметтің төмендігі көп кедергі жасайды.

Қазіргі жас ұрпақтың саналы да сапалы білім алуының бірден-бір шарты – оқу орындарындағы білім беру процесіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу екендігі сөзсіз түсінікті. Сондықтан ғылыми-техникалық прогрестен қалыспай, жаңа педагогикалық инновацияларды дер кезінде қабылдап, өндеп, нәтижелі пайдалана білу - әрбір ұстаздың негізгі міндеті болып табылады [4].

Біздің ойымызша, оқу орындарында инновациялық педагогикалық технологияның негізгі, басты міндеттері мынадай:

- әрбір білім алушының білім алу, даму, басқа да іс-әрекеттерін мақсатты түрде ұйымдастыра білу;

- білім мен білігіне сай келетін бағдар таңдап алатындай дәрежеде тәрбиелеу;

- өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, дамыту;

- аналитикалық ойлау қабілетін дамыту.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бузаубақова К. “Жаңа ПЕД–технологияны меңгеру міндеті”.//Қазақстан мектебі. №9-10. 2005. 25-26 б.
2. Бузаубақова К. “Жаңа педагогикалық технологиялар”//Қазақстан мектебі. №4. 2005 . 5-8 б.
3. Арысбаева З. “Инновациялық әдіс- тәсілдерді қолдану ерекшеліктері”//Қазақстан мектебі. №1. 2007 . 69-70 б.
4. Көшімбетова С. “Оқыту тиімділігі- озық технологияларда”. //Қазақстан мектебі. №7. 2005 . 16-17 б.

Ү.МЕЛДЕБЕКОВА

педагогика ғылымдарының кандидаты,
А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің доцент м.а.

АБАЙ ЖӘНЕ МУЗЫКА

В данной статье речь идет о суждениях и взглядах Абая об искусстве, песне а также роли музыки в обогащении духовного мира человека.

This article is about the judgments and views of Abai about art, song and also the role of music in enriching the spiritual world of a person.

Жалпы адамзаттық тұрғыдан қарағанда тәрбие мақсаты - әрбір тұлғаны жан-жақты жарасымды етіп тәрбиелеу. Олай болса, бүгінгі ұрпақтарға білім-ғылым нәрін берумен қатар, өз халқымыздың тұғырлы тағылым қағидаларын жеке үйретіп, игертудің мәні зор.

Ел аралап, сызылтып, шырқатып ән салып, күмбірлетіп күй тартып, жыр төгіп, құлақ құрышын қандыра, тыңдаушыларын еліткен саңлақ өнерпаздар ұлтымызда бұрын да көп болған. Олар тыңдаушыларының жан түкпірін қозғап, жүректерінің әдемі сұлу, нәзік пернесін басты, әсем ләззатқа бөледі. Рухани дүниесінің сусындар ләззатындай болған бұл өнерпаздарды бұқара халық қатты қадір тұтты. Ұлы Абай да бұларды жан-тәнімен сүйді, құрмет етті. Еріп, елтіп өнерлерін талай тыңдады. Әсем сұлулығы мен әлеуметтік сырына әбден қанды [1. 41].

Абай түсінігінде ақындық пен әншілік осындай халықтық, әлеуметтік сипатта болды. Ол әншілік өнерді өмірді өзгертуге қатысушы зор күш деп түсіндірді. Ол – халықтың “көкірегін оятып көзін ашушы”, мінез-құлқын тәрбиелеп түзетуші, білім-ілім беруші, жақсылықтың жаршысы деп түсіндірді:

Мақсатым тіл ұстартып өнер шашпақ,
Наданның көзін қойып, көңілін ашпақ.
Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер,
Думан-сауық ойда жоқ, әуел баста-ақ.

Бұлар – Абайдың өз поэзиясының ғана мақсаты емес, бүкіл эстетикалық санасымен туындап келе жатқан жаңа тұрғылы әдебиет пен өнердің көркемдік принципі.

Абайдың сұлулық табиғатына, әдебиет пен өнердің өмірге қатысына көзқарасы – материалистік. Ақын топшылауында, өлең, ән, күй болмыс көрінісі болғандықтан, мұң-зар, шер, өмір қайшылығын да бейнелейді. Музыка - өмірге жан салушы, оны барлық сүйікті-сүйкімсіз, күйлі-күйсіз жағынан қайтадан тудырушы.

Музыка эмоционалдың әсерімен және өмірді тура танушылығымен өзгешеленеді, сезім дүниесіне әсер етеді. Әннің құнарлы-құнарсыз, қадірлі-қадірсіз болуы да осы қасиетіне байланысты.

Абай болса, музыканың осы сиқырлы сырын аңғарды. Әннің адамның сыр серігі екенін түсінеді.

Музыкадан алған ыстық, терең сезімі мұң қасіретінен айықтырар дәрежесіндей көрінеді. Өлең-ән, күй керемет “іштегі дертті” қозғап жоярдай. Музыка ықпалын адам жанын өзгертер күштей санайды. Ақын сезімінің өзі айқын-анық түсінік принципіндей боп тұжырымдалды. Сондықтан әдебиет пен музыканың эмоционалдық күші – Абай талғамының бір принципі.

Абай мән-мазмұн, парқына қарай өлең, күй, ән саздарын екі топқа бөледі. Алғы тобына жататындары – мәнді-мазмұнды әрі көркем “іші алтын, сырты күміс” өлеңдер, ойлы сазды, сұлу ән мен күйлер. Екінші тобына жататындары – көр-жерді өлең еткен, жоқты мақтаған, мазмұны жұтаң, әлеуметтік салмағы жоқ өлеңдер мен әндер. Бұл екі салалы өнер түрлері өмір үшін таласта біріне-бірі қарама-қарсы ұстанымда тұрды. Бірі болмысты өзгертудің қамын ойлап, үлкен мақсат көздейді. Екіншісі, ырду-дырду әуекесқой арзанды таңдап-қалап, жұрттың көңілін аулауға тырысады. Сайып келгенде, Абайдың музыкадағы құмарсыздық пен көріксіздікке қарсы жүргізген күресі - өнерде реализм принциптерін орнықтыру үшін істеген ісінің бірі.

Абай Құнанбаев халық мұрасының тәрбиелік мәнін терең түсіне білді. Бастауыш сынып оқушыларына эстетикалық тәрбие беруде Абай өлеңдерінің маңызы өте зор.

Қазақ жерінің әсемдігі мен сұлу көріністерін, өсімдіктер мен жан-жануарлар қимылы, адамдар іс-әрекетіндегі үйлесімділік – мұның бәрі бала қиялына қанат бітіріп, көріністерге көңіл тоқтатып, эстетикалық талғамын байыта түседі.

Абай өлеңдері балаларды табиғаттың сырлы дүниесіне құлақ түріп, сұлулығын көре білуге үйретеді. Орман мен тоғай, көл мен өзен, дала мен шалғын көріністерін, жан-жануарлар мен өсімдіктер әлемінің әсемдігін толғана қабылдай білуге шақырады. Абай өлеңдерінің бастауыш сынып оқушыларының танымдық дүниесін байытудағы сыры осында [2. 230].

Мысалы, әр адамға әбден таныс, құлағына сіңген “Желсіз түнде жарық ай” деген өлеңін алайық:

Желсіз түнде жарық ай,
Сәулесі суда дірілдеп.
Ауылдың жаны терең сай,
Тасыған өзен гүрілдеп.
Қалың ағаш жапырағы
Сыбырласып өзді-өзі,
Көрінбей жердің топырағы
Құлпырған жасыл жер жүзі.

Мұндағы табиғаттың бейнесі арқылы балалардың қоршаған орта сипатын түсініп, сол әсемдіктен лирикалық күй кешу, өз елін, табиғатын

сүюге тәрбиелейді.

С.А.Ұзақбаева өз зерттеуінде: “Абай шығармаларының бүгін де балалар мен жеткіншектердің эстетикалық тәрбиесінде алатын орны ерекше. Абай әндерін қазақ композиторлары өздерінің шығармаларына арқау етіп енгізді. Абай әндеріне жеке аспаптарға (ұлт аспаптарына, симфониялық оркестр аспаптарына), шағын ансамбльге (трио, квартет, квинтет) және үлкен оркестрге арнап шығармалар жазды. Абай әндері “Абай” операсына молынан кірді, хор ұжымының тұрақты репертуарына айналды. Абай шығармалары қай ғылым саласының болмасын зерттеу объектісі. Мұның бәрі Абай шығармаларының өміршеңдігін, жаңашылдығын дәлелдей түседі”, - деп жазды [2. 128].

С.А.Ұзақбаева: “Абай эстетикалық тәрбиенің құралы ретінде халық музыкасының маңызына тоқталады. Қазақ халқының туғаннан өмірінің аяғына дейінгі әнге, өлеңге, музыкаға деген көзқарасын, солардың ықпалымен қалыптасатын эстетикалық сезімін былай деп көрсетеді:

Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол,
Қаза көрген жүрегі жаралы – ол,
Көзінің жасын тыймай жылап жүріп,
Зарланып неге әнге салады ол.

Күйеу келтір, қыз ұзат, тойынды қыл,
Қыз таныстыр - қызыққа жұрт ыржаңшыл.
Қынамен де, жар-жар мен беташар бар,
Өлеңсіз солар қызық бола ма гүл?

Бала туса, күзетер шілдеhana,
Олар да өлең айтар шулап жаңа.
Бұрынғы жақсылардан өрнек қылған,
Биде тақпақ, мақал бар, байқап қара.

Әнші, күйші, ақын, жыршылардың эстетикалық көзқарасы мен талғамының қалыптасуына ықпал ете отырып, олардың көмегімен қазақ даласына өзінің өлеңдерін таратады. Әннің күдіретті күшін әсерлі суреттейді. Тамылжытып салған ән ұйықтап жатқан жүректі тербетіп оятады, көңілдегі мұңды таратып, жас балаша қуантып, керемет бір ләззатқа бөлейді, дегенмен:

Адам аз мұны біліп ән саларлық,
Тыңдаушы да аз, ол әннен бәһра аларлық.
немесе

Әннің де естісі бар, есері бар,

Тыңдаушының құлағын кесері бар.- деп әнді эстетикалық сезіммен қабылдай білу, әннің көпшілікке ұнауы тыңдаушыға да, орындаушыға да, әнге де байланысты екенін ескертеді” [2. 124-125].

Абай шығармаларының мазмұны орыс классиктерінің шығармаларына ұқсас болғанымен, ұлттық колориті сақталынып, Абайдың өзіне тән шеберлікпен берілген. Мысалы, жылдың төрт мезгілі туралы өлеңдері, сыртқы көрінісінен қарағанда Пушкин өлеңдеріне ұқсас болғанымен, оларда қазақ даласының табиғат көрінісі, шаруаның жеке қоғамдық қатынастары көрсетілген. “Көктем”, “Жаз”, “Күз” өлеңдері эстетикалық сырларға толы. Бұл өлеңдердің бастауыш сынып оқушыларына тәлім-тәрбиелік мәні үлкен.

Абайдың “Айттым сәлем Қаламқас”, “Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы” сияқты әндері қазақ музыкасының асыл мұрасы.

Осы айтылған мысалдар Абай шығармаларының негізгі үш саладан қосылып, қазақ халқының өнерге деген сезімін жан-жақты оятатын үлкен дарияға айналғанын көрсетеді.

Сондықтан Абай шығармаларының эстетикалық мұра қазақ халқының өткен уақыттағы өнерге деген көзқарасының қалыптасуына ықпал етіп қана қоймайды, ол сонымен қатар қазіргі кезеңде бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде маңызы зор болып табылады.

Абай: “Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін
Жоқты, барды, ертегіні термек үшін.
Көкірегі сезімді, тілі орамды,
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін”, -
деп тәрбиелік міндеттерді көрсетеді [3.101].

Халқымыздың атадан балаға мұра еткен өнер түрі, оған көзқарасы және әсемдік әлемін түсіну сезімі, оны бейнелеу сезімі бұдан мыңдаған жылдар бұрын жасалынып, оның салтқа айналып, атадан-балаға, одан мына бүгінгі біздің жастарымызды тәрбиелеуге жетіп отырғанын көреміз.

Өнердің нағыз көркем шығармалары ғана оқушылардың эстетикалық жағынан тәрбиелеп, оның әсемдікке деген сүйіспеншілігін оятады.

Нағыз әсем өнер ғана адам жанына рухани азық болады, адамның адамгершілік сезімін молайтады.

Абайдың философиясында біршама материалистік түсініктер мен топшылаулар бар десек, олардың ең бір жүйелі тиянақтысы – ақынның эстетикалық көзқарасы. Абайдың ең алдымен көңіл бөлгені - өлеңнің өлеңдік профессионалды (поэзиялық, өнер) қасиеті. Ақындар поэзиясы көркемдіктің фольклорлық тұрғысынан шыға алмаған, ала-құла стилді болатын. Тарихи тағдыры мен тіршілігінің тұрқы халықты ауыз-екі шығармашылыққа икемдеді. Суырып салма шығарғыштық негізінде айтыс, дастан, жыр өлеңдер туды.

Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы,

Сонда да солардың бар таңдамасы, - деп, Абай эстетикалық құнарсыздыққа қарсы қатты күрес ашады. Парықсыз көптеген өлеңдер мен талғам, түсініктерге қарсы шығады.

Абайдың эстетикалық көзқарастарында сын мен ұсыныс ылғи жарысып,

бірге жүреді. Сын Абайға таза сын үшін, объектісін жамандау үшін керек емес, ескіліктің жарамсыздығына жұртшылықтың көзін жеткізу үшін, өзінің жаңа сапалы принциптерін әдебиетте орнықтыру үшін қажет. Ескі поэзия үлгісін жаратпағанда, оның орнына ұсынатыны не, ол:

Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы,

Қиыннан қиыстырар ер данасы.

Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,

Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы – делінетін белгілі данышпандық принцип.

Абай көзқарасынша, жаңа сапалы өлеңнің бас қасиеті – мазмұн мен түрдің сайма-сай келістігі. Әрине, келістік жай сәйкестік емес, ол – нәрлі, елеулі мазмұнның лайықты түрмен көрінуі. Әдебиетте мазмұн мен түр – жарып-айырып қарауға келе бермейтін құбылыс. Ол – ой мен тілдің қарым-қатынасы сықылды, ойсыз тіл, тілсіз ой жоқтай. Толымды мазмұн – көрікті форма, ал көрікті форма – сапа. Мазмұнсыз форма жоқ, формасыз мазмұн байқалмайды. Өйткені форма – мазмұнның көріну жолы.

Абай өмірді ағартушылық жолмен өзгертуде бірден-бір құрал ғып әдебиетті таңдаған. Ол күнделікті тұрмыстық қана міндет атқарып келген ауыз әдебиеті мен ақындар поэзиясына қанағаттанбайды. Әсіресе ұсақ-түйек, “көр-жерді өлең қылған, біреуді мақтап, біреуді даттап, жанын қармап” өлеңді күнелткіштікке, кәсіпшілікке айналдырып жүрген ақындарды жақтырмайды.

Бұлар – Абайдың өз поэзиясының ғана мақсаты емес, бүкіл эстетикалық санасымен туындап келе жатқан жаңа тұрғылы әдебиет пен өнердің көркемдік принципі.

Абайдың сұлулық табиғатына, әдебиет пен өнердің өмірге қатысына көзқарасы керемет. Оның әдебиет, өнер жайындағы философиялық пікірлері өлең формасымен айтылған. Сол себепті олардың кейбір қалыпқа түсіп тұжырымдалса, кейбірі меңзеле берілген. Оның ұғымында, өлең нақты өмір бейнесі болып, өзінен-өзі туындайды. Қосақтасып-қабысып бірігіп, тұрмыс-тіршілік көріністерімен бірге жүреді.

Ақын топшылауында, өлең, ән, күй болмыс көрінісі болғандықтан, мұң-зар, шер, өмір қайшылығын да бейнелейді. Өнер - өмірге жан салушы, оны барлық сүйікті-сүйкімсіз, күйлі-күйсіз жағынан қайтадан тудырушы.

Қоғамдық сананың басқа түрлерінен өнердің ең басты бір айырмасы – оның эмоционалдығы мен өмірді тура танушылығы. Бізде белгілі қоғамдық сана: білім, идеологиялық көзқарастар болып екіге бөлінеді. Бірақ бірімен-бірі тығыз байланысты. Өнер білімге емес, идеологиялық көзқарасқа жақынырақ. Оның қоғамдық-идеологиялық құбылыс боп есептелетіні осыдан. Әдебиет, өнер сезім дүниесіне әсер етеді. Өйткені өнер өмірді тікелей тура эмоционалдық идеологиялық жолмен танып бейнелейді. Идеологиялық көзқарас тұрғысынан эмоционалды өмір суретін жасайды. Ол

эмоционалды сурет сезім, қабілет, түйсік жүйесіне әсер етеді. Өнердің ең басты қасиеті – осы эмоционалдық қуаты. Шығарманың құнарлы-құнарсыз, қадірлі-қадірсіз болуы да осы қасиетіне байланысты.

Абай болса, өнердің осы сиқырлы сырын аңғарды, өнер адамның сыр серігі екенін түсінеді. М.Әуезов айтқандай, ол халық әнін өзінің мұңдасы етеді. Өнерден алған ыстық, терең сезімі мұң қасіретінен айықтырар дәрежесіндей көрінеді. Өлең-ән, күй керемет “іштегі дертті” қозғап жоярдай. Өнер ықпалын адам жанын өзгертер күштей санайды. Ақын сезімінің өзі айқын-анық түсінік принципіндей боп тұжырымдалды. Сондықтан әдебиет пен өнердің эмоционалдық күші – Абай талғамының бір принципі.

Абайдың ақындық өнер мәнін түсінуі ағартушылық көзқарасымен және әдебиеттің өмірден алатын орнын белгілеуімен байланысты. Ол – биік мақсаты жоқ, күнделікті тұрмыс ділгерлігінен аспаған поэзияны сынады. Жаңа әдебиеттің әлеуметтік, азаматтық сипатта болуын аңсады.

Халық поэзиясында ақын, ақындық мұрат пен шабыт тақырыбы арнайы жырланып, көркемдікпен игерілген емес. Халық ақындары ақындыққа міндет-жүк артып, оның әлеуметтік рөлін анықтаған емес. Бұл тақырыпты меңгеруге бірінші көңіл аударған адам – Абай.

“Ақын мен ақындықтың мұрат-мақсаты туралы, қазақ әдебиетінде Абайдан бұрын өзге жырлаушы жазушы болмаған. Абай бірінші рет өлеңді шын мағынасындағы өнер деп тауып, оған орасан зор қоғамдық мән берді. “Қиыннан қиыстырар ер данасы” атты бір жолмен өлеңнің өнердің өнері екенін аңғартты”, - деп бағалады М.Әуезов.

Абайдың үлгі-өнегеге тұтарлық шығармашылығы да, пікір көзқарастары да поэзиядағы формализмге қарсы бағытталған. Өнердің қалыңқы, ескі стильді жолдары сыналып, әшкерелену үстінде жаңалық орныққан.

Сайып келгенде, Абайдың музыкадағы құмарсыздық пен көріксіздікке қарсы жүргізген күресі - өнерде реализм принциптерін орнықтыру үшін істеген ісінің бірі.

Абайдың әдеби көркем көзқарасы – бүкіл төңкеріске дейінгі қазақ әдебиетінің эстетикалық негізі болған жүйелі көзқарас. Ол - ұлт өмірінің ділгерлігінен туған. Абай эстетикасының принциптері осы күнге дейін де әдебиетімізге игі ықпалын тигізуде.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Құнанбаев А. Шығармаларының толық жинағы, I том. -Алматы, 1954.
2. Ұзақбаева С.А. Қазақтың халықтық педагогикасындағы эстетикалық тәрбие. П.ғ.д. дисс... 21.05.93. - Алматы, 1993. - 425 б.
3. Құнанбаев А. Қалың елім қазағым: өлеңдер поэмалар, қара сөздер. -Алматы, 1995. - 384б.
4. Әуезов М. Шығармаларының толық жинағы, 17 том. -Алматы, 1984.

Б.Б.ЖОЛДАСОВА

педагогика ғылымдарының кандидаты
А.Ясауи атындағы ХҚТУ

С.РҮСТЕМОВА

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

БОЛАШАҚ ДИЗАЙНЕРЛЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

В статье рассматриваются проблемы творческого развития в профессиональном обучении будущих дизайнеров, условий развития информационных технологий, а также развития профессионального мастерства будущих педагогов.

The paper considers the problem of creative development in the professional education of future designers, conditions for the development of information technologies, as well as the development of professional skills of future teachers.

Ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Жаңа онжылдық-жаңа экономикалық өрлеу-Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» деп аталатын Қазақстан халқына жолдауында жеке тұлғаның білім алуы мен дамуына оның бірізділікпен жүзеге асуына баса назар аударған. Мұнда білім жеке тұлғаның шығармашылық іс-әрекетінің, келешек кәсіби шеберлігінің бастауы ретінде қарастырылған [1].

Бүгінгі таңда болашақ маманның әлеуметтік білім беру кеңістігіне сай білім алуы мен оқып үйренуі іскерлікті, жеке тұлғалық және кәсіби сапалық қасиеттерді меңгеруі қоғамның негізгі талабы ретінде қарастырылуда. Жоғары білімді педагог маман ғана қоғам мен экономиканың әлеуметтік және мәдени өркендеуіне үлес қосатын ұрпақ тәрбиелей алады. Осы себепті Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында: «Жоғары білімді дамытудың негізгі үдерісі мамандар даярлау сапасын арттыру қарқыны ғылыми-зерттеу іс-әрекетімен ықпалдастырылған инновациялық білімді дамыту, жоғары оқу орындары зерттеулерінің әлеуметтік сала мен экономиканың қажеттіліктерімен тығыз байланысы білім беру және ақпараттық технологияларды жетілдіру болып табылады» - деп атап көрсетілген [2]. Осыған орай, білім беруді дамыту болашақ дизайнерлердің кәсіби тұлғасына қойып отырған міндеттер аясында, олардың шығармашылық қабілеттерін жүзеге асырып, кәсіби шеберліктерін дамытуды міндеттейді.

Дизайнер тұлғасының кәсіби маңызды сапасы ретінде ой-өрісінің ұшқырлығы мен логикалық, бейнелік әрекеттері мен болашақ дизайнерлерді рухани жетілдіру маңыздылығы артуда. Мұндай жеке тұлғалық сапалар аумағында кәсіби дизайнерлік шеберліктің алар орны ерекше.

Қоғамның қазіргі даму жағдайында болашақ маманның кәсіби шеберлігін қалыптастыру, еліміздегі білім беру жүйесінің даму тарихы мен ұлттық тәлім-тәрбие жұмыстарының қалыптасуы мен ерекшеліктерін көрсету, болашақ мамандардың танымдық іс-әрекеті мен кәсіби жетілуін,

яғни білім беруді жетілдірудің өзекті мәселелерін көптеген ғалымдар өз еңбектеріне арқау етті.

Кәсіби шеберлік пен кәсіби білім берудің жекелеген мәселелерін Ш.А.Амонашвили, Ю.Л.Львова, Ю.П.Азаров, В.А.Кан-Калик, Е.Н.Ильин, О.С.Булатова, Қ.Ералин, М.Х.Балтабаев, Р.Ф.Дүйсенбинова, А.А.Қалыбекова, Т.А.Қышқашбаев, Б.М.Бекмухамедов және т.б. ғалымдарымыз зерттеген.

Кәсіби дизайнерлік шеберлік кәсіби білім берудің теориялық іргетасы ғана емес, сондай-ақ шығармашылық құпиясына жетуге мүмкіндік беретін практикалық құрал және болашақ маманды кәсіби даярлаудың әдіснамалық негізі болып табылады. Болашақ маманның шығармашылығын қалыптастырудағы дизайнерлік шеберліктің рөлі мен маңызын дамытуда Ю.М.Алиев., Е.Н.Лазарев, Б.М.Неменский, Б.Әльмұхамбетов, А.Н.Петрова, Д.Тұранқұлова және т.б. ғалымдар өз үлестерін қосты.

Болашақ дизайнер мамандары жалпы білім беретін бағдарламаларды іске асыратын білім беру оқу орындарында кәсіби іс-әрекеттерді атқаруы қажет. Аталған бағдарламалардың мазмұнын құруда “Кәсіби іс-әрекет” және “Кәсіби функциялар” арасындағы ерекшеліктерді ашып көрсетуді қажет етеді.

Болашақ дизайн мамандардың кәсіби шеберлігін дамытуды басқару ұстаздың осы педагогикалық іс-әрекет түріне байланысты тиісті дайындығының болуын талап етеді. Ол іс-әрекеттің мазмұнына мыналар енеді: кәсіби шеберлікке баулудың мақсаты мен нәтижелерін жобалау; үйретудің мазмұнын, әдістерін, құралдары мен формаларын іріктеу мен моделдеу; шығармашылық іс-әрекетті дамытудың жеке бағдарламаларын (бағыттарын) құрастыру; шығармашылық іс-әрекет барысында жоспарлау мен мониторинг жүргізу және т.б.

Қазіргі кезеңде білім берудің теориялық және технологиялық негізін жасаудың өнімді жолдары жасалынды. Бұл мәселені шешудің бір жағы мұғалімнің құзыреттілігіне де байланысты. В.А.Сластенин тұлғаның кәсіби педагогикалық бағыттылығын мұғалімнің құзыреттілігінің белгісі деп санаған. Оның ойынша құзыреттілікке мыналар жатады:

- тұлғаның танымдық кәсіби-педагогикалық бағытын анықтайтын қасиеттері;

- оның психологиялық дайындығын талап ету;
- арнайы дайындығы көлемі мен құрамы;
- мамандығы бойынша әдістемелік деңгейінің мазмұны [3].

Ал П.М.Митина болашақ мұғалімнің технологиялық құзыреттілігіне мыналарды жатқызады:

- кәсіби-педагогикалық білім;
- кәсіби-педагогикалық шеберлік;
- кәсіби-негізгі қасиеттер, танымдық, мотивациялық аймағы;

- кәсіби-педагогикалық позициялары (тұрақты қатынас жүйесі).

Сондықтан да біз технологиялық құзыреттілікті жан-жақты және өзара бір-бірімен байланысты үш компоненттен құралғандығын айтуымыз керек. Олар:

- а) кәсіби білім;
- ә) кәсіби шеберлік;
- б) педагогикалық әрекеттегі кәсіби ерекше қасиеттер [4].

Осы аталған үш компонент маман тұлғасын дамытуда бір тұтас жүйе ретінде қолданылады. Осы үш компонент арқылы алынған білім, болашақ дизайнердің нағыз шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастыруға болады. Сонымен қатар олар бір-бірін қайталамайды, күрделі диалектикалық қатынасқа түседі, сол арқылы әр компонент педагогикалық іс-әрекет кезінде не құрал, не сілтеме, немесе даму нәтижесі ретінде қолданылады.

Болашақ маманның мұндай сапаларын қалыптастыру іс-әрекет нәтижесінде жүзеге асады, сондықтан кәсіби-дидактикалық құзыреттілік қалыптастырудың теориялық негіздерінің бірі ретінде біз *іс-әрекет теориясын* алдық.

Әрекет – іс-қимыл бірлігі, саналы түрдегі, мақсатқа жетуге бағытталған тікелей жасалатын, еркін ниеттілік, белсенділік. Жеке тұлғаның шығармашылық қабілеттерін, кәсіби шеберлігін қалыптастыру мәселесі Л.С.Выготский, Б.Г.Ананьев, А.Н.Леонтьев сынды көптеген психологтардың еңбектерінде қарастырылған.

Н.В.Кузьминаның еңбектерінде педагогикалық іс-әрекеттің психологиялық құрылымына сипаттама беріледі. Ол барлық студенттің мамандыққа бағыттылығын және кәсіби икемділігімен шеберлігін қалыптастыруды меңгерудің маңызды міндеттерінің бірінен санайды. Сонымен қатар, маман дайындаудың тиімділігін арттыру үшін студенттерді болашақ кәсіби іс-әрекетінің құрылымына икемдей отырып, маман тұлғасын қалыптастыру үдерісін қарастырады. Кәсіби қабілетке ол байқампаздық, қиял, такт, назар аударып, көңіл қою және талапшылдықты жатқызады [5].

П.Я.Гальперин еңбектерінде іс-әрекеттің психологиялық құрылымы туралы жалпылама көзқарас негізінде кәсіби іс-қимылдың құрылымы қарастырылады. Олар:

- болашақ мамандарды алдағы жасалатын іс-әрекетке ынталандырып, қызығушылығын туғызу;
- мақсатты орындауға дайындық;
- іс-әрекетті жүзеге асыру үшін қажетті білім, біліктерін тексеру;
- іс-әрекеттерді ұйымдастыру;
- білім, білік және дағдыны бекітуге арналған жаттығулар;
- іс-әрекеттің орындалуын бағалау және нәтижесін тексеру, оған оңды қарым-қатынас қалыптастыру [6].


Л.С.Выготский «Жоғары психикалық функцияларды дамыту» атты еңбегінде жеке тұлғаның дамуы оның түйсік, сезім, қабылдау, ойлау, ой қорытындылау үдерістерінің дамуы мен адамның жеке тұлға ретінде дамуының бастау көзі екендігін таныған, оған ерекше мән берген. Қандайда бір істі өзінің нақты деңгейіне жеткізіп атқару үшін шеберлік керек. Шеберлік барлық іс-әрекеттерге де, барлық мамандықтарға тән.

Шеберліктің бастауы - ізденіс. Шеберлік - бұл жеке іскерлікті дамыту. Шеберлік білімі жаңа материалдармен жұмыс істеудің маңызды бөлігі ретінде саналады. Шеберлікке үйретіп, оқуды тиянақтау сабақтарының барысында да жалғасады. Оның үстіне шеберлік пен оның элементтері дағдыға айналады. Оның үстіне шеберлік пен оның элементтері дағдыға айналады. Осыған жетуде оқушының жеке басының тәрбиесіне де байланысты. Тұлғаның түсінігі, нанымдары емес, істеген ісі, қылығы оның тәрбиелілігін сипаттайды. Сол себепті қоғамдық қылық тәжірибесін қалыптастыру және іс-әрекет ұйымдастыру тәриесі процесінің түбірі деп қарастырылады [6].

Бұл топқа кіретін барлық әдістер тәрбиеленушілердің тәжірибелік іс-әрекетіне негізделген. Осы іс-әрекетті басқаруда педагогтар оны құрамдас бірліктерге, яғни қылық-әрекеттер мен кіші бөліктер - операцияларға бөліп қарастырғандықтан іске асыра алады. Тәрбие процесі педагогтың операцияларды орындаудан әрекеттерді басқаруға, содан кейін тәрбиеленуші іс-әрекетін басқаруға өтуімен анықталады.

Қ.Ералиннің «Шығармашылық қызмет психологиясы» атты еңбегінде адамның шығармашылық іс әрекетінің қалыптасуында жаттығу маңызды орын алады. Жаттығу - әдейі ұйымдастырылған белгілі бағыт ұсталған, бірнеше мәрте қайталанатын іс-әрекет. Белгілі шығармашылық жаттығулар негізінде қалыптасқан іс-әрекет қимылы «шығармашылық дағды» деп аталады деп көрсеткен. Ғалым шығармашылық дағдылардың төрт түрі бар екенін айтқан: олар қозғалыстық дағды, ойлау дағдысы, көру дағдысы, мінез-құлық дағдысы бөліп бөлінеді. Дизайн өнеріндегі шығармашылық дағды, қолдың бейнелеу қозғалысы, жаңаша композиция туралы ойлау, бейнеленетін заттар мен құбылыстарды көру, жұмыс барысындағы мінез құлық дағдыларының негізінде қалыптасады [7].

"Педагогикалық шығармашылық" – бұл өзінің жаңашылдығымен және өзгешелігімен айрықшаланатын іс-әрекет, ол қайталанбастығымен, бірегейлігімен ерекшеленетін тұлғаны қалыптастыруды (тәрбиелеуді) қарастырады. Педагог іс-әрекетінің практикалық іс-әрекеттегі жаңашылдығы мыналардан көрініс таба алады: мәселені шешудің дәстүрлі емес әдістерінен; жаңа әдістер, формалар, тәсілдер, құралдар мен олардың ерекше үйлесімділігінен; жинақталған тәжірибені жаңа жағдайда тиімді қолдана беруден, жаңа міндеттерге сәйкес белгілі тәжірибені жетілдіре түсу және т.б. Болашақ дизайн мамандарының кәсіби шеберлігін дамыту іс-әрекетіне даярлау барысында студенттердің оқу-кәсіби және шығармашылық іс-әрекет нәтижелерін жобалау белгілі бір логиканы әзірлеуді қажет етеді, ол 1 суретте берілген.



Сурет 1. Кәсіби шеберлігін дамыту барысында болашақ дизайнерлердің оқу-кәсіби іс-әрекет нәтижелерін жобалау логикасы

Техникалық, көркем және басқа да шығармашылық түрлерінің мақсаты тиісті міндеттерді айқындау мен қалыптастыру және субъективтік немесе объективтік жаңалыққа ие, қоғамдық маңызы зор шешімдерді әзірлеу болып келеді. Жаңа техникалық, көркемдік дизайнерлік және басқа да шешімдер осындай шығармашылық іс-әрекеттің нәтижесі болып табылады.

Болашақ дизайнерлерді кәсіби шеберлікке үйрету қазіргі таңда үлкен мәселеге айналып келеді. Кәсіби шеберлікті дамыту барысында болашақ мамандарға ұшқыр ой, логикалық сана, творчестволық ізденіс қажет. Нағыз дизайн маманы өзінің жұмысын басқа дизайнерлердің жұмысымен салыстырып, біліп қана қоймай, өз жұмысын шеберліктің жоғары шыңына жеткізу керек. Сонда ғана нағыз ізденуші дизайн маманы болып қалыптасады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. Жаңа оңжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері. Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. Алматы: Білім, 2011, 28 қаңтар.
2. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы //Қазақстан жоғары мектебі. – 2004. - №1.
3. Сластенин В.А. Методологическая культура учителя / В.А.Сластенин., В.Э.Тамарин. //Советская педагогика, 1990. -№10. - С. 75-78.
4. Митина П.М. Учитель как личность и профессионал. -Москва, 1994. -С. 12-16.
5. Кузьмина Н.В. Понятие "педагогическая система" и критерии ее оценки: методы системного педагогического исследования. - Л., 1980. - 43 с.
6. Гальперин П.Я. Психология мышления и учение о поэтапном формировании умственных действий. - М.: Просвещение, 1996. - 130 с.
7. Выготский Л.С. Собрание сочинений в 6 томах. - М.: Педагогика, Т.3. 1983. - 368 с.
8. Ералин Қ. Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі. Түркістан: Тұраң, 2008. -220 б.

К.П.ПЕРДЕБЕКОВА

Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің аға оқытушысы

**БОЛАШАҚ МУЗЫКА МҰҒАЛІМІНІҢ КӘСІБИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ІС-
ӘРЕКЕТТЕРІНІҢ НЕГІЗДЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

В данной статье рассматриваются некоторые аспекты формирования основ профессионально-педагогической деятельности будущего учителя музыки.

The article is concerned with aspects of future musical teachers' professional-pedagogical activities base formation.

Елімізде білім беру, жас ұрпақты тәрбиелеу мәселелері саласында түбегейлі, шұғыл бетбұрыстар жасалып жатқаны белгілі. Тәуелсіздік туын тіккен жас мемлекетіміздің болашағына тұтқа болар білімді де білгір, білікті азаматтар даярлау-бүгінгі күннің келелі мақсаттарының бірі. Сондықтан да мектептердегі оқу-тәрбие жұмыстары мен педагогикалық ғылым жүйесінде бұрыннан жинақталған мол тәжірибелердің тиімді жақтарын сұрыптай пайдалана отырып, қазіргі қоғамдық-әлеуметтік үрдістерге сай, жаңаша түсінік-таныммен жан-жақты білім беру, келешектің әмбебап маман мұрагерлерін дайындау міндеті қойылып отыр.

Осындай мақсаттағы кең көлемді бағдарламалық жоспарлар өз кезегінде оқу-тәрбие жұмыстарын жүргізуге де үлкен өзгерістер енгізіп, мектеп мұғалімдері қызметінің ауқымын арттырып, олардың ұстаздық шеберлік деңгейінің аса жоғары болуын талап етуде. Соған байланысты әр салада жеке пәндер бойынша жаңа бағдарламалар енгізіліп, оқу құралдарын жаңаша бағытта қайта түзу қажеттілігінің туғандығы да заңды құбылыс.

Жалпы білім беретін орта мектептерде музыкалық педагогика саласы бойынша жаңа бағдарламалар жасалып, оқулықтар жазылады. Негізінде тек мұғалімнің музыка пәнінен сабақты қалай ұйымдастырып, қалай жүргізуі керектігі жөніндегі бағыт-бағдар беретін әдістемелік оқу құралдары ғана жарық көреді. Бірақ та жаңа заман талабына сай істелген бұл жұмыстар саны болашақ музыка мұғалімдері үшін әлі де болса жеткіліксіз. Себебі оқулықтар аз, әдістемелік оқу құралдары қалалық мектепте істейтін, жоғары оқу орындарының мамандарымен байланысып жұмыс істей алатын музыка пәні мұғалімдерінде ғана кездеседі. Ал болашақ музыка мамандарына және ауылды аймақтағы музыка пәні мұғалімдеріне де әдістемелік көмек өте қажет.

Бүкіл дүниежүзілік білім беру кеңістігіне кіру барысында қазіргі кезде Қазақстанда білімнің жаңа жүйесі құрылуда. Бұл үрдіс педагогика теориясы мен оқу-тәрбие ісіне нақты өзгерістер енгізумен қатар елімізде болып жатқан түрлі бағыттағы білім беру қызметіне жаңаша қарауды, қол жеткен табыстарды сын көзбен бағалай отырып саралауды, жастардың шығармашылық іскерлігін дамытуды, музыка пәні мұғалімінің іс-әрекетін жаңаша тұрғыда ұйымдастыруды талап етеді.

Еліміздің болашақта көркейіп өркендетті елдер қатарына қосылуы бүгінгі

ұрпақ бейнесінен көрінеді. Қазіргі білім беру саласындағы басты мәселе-әлеуметтік-педагогикалық және ұйымдастыру тұрғысынан білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді, жаңа әдістерін іздестіру, оларды жүзеге асыра алатын мұғалімдерді даярлау. Мұғалімдерді даярлау-қай уақытта да ең өзекті мәселелер қатарына кіретіні белгілі. Себебі қоғамның әлеуметтік-экономикалық міндеттері заманына сай өзгерістерге ұшырап, өскелең ұрпақты соған лайықтап өмірге бейімдеудің жаңа талаптары туындап отырады.

Қазіргі мектеп жағдайындағы білім берудің ұлттық моделіне өту, оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдерін, жаңа инновациялық педагогикалық технологияны игерген, психологиялық-педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, педагогикалық жұмыста қалыптасқан бұрынғы ескі сұрлеуден тез арада арылуға қабілетті және нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашыл педагог-зерттеуші, ойшыл мұғалім болуын қажет етеді.

Мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқыту үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді. Кез келген елдің экономикалық қуаты, халқының өмір сүру деңгейінің жоғарылығы, дүниежүзілік қауымдастықтағы орны мен салмағы сол елдің технологиялық даму деңгейімен анықталмақ [1]. Жалпы қоғам дамуы мен жаңа технологияны енгізу сапалылығы осы елдегі білім беру ісінің жолға қойылғандығы мен осы саланы ақпараттандыру деңгейіне келіп тіреледі. Экономикалық күшті дамыған елдердің тәжірибесі білім беру жүйесін ақпараттандыру экономика, ғылым және мәдениеттің қарқынды дамуының негізгі кілті екендігін көрсетіп отыр. Ендеше, ол үшін болашақ мұғалімдерді даярлауда жоғары оқу орындары жанаша жұмыстар атқаруы тиіс. Бұл жоғары оқу орнында мамандар даярлаудың сапасын арттыруды, мұғалім тұлғасының өздігінен дамуына, оның шығармашылық қабілетінің артуына мүмкіндік жасауды және оқу-тәрбие үрдісін жетілдіруді қамтамасыз ететін жаңа педагогикалық технологияларды пайдалануды көздейді. Технологияны педагогикалық іс-әрекетті қайта құрудың жүйелі тұтас құралы ретінде тиімді пайдалану оқу-тәрбие үрдісінің сапасын жақсартуға, жеке тұлғаны дамыту міндеттерін шешуге септігін тигізеді. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологиясын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Оқу барысында музыка пән мұғалімі оқылатын пән мен оқушы арасындағы дәнекер түйін сияқты. Ол өз оқушысымен де, оқытатын пәнімен де тығыз байланыста. Осының өзі музыка пән мұғалімінің бүкіл іс-қимыл ерекетімен қызметіне оның тұлғасына, белгілі бір өріс аумағына сай талап

қояды. Осыған орай музыка пән мұғалімінің іс-әрекетінің, қызметінің өзіндік ерекшелігінің мәні зор екені байқалады. Оқытушы өзінің жұмысында әрбір оқушыға өз алдына жеке-жеке педагогикалық тәсілдер қолданады. Болашақ маманның ең негізгі міндеті-таңдаған мамандығы бойынша теориялық білім мен тәжірибелік дағдысын ұдайы меңгеру болса, кәсіби тұрғыдан қалыптасуына педагогикалық іс-тәжірибе кезеңінің зор көмегі болады. Мектепке музыка пән мұғалімдерін кәсіптік мамандыққа сәйкес даярлауда негізгі мақсаты-музыка өнеріне баулу.

Музыка өнері тек эстетикалық тәрбие құралы емес, оның өзге де сипаттары бар: ұлттық болмыс, мазмұн, сипат. Сондықтан да жастардың тәрбиесіне ықпал ететіндей жаңаша түрін іздеу керек. Музыка өнері әр түрлі қызмет атқара алады:

- 1) қатынастық қызмет;
- 2) кәсіби бағытпен тікелей байланыста музыканы дамыту;
- 3) жастардың ойын, олардың жалпы білімдік деңгейін мамандыққа сәйкес дамыту;
- 4) Мамандыққа сәйкес тәрбиелік қызмет, т.б.

Осылардың негізінде орындалатын біздің міндетіміз: қазақтың ұлттық мәдениетінің жай-күйін зерттеу; жастар арасындағы мәдени-рухани байлықтарды кенейту; музыка саласындағы жетістіктерін насихаттау; жас ұрпақтың эстетикалық тәрбиесіне мейлінше көңіл бөлу. Музыкалық білім мен тәрбие берудің негізі – ұлттық дәстүрде. Қазақ халқының мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін зерттеу мәселесі де жас ұрпақ тәрбиесінде ерекше маңызға ие болды. Оқушы музыка әуенінің өзіндік ерекшелігін, табиғатын түсінуі керек. Кез келген музыкалық шығарма мінездемесі, құрылымы, мазмұны, жанры, стилі, шығу тарихы жағынан бірінші кезеңде тұтастық талдау әдісіне бағынышты. Екінші кезеңдегі бөлшектеп талдау әдісі музыканы өңдеу, әуенді музыкалық құралдардың айқындылығын меңгеруді тереңдетеді. Ал, үшінші кезеңдегі тұтас талдау әдісі өнердің бір-біріне жақын түрлерін біріктіреді. Мектептегі барлық оқу және сыныптан тыс эстетикалық бағыттағы жұмыс барысы музыка пән мұғалімінің кәсіби білімін, іскерлігін талап етеді. Жоғары оқу орындарында «Музыкалық білім беру» мамандығы бойынша «Музыкалық білім берудің әдістемесі» – болашақ маман музыка пән мұғалімін кәсіби-педагог ретінде дайындауға бағытталған оқу пәндер циклында негізгі және интегралданған пән. Осы пәнді оқыту барысында әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға болады. Мысалы:

- жергілікті мекен жайдағы таңдаулы мұғалімдердің сабақтарын көрсетіп, сол мұғалімнің көзге түсерлік қыры мен сырын аңғартып жазбаша талдау жасатқызу;

- өз аумағымыздағы мәдени өзгешілікпен таныстырып, болашақ мамандарды кітап оқу арқылы ғана емес, әр түрлі экскурсиялар, жорықтар, көрмелерге, театрларға бару арқылы баулу;

- өзін-өзі жаттықтыруға оқу теледидарын және аутогендік жаттығулар әдісін қолдану (өзін-өзі бақылау, өзін-өзі талдау);

Іздемпаздыққа тәрбиелеу үшін оқытушы тағы да бір тәсілдерді үйрете алады.

- өз бетінше іс басқару, өзгеге жалтақтамау, тыңнан жол салуға баулу;

- тәуекелге бел байлау;

- белсенділік, әуесқойлық, іздену жолындағы жігерлік;

- қалыптасқан дәстүрге сын көзбен қарау, ұнамаған әдіс-тәсілдерді өзгерту жолында жаңаша ойлай білу;

-өзге тұлғалармен араласып, өз ойларымен бөлісе білу.

Жоғарыда айтылғанның бәрін ескере отырып, музыка пәні мұғалімінің бірнеше кезеңнен тұратын ұзақ оқу процесінде оның алдына қойылатын міндеттерді көрсетуге болады: оқушылардың музыка өнеріне қызығушылығын ояту, дамыту; олардың музыканы қабылдау қабілетін дамытуды жүйелі түрде ұйымдастыру және халықтық мұра-орындаушылықты насихаттау.

Музыка мұғалімінің қызметі ұйымдастырушылық, танымдық, эмоционалдық, т.б. бірнеше бағытта жүргізіледі. Ұйымдастырушылық бағыт мұғалімнің оқыту, тәрбиелеу процесін жоспарлау және ұйымдастырудан құрылады. Бұл оқу материалын іріктеу, оқу және тәрбие жұмыстарының түрлі формаларын, сабақ барысын ұйымдастыру, т.б. Бұл үшін мұғалім мынадай заңдылықтарды білуге тиіс: мектептегі музыкалық қызметті ұйымдастырудың негізгі формаларын; ұлттық бағдарламаның мазмұнын, оның идеялық, теориялық негізін, дидактикалық принциптері мен әдістерін; музыкалық шығарманың көркемдік және тәрбиелік мәнін; оқушылардың жас ерекшеліктерін; оқыту-тәрбиелеу процесін ұйымдастырудың формалары мен әдістерін әр сынып деңгейіне байланысты таңдай білу. Танымдық бағыт мұғалімнің оқушылардың ой қызметін басқаруына байланысты құрылады. Бұл үшін мұғалім: ғылыми теорияның методологиялық және психологиялық-педагогикалық негіздерін білуге; білім мен дағдының дидактикалық принциптерінің қалыптасуын қадағалауға; танымдық процестердің мүмкіншіліктерін және ақыл-ой қызметін бірте-бірте жетілдіру арқылы басқаруға; оқытуды анық логикалық түсініктемелер арқылы құра білу; пәнаралық байланысты қолана отырып, жүйелі білім беруге; өткен материал мен өтілетін материалды байланыстыра отырып, логикалық шешемдерді жасауға; оқушы бойында музыкалық білім алуға өз еркімен ұмтылысын тәрбиелеуге міндетті.

Эмоционалдық бағыт мұғалімнің музыка өнеріне деген көзқарасына және оның оқушылардың әсемдікті сезіну қабілетін қалыптастыруына байланысты анықталады.

Сонымен қатар музыка маманы бала бойында музыкаға эмоционалдық көзқарасты тәрбиелеуге, эстетикалық қажеттілікті дамытуды бағыттауға,

әсемдікті музыкалық форманың ең жетілген түрлері мен идеялық-образдық мазмұнының бірлігі арқылы қалыптастыруға міндетті. Және музыка өнері арқылы патриотизм, интернационализм сезімін тәрбиелеуге, музыкалық материалды толық игеру үшін сабақ барысында эмоционалдық қалыпты сақтауға, оқушылардың музыка өнерін терең ұғынуы үшін эстетикалық толғаныс әлемін байыту, кеңейту үшін жұмыстануға міндетті.

Ізденішілік бағыт мұғалімнің оқу процесін жетілдіру арқылы және кәсіби шеберлігін көтеру арқылы көрінеді. Бұл мұғалімнің өзінің музыкалық-педагогикалық қызметін талдау мен және озат педагогтар тәжірибесін, жаңа әдістерді педагогикалық қызметке енгізуімен ұштастырылады. Мұғалім ғылыми зерттеулердің теориялық негізін және зерттеу жұмысын өткізу әдістемесін білуге тиіс. Сонымен қатар педагогикалық кәсіби шеберлігіне мына талаптар қойылады: оқу процесін бақылауға және талдауға; педагогикалық фактілерді бір жүйеге келтіруге; кез келген педагогикалық оқиғаға музыкалық білімін, педагогикалық біліктілігін қолдана білуге; музыка сабағының құрылымына жаңа формалар, әдістер қолдану жолында үнемі ізденіс үстінде болуға; сабақтың тақырыбын ашу мақсатына сәйкес қосымша материалдар қолдануға; өз еңбегінің жемісін болжай білуге; оқушылардың музыкалық даму деңгейін білуге; үнемі білімін жетілдіруге, орындаушылық тәжірибесін, музыкалық репертуарын толықтыруға, оқушылармен сөздік байланыс шеберлігін жетілдіруге міндетті.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Концепция высшего педагогического образования РК. // Учитель Казахстана. - Алматы: 14.04.2004.- № 2 . -С. 13-15.

Г.А.ЖАҚСЫЛЫҚОВА

Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің оқытушысы

**ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ
ҚАБІЛЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ**

В статье рассматриваются некоторые вопросы о методике музыкально-творческого воспитания школьников.

In given article some questions on a technique of is musical-creative education of schoolboys are considered.

Қазіргі таңдағы білім берудің негізгі міндеттерінің бірі—оқушыларды жан-жақты тәрбиелей отырып, ізденімпаз, барлық іс-әрекетінде белсенді, шығармашыл жеке тұлғаның қалыптасуын қамтамасыз ету.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың Мәдени мұра бағдарламасына орай «Біздің жас мемлекетіміз өсіп, жетіліп, кемелденеді, біздің балаларымыз бен немерелеріміз онымен бірге ер жетеді. Олар өз ұрпағының жауапты да жігерлі, білім өрісі биік, денсаулықтары мықты өкілдері болады. Олар балаларының игі дәстүрлерін сақтай отырып, қазіргі заманғы нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуге даяр» [1] деп көрсеткендей-ақ ертеңгі келер күннің бүгінгіден гөрі нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын құдіретті күш білімге тән. Бұл міндеттерді іске асыру үшін білім мазмұнымен қатар оқытудың әдіс-тәсілдерін қолданудың тиімділігін арттырудың зор міндеті тұр.

Бүгінгі қоғам талабына сай мектепте мұғалім ой-өрісі жаңашыл, шығармашылық деңгейде қызмет атқара алатын, психолог, терең қазыналы білімпаз, кез келген ортаның ұйытқысы болатын өнерлі, шеберліктің шыңына шыққан ұстаз болуы қажет.

Оқыту жүйесінің қандай түрлері болмасын, олар белгілі бір әдістемеге негізделеді. Әдістеме жан-жақты және өз орнында дұрыс қолданылса, өтілетін әрбір тақырыптың мазмұны ойдағыдай ашылып, оқушылардың меңгеруіне жеңіл тиеді. Әдетте, әдістеме өздігінен келмейді. Ол көп жылдар бойғы ұстаздық қызметінің іс-тәжірибесімен күнделікті сабақ беру үдерісімен тығыз байланысып жатады. Осылардың негізінде әр мұғалімнің бойында, ойында әдістеменің озық үлгілері жинақталады.

Қазіргі педагогика теориясы елеулі өзгерістерге еніп, білім беру мазмұны жақсарып, жаңа көзқарастар пайда болуы мен білім беру құрлымында жаңа технологиялар өмірге келуде.

Сондықтан мектептегі оқу үдерісінде оқушылардың музыкалық шығармашылық іс-әрекетін тиімді ұйымдастыру арқылы олардың шығармашылық қабілетін қалыптастыруға ерекше көңіл бөлген жөн. Сонымен қатар мұғалім оқушының музыканы меңгеруімен бірге оның шығармашылық қабілетін қалыптастыру жағына да баса назар аударуы қажет.

Оқушының шығармашылық қабілетін белгілі бір жүйемен жасауға, оның жалпы қабілетін қалыптастыруға көңіл аудару, баланы өз жұмысының мақсат-міндеттерін анықтауға, сонымен бірге музыка сабағындағы әрбір оқу тапсырмасын не үшін, қандай мақсатпен жасау керектігін, ол қандай жаңа нәтиже беретінін білсе, онда оқушының музыкалық шығармашылық қабілеті қалыптасады. Музыкалық шығармашылық жұмысының мақсат міндеттеріне сай баланы өз бетімен жұмысын жоспарлай білуге, өзін-өзі басқаруға дағдыландырудың және оқушылардың музыкаға қызығушылықтарын арттыру, шығармашылық қабілетінің қалыптасуына түрткі болады.

Оқу үдерісі бала психикасына зор талап қояды, өйткені ұғыну өте күрделі әрекет. Ұғыну бірнеше кезеңдерден тұрады:

- бала нені қалай оқу керектігі жайлы мағлұмат алады (таныстыру кезеңі);

- ойындағысын тәжірибеде орындап көреді;

- ұғынғанын сөзбен тұжырымдайды;

- ұғынған нәрсесін ойына ұстап тұрады.

Мұғалімнің шығармашылық мәселені шешу барысында есінде сақталған ақпараттарды өзгерту және сырттан келетін ақпараттарды мәселені шешу үшін жүйелеуден тұратын күрделі психо-физиологиялық үдеріс жүреді. Үдерістердің әрқайсысының өзіндік ерекшелігі бар үш деңгейде жүзеге асады: *бірінші деңгей* абстрактілі-логикалық ойлау операцияларының кезектесе қызмет етуімен, өзіне-өзі есеп бере алуымен сипатталады. Шет елдік зерттеулерде бұл интеллектуалдық қабілеттердің негізі ретінде қарастырылады. *Екінші деңгей* интуитивті әрекетке тән шығармашылық елес арқылы сипатталады. *Үшінші деңгей* шығармашылық әрекеткезіндік баға беру, рефлексия жасай алуды көрсетеді [2].

Шығармашылық әрекетті табысты етіп, әлеуетті дамытатын психологиялық қызметтің біріне адамның есте сақтауын жатқызамыз.

Болмысты өмірлік құбылыстардың әртүрлілігін дыбыстық бейнелер арқылы көрсететін рухани игерудің түрі музыка-әлемді көркемдік танудың ерекше жұмысын атқарады.

Оқушылардың музыкалық шығармашылық қабілетін қалыптастыру кезеңінде қабылдау, есте сақтау, ойлау, қиялдау мен зейіннің тұрақты түрін қажет етеді. Оқу үдерісінде оқушылардың қазақ музыкаға қызығушылықтарын арттырып шығармашылық ынта-ықыласын дамытуда төмендегідей міндеттер орындалу қажет: өз ойын толық айтып, түсіндіре білуі; ақпаратты қабылдап, талдай білуі; өзара пікір талас, талқылауларға белсенді қатысуы; жаңа технологиямен өз бетінше жұмыс жасау; нәтижеге, жетістікке ұмтылу.

Музыкалық шығармаларды қабылдауда – шығарманың көңіл-күйін сезініп қана қоймай, айтайын деген ойын, идеясын ерекше қабылдап түсіну қажет. Оны жүреппен, ақылмен және шығармашылықпен тыңдау керек.

Шығармашылық – баланың саналы іс-әрекеті. Баланың шығармашылық қабілетін неғұрлым ерте жастан қалыптастыруға көңіл бөлу қажет.

Оқыту мақсаттарына қандай амал, жолдармен жету керектігі музыкалық білім беру дидактикасындағы ең маңызды мәселе болып табылады. Себебі музыкалық білім берудің тиімділігі әрдайым оқыту әдістерін дұрыс таңдауға тікелей байланысты болады.

Ол үшін келесі өлшемдерді негізге алуға болады:

- оқу материалының мазмұны мен жалпы мақсаттары;
- оқу пәнінің ерекшелігі;
- дидактикалық талаптар;
- оқушылардың музыкалық білім саласындағы теориялық, практикалық даярлық деңгейі;
- оқушылардың музыкалық тәрбиелік деңгейі;
- оқушылардың жеке-дара ерекшеліктері;
- музыка пәні мұғалімінің кәсіби шеберлік және тәжірибе деңгейі.

Музыка сабағының алдындағы негізгі мақсат оқушыларға қазақ халық музыкасының құдіретті күшін таныту, сөйтіп оқушылардың еркіне, әсіресе олардың эмоциясы мен ұшқыр қиялына музыка арқылы әсер ету.

Естімеген деректерді келтіруге байланысты оқушыларды таңқалдырып, музыкаға қызығушылықтарын арттыруға болады.

Оқушылар сабақ барысында өз пікірлерін талқылауда, бүкіл музыкалық тәжірибелерін белсендіре түседі. Мұғалім оқушылардың әр түрлі ой-пікірлерін қарама-қарсы қойып, бір-бірімен салыстыра отырып, олардың дұрыс шешімдерді таба білулерін жандандыра түседі.

Егер оқушылар тыңдалған музыканы талқылау барысында бір-бірімен таласқа түссе, мұғалім жұмысының жемісті болғанына көз жеткізеді. Қандай да бір көркемдік құбылыс туралы диалогтар мен диспуттарды қолдап, қошеметтеп отыру керек, егер олар мазмұнды болса өзіндік пікірдің қалыптасуына, өзіндік ұстанымға сүйенуге, музыкалық материалға өзіндік қатынас орнатуға үйретуге себін тигізеді.

Оқу үдерісіндегі басымдықтарды өзгерту пәндік-бағдарлы оқытудан баланың дамуына, оның мотивациялық аясын, тәуелсіз ойлау стилін және жалпы оқу біліктерін қалыптастыруға бағытталған оқытуға көшу қажет. Мұның сабақ беруге ғана емес, жалпы танымдық, жалпы оқулық және жеке пәндік білімдерден басқа, іс-әрекет тәсілдерін, шығармашылық қызмет тәжірибесін, өзіне эмоциялық-құндылық тұрғысынан қарау тәжірибесін қамтуға тиіс бақылау жүйесіне де қатысы бар.

Бала өзін қызықтырған мәселесі туындағанда, ол сол құбылысты *бақылауды* күшейтеді. Өзін қызықтырған құбылысты *талдап*, өзінше *шешім қабылдап*, белгілі бір *әрекетке* қызығу нәтижесін көрсете бастайды. Бақылау, талдау, шешім қабылдау, әрекет сияқты *4 түрлі үдерісінде* шығармашылық өзінен-өзі дамиды және баланың ақыл-ойының дамуына әсер етеді.

Мұны шығармашылыққа тән ерекшелік десе болады. Сонымен бірге, қызығудың әсерінен іс-әрекет сипаты тез өзгереді. Қызығу іс-әрекеттің жақсы

нәтижесі деп қоймай, оның сипаты да тұтастай өзгеріске түседі: белсенді, дербес, жан-жақты, шығармашыл, тереңдетілген және т.б.

Шығармашылық, тек қуаныш, сенімді ұялатып қоймайды. Сонымен бірге өзін қамшылау, ұштауды қажет етеді. Міне, бұл кезде шығармашылық қабілет адамның ерік күшіне тәуелденеді.

Демек, оқушыларды шығармашылыққа тәрбиелеу оқуға, тануға немқұрайлықты жеңуге көмектеседі.

Қызығу жұмыстары кемшілікті көруге, оны жеңуге жәрдемдеседі.

Музыканың сан-салалы жанрлары оқушыларға тұрақты білім беру, жалпы өнер жөнінен, оның ішінде музыка саласынан білім беріп, атап айтқанда, әнді айту, күйді тыңдау дағдыларына үйретіп, музыканың іс-әрекетпен, шығармашылықпен пайда болатындығын сезіндіру, сөйтіп оқушыларды музыка әлемінің тынысын байқауға, аңғаруға, оқушының сана-сезіміне өзгеріс жасап, білгірлікке, тапқырлыққа ынталандыру, өнерге деген сүйіспеншілігін одан әрі тереңдетіп, әсемдік бағытында тәрбие беру деген сөз.

Ұлттық музыкалық мұраларды оқып үйрету арқылы оқушылардың қазақ халық музыкасына деген құштарлығын оятып, ынтасын қалыптастыру мәселесінде әлі де ойланатын жағдайлардың бар екендігі аян.

Білім беру саласын дамытуға оқу құралы ретінде пайдалануда төмендегідей мүмкіншіліктерді, оқытудың негізгі мақсатына қол жеткізу үшін білім жүйесін меңгеру және оқушылардың белсенділігі мен дербестігін дамыту ұжымдықпен ғана емес, өзіндік жұмыстарды орындау үдерісінде жүзеге асыратын дербестік әрекетті ұйымдастыру қажет.

Мұғалім тарапынан берілетін ақпарат оқушылардың қызығушылықтарын, жаңа мазмұнды зерттеуге деген ынтасын арттыру мақсатында, өзекті мәселені табу үшін қолданылады. Оны зерттеу барысында мұғалім ақпараты еске сақтау үшін ғана емес, оқушылардың оны өзіндік музыкалық шығармашылық жасауы үшін қажетті «қоректік орта» есебінде пайдалануы үшін маңызды болып табылады.

Сондықтан мұғалім оқушылардың білім алуының әрекеттік негізіне, жеке оқу нәтижелерін «өсіруге» қажетті мазмұнды ғана таңдайды. Жұмыстың қорытынды кезеңінде мұғалім ақпаратты оқушыларға қол жеткізген оқу нәтижелеріне орай, өзін-өзі бағалауға және өзін-өзі бақылауға мүмкіндік береді.

Сөйтіп, мұғалімнің негізгі міндеті дайын ақпаратты баяндау емес, оқу үдерісінің барлық кезеңдерінде оқушылардың музыкалық шығармашылық қабілетін арттыру үшін жағдай жасау болып табылады.

Оқыту үдерісіне пікірталасты енгізу, оған оқушыларды музыкалық білім меңгерудің барлық кезеңдерінде қатысуға үйрету, оқушылардың сөйлеу дағдыларының дамуына байланысты бірқатар педагогикалық мәселелердің шешімін табуға ықпал етеді. Оқытудың музыкалық шығармашылық әрекеттік тәсілдеріне саналы түрде көшу білім беру үдерісінде ұйымдастырушылық-дидактикалық қайта құруларды ғана емес, мұғалімнің кәсіби шеберлігін жетілдіруді, оның оқушылардың нәтижелі оқу әрекетін қамтамасыз ететін психологиялық жағдайларды ұғынып, тәжірибе жүзінде іске асыру қажеттілігін

талап етеді.

Сондықтан бүгінгі таңда әрбір оқушыны жеке тұлға ретінде жан-жақты дамыған білімді азамат етіп тәрбиелеу – біздің парызымыз.

Оқушылардың музыкалық шығармашылық қабілетін қалыптастыруда ұйымдастырылған педагогикалық іс-әрекет, ол оқушыларға қазақ халық музыкасы негізінде сапалы білім беру, іскерлік пен дағдыны дамытуға, шығармашылықты, сана мен ойлау қабілетін арттыруға бағытталған. Оқу-тәрбие үдерісінде оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту үшін ең қолайлы шарттарды беретін музыка пәні болып табылады.

Оқушылардың музыкалық шығармашылық қабілетін дамытуда оқытудың жаңа технологиясын пайдаланған жөн.

Білім беру саласындағы инновациялық үдерістердің күрделілігі мен қайшылықтары жаңа құбылыстармен әрекеттесу және жалпы орта білімді ізгілендірудің сапалы кезеңінде оқушылардың шығармашылық қабілетін қалыптастырудың мәселесін өзекті етуде.

Соңғы жылдары оқу-тәрбие үдерісіне жеке тұлғаны дамытуға бағытталған оқытуға үлкен мән берудің өзі елімізде болып жатқан өзгерістердің маңыздылығын көрсетеді.

Қазіргі кезеңдегі білім беруде жеке тұлғаның музыкалық шығармашылық бағыттылығын қалыптастыру оқушының оқу-танымдық іс-әрекеттегі шығармашылық қабілетіне тікелей байланысты. Шығармашылық – тұлғаның ізденімпаздық қабілет сапасын дамытудың негізгі өзегі болып табылады. Себебі өмірдегі құндылықтардың барлығы да жаңашылдық бағыттар арқылы ғана іс-әрекетке тұрақты шығармашылық қабілет нәтижесінде танылып, болашақта өміршең дамуына мүмкіндік алады. Сондықтан шығармашылық қабілетті жеке тұлғаның дамуына, оның рухани жетілуінде мәні терең, мотивациялық, білімділік бағдар құндылығы ретінде танылуының маңызы зор [3].

Еліміздің ХХІ ғасыр баспалдағын жаңашылдықпен қарыштап басып, өркениетке бағдар алуы әр адамның шығармашылық болмысының нәтижесі деп бағалауға болады. Ұлттың шығармашылық әлеуеті де әр жеке тұлғаның шығармашылық деңгейімен анықталады. Өзекті мәселені көре білетін, ой ұшқырлығы мен ізденімпаздық іс-әрекеті қалыптасқан білімі мен біліктерін өмірдің өзгермелі жағдайына қарай оңтайлы пайдалана алатын, танымдық дербестігі жоғары деңгейдегі шығармашыл тұлға қазіргі білім беру стратегиясының мақсат-мұраты.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» атты Қазақстан 2030 стратегиялық бағыты // Егемен Қазақстан. №504 1997, 11 қазан.
2. Сағынтаева Ж. Оқытудың психологиялық педагогикалық негіздері. // Қазақстан мектебі. №5-6. 2007.
3. Тұрғынбаева Б.А. Шығармашылық – басты талап // Қазақстан мектебі. 2006. - №3. – 11-15 б.

Т.Б. ҚАСЕНОВ

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің аға оқытушысы

**ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР – ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ
ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ**

В этой статье рассматриваются национальные игры как составная часть народной педагогики по воспитанию молодежи на основе национальных традиций.

This article deals with national games as the component part of national pedagogics in upbringing the youth on the basis of national tradition.

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын міндеттердің ең негізгісі – өз ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы, білімді ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі – келешек қоғамның қамын ойлау болып табылады. Жастарды жан-жақты қабілетті азамат етіп өсіруде ұлттық ойындардың, халықтық салт-дәстүрлердің тәлім-тәрбиелік, білімдік-танымдық рөлі орасан зор. Ата-бабаларымыз ізеттілік, қайырымдылық, кішіпейілділік, әдептілік, елін, жерін, отанын сүюшілік секілді ең асыл қасиеттерді жас ұрпаққа күнделікті тұрмыста үйретіп, бойына сіңіріп келді. Салт-дәстүрлер адамның дүниетану көзқарасын қалыптастыратын, тәрбие беретін мектеп болып саналады.

Қазақ халқы жас ұрпақты Отанын, елін, жерін, ұлтын сүюді және оны қорғауды санасына ерте сіңіріп өсірген. Оларды ерлікке, ептілікке баулудың түрлерін үйрете білген. Әсіресе, өткен ғасырлардағы жаугершілік, шапқыншылық замандарда туған елін қорғау жолындағы ерлік дәстүрлерді қалыптастырып, оны дәстүрге айналдырған. Сол дәстүрлердің негізінде халқымыздың арасынан Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай, Кенесары, Ахмет, Міржақып, Бауыржан сынды қаһармандар мен халық қамын ойлаған ғұламалар өсіп шықты. Бұған ұлттық салт-дәстүрлердің игі әсері тигені сөзсіз. Олай болса қазақ халқының мыңдаған жылдар бойы қалыптастырған әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері үлгі мен өнегенің, тәрбие мен тәлімнің басы деп түсінуіміз керек. «Ұлт дәстүрі – заңнан биік» деген әйгілі қазақ заңгері Нағашыбай Шайкенов халықтың ұлағатты дәстүрлері жас мемлекетіміздің әр саласына игі қызмет ете алады.

Салт-дәстүрлермен қатар, қазақ халқының ғасырлар бойы бірге жасасып келген, халықтың өмірінде болып жатқан неше түрлі оқиғаларды қамтитын әдет-ғұрып ойындары да бар [1].

Ұлттық ойындардың тәрбиелік маңызы зор. Бізге жеткен ұлттық ойындар ерте кезден Қазақстанның жерінде сонау қауымдық құрылыстың басталған кезінен, тіпті адамзат баласының жаратылған күнінен басталатынын тарих ғылымдары дәлелдеп отыр.

Тарихтан мәлім, қазіргі Қазақстан жерлерін және тұтас Орта Азияны мекендеген халықтардың негізгі кәсібі мал өсіру және аң аулау болған. Ертеден келе жатқан «Манас», «Көрғұлы», «Қобыланды», т.б. батырлық

дастандарда тек аң аулау өнері ғана емес, туған жерге деген сүйіспеншілік жырланады. Сонымен бірге, аң аулауға дайындық көріністерінен адамдардың шынығуы, бой қуатын жетілдіруі байқалады. Ұжым болып аңға аттанғанда, олардың ішінде өрімдей жастар да болған. Олар ересектердің тәжірибесін көріп, аңшылық өнерге машықтанған. Мұның мәнісі жеке адамның, рудың немесе қауымдастықтың тіршілік үшін күресінде сол жердің табиғи қатаң жағдайының өзінде қорек табуға әркімнің де үлес қосуға тиісті болуында деп түсінеміз.

Алғашқы қауымдық құрылыс кезінде өмір сүрген адамдардың күн көруі үшін әр түрлі қажеттіліктер қажет болды. Өзін-өзі қорғау, табиғат апатымен күресу, неше түрлі жыртқыш аңдарға жем болмау сияқты, тағы басқа да жағдайлардың негізінде жүйеленген дене шынықтыру одан әрі дамып, қалыптасу жолында түрлі-түрлі ойындар мен жаттығуларды тудырды.

Сол ұлттық ойындардың ішіндегі кейбіреулері, мысалы құмалақ ойындары, бестас, асық, садақ ату, карагие және тағы басқалары шамамен бес мың жылдар бұрын айналғандығы жайында ағылшын ғалымы Э.Маккей «...бұл ойындардың барлығы дерлік Азия елдерінде тайпалық одақтардың арасында тарағанға ұқсайды», - дейді. Бұл пікірді Венецияның саяхатшысы Марко Поло да қостайды. Қазақстан территориясындағы тайпалардың пайда болған кезінен туған «Қызбөрі» ойынын Жетісу бойында болған сапары кезінде көргендігін айтады.

Сол кездегі көшпелі тайпалардың шұғылданған аңшылық кәсіптеріне байланысты садақ дүниеге келген. Ол күні бүгінге дейін өзінің халық өнері үшін құндылығын жойған жоқ. Келе-келе халықтың күнделікті тұрмысындағы кәсібі болмай, демалыс уақытын өткізетін ойын-сауығына айналды. Осының негізінде келіп спорттық және тәрбиелік маңызын жоймаған «бүркіт салу», «жамбы ату», «ит жүгіртіп-құс салу» сияқты халық ойындары қалыптасты. Бұл ойын-сауықтар тек көңіл көтеру, той-думан үшін ғана емес, ұрпақ тәрбиесін өркендетіп, дамытатын, үлгі-өнеге көрсететін, халықтың рухани мүмкіншілігінің байқауы тәріздес өнер сайысына ұласып, жаңаның сыналып, ел талқысына түсер ортасы, көпшілікке жетер сахнасы іспетті де болған. Мұндай ойын-тойларға жастар көптеп қатынасып, өзінің бағын сынар, өнер көрсетер аренасына айналдырған. Әсіресе, өздерінен ересек аға буыннан, халық алдында сыналған атақты ардагерлерден үйреніп, тәлім алған.

Қазақтың ұлттық ойындары: көкпар, сайыс, күрес, теңге алу, қыз қуу, алтын қабақ ату, жамбы ату, т.б. спорттық сипатпен бірге үлкен маңызға ие болады. Бұл ойындардың бәрі де атпен айналатын ойын болғандықтан, оларға күн ілгері орасан зор әзірлік, мұқият дайындық керек болады. Сол дайындықтың басықасында болған жас баладан бастап, бозбалалар мен жігіт ағалары, атбегілері мен ауыл ақсақалдары болып түгел қатынасатын. Жоғарыда аталған ойын түрлері мен бәйгенің алуан түрлеріне қосатын аттар,

оған мінгізілетін балалар, балуандар, көкпаршылар, қыз қууға қатынасатын қыз бен жігіттер, ауыл ақсақалдарының алқасында талқыланып, солардың ұйғаруы бойынша қатынасуға мүмкіншілік алатын болған. Бұл бір жағынан, халықтық тәлім-тәрбиенің маңызын арттырса, екінші жағынан, үлкендерге деген ілтипат пен сенімді, басқаның пікірімен санаса білуді үйретеді, үшіншіден, жеңіске деген құлшынысты туғызып, баланың ақыл-ойын, қиялын ұштайды, көпшіліктің үмітін ақтауға деген жауапкершілігін шыңдай түседі. Осы жағынан келгенде, ұлттық ойындар халық педагогикасының ажырамас бір бөлігі ретіндегі өзінің маңызды қызметін осы күнге дейін жүйелі атқаруда. Егеменді елге айналған жалпы халықтық және әлемдік маңызы бар Абай мен М.Әуезовке арналған тойлар да қазақтың ескі дәстүрі бойынша балалардың ұлт ойындарына белсенді қатынасуы ескі дәстүрді қайта жаңғыртып, жастарға деген сенімділік пен талапты арттыра түсті.

Ұлы Абай айтқандай: «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы-жаманды танидыдағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам, білімді болады» [2]. Шынында да адам естіп, көріп, ұстап, татып байқамаса, дүние сырларын, оның құбылыстары мен болмыстық формаларының, ішіне үңіліп көруге, ұғуға мүмкіншілігі болмас еді. Осының бәрін жас бала әбден толысып, ержеткенге дейін күнбе-күнгі өмірден, бір-бірімен қатынас арқылы танып біледі. Әсіресе, өзін қоршаған өмір сүру ортасы мен құбылыстарының мән-мағынасын ең алдымен ой үстінде ажыратады. Өмір сабақтарын: ненің жақсы-жаман екенін, нені істеуге болатынын-болмайтынын, өзара қарым-қатынас арқылы айыра білсе де, адам бойындағы мінез деген қайшылығы мол, сыры терең құпия құбылысқа кезігеді. Кейде түсініп, бірігіп әрекет жасайды, бірде қуанып, қайтып опық жейді. Қуанышы да, азабы да мол өнер жолын бастайды. Бірде жеңіп, бірде жеңіліп, өмір сүрудің әдіс-тәсілін үйреніп, тәжірибе жинақтайды. Осының көбін бала өмір тәжірибелері арқылы алады десек, соның көбі ойын арқылы бойға дарып, өзін қоршаған ортаның әдет-ғұрыптары мен салт-санасынан, дәстүрінен қабылданады.

Осының бәрін жас адам алдымен ұлт ойыны арқылы қабылдап, бойына сіңіреді. Яғни ойын арқылы өмірге көз жіберіп, көрген-білгенін ой елегінен өткізеді. Сол арқылы өз ұлтының психологиялық негізін қабылдайды. Өз ұлтының рухани байлығын қабылдаған адам өзгенің өнері мен рухани байлығына үңілмей, білгісі келмей, үйренбей тұра алмайды. Өйткені ұлттық ойындар адам баласын сүйетін, басқаның ой-арманын, тілегін аяқасты етпейтін, нағыз интернационалист азамат етіп тәрбиелеудің құралы.

Қазақтың кәсібінен қалған ойындарының бірі ат үстінде ойналатын «жамбы ату» ойыны. Жерге жамбы тігіп, оны ататын, көңіл көтеріп, бүкіл жұрт қызықтайтын ойын. Бұл ойын халықтың ұлт ерекшелігін нақты көрсеткен. Қазақтар жамбыны ат үстінде тұрып немесе шауып келе жатып

қана ататын болған. «Жамбы ату» ойыны дәлдікке, қырағылыққа, мергендікке тәрбиелеген.

Өзіндік тарихы бар ойындардың бірі – «күміс алу». Нағыз шабандоз, ат құлағында ойнайтын жігіттер ғана бұл ойынға қатыса алған. Жолда ораулы жатқан күмісті қатты ағынмен келе жатқан аттың үстінен еңкейіп іліп алу керек. Бұл ойынның түрі жастарға ержүректік пен шапшаңдықты, ат үстінде шаба білуді, ептілікті, спорттың түр-түрін жақсы білуді үйреткен.

Қазақ ойындарының ішіндегі аса бір қызығы – «қыз қуу». Бұл ойын – ұлттық спорттың дене шынықтыру ойыны ретінде дамыған. Сақ тайпаларының өмір сүрген кезі көбінесе жаугершілікпен өткен. Сол кездерде мерген қыздар соғысқа қатысып, бос уақыттарында бірін-бірі қуалап ойнаудың негізінде халық арасында «қыз қуу» ойыны пайда болған. Қызды қуып жетпеген жігіт көпшіліктің алдында күлкі болған. «Қыз қуу» ойыны өз намысыңды жібермеуге, елдің алдында әлсіздік көрсетпеуге, айлалы, жүйрік, ширақ бола білуге бағыт көрсеткен.

«Көкпар тарту» немесе «Көк бөрі тарту» ойынында күштілердің күштісі, жүйріктердің жүйрігі ғана жеңімпаз бола алған. Біздің заманымызға дейін сақталып келген ата-бабамыздың мұрасы, спорттық ойындардың негізі болған – ат ойындары. Ат ойындарынсыз ешбір мереке өтпеген. Ертеде 10-нан 15-ке дейін ат ойындарының түрі өткізіліп тұрған. Спорттық ат ойындарының қайсысы болмасын жігіттердің күштілігін, қайраттылығын, ат үстіндегі шеберлігін байқатып отырған. Көшпелі халық өзінің жаугершілік қасиетін ат үстінде жүріп көрсеткен, батырлардың батырлығын мәлім ететін оның астындағы аты болған [3].

Еліміз егемендігін алып, өз тізгіні өзіне тиген аз жылдардың ішінде ғасырлар бойы жағылған күйені мүлде тазартып ала алмасақ та, көптеген істер атқарылды. Сол «сауатсыз, надан» деп айдар тағылып келген халықтың байырғы руларынан шыққан әлемге екінші ұстаз ретінде танылған Әл-Фараби, бүгінде әлем халықтары мойындап, ЮНЕСКО арқылы туған күндерін атап өткен А.Құнанбаевтың – 150, М.Әуезов пен Қ.Сатпаевтың – 100 жылдық мерейтойы, Түркістан қаласының 1500 жылдығы, т.б. халқымыздың әлем халықтарының алдында өзіндік орны бар халық екенін дәлелдей түседі. Осының бәрі кезінде бүкіл жалпақ әлемге жайылған мектебі жоқ елде өмірге келіп, танылып отырғанын еске алсақ, ойын тек көңіл көтеру үшін ермек ретінде емес, өнер, білім, ой-қиялын дамытып, адамның дене қабілетін шыңдап жетілдіре түсетін өмір сабақтары екенін ескермей кетуге болмайды. Қазақтың ұлттық ойындары араласпайтын бірде-бір өмір саласы жоқ. Ұлттық ойындар адамның денесін шыңдап, күш-қуатын молайтып қана қоймай, оны шапшаңдыққа, мергендікке, қиындыққа кезіккен кезде жылдам шешім қабылдап, жол тауып шығуға, ақыл-ойының толысып жетілуіне әсер етіп, өлшеусіз пайдасын тигізеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Меңлібаев Қ.* Ұлт дәстүрі – қазына. А.: Ғылым, 1998.
2. *Құнанбаев А.* Шығармалар. 2-т. А.: Жазушы, 1968.
3. *Сағындықов Е.* Қазақтың ұлттық ойындары. А.: Рауан, 1991.

А.УРАЗБАЕВ

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің аға оқытушысы

КӘСІПТІК ОРТА ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ДЕНЕ ТӘРБИЕСІН ОҚЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

В статье рассматриваются особенности обучения физической культуры в профессиональных средних учебных учреждениях.

The features of training of physical culture in professional average educational institutions are considered in the paper.

Өсіп келе жатқан жас ұрпақтың дене тәрбиесінің негізі мектепте қаланады. Бұл жүйе дене тәрбиесі сабағы, сыныптан, мектептен тыс жаттығулар мен жалпыға ортақ сауықтыру шаралары арқылы кешенді түрде жүзеге асырылады. Оқушының дене тәрбиесіне қатысты аса қажетті әдет-дағдысын қалыптастырып, ынтасын оятады. Жаттығу жұмыстарының негізі дене тәрбиесі сабағында қамтылады.

Пәннің мақсаты - өмірлік маңызы зор дене қимылдарының іс-әрекетін еркін меңгерту үшін қажетті білім мен тәжірибелік дағдыларды оқушыларға үйрету; ондағы икемділік, күш-қуат, жылдамдық, төзімділік және өзге де қасиеттердің жетілуіне жәрдемдесу; бала денсаулығының нығаюына және дене мүшелерінің қалыпты өсуіне, сонымен бірге ақыл-ой қабілеттерінің дамуына көмектесу; сауықтыру сипатындағы әр түрлі дене жаттығуларымен жүйелі түрде өз бетінше айналысу дағдысын қалыптастырып, олардың спортқа деген қызығушылығын тудыру. Дене тәрбиесі пәнінің түпкі мақсаты - шәкірттерді батылдыққа, табандылық пен шешім қабылдай білуге тәрбиелеу [1].

Осы мәселелерді шешу барысында дене тәрбиесі мұғалімдерінің жұмысы жан-жақты әрі сан-саналы болып келеді. Ол әрі оқытады, әрі жаттықтырады және баланың денсаулығын, мінез-құлқын, қабілетін қадағалайды. Ең басты талап - қолға алған іске немқұрайдылықпен қарамау, балаларды және өзіміздің ұстаздық ісімізді сүйе білу, нақты педагогикалық көзқарастарды ұстану, қиыншылықтан қорықпау. Өйткені, балалардың қазіргі талапқа сай келетін дене дайындығын жетілдіруге көмектесе алатын, істің мәнісін жетік біле отырып, олардың дене дамуына жәрдемдесе алатын бірден-бір қабілетті адам дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі болып табылады.

Жалпы кәсіптік білім беретін мектептердегі дене тәрбиесі бағдарламалары жеке тақырыптарды оқытудың ерекшелігін ескеретіндіктен, ол топтық және жеке дене жүктемелерін үйретуге ізденіс әдістерін пәрменді қолдануды талап етеді. Сондай-ақ, ол сабақтың жеке бөліктерінің маңызды негіздерін оңтайлы пайдалануды да керек етеді. Мұндай міндетті жүзеге асыру үшін мұғалім сабақты өткізудің әдеттен тыс тәсілдерін еркін меңгергені жақсы. Әдеттен тыс сабақтарды ұйымдастыру түрлері өзінің түпкі мақсаты мен құрылымы жағынан сонылығымен ерекшеленуі қажет. Бұл ретте

арнайы дене қасиеттерінің көрініс беруіне ықпал ететін ойын, жарыс сияқты спорттық сабақтар өз маңызын жоғалтпайды. Сондай-ақ балалардың белсенділігін, дербестігін, тапқырлығын дамытуды қалыптастыруға жәрдемдесетін сабақтар да ерекше маңызға ие болады.

Оқушыларды үйлесімді дамыту мақсатында пайдаланатын денеге тән қасиеттерді тәрбиелеудің көптеген түрлерінің арасында ойын жетекші орынға ие. Сол себепті қимыл- қозғалыс ойындардың ұйымдастыру тәсілдеріне молырақ назар аударған жөн.

Кәсіптік білім беретін мектептердегі дене тәрбиесі жасөспірімдердің жалпы мәдениетін қалыптастырудың, сондай-ақ оқушыларға тәрбие беру жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады.

Жалпы кәсіптік білім беретін мектептердегі дене тәрбиесіне баулу, негізінен, дене тәрбиесі пәні арқылы жүргізілетіні белгілі. Сондықтан да сабаққа қойылатын маңызды талаптар; оқушыларға жан-жақты да тиянақты білім беруді қамтамасыз ету, бұл орайда олардың денсаулығын, денесінің жалпы дамуы мен қозғалыс даярлығын жетілдіру, оқушылардың бойында дене тәрбиесімен өз бетінше шұғылдануға қажет дағдылар мен икемділіктерді қалыптастыру дене тәрбиесі мұғалімінің назарында үнемі болуға тиіс.

Себебі «Дене тәрбиесі» оқу пәні ретінде барлық үлгідегі жалпы білім беретін мектептерде міндетті түрде оқытылады, әр сыныпта өтілетін материалдар оқу бағдарламасында қарастырылған. 2001-2002 оқу жылынан бастап дене тәрбиесінен міндетті 3 сабақ оқу кестесіне енгізілді. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2001 жылғы 27 маусымдағы №2505 бұйрығына сәйкес 5-11 сыныптардың ер және қыз балалары бөлініп оқытылады, дене тәрбиесінен сыныптан тыс шараларды өткізуге көбірек көңіл бөлінеді. Осылардың барлығы оқушылардың қозғалыс дағдылары мен іскерліктерін, дененің қасиет-қабілеттерін жетілдіруге көмектеспек.

Кәсіби-қолданбалы денедайындығы процесінің басты міндеті - арнайы денедайындығы сапасын, дағдысы мен шеберлігін, қолданбалы білімін қалыптастыру. Ал психофизиологиялық талап негізінде орта оқу орындарындағы болашақ мамандарға әр факультет оқушыларына кәсіби-қолданбалы денедайындығы бағдарламасы құрастырылып, онда баланың қолданбалы білімді меңгеру, қажетті сапасы мен шеберлігін қалыптастыру мәселелері қарастырылады.

Қолданбалы білімді қалыптастыру процесінде дене мәдениеті құралдарын тиімді қолдану оқушылардың білімді терең меңгеруіне кіреді және спорт пен еңбек тәртібі мен өндірістегі шаршаумен күрес мақсатындағы және кәсіби зияндылығы, тұрмыс жағдайы мен өндірістің өзгеруімен байланысты демалыс, т.б., сонымен бірге негізгі жағдайда денешынықтырумен бұқаралық- спорт, пен сауықтыру жұмысын ұйымдастыруы, білім бәрінен бұрын негізі ретінде сапасын тәрбиелеуде,

студенттермен түсінісуінде, осы сапа мақсатындағы қажеттілігінің маңызды мағынасы бар [2].

Қолданбалы шеберлік пен дағдыны қалыптастыру барысында дене дайындығы процесі мен олардың тиімді дәйектілігін меңгеру арқылы тығыз байланыстылығын арттырудың маңызды мәні бар. Қозғалыс шеберлігі әрекетін басқарудың ептілігін табу, қозғалыс дағдысын қалыптастыру, дағды қозғалысын басқару секілді әрекеттерді игеруі қажет. Бұл жағдайда таңдаудың байсалдылық мәселесі айрықша. Таңдап алынған мамандық иесі өзінің кәсіби қызметінің айтарлықтай қажетті дағдысын, қандай-да бір қолданбалы қозғалыс әрекетін меңгеруі керек.

Қолданбалы денедайындығы сапасын тәрбиелеу – бұл адамның денедайындық сапасын жетілдіру мен (керме, жылдымдық, шыдамдылық, ептілік, иілгіштік) мақсатында кәсіби- қолданбалы денедайындығын тәрбиелеу. Қолданбалы денедайындығы сапасын тәрбиелеуде жаттығу әдісінің жиынтығы анағұрлым көп әсер береді.

Жаттығу бастапқы кезеңнің осы денедайындығы сапасының барлығы бірқалыпты артуы, ұнамды құбылыспен байланысты тасымалы байқалады. Машықтанудың шамасы ауқымды артуында тасымал әсері кемиді, арнайы жаттығуларды іріктеуде көп мұқияттылықты талап етеді. Одан басқа, басқа қозғалыс сапасына қатысты интерференция құбылыстың тууы мүмкіндігін естен шығаруға болмайды. Мысалыға: жүктемесіз қозғалыс қарқынына белгіленген күшпен орындалатын жаттығулардың кері әсері болуы мүмкін [2].

Қозғалыс сапасы жоғары деңгейдегі байланыстың дамуы мынадай: олардың бірінің тәжірибесінің дамуы басқасының дамуын тоқтатпайды. Дегенмен, сипаты мен ауқымының әсері қозғалыс сапасының ерекшеліктеріне емес, оның дайындық процесіндегі жүктеме мен қолданатын құралдарына байланысты. Демек, жаттығуды ауыстыру мен негізделген ауқымды іріктеу жолымен қарқындылықты, дайындық сипаты мен арнайы оқушылардың өз бетінше сабақты өткізуіне, кәсіби-қолданбалы сапасының қажетті деңгейін оқу кезеңі мен орта оқу орнын бітірген соң ұстап тұруға ынталандыру.

Қазақстанда орта оқу орындарындағы дене тәрбиесінің маңыздылығы арттырылуда. Оның міндеттері: оқушылардың ерік-жігері және дене мәдениеті сапаларын; құлықтылыққа тәрбиелеу; еңбекті және Отанды қорғауға дайындау; денсаулықты сақтау және нығайту; болашақ еңбек қызметі есепке алынып, кәсіби-қолданбалы дене даярлығы; студенттердің дене тәрбиесі мен спорттық жаттығуды ұйымдастырудың теориялық әдістемесі негіздерінен қажетті білім алуын қамтамасыз ету; оқушылардың спорттық шеберліктерін жетілдіру. Сабақтар барлық курстарда және теориялық оқытудың барлық кезеңінде жүргізіледі.

Кәсіптік оқу орындарындағы дене тәрбиесі бойынша оқу процесін уақытпен бегілейтін (регламенттейтін) оқу бағдарламасы болып табылады, яғни ол оқушылардың «дене тәрбиесі» пәні бойынша меңгеруі тиіс білім дағдылары көлемін, дене даярлығы деңгейін, т.б. анықтайды.

Дене тәрбиесі туралы ғылымның үлкен нәтижесі дене жаттығуларын емдік мақсатында пайдаланудың ұйымдастыру және әдістемелік формаларын жасау болып табылады.

Бүгінгі таңда сауықтыру дене мәдениеті құралдарын пайдалануға жоғары дәрежеде назар аудару күн тәртібіндегі өзекті мәселеге айналууда.

Нақтылы қазіргі жағдайдағы еліміздегі мына мәселелерге назар аударайық. 2000 жылдардың соңындағы бастауыш сынып оқушыларының 70-75%-ның дене бітімінде ауытқу байқалады, олардың 30-40%-да жүрек қантамыры жүйесінде ауытқушылық бар. Қыздардың 50% және ер балалардың 20%-ның салмағы қалыптан тыс (ғылыми-зерттеу жұмыстарының материалдары бойынша). Осы цифрларды 10-15%-ға арттырсақ, қазіргі таңдағы мәлімет алынады. Тұрақты кері кету тенденциясы байқалады. Бірінші кезекте бұл талапкерлер мен студенттердің дене және психикалық саулық деңгейінің төмендеуі; жүрек қан-тамыры, жүйке, ас қорыту жүйелері ауруларының оқу үрдісі кезеңдерінде өсуі, өмір сүру әрекетіндегі қозғалыс белсенділігінің шектеулі жағдайындағы мінез-құлқындағы алшақтығы бар оқушылар санының артуы, әлеуметтік-мәдени құндылықтардың және оқушы жастардың дене тәрбиесіне құмартушылығының нашарлауы немесе мүлде болмауы, сонымен бірге оқу және жаттығу үрдістерінің материалдық-техникалық қамтамасыздандырылу деңгейінің төмендеуі өмір өткелдерінде көрінуде. Осыдан барып, жоғарыда атап көрсетілген жоғары және кәсіптік орта оқу орындарындағы дене тәрбиесі жүйесінің өзекті мәселелері мен міндеттері келіп шығады.

Дене шынықтыру және спорт кафедраларының бүгінгі таңдағы алға қойылған мақсатты іске асыруға табиғи ұмтылысы көз жетерлік болашақта біздің өткен бұрынғы көлем және сандық өтірік ақпарларға негізделген, яғни оның іргетасында орасан зор қайшылықтар бар, шешімі қиын мына мәселелермен қарама-қайшы келеді:

- дәлелді себептердің, әлеуметтік жеке тұлғалық мәнді қажеттіліктердің әртүрлілігі, оқытып, үйрету және тәрбиелеу құралдарының, әдістері мен формаларының мазмұнын талап деңгейінен артық үйлестіру;

- дене шынықтыру және спорттық қызмет үрдісінде студенттердің қажеттілік-мотивациялық өрісін қалыптастыру қажеттілігі және тапсырма берілетін, уақытпен белгіленетін оның ұйымдастыру сипатында жеке тұлғаның қызығушылық ынтасы, рухани мәдениеті шектелген;

- жастардың жеке және топтық сұраныстарды қанағаттандыру үшін мүмкіндіктердің кең ауқымы мен бағыттылығы бойынша (рекреация, сауықтыру,

белсенді демалыс, т.б.) нақтылы шұғылдану мүмкіндіктерінің нашар дифференциялануы, яғни оларды осы қызмет аясына қызықтырып тартуды ұйымдастырудың шектеулілігі;

- дене шынықтыру - спорттық қызмет аясында көңіл-күйінің, эстетикалық дамуының үлкен әлеуетті мүмкіндіктері және олардың мазмұндылық-әсерленушілік компоненттерінің төмендігі, яғни - қызықтырушылық мәнінің шектеулілігі;

- «Дене мәдениеті» міндетті курсы шегінде жастардың басымырақ, дене мәдениеті, спорттық әр түрлі деңгейдегі ауқымындағы сайыстарда өз мүмкіндіктерін және қабілеттерін салыстыруға ұмтылысы, қызығушылығы және оны жарыстық қызметке шектеулі уақытпен белгілеп ендіру;

- жастардың дене сапаларын өздігінен жетілдіруге және дамытуға талаптануы және қажетті білімнің, қисынға келтіру (операциялық) біліктілігінің және өз қызмет әрекетінде әдістемелік негізделген өздік бағдарламасының болмауы; барлық оқу-тәрбие үрдісінің бағдарламалық-мақсатты негіздерінің түгел болуы және оқу сабақтары мен кәсіби оқытып, үйрету бағыты бойынша оқудан пайдалану бойынша дене және интеллектуалдық тәртібін сақтау [3].

Қорытындысында әлеуметтік өзін-өзі анықтау қабілеті, жақсы тамақтану мүмкіндіктерінің төмендеуі, оқу сабақтары кестелерінің жүйесіздігі, медициналық қызмет көрсету мекемелерінің аурудың алдын-алу шараларының болмауы, қаражаттың жеткіліксіздігінен оқушылардың күн көріс үшін сабақтан тыс жұмыс істеуі жоғарыдағы келеңсіз жағдайларды ұлғайтады.

Сондықтан да оқушы жастардың денсаулық жағдайына, күш-қуаты даярлығына үлкен ықпал ететін дене тәрбиесі пәнінің маңызы мен мәнін терең түсіну, кезек күттірмес мәселенің бірі болып қала береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Матвеев Л.П. Теория и методика физической культуры. -Москва: Фис, 1991.
2. Выдрин В.Л. Теория физической культуры. -Ленинград, 1988.
3. Гужаловский А.А. Основы теории и методики физической культуры. -Москва: Фис, 1986.

Н.А.ЖУНИСОВА

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистр-оқытушысы

**БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІ ОҚУШЫЛАРҒА СӘНДІК-ҚОЛДАНБАЛЫ
ӨНЕРДІ ҮЙРЕТУГЕ ДАЯРЛАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК
АЛҒЫ ШАРТТАРЫ**

В данной статье рассмотрены теоретические и социальные аспекты подготовки будущих учителей, обучающихся школьников прикладному искусству.

This article considers the theoretical and social aspects of the preparation of future teachers of students learning applied art.

Қазақ халқы өте талғампаз. Ұрпағына қалдырған бай мұрасы-тұнған ғибрат-өнеге, ұрпақ жалғастығын байланыстырып тұрған халықтың өміршен тәжірибесіне толы. Әр халықтың ұлт екенін дәлелдейтін үш арнасы бар: сөз өнері, саз (музыка) өнері және қолөнер.

Қолөнер халық өмірімен, тұрмысымен бірге жетіліп, біте қайнасып келе жатыр. Сан алуан түрлі қолөнер бұйымдар әсемдігі, өрнегі тұрмысқа сән берумен қатар адамдарға руханиат әкелген. Көз салып, байыптап қараған адамға бұйымдардағы түрлі-түсті ою-өрнектен, оның орналасуынан адамзат дүниесінің табиғатпен біте қайнасқан сонау заманнан келе жатқан қарым-қатынасын, көңіл-күйін, жан дүниесіндегі тылсым күштердің бірлігін аңғаруға болады. Қолөнер шеберлері табиғат сұлулығын өнер туындыларына арқау еткен. Өнер туындыларының бет-беттеріне ширатыла түскен ғажайып өрнектер өзгеше бір тілмен ақтарыла сыр шертетіндей. Қазақ қолөнерінің түрі, сапасы, өрнегі, бояуының өмірге келуі көшпелі өмірмен тығыз байланысты.

Қазақстанда мемлекет тәуелсіздігін нық ұстап тұру мақсатымен жүргізіліп жатқан іс-шараларға қатысты ұлттық мәдениеттің қайта өркендеуіне кеңінен жол ашылды. Еліміздің болашағы ұрпақтәрбиесіне байланыстылығын қоғамдық тарихи кезеңдер айқындап береді. Сондықтан да, бүгінгі таңда жастарға әлемдік ғылым мен прогресс деңгейіне сәйкес білім мен тәрбие беру, оның рухани байлығы мен мәдениеттілігін, ойлай білу мүмкіндігін жетілдіру, сонымен қатар әр адамның кәсіби біліктілігін, іскерлігін арттыру әділетті қоғамның міндеті болып табылады [1].

Мектеп оқушыларына ең алдымен қолөнер туралы тарихи мәліметтер беру қажет, өйткені бұл әрі халықтың ою-өрнек бұйымдарының мазмұнын игеру үшін, әрі оның қазақ қолөнеріндегі атқарған қызметін түсінуге мүмкіндік береді. Ә.Тәжімұратовтың, С.Қасимановтың, Қ.Арғынбаевтың еңбектеріндегі: ағаш өңдеу, металл өңдеу, тас өңдеу, сүйек, мүйіз ұқсату, т.б. материалдық қол өнер өндірістің негізін құрайды. Сондықтан бұл еңбектер мектепте қолөнерінің түрлеріне баулу мазмұнын түзеді және материалдарды өңдеу еңбек процесі екендігін сипаттайды.

Еңбек үдерісі – бұл қоғамға пайдалы іс-әрекет саласындағы материалдық құндылықтарды тудыру үшін адамның белгілі функцияларды орындауды

жүзеге асырудағы әрекеттер жиынтығы [2]. Ал ол еңбек қозғалысына, еңбек әрекетіне, еңбек тәсіліне және еңбек операциясына бөлінеді. Еңбек процестерінің негізінде өндірістік технология түзіледі.

Халық жасаған осынау өнер – халықтың игілігі болып табылады, ол өзінің көркемдік құндылығын жоғалтқан жоқ. Республикамызда оқу- тәрбие жұмыстарына қазақ халқының көне қолөнерінің бір түрі теріні ұқсатуды енгізу (Әмірғазин К.), сәндік-қолданбалы өнер түрлерін пайдалану мәселесі бойынша (Сатқанов О., Асылханов Е., т.б.) зерттеу жүргізген еңбектер бар. Оларда халықтың сәндік-қолданбалы өнерінің маңызы мен рөлі, еңбек объектісінің оқушыларға эмоциялық әсер етуі көрсетілген, халықтың көркем кәсіпшілігіне, халықтың көркемдік тәжірибесі мен дәстүрлеріне сипаттама берілген және оқу-тәрбие жұмыстарының мазмұндары мен әдістері, т.б. қарастырылған [3].

Ұлтымыздың мәдениетін сақтап, оны келер ұрпаққа жаңа көзқарасын жетілдіріп жеткізуде білім беру ісі басты құрал болып саналады. Өресі биік, өрісі кең қолөнердің қай саласынан болсын жер жүзіндегі басқа да халықтар сияқты қазақ халқы да өзінің көне замандардан бері келе жатқан тамаша тарихымен және бір өзіне тән қайталанбастай ерекшеліктерімен көзге түседі. Ал, қандай болмасын өнер және дарын иелерін өмірге келтіретін де сол халық. Өзге халықтар сияқты, қазақтың да қолөнер шеберлігін үйретуде ерте заманнан бері жиып-терген мол тәжірибелері бар.

Сәндік-қолданбалы өнер (сәнді-қолданбалы өнер) (латынша *decorae* - әшекейлеу (украшать)) - адамдардың көркем іс-әрекетінің ерекше саласы, практикалық мақсат үшін арналған өнімдері эстетикалық мақсатты пішінді шешіммен органикалық үйлесімділікке негізделген. Бұл ұғымды кең мағынада қарастырғанда алаңдарды, парктерді, үйлерді, сондай-ақ адамды әшекейлеуге арналған заттарды көркемдеп жасау. Сондықтан сәндік-қолданбалы өнерді өнердің мәнерлі түріне жатқызу қабылданған. Сәндік-қолданбалы өнер шығармаларының көркем мәнерлілігі олардың жоғары эмоционалдылығы, сұңғаттылығы мен бояуында болып табылады. Сәндік-қолданбалы өнердегі ішкі түр топтамасы: материалдық, технологиялық, функционалдық принциптер бойынша жүргізіледі. Өзінің таңдалған негізіне байланысты оны: керамика, мата, жиһаз, ыдыс-аяқ, бояма, ою және т.б. мамандандырылған салаларға бөледі. Сәндік-қолданбалы өнерде адамның көркем іс-әрекеті дайын немесе дәстүрлі бұйымдарда жүзеге асырылады [4]. Мұнда сәндік-қолданбалы өнер материалдарды әрлеудің түріне жататынын көрсетеді.

Екіншіден, «Қолөнер - қарапайым еңбек құрал-жабдығының көмегімен әртүрлі шикізаттардан дайын бұйымдар жасайтын ұсақ қол өндіріс». Өндіріс қоғам мүшелерінің материалдық игіліктер жөніндегі қажеттіліктерін қанағаттандыру мен олардың өмір сүруінің негізі, тірегі болып табылған.

Өндіріс бір-бірімен тығыз байланысты: біріншіден, өндіргіш күштер - еңбек заттары, еңбек құрал-жабдығы және оларды қозғалысқа келтіретін адам еңбегі; екіншіден, өндірістік қатынастар - адамдардың өнім өндіру жөніндегі бірімен-бірінің арасындағы қатынастар, мұны экономикалық қатынастар деп атайтын екі жағы барын атап өту қажет. Өндіргіш күштер өндірістің мәні, мазмұны, ал өндірістік-экономикалық қатынастар оның көрінісі, формасы болып саналады. Материалдық өндірістің қай түрі болмасын, оның ішінде қолөнер бұйымдарын дайындауда өндірістің аталған екі жағы өмір сүреді.

Демек, өндіріс біріншіден: әрекет; екіншіден: қоғамның өмір сүруі мен дамуы үшін қажетті материалдық игіліктерді түзу процесі, қоғамның өндірістік күштері және адамдардың өндірістік қатынастары (өндіріс құралдары, өндіріс тәсілі, товарлы өндіріс, әлеуметтік өндіріс); үшіншіден: тікелей өнім дайындау бойынша жұмыс; төртіншіден: өнеркәсіп саласы (автокөлік өндірісі, металлургия өндірісі, т.б.). Олай болса, бұл анықтамаларға сәйкес қолөнер - еңбек болып саналады.

Еңбек - алға қойылған мақсатқа жеткізетін саналы іс-әрекет. "Іс-әрекет - бұл қоғамдық мәнді сипаты бар, саналы мақсатпен реттелетін адамның ішкі (психикалық) және сыртқы (дене бітімі) белсенділігі" [5]. Еңбек пен табиғат затының әрекеттесуі іс-әрекет өнімін көрсетеді. Еңбек үдерісінің аяғында келіп шығатыны нәтиже – сол үдерістің бас кезінде адамның ойында болған нәрсе болмақ. Демек, әрбір іс-әрекеттің психологиялық негізі болады.

Қолөнерінде пайдаланған технология қазіргі заман өндірісіне негіз болды. Қазақ халқының тыныс-тіршілігі малмен, көшіп-қонуға байланысты болғандығы белгілі. Сондықтан да қазақ халқы мал өнімдерін қалдықсыз пайдалана білген, яғни қалдықсыз технологияның қарапайым түрін игерген. Ол жөнінде С. Қасиманов: "Малдың етін, сүтін, майын тамаққа, терісі мен жүнін киім-кешек, киіз-сырмаққа жаратса, тезегін отынға, сүйегі мен мүйізін зергерлік өнеріне негізгі материал ретінде пайдаланды" деп жазды [6]. Сондай-ақ желім дайындау қалдықсыз технологияның қарапайым түрі болған. Желім дайындауда қолөнершілер көтерем мал сүйегінен сылынған етпен түйенің көнін қазандағы суға ет езілгенше қайнатқан, содан соң ет пен көнді сүзіп алып, қалған суды суалғанша қайнатып, суыған соң дайын желімді пайдаланған [7].

Қолөнерге жүргізілген зерттеу жұмыстарын және оған берілген анықтамаларды материалдық өндіріс тұрғысынан қарастырғанда, қолөнері халықтық педагогикада тәрбие құралы ретінде, әрі өндірістік білім беру құралы ретінде қарастырылатынына көз жеткізілді. Қол өнері бұл:

- шикі затты өңдеу және олардан қолмен бұйымдар дайындаудағы еңбек үдерісі;
- қол еңбегі құралдарымен шеберлікпен орындалатын іс-әрекет;
- шығармашылық сипаттағы көркем бұйымдарды дайындаудағы өнер болып табылады.

Осы мәселелерді талдай келе, қолөнер тұрмысқа қажетті бұйымдарды, яғни, материалды өңдеудегі халықтың дүниетанымы бейнеленген мақсатты іс –

әрекеттерінің жиынтығы екенін аңғарамыз.

Бүгінгі күнгі жоғары білім беру орындарындағы басты мәселелердің бірі – жоғары білімді, жан-жақты дамыған, интеллектуалы жоғары, еркін ойлайтын, шығармашылық тұрғыда ізденетін, кәсіби даяр жастарды тәрбиелеу. Осы айтылғандар адамзаттың жинақтаған іс-тәжірибесін жастарға жеткізуші педагогтерге қойылатын белгілі бір талап деңгейлерін айқындауды қажет етеді.

Шығармашылық бастаудың жастарды табысты тәрбиелеп, тұлғалық қасиеттерін дамытудағы маңыздылығы туралы ережеден шыға келе, біз кез келген емес, нақты болашақ мұғалімдердің оқушыларға сәндік-қолданбалы өнерді үйретудегі педагогикалық іс-әрекет факторларын қарастыру қажет деп есептейміз.

Ғылыми-теориялық әдебиеттерге жасаған талдау оқушылардың кәсіби дайындығына қойылатын талаптардың және еңбек мазмұнының, сипатының, жағдайының өзгеруінен – болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығын жетілдіру қажеттігін көруге болады. Кәсіби даярлықты жүзеге асыруда болашақ мұғалімдердің еңбек іс-әрекеттерінің мазмұны мен құрылымы, осыған сәйкес іс-әрекеттерге студенттерді қатыстыру барысында әдіс-тәсілдері анықталды.

Білім мен тәрбие беру ісінде болашақ мұғалімдерді оқушыларға сәндік-қолданбалы өнерді үйретуде кәсіби білім беруді қамтамасыз ету, негізінен, өнер түрлері арқылы жүзеге асырылады. Қандай да болсын өнер түрі, қоршаған ортаның, болмыстың құбылыстарын бейнелейтін өзіне тән эстетикалық құралдары арқылы студенттердің санасына әсер етіп, оның алғашқы түсінігін, қоршаған өмір шындығына эмоциялық қатынасының қалыптасуын сапалы дәрежеге жеткізетін танымдық мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Өнер арқылы жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беру ісі қоғамдық дәуірдің әрбір даму кезеңдеріндегі қоғамдық талаптарды іске асырудың бір саласы ретінде күн тәртібінен түскен жоқ.

Қазіргі кезде сәндік-қолданбалы өнер арқылы студенттердің кәсіби білімін қалыптастыру қоғамды дамытудың бірден-бір құралына айналып отыр. Сондықтан да оны іске асыру қоғам үшін маңызды алғы шарттардың бірі болып есептеледі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Байжігітов Б.К.* Қазақ өнерінің эстетикалық табиғаты (Қазақтың дәстүрлі творчествасы мен бейнелеу өнерінің негізінде): фил. ғыл. канд. ... автореф. - Алматы, 1994. – 24 б.
2. *Ержибаева Г.Ф.* Қазіргі білім беру технологиялары: магистранттарға арналған оқу құралы. - Алматы: ГИГА-ТРЭЙД; 2010. -116 б.
3. *Басенов Т.К.* Прикладное искусство Казахстана. -Алма-ата, 1951. -269 с.
4. *Тәжімуратов Ә.* Шебердің қолы ортақ. –Алматы: Қазақстан, 1977. -96 с.
5. *Қасиманов С.* Қазақ халқының қол өнері. Алматы: Қазақстан, 1995. - 240 с.
6. *Арғынбаев Х.* Қазақ халқының қолөнері. -Алматы: Қазақстан, 1995. -240 с.
7. *Асылханов Е.* Қазақтың сәндік-қолданбалы өнерін республика орта мектептерінде және педагогикалық институттарда оқып үйрену. -Алматы, 1986. – 124 б.

Ж.С.ЕРКИШЕВА

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің оқытушысы

**ЕСЕПТЕР ЖҮЙЕСІ СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚУ ІС-ӘРЕКЕТІН
БЕЛСЕНДІЛЕНДІРУДІҢ АМАЛЫ**

В статье рассматривается то, что организация процесса обучения на современном этапе развития вузовской системы требует усовершенствования программ, выбора содержания, методов и форм организации занятий с увеличением удельного веса самостоятельных работ, направленных на активизацию учебной деятельности студентов.

The article deals with the organization of the learning process at the present stage of development of higher education system needs improvement programs, selection of content, methods and forms of organization of training with an increase in the proportion of independent works aimed at enhancing students' learning activities.

Ғылыми-техникалық ілгеріліктің жеделдетіле түсуі, студенттердің жоғары мектепте оқу барысында алулары тиіс білімдері көлемінің міндетті түрде артуына алып келуі тиіс, білімнің мақсаты мен мазмұны барған сайын қарқынды бола түседі де нақтылы әдістер мен соған сәйкес ұйымдастыру базасын талап етеді. Мәліметтердің дайын мөлшерін адамзатқа белгілі барлық көлемде беру қазірдің өзінде қиындай түсуде, ал болашақта мүлдем мүмкін болмайтын секілді. Қажетті білімдерді меңгеру танымға қарай ұмтылған, өз іс-әрекеті затына шығармашылық тұрғыдан қарайтын адамның белсенділігінің арқасында қол жеткізілуі мүмкін.

Студенттердің оқу іс-әрекетін белсенділендіру мәселесін шешуде оқытудың мазмұнын, формалары мен әдістерін студенттердің танымдық әрекетін белсенділендіру бағытында одан әрі қарай жетілдіре түсу ерекше маңызға ие болмақ. Студенттердің белсенділігінің барынша дами түсуін мамандарды дайындаудың ЖОО-на тән мына келесі ерекшеліктері талап етеді: а) оқу пәндерін оқып білуде студенттің оқу іс-әрекеті шығармашылық сипатқа ие болады; ә) оқытудың кәсіби дайындықпен тығыз байланысы; б) студенттерді келесі, өз алдына дербес шығармашыл қызметке дайындау.

Бақылаулар көрсеткендей, көптеген студенттер өз мүмкіндіктерінің толық көлемінде оқи алмайды. Бұл оқытушылардың жиі түрде студенттердің белсенді танымдық жұмысын арттыруға септігін тигізетін оқытудың формалары мен әдістерін үнемі қолдана бермейтіндігімен түсіндіріледі. Оның үстіне студенттердің өздері де (әсіресе I курстардың студенттері) кейде тіпті оқу жұмысының тиімді әдістерімен қаруланбаған болып шығады.

Қазіргі заман жоғары білімінің кемшіліктерінің ішінде жиі түрде мыналар аталып өтеді: оқу үдерісін басқаруға қажетті кері байланыстың жоқтығы; студенттердің тиімділігі төмендеу дербес жұмысының болуы; дербес жұмысқа қажетті жағдайлардың жоқтығы; міндетті және дербес сабақтардың ғылыми негізделген арақатынасының жоқтығы (уақыты мен мазмұнында); оқытудың қажетті түрдегі жекеленбеуі; жүйедегі дербес

жұмысты қамтамасыз ететін және оқытуда сараланған көзқарасты жүзеге асыруға мүмкіндік беретін дидактикалық материалдардың жоқтығы және т.б.

Жоғары мектептің алдына қойылған жаңа күрделі міндеттер мен ЖОО-да оқытудың өзіндік ерекшеліктеріне байланысты, студенттердің оқу-танымдық іс-әрекетін белсенділендіруде, пәнге деген қызығушылықты арттыруда студенттердің дұрыс ұйымдастырылған дербес жұмысы маңызды мәнге ие болмақ. Көптеген авторлар атап көрсеткендей, оқыту үдерісін студенттердің дербес жұмыстарын мақсатқа сай етіп ұйымдастыру арқылы жетілдіре түсу қажет. Студенттердің дербес жұмысы мұғалім қызметіне сай болашақ математика мұғалімдерінің кәсіби-әдістемелік ептіліктерін қалыптастыруға қарай бағытталған дербес жұмыстардың жүйесі жасалған жағдайда ғана тиімді болмақ.

Функция шегін есептеп шығару мәселесі оқып зерттеу кезінде құрылымдық толыққандылық қасиетіне ие дербес жұмыстар жүйесін жасауға және негіздеуге болады.

Бұл жағдайларда студенттің өзіндік жұмысының тиімділігі, нәтижелілігі мәселесі ерекше мәнге ие болады. Олардың шешімі студенттің өзіндік жұмыс үдерісінің үш бағытын – өзіндік жұмысты аудиториялық сабақтарда және аудиториядан тыс уақытта тиімді етіп ұйымдастырудың формаларын, амалдары мен тәсілдерін зерттеуді; танымдық іс-әрекеттегі өзіндік жұмыс үдерісінің механизмін, құрылымы мен ерекшеліктерін зерттеуді; студенттердің міндетті сабақтары мен өзіндік жұмыстарының педагогикалық тұрғыдан негізделген, мақсатқа сай арақатынасын анықтап отыруды қажет етеді.

Студенттердің өзіндік жұмысын басқарудың амалы, дербес жұмыстың мәні танымдық мәселелерді шешу болып табылады. Оқу іс-әрекетін белсенділендірудің амалы ретіндегі есептің мәні сонда, меңгерілуге тиіс материал тек соның көмегімен ғана оқып жүрген адамның іс-әрекетінің мәніне айнала алады. Сыртқы себеп бола отырып, есеп, студентті оны шешуге бірте-бірте тарта отырып, ішкі түрткіге, әрекет ету ептілігін меңгерудің түрткісі мен тәсіліне, тұлғаны дамытудың және оның оқу іс-әрекетін белсенділендірудің құралына айналады. Сонымен бірге көптеген зерттеулердің авторлары тұжырымдағандай тапсырмалар жүйесін құру және оларға қойылатын талаптарды анықтап алу қажет.

Қазіргі заманғы есеп жинақтарының көпшілігіне тән кемшілік сол - әдетте, олардағы тапсырмалар ең озық студенттің өзі шеше алатын тапсырмалардан екі-үш есе көп болады, алайда жаттығулардың құрылымы мен есептердің типтері әр алуан бола бермейді. Есептерді студенттердің ойлау әрекетінің, өзіндік жұмыстың объектілері ретінде қарастыра отырып, есеп элементтерінің арасындағы байланыстардың, қатынастардың сипатын ескерген маңызды. Студенттердің өзіндік жұмысы үшін есептердің кездейсоқ

жинақтары жиі түрде қолданылады; бұл жинақтардағы есептер кездейсоқ тәртіпте пайда болады; елестету әрекетінен шығармашыл әрекетке заңды, негізді түрде ауысу байқалмайды. Есептердің осындай жинағынының шешімінен кейін студенттер іс-әрекеттің бір деңгейінен екінші деңгейіне өтудің логикасын жиі байқай бермейді, әрекет етудің іс-әрекеттің әр түрлі деңгейлеріне тән тәсілдерін нашар меңгереді. Қызығушылықтың төмендеуі, түрткінің төмендеуі осыдан келіп шығады, осының салдарынан оқу іс-әрекетіндегі белсенділік деңгейі төмендейді.

Студенттердің оқу іс-әрекетіне деген дұрыс түрткісін арттыру үшін, оны белсенділендірудің жаңа тәсілдерін ойлап табу қажет. Мүмкін боларлық жолдардың бірі есептердің құрылымын, күрделілігі мен проблемалылығын білудің негізінде құрылған есептер жүйесін құру болып табылады. Олар студенттердің есептерді өз беттерінше шешуге деген қызығушылықтарын арттыруға, оқытудың эмоционалдылығын қамтамасыз етуге септігін тигізеді. Әдістемелік жұмыстарды талдау көрсеткендей, қазіргі кезде есептер жүйесі есептің күрделі объекті туралы, оның сыртқы құрылысы мен ішкі құрылысы және олардың өзара байланысы туралы білімдер есепке алынбастан құрылады.

Ақпараттық құрылым көзқарасы тұрғысынан алғанда есепті $S=\{A,C,R,D,B\}$ тұйық жүйесі ретінде, осынау жүйенің барлық компоненттері “адам-есеп» жүйесінде анықталуы мүмкін мағынасында қарастыруға болады [1]. Бұл жүйеде АCRDB компоненттер жүйесі (сөз) есептің ақпараттық құрылымы ретінде қарастырылады, мұндағы: А- есептің шарты, яғни берілгендер мен олардың арасындағы қатынастар; В- есептің талабы, яғни ізделіп отырғандар мен олардың арасындағы қатынастар; С- есепті шешудің базисі, яғни шешуді негіздеуге қажетті теориялық және практикалық негіз; D- есепті шешудің үдерісін анықтайтын тәсіл; R- берілгендер мен ізделініп отырғандардың арасындағы қатынастар жүйесіндегі негізгі қатынас.

Ақпараттық құрылымда оның барлық компоненттері өзара байланысқан әрі бірін-бірі толықтырып тұрады. Бұл өзара байланыс D және С компоненттерінің көмегімен анықталады. R компоненті есептің ішкі құрылымын, оның элементтерін айқындаудың қажетті шарты болып табылады [1,2]. Егер де есептің ішкі құрылымын білетін болсақ, оны шешудің стратегиясын біле отырып, оны шешу жолдарын мақсатқа сай етіп іздестірудің мүмкіндігі туады. Сонымен бірге бұл оқытушыға есептер жүйесінде белгілі бір тәртіпті орнатуға, олардың жүйеленуін күрделілік дәрежесі бойынша және дұрыстықтың, күрделіліктің, белгілі бір дәрежесімен орындауына мүмкіндік береді.

Есептің күрделілігі психологиялық-дидактикалық категория болып табылады да тұлғаның жаңашылдық дәрежесі, оқушының зияткерлік мүмкіндіктері, оның қажеттіліктері мен қызығушылықтары, есептерді шешу тәжірибесі, зияткерлік және практикалық ептіліктерді меңгеру деңгейі секілді ерекшеліктеріне байланысты көптеген субъективті факторлардың жиынтығын білдіреді. Алайда, есептің объект ретіндегі күрделілігінің негізгі компоненттері оның проблемалылығы мен күрделілігі болып табылады. Есептің

проблемалылық дәрежесі оқу материалын зерттеу логикасындағы есептің орнына байланысты. Есептің күрделілігі, субъектіге байланысты емес объективті сипат болып табылады.

Біз студенттердің оқу іс-әрекетін белсенділендіруге қарай бағытталған «Функциялардың шамасын есептеу» тақырыбындағы есептер жүйесін жасап шығардық. Есептердің бұл жүйесіндегі жүйелендіру, есептердің құрылымының дамуының негізінде олардың күрделілігінің бірте-бірте арта түсуі бойынша, ал күрделіліктің әрбір деңгейінде – проблемалылығының өсу шамасы бойынша орындалды.

Өзіндік жұмыстардың «Функциялардың шамасын есептеу» тақырыбы бойынша жасақталған жүйесі нақты кіші тақырыптар бойынша өзіндік жұмыстардан тұрады. Әрбір өзіндік жұмыс үш нұсқаға бөлінген: В.1 (жеңілдетілген) – мұндай нұсқадағы есептер өзгерістерге толы емес, проблемалылық дәрежесі жоғары емес $P=2,4$, тәсілдері немесе тәсілдерінің реттілігі белгілі (мысалы, $\lim_{x \rightarrow \infty} \frac{x^5 - 3x^4 + 7x - 1}{3x^5 + 2x^3 - 3}$, $\lim_{x \rightarrow 0} \frac{1 - \cos x}{5x}$); В2 (күрделілігі орташа) – мұндай нұсқадағы есептердің проблемалылығы жоғарылау, есептерді шешу тәсілдерінің реттілігі жиі түрде белгілі болып келді (мысалы $\lim_{x \rightarrow \frac{\pi}{4}} \frac{\sqrt[3]{\lg x} - 1}{2 \sin^2 x - 1}$); В.3 (күрделілігі жоғары) – мұндай нұсқадағы

есептердің проблемалылық дәрежесі жоғары болып келеді $P > 5$, есепті шешу тәсілдерінің реттілігі жиі түрде белгісіз болып келеді (мысалы $\lim_{n \rightarrow \infty} n^2 \left(x^{\frac{1}{n}} - x^{\frac{1}{n-1}} \right), x > 0$). Әрбір нұсқа құрылымдық толыққандылық қасиетіне ие болып келеді, яғни осы типтегі есептерге тән барлық құрылымдардан тұрады.

Жеңілдетілген нұсқа, өзінің шешілуі үшін келесі тақырыптарды оқып-зерттеуге қажетті білімдердің, ептіліктердің, дағдылардың ең аз көлемін қажет ететін есептерден тұрады.

Өзіндік жұмыстардың ұсынылған жүйесі барлық оқытылатындар үшін базалық оқу материалының шамаға сай болуын қамтамасыз етеді; оқу материалын ең төменгі қажетті деңгейден бастап жеткілікті дәрежедегі күрделі қорға дейінгі (білімі күшті студенттер үшін) деңгейге дейін жоспарлауға, оқу материалын оқып-зерттеу барысында әрбір студентке қатысты сараланған амалды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.; болашақта өсуді қамтамасыз етеді. Мұның бәрі практика көрсеткендей оқу іс-әрекетіне деген қызығушылықты арттырды, оқу іс-әрекетінің түрткілік құрылымын өзгертті, оқу іс-әрекетін белсендендірді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Крутич В.И. Теоретические основы обучения решению школьных математических задач. Москва: Прометей, 1995. -210 с.
2. Фихтенгольц Т.М. Математикалық талдау. «Гостехиздат», 1956. -20-29.

Б.ДАУЛЕТБЕКОВА

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің аға оқытушысы

МАТЕМАТИКАЛЫҚ ҰҒЫМДАРДЫ МЕНГЕРТУДІҢ ЖОЛДАРЫ

В данной статье рассматриваются пути освоения математических понятий.

The ways of developing mathematical concepts are considered in the article.

Күнделікті өмірде кездесетін кез келген істі орындау үшін де қарапайым математикалық есептерді шығаруға тура келеді. Мұндай іспен математикалық есептің арасындағы ортақ белгілерін анықтап, оны шешуді оқушыға үйрету қажет. Ол үшін мұғалім алдымен ұғымдардың генетикалық байланыстары математиканың қолдану аумағын кеңейтуі, оның практикамен байланысын көрсете білуі керек. Ұғымды дұрыс қолдана білгенде ғана оның қыры мен сыры толғынан ашылады, жан-жақты дамиды.

Психологтардың дәлелдеуінше, оқушылардың ой-өрісінің дамуы оқыту үрдісінде дұрыс қорытқанда, әр түрлі жағдайларда орынды қолдана білгенде ғана жүзеге асады. Оқытудың әр сатысында ұғымды мақсатты түрде қолданғанда ғана ширай түсіп, жаңа мән-мазмұн иеленеді, математиканың жүйелі курсының негізгі өзегі бола алады [1].

Математиканы оқып-үйрену ұғымды қалыптастыру мен оны терең танымдық дәрежеге жеткізуден, математикалық тұжырымдарды теоремаларды дәлелдей білуге үйретуден және оны нақтылы іс-әрекетте, есеп шығаруға қолдана білуден тұрады. Мұның алғашқысы да, маңыздысы да математикалық ұғымдарды игеру болғандықтан, оның алатын орны да ерекше. Оқушының бар білім-танымның бастауы, оның қолданылар аясының кеңдігі мен ауқымдылығы алғашқы мәліметтердің қалай түсіндіріліп, жеткізілгеніне байланысты.

Математикалық ойлау дұрыс дамымаса, ұғымдардың дамуы да тежеледі, ұғымның қалыптасуы мен оны оқушылардың толық меңгеруінің арасы алшақтай түседі. Ұғымдарды жүйелі түрде оқып-үйрену, олардың арасындағы сан алуан байланыстарға көз жүгірту оқушылардың ойлау қызметтерінің, ұғымдық ойлауының шыңдалуына жол ашады.

Ұғымды меңгеру дегеніміз - болмыстың, заттар мен құбылыстардың маңызды қасиеттерін, олардың арасындағы мәнді байланыстарды, арақатынастарды білу. Ұғымдармен жұмыс жүргізгенде қолданылатын логикалық амалдардың бірі - ұғымдарды анықтау. Ұғымның анықтамасы деп ұғымның қажетті және жеткілікті белгі-шарттарын көрсететін сөздік немесе символдық сөйлемді айтады [2].

ТМД және шетел психологтары мен педагогтарының зерттеулері (Л.С.Выготский, А.А.Смирнов, П.Я.Гальперин, В.В.Давыдов, Д.Б.Эльконин, А.В.Усова, Ж.Икрамов және т.б) ғылыми ұғымдарды қалыптастырудың жолдары мен әдістерін анықтауға арналған. А.В.Усова ұғымдардың қалыптасуы-

ұғым мазмұнына, оқушылардың жалпы даму деңгейіне, олардың бұрынғы іс-тәжірибелеріне, таным қабілеттеріне және т.б. байланысты деп есептейді [3].

Математикалық ұғымды қалыптастыруда логика сияқты интуитивтік түсінік өте қажет. Математикалық ұғымдарды есептер арқылы қалыптастырудың басты факторларының бірі интуитивті қабылдау.

Ғалым - математик А.Д.Мышкисің пікірінше, интуиция дамымайынша білім формальді болады, ол тек ақпараттық-анықтамалық мағынада ғана болады. Сондықтан, оқушының интуитивтік түсінігін пайдаланып ұғым мағынасын жүйелі түрде ашу керек.

Психолог-педагогтардың зерттеулерінде ұғымдарды қалыптастыруда есептерді қолдану үшін оқу мазмұнын есеп түріне келтіру керек делінген [4].

Оқыту үрдісінде оқушыларды математикалық ұғымдардың анықтамаларын дұрыс және дәл тұжырымдауға ерекше көңіл бөлінеді. Математикалық ұғымдарға дәл анықтама беруге үйрету арқылы оқушылардың математикалық білімдерді саналы игеруі қамтамасыз етіледі, олардың логикалық ойлауын жетілдіре түседі.

Бастауыш сынып оқушыларының математикалық ұғымдарды меңгеруінің басты шарттарының бірі – мұғалімнің әрбір ұғым мазмұнын және оның сол пәндегі алатын орнын терең білуі қажет. Бұл шарт орындалмаса ұғымның қалыптасуы және оны оқушылардың меңгеруі туралы сөз қозғау да дұрыс емес. Мұғалімдер ұғымдарды оқытуды оқулық желісімен өткізеді, тек сонымен ғана шектеледі.

Ұғымды оқушылардың тиянақты меңгеруі үшін мұғалім сол ұғым туралы деректер жинап, оның даму кезеңдерін саралап және қай уақытта, қандай әдіспен оқыту керектігіне мұқият дайындалуы қажет, яғни әр ұғымға талдау жасауы керек.

Математикалық ұғымдарды оқушылардың табысты меңгеруінің бір жолы – ұғымдарды қалыптастыру және меңгеру кезеңдеріне олардың белсенді таным қызметтерін ұйымдастыра білу.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Ахмеджанов А.И.* Особенности формирования математических понятий в курсе математики IV-V классов. АҚД. –Ташкент, 1985.
2. *Ибраева С.Н.* Жаңа ұғымдарды қалыптасатырудағы интуицияның рөлі //Қазақстан мектебі. - Алматы, №6- 2004.
3. *Белюсов В.Д., Петрушкин П.К.* Классификация математических понятий в школе. –Москва, 1989.
4. *Нугысова А.* Студенттердің математика есептерін шығару іскерліктерін қалыптастыру. –Талдықорған, 1999.

С.П.ӨМІРБЕКОВ

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

**ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ САБАҒЫНДА ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ
ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКА ЭЛЕМЕНТТЕРІН ПАЙДАЛАНУДЫҢ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

В статье говорится об особенностях использования элементов народной педагогики через национальные игры на уроках физического воспитания в средних школах.

The article deals with the peculiarities of using some elements of public pedagogy through national games in physical culture classes at the secondary schools.

Жалпы орта мектеп оқушыларының оқу іс-әрекетінде халық ойындарын дидактикалық мақсатта қолданудың педагогикалық мүмкіндіктері С.А.Ұзақбаева, Е.Сағындықов, С.Елубаев, С.Елубаева, А.К.Айтпаева, Г.Р.Бахтиярова еңбектерінде ашып көрсетілді. Бұл еңбектерде халық ойындарының білімдік, тәрбиелік және дамытушылық мәні айқындалып, оларды пайдаланудың жолдары мен әдіс-тәсілдері беріледі.

Ұлттық ойындар, ұлт спорттық қозғалыс-қимыл жаттығулары әр адамға ерте балалық шақтан етене таныс. Сондықтан да халықтың педагогика материалдары дәйектеліп, дене тәрбиесі сабақтары жоспарында бекітілсе, онда бұлар тез меңгерілер еді. Халықтық педагогика материалдарын пайдалану қажетті ұлттық ұғымдарды бекітіп, адамгершілік қасиетін дамытады, оқушылардың әлеуметтік шынайы үдерістерге қызыға отырып, азаматтық сапаларын орнықтырады.

Халық ойындары педагогиканың дәстүрлі құралдары болып саналады. Ол бала өмірінің табиғи серігі, көңіл-күйінің бұлағы. Онда ежелден адам өмірінің бейнесі, тұрмысы, салт-дәстүрі, еңбегі, халықтық намыс, ерлік, батылдық туралы көзқарастары, жылдамдық, тездік, шеберлік пен әдемі де әсем қимылдарды меңгеру тілектері, шығармашылық тұрғыда ойлау қабілеті, ұстамдылыққа, ептілікке, тапқырлыққа, жеңіске жету талпынысы айқын қамтылған. Халық ойындары баланың көркемдік-эстетикалық, дене тәрбиесінің бөлінбейтін бір бөлігі болып саналады. Ойын кезіндегі қуанышты көңіл-күй мен әсем қимылдар баланың рухани байлығымен үйлеседі. Сөйтіп оларда туған елдің мәдениетіне деген қызығушылық, сүйіспеншілік, сыйласымдық сезімі қалыптасады. Халық ойындарының қайсыбірі болмасын мазмұны жағынан балаға түсінікті, әсерлі және ықшамды. Олар ойлау қабілетінің белсенді дамуына, ой-өрісінің кеңеюіне, қоршаған ортаны дұрыс түсініп меңгеруге, психикалық процестерді жетілдіруге ықпал етеді [1].

Ұлттық ойындар атадан балаға, үлкеннен кішіге мұра болып жалғасып отырған көне халықтың дәстүрлері, шаруашылық мәдени, өмір тіршілігінің жиынтық белгісі болған. Әрине, ойын өнер ретінде әдебиет пен мәдениеттің сан алуан түрлерімен қабысып, астасып келіп, бірін-бірі толықтырып, байыта түседі.

Ойын бар өнердің бастауы, шынында да көне мәдениет пен әдеби туындылар сол халықтың жиналған уақытында, ойын-той үстінде дүниеге келіп, көптің игілігіне айналған.

Қазақтың ұлттық ойындарының бір ерекшелігі оған өлең сөздің араласып келіп отырғанында. Егер ойын барысында өлең, тақпақ жолдары кездеспесе, онда ойында жеңіліп, өз ұпайын өтеушілер орындайды.

Демек бүгінгі және болашақ ұрпақтың ұлттық ойындары адам еңбегінің жемісі. Халықтың фантастикалық ой құбылысының көрінісі, дүниені танып-білу талпынысына нышаны ретінде өмірге келген халықтың әлеуметтік-экономикалық айнасы екенін білеміз.

М.О.Әуезов біздің халқымыз өмір кешкен ұзақ жылдарында, өздері қызықтаған алуан өнері бар, «Ойын» көңіл көтеру, жұрттың көзін қуанту, көңіл шаттандыру ғана емес, ойынның өзінше мағыналары болғанын айтады. Бұл пікір өзі өмір сүрген ортаның шындығынан туындаса керек. Қазақтың тарихи көне жылдарының эпостары мен лироэпостарының қай-қайсысын алып қарасақ та, оның өн бойына халықтың ұлттық ойындарының, әдет-ғұрыптары салттарының алуан түрлерін кездестіреміз. Негізгі кейіпкерлері - баланың ел қорғаушы батыр, жауынгер, халық қайраткері ретінде ойын үстінде көрінеді, сол ойын арқылы шынығып, өзінің бойындағы табиғи дарынын шыңдай түседі.

1 жастан 7-ге дейін бөбекті халқымыз «ойын баласы» деп атаған. Халық неше алуан ойынды туғызып, оны іс жүзінде қолданып оның тәрбиелік, білімділік жақтарын көре білген. «Бала ойынмен өседі» деген өмірлік қорытынды жасап, оны өздерінің бала тәрбиесіне тиек еткен.

«Балалармен ойнайды,
Ойнап жүріп ол бала,

Кеудеде ақыл ойлайды» - деген өлең жолдары да осының дәлелі. «Ойын баласы ғой, бүгін ойнамай үйде отыр, селсоқ, ауырып қалды-ау!» деген пікір айтқан халқымыз баланың денсаулығын бағдарлайтын. Ойын баланың алдынан өмірдің есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін оятып, бүкіл өміріне ұштасады.

В.А.Сухомлинскийдің сөзімен: «Ойынсыз ақыл-ойдың қалыпты дамуы да жоқ және болуы да мүмкін емес. Ойын дүниеге қарай ашылған үлкен терезе іспетті, ол арқылы баланың рухани сезімі жасампаз өмірмен ұштасып, өзін қоршаған дүние туралы түсінік алады. Ойын – дегеніміз ұшқын, білімге құмарлық пен еліктеудің маздап жанар оты» - деп ойынның зор маңызын түйіндесек, ұлттық ойындарды ойнату, сабақта пайдаланудың маңызы сөзсіз зор [2].

Жалпы орта мектеп оқушыларының білімінің саналы болуы сабақ жүйесіне, әр сабақтың ішкі мүмкіндігіне, оларды ұлттық дәстүрмен ұштастырып, оқушылардың шығармашылықпен жұмыс істеуін, білімдерін,

дағдыларын іскерлікпен дамытуға байланысты.

Ойынның атқаратын қызметі сан алуан болады. Атқарылатын қызметіне қарай ойын жұмбақ, жаңылтпаш, ермек, айтыс, құрақ, оралым, ою-өрнек, мозайка, шытырман, жарыс, дұзақ, есеп, сұрақ, алмастыру, қозғалыс, жаттығу болып бөліне береді. Ойын тек баланың дене күш-қуатын молайтып, оны шапшаңдыққа, дәлдікке және т.б. тәрбиелеп қоймай, оның ақыл-ойының толысуына, есейіп өсуіне де пайдасын тигізеді. Баланың әртүрлі ойынмен ойнауы және өзі туып өскен, өмір сүрген ортасына байланысты алған әсерлері мен түйсіктері олардың қиялын қозғап, шығармашылық шабытын оятып, алғашқы іс-әрекетке жетелеуге, осы арқылы баланың өзін қоршаған дүниені танып-білуіне алғашқы қадам жасауға мүмкіндік береді [3].

Оқушының бой жүйесін босататын, жан қуаттарын (ойлауын, қабылдауын, елестетуін, есін, зейінін) өрбітетін ойын, Абай сөзімен айтсақ, дүниенің көрінетін һәм көрінбейтін сырын түгендеу арқылы жүргізілуі тиіс. Басқаша айтқанда, ойын нақтылық пен дерексіздік, индукция мен дидукция, талдау мен жинақтау, ұқсастыру, салыстыру, бақылау мен тәжірибе арқылы жүргізілуі тиіс. Оқушыларды ой қорытындысын жасай білуге үйрету үшін, осы таным әдістеріне баулуымыз қажет. Сонда ғана тәлім - әрі сәнді, әрі мәнді болады.

Балаға әрбір ойынның алдына қоятын мақсаттары айтыла отырылып, ойын ережесі түсіндіріледі. Сондай-ақ пайдаланылатын құрал-жабдықтары айтылады. Халық ойындары қолға түскен қарапайым заттармен ойнала береді. Олай болса, оның дидактикалық құралдарын дайындау онша күрделі емес, оны әрбір мұғалім дайындай алады.

Халық ойынының келелі бір мақсаты – баланы жан-жақты тәрбиелеу болғандықтан, бір ойын түрліше ойналуы мүмкін, сондай-ақ, ойнауға берілген сұрақтың түрліше жауабы болуы мүмкін.

Ойын ережелерінде тәрбиенің үлкен маңызы жатыр. Олар ойынның барысын белгілейді, балалардың тәртібі мен әрекеттерін, олардың қарым-қатынасын бақылайды, жігерінің қалыптасуына ықпал етеді [4].

Ойынға қызығуы үшін ойын өмірмен ұштастырыла алынып, оның қажеттілігін бала сезінуі тиіс. Сондай-ақ, ойын тұжырымы әдеттегіден бөлектеу, түсінуге жеңіл, мақсаты айқын болуымен бірге, есептеуі аз, ойнау арқылы тез табылатын болуы қажет. Әрбір ойын ойналып болғаннан кейін, қорытындыланып отырылса пайдалы болады.

Ұлттық-дидактикалық ойындарды оқыту мен тәрбие құралына айналдыру үшін бірқатар әдістемелік талаптардың қатаң сақталуы тиіс:

Тәрбиеші ұлттық дидактикалық ойындардың неғұрлым көп түрін білуі тиіс.

Ұлттық дидактикалық ойындарын балалардың жас ерекшеліктеріне және қызығушылығына байланысты іріктей білу.

- ойын ережесін өзі жете біліп, балаларға да түсінікті етіп жеткізе білу.
- барлық ойындардың тәрбиелік мақсатын анықтап алу.
- ойын барысында ережені сақтауды қатаң түрде қадағалау.
- ойынға арналған құрал-саймандарды дайындау, қажет болған жағдайда өз қолымен дайындау немесе басқа құралдармен алмастыру.

Бұл жерде атап айтатын бір нәрсе, дидактикалық ұлттық ойындарды бүгінгі педагогикалық ілім талаптарына сай іріктеп, ретті қолдана білсек, онда ол сабақтың сапасын көтеріп, тиімділігін арттырады, сыныптан тыс тәрбие жұмыстарын жандандыра түседі.

Ұлы Абайдың «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?» деген пікірінен бала өмірінде ойынның маңыздылығын көруге болады. Бастауыш сынып оқушыларының психикасының дамуына ойын әрекеті шешуші рөл атқаратындығы туралы белгілі ғалымдар өз еңбектерінде айтып кеткен. (Ж.Аймауытұлы, М.Жұмабаев, Ш.Құдайбердіұлы, С.Торайғыров, Т.Тәжібаев т.б.)

Педагогикалық үрдісті жетілдіру ойынның алар орны жөнінде қазақстандық ғалым Н.Құлжанова да зерттеген. Ойын бала үшін еліктеу, инстинкт, күнделікті негізгі іс-әрекет және өмірі деп дәлелденген. Н.Құлжанованың айтуы бойынша ойынды әдептілік, тәрбиелік мақсатқа пайдалану - болашақ өміріне түзу жол салу, үлкендерге еліктеу және өмірдің талаптарына сай бейімдеу деп түсіндірген.

Сонымен бірге жалпы орта мектеп оқушыларының назарын аударатын ойын түрлерінің бірі – ұлттық ойындар. Бұл ойын түрі берілген тапсырманы орындаумен қатар баланың денсаулығын нығайтып, т.б. көптеген қасиеттерін дамытады.

Жалпы орта мектеп оқушыларының негізгі әрекеті - оқу, қарым-қатынас, ойын және еңбек болса, бұлардың әрқайсысы негізгі функцияларды атқарып, баланы дамытады. Оқу-білім алу мен білік, дағдыны қалыптастырса, қарым-қатынас - бұл балалардың бірін-бірі дұрыс қабылдап, сонымен қатар жаңалық алмасуын арттырады. Ойын - пәндік әрекеттерді жетілдіріп, бірлесіп жұмыс жасай білуге дағдыландырады. Ал еңбек - қолдың қозғалысын жақсартып, практикалық кеңістік және көрнекі ойлауын жетілдіреді. Балалардың мұндай әрекеттерге белсене қатысуы олардың психикалық дамуын арттырады [5].

Ойынның негізгі мақсаты баланы қызықтыра отырып, білімді берік меңгерту болса, мұғалімнің міндеті - сол ойын түрлерін пайдалана отырып, оқушыларды өздігімен жұмыс істей білуге, ой белсенділігі мен тіл байлығын арттыра түсуге, түрлі дағды мен шеберлікті меңгертуге қол жеткізу.

Оқу үрдісіне ойын түрлерін пайдалану – бағдарламада анықталған білім, білік және дағдыларды қалыптастыру, тиянақтау, бекіту немесе тексеру болып табылады. Сондай-ақ мұғалім ойын түрлерін балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес түрлендіре отырып, жаңа тақырыпты

өткенде, өтілген материалды қайталағанда, білімді тиянақтау және тексеру кезінде, яғни сабақтың кез келген сәтінде оқыту әдісінің құралы ретінде пайдалануға болады.

Қорыта келгенде, жалпы орта мектептерде дене тәрбиесі сабағында ұлттық ойындар арқылы халықтық педагогика элементтерін, дидактикалық ойын түрлерін пайдалану, біріншіден, оқушылардың білімін берік меңгерту құралы болса, екіншіден, балалардың сабаққа деген қызығушылығын, белсенділігін арттырып, білім сапасын көтеру болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Сағындықов Е.* Ұлттық ойындарды оқу-тәрбие процесінде пайдалану. - Алматы: Рауан, 1993. – 76 б.
2. *Сухомлинский В.А.* О воспитании. – М.: Политиздат, 1973. – 125 б.
3. *Толыбаев Қ.* Кел, ойнайық. - Алматы: Өнер, 1990. – 62 б.
4. *Ұзақбаева С.А., Айтпаева А.К.* Воспитательные возможности казахских народных детских игр. – Алматы, 1996. – 35 б.
5. *Ұзақбаева С.А., Сарбасова Қ.А.* Бастауыш сыныптардағы сабақтарда қазақ этнопедагогикасы материалдарын пайдалану. – Алматы, 1997. – 32 б.

ТАРИХ

Э. АЛЬЖАНОВА

тарих ғылымдарының кандидаты,
А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің доценті

М.БАБАШЕВ

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ӨМІР ДЕҢГЕЙІ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУДЫҢ МАҢЫЗДЫ ШАРТЫ РЕТІНДЕ

В этой статье рассматриваются социальные проблемы региона и пути их решение, а также анализируются государственные социальные реформы.

The article deals with social problems of the region and the ways of their solution. Some state social reforms have been analyzed in the article as well.

Адамзат капиталын дамыту, қалыптастыру жағдайының негізгі факторларының бірі, біздің пікірімізше, тұрғындардың өмір сүру деңгейіне байланысты болып табылады. Тұрғындардың өмір сүру деңгейі көрсеткіштерінің жүйесі, әдеттегідей, үй шаруашылығының материалдық және рухани қанағаттануы дәрежесін көрсетеді және сонымен қатар таза тұтынушылық тәсіл шеңберін кеңейтетін сипаттамаларды кіріктіреді. Мәселен, өмір деңгейінің еларалық салыстыруларын бағалау кезінде (ББҰ және т.б. әдістері) тұрғындардың білімі мен денсаулығын сипаттайтын көрсеткіштерді кіріктіретін индикаторлар тобы барынша жиі пайдаланылады.

Әр түрлі бағалаулар бойынша (тұрғындардың социологиялық сауалнамаларын кіріктіргенде) экономиканы реформалау жылдарында тұрғындардың жекелеген категориялары үшін кірістердің төмендеу көлемі 5-тен 20 есеге дейінгі аралықта тербеліп тұрды [1]. Өмір деңгейінің төмендеуі әлеуметтік қарқындылықты өсуін, тұрғындардың белгілі бір бөлігі тарапынан реформаны қолдаудан бас тартуын тудырады. Сонымен қатар, әлемдік тәжірибе көрсеткеніндей, әлеуметтік-экономикалық қайта құрудың жетістігі көп жағдайда тұрғындардың кең қабатының мінез-құлқы мен белсенді қатысуына тәуелді болады. 1997-2000 жылдар аралығында тұрғындардың аз қамтамасыз етілген қатары алған кірістердің өлшемі салыстырмалы түрде тұрақты тенденцияларын сақтады: үй шаруашылығын зерттеу нәтижелеріне сәйкес Қазақстан тұрғындарының 51-62% -ы ай сайын жан басына шаққанда 3000 теңгеден төмен кіріс алды. Бұл жылдары тұрғындардың үштен бір бөлігі ай сайын 3001-6000 теңге кіріс немесе 1997-1998 жылдардағы АҚШ-тың курсы бойынша 70 доллар алып отырды. Қала мен ауыл тұрғындарының кірістерінің арасында айтарлықтай айырмашылық байқалды. Атап айтар болсақ, егер 1999 жылы қалаларда аз қамтамасыз етілген тұрғындардың (орташа жан басына шаққандағы кіріс 3000 теңгеден аз) үлес салмағы 49,1% болса, ал ауылдық жерлерде - 83,3%, 2000 жылы тиісінше - 33,1% және 73,2% құрады. Жүргізілген социологиялық сауалнамалар

нәтижелері бұл мәліметтердің төмендегідей болғанын көрсетеді: сауалнамаға жауап берген адамдардың кірістері 3-5 мың теңге болғандары ауылда - 27%, қалада - 22,9%; кірістері 3 мың теңгеге дейінгілер - тиісінше 14,9% және 11,4%; 5-8 мың теңге - 10,8% және 19,6%; 8-12 мың теңге кірісі бар адамдар қаладағыға қарағанда екі есеге аз, ал ауылда кірістері 16 мың теңгеден аспайды. Сондай-ақ, кірістер жөніндегі көрсеткіштердің аймақ бойынша да дифференциациясы жоғары. Алматы және Астана қаласының тұрғындарының жан басына шаққандағы кірістері мейлінше жоғары болып табылады. 2000 жылдың наурызында бұл қалаларда ақшалай кіріс тиісінше 7061 және 6176 теңге болды. Ал кірістері барынша аз тұрғындар Оңтүстік Қазақстан және Алматы облыстарында – 2333 және 2027 теңге құрады [2].

Дегенмен, 2000 жылы номиналді ақшалай кірістер 1995 жылмен салыстырғанда республика бойынша шамамен орташа үш есеге дейін көтерілсе, 2000 жылы өткен жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш 17,5%-ға өсті. Нақты кірістер бір жылда тек қана 3,2%-ға көтерілді. Қалалықтардың номиналді ақшалай кірістері ауылдықтармен салыстырғанда екі есе жоғары және 2000 жылы орташа ай сайын тиісінше 4145 және 2044 теңге болды. Мұндай айтарлықтай үлкен айырмашылықтың болуының басты себептерінің бірі соңғы жылдарда ауылдағы шаруашылық жүргізудің табиғи формаларының кеңінен таратылуы және ауыстырудың ақшасыз формасын қолдануы болды.

Тұрғындардың кірістерінің орташа деңгейін бағалау үшін оларды күн көріс минимумымен салыстырамыз. Орташа айлық минимум тұрғындардың жан басына шаққандағы орташа айлық кірістері 1,1 есе жоғарылады. Тұрғындардың жан басына шаққандағы кірістерінің күн көріс минимумы көлеміне қатынасы ақшалай кірістердің сатып алушылық қажеттілігінің көрсеткішін береді. Бұл тұрғындардың негізгі бөлігінің қабілеттілігінің реформаға дейінгі кезеңімен салыстырғанда айтарлықтай азайғаны. 2000 жылғы наурыздағы жағдай бойынша сатып алушылық қабілеті күн көріс минимумының көлемі (салыстыру үшін: Ресейде аталмыш көрсеткіш 1,41-ге тең) 0,9% құрады. Кірістердің өзгерісі бағаның өсуімен бір мезгілде өтіп тұрады, ал олардың заттық толығулары көбінесе нақты тауарлар мен қызмет көрстеудің бағасы деңгейі мен жағдайына байланысты. Соңғы жылдары инфляция қарқынының төмендеу тенденциялары байқалды, сұралғандардың көбісі бәрінен бұрын материалдық жағдайды нашарлататын факторлардың нақ осы инфляциядан екендігіне назар аударды (36,2% қалалық және 25,7% ауылдық).

Алайда, әлеуметтік-маңызды тауарларға және қызмет көрстеулерге бағаның өсу қарқыны айтарлықтай жоғары күйінде қалды. Тұрғын үй мен коммуналдық қызмет түрлерін ұстау бағалары да жоғары қалпын сақтады. 2000 жылы өткен жылмен салыстырғанда тұтынушылық құн индексі 13,2%,

ал 1995 жылы - 88,5% құрады.

Сондай-ақ, тауарлардың бағасына қарағанда қызмет көрсету тарифтерінің бағасы жылдамырақ өсті: 1996-1999 жылдары қызмет көрсету 4 есе, ал тауарлар бар болғаны 1,4 есе өсті. Жолаушылар тасымалдау қызметі 11,4%, мәдениет және спорт мекемелері - 5,3%-ға, білім беру - 3,3%-ға, тұрғын үй-коммуналдық жүйе - 7,8%-ға, денсаулық сақтау - 5,1%-ға қымбаттады.

Тұрғындардың ақшалай кірістер жөніндегі дифференциациясының ұлғаюы күн көріс минимумынан төмен кірістері бар тұрғындардың өсуіне алып келді. Егер, АҚШ, Батыс Еуропа елдері, Ресей және Қазақстандағы кедейшілік деңгейін салыстыратын болсақ, 1996 жылғы жағдай бойынша біздің еліміз үшін бұл көрініс неғұрлым қиын, естен тандырылықтай болғанын жасырмаймыз. АҚШ, Бельгия, Нидерландия, Франция елдерінде кедейшілік деңгейі шамамен бірдей дәрежеде (13-14%), ал Ресейдегі жағдай Италия, Испания, Ұлыбритания, Греция секілді елдермен шамалас (20-22%). Ең төменгі көрсеткіш Данияда - (6%) [2]. Қазақстанда кедейшілік деңгейі АҚШ-тағыдан екі еседей, Ресейдегіден 1,5 есе, Даниядағыдан шамамен 6 есеге дейін жоғары. Барабар өмір деңгейі үшін қажетті кірісті анықтау үшін негізгі құрал ретінде, әдетте, тауарлар мен қызмет көрсету түрлерінің сандық жиынтығын және бөлшек құндағы бағаны ұстайтын өмірдің минималді стандартының тұтынушылық бюджеті қызмет етеді. АҚШ-та 1996 жылы нақты шынайы күн көріс минимумы шамамен 8000 доллар құрады, бұл дамыған Батыс Еуропа елдеріндегі аналогиялық көрсеткіштерге сәйкес келеді. Аталмыш көрсеткіш Қазақстандағы ресми бекітілген күн көріс минимумынан 300 есеге жоғары, өйткені 2000 жылы бұл бізде 4007 теңгеге ғана тең келетін еді.

Реформа жылдары тұрғындар кірістерінің құрылымы айтарлықтай өзгерістерді бастан кешірген жоқ, еңбек қызметінің кірістік үлесі мейлінше маңызды бөлігін құрады, сатудың барлық түрлерінен кірістер біршама өсті. Қалалық және ауылдық жерлердегі кірістер құрылымының айтарлықтай елеулі айырмашылықтары болды. Ауыл тұрғындарының негізгі кіріс көздерінің маңыздысының бірі өзінің жеке шаруашылығында өндірілген өнімдерді сату болып табылды. Ауыл тұрғындарының аталмыш кірісінің үлес салмағы 21% , ал қалалықтарда 7% құрады. Қалада тұратындардың кірістерінің жалпы сомасындағы еңбек ақысының үлес салмағы 76%, ал ауылдықтарда – небәрі 59%-ға жоғарылады.

Тұрғындардың ақшалай кірістері құрылымынан көріп отырғанымыздай, қызметкердің және оның отбасының ұдайы өндірісі үшін негіз олардың айлық жалақысы болып тұр. Әлеуметтік жүйедегі айлық жалақының дифференциациясының өсу тенденциялары әр түрлі деңгейдегі бюджеттерден қаржыландырылатын әр түрлі саладағы еңбек ақысының

қалыптасқан жүйесінің тепе-теңсіздігіне айтарлықтай байланысты. Номиналді еңбек жалақысының арттырылу тенденциялары болса да, олардың өсу қарқыны бағаның өсу қарқынына ілесе алмады. Қазақстан Республикасы еңбекті қорғау Министрлігінің мәліметтері бойынша қызметкерлердің нақты айлық жалақысы 1991 жылы 50%-ға қысқартылды. Соңғы бірнеше жылдар ағымында минималді еңбек ақысы күн көріс минимумы көлемімен салыстырғанда әлдеқайда өте төмен күйінде қалып отырды.

Біз қарастырып отырған кезеңнің соңғы үш жылында еңбек ақы бойынша жалпы қарыз көлемінің төмендегені байқалады, және кейінге қалдырылған еңбек жалақысының үлесі де төмендеген. Қоғамдық жұмыстар үшін қарыз сомасы 65 млн. теңгеден астам болды. Бұл орайда, қоғамдық қызметкерлердің еңбек жалақысын төлеу жөніндегі қарыздар жұмыспен қамтылудың осы формасының өзінің идеясымен дискредиттелгенін атап өткеніміз орынды.

Кірістерді поляризациялаудың тағы бір шарты еңбек жалақысындағы алшақтықтың артуы болып табылады. Бұл жерде дифференциацияның төмендегі түрлерін байқауға болады. Біріншіден, бір кәсіпорынның өзінде қызметкерлердің негізгі бөлігі мен әкімшіліктегілердің айлық жалақысында үлкен айырмашылықтар 10-20 есеге дейін болды. Екіншіден, еңбек жалақысының салалық айырмашылықтары 15 есе, ал аймақтықта 3 есені құрады. Үшіншіден, бірлескен өндірістерді қоса есептегенде мемлекеттік және жеке кәсіпорындар арасындағы жалақы айырмашылығы – 7,2 есе, яғни өте үлкен болып отыр. Экономикалық қызмет түрлері жөніндегі қызметкерлердің бөлінген минималді және максималді орташа айлық жалақысының арасындағы айырмашылықтың да тым үлкен екені байқалады. Мәселен, 2000 жылы минималді еңбек жалақысы максималді жалақының 15,7%-ын құраған болса, онда 1990 жылы ең төменгі айлық жалақы ең жоғарғысының 54,5% -ын қалай құрайды?

Ең төменгі айлық жалақы – адам капиталының ұдайы өндірісін қамтамасыз ететін жүйелерде – білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қызметтер саласында болды. Ал ең жоғары айлық жалақы мұнай өңдеу өнеркәсіптері мен қаржылық органдарда берілді.

Қазақстанда өтпелі кезеңге дейін кірістерді бөлістіру бірдей мөлшерде жүргізілген болатын, мұны халықтың барлық кірістерді еңбек ақы немесе тұрғындар трансферттері ретінде мемлекеттік органдар арқылы алып отырғандығымен байланыстыруға болады. Қазіргі таңда біздің алдымызда кірістерді бөлудің тепе-теңсіздігі мәселесі өткір сұрақ болып тұрғанын жасыруға болмайды. Әлемдік тәжірибеде тексерілгеніндей, кірістердің оңтайлы дифференциациясының ең жоғары шегі 4-6 есені құрайды. Мәселен, 90-жылдары тепе-теңсіздіктің деңгейі дамыған елдер арасында ең төмен болғаны Жапонияда - 4,3 есе, Германияда - 5,7, Италияда - 6, Францияда -6,5,

Ұлыбританияда - 6,8, АҚШ-та - 8,9 есе. Қазақстанда ақшалай кіріс деңгейінің ара қашықтығы тұрғындар арасында неғұрлым жақсы тұратындар мен кедейшілікте тұратындардың арасында 10% құрады, 2000 жылы 11,9 есе болса, ал реформаға дейінгі жылдарда бұл цифр 4-ке жетті; егер қалада бұл коэффициент 10,4 есеге тең келсе, ал ауылды жерлерде - 18,4 есе құрады. Тұрғындардың ең бай тұратындарының 20% үлесіне 43,1%, ал ең төмен қамтамасыз етілгендерге небәрі - 6,1% кіріс кірді.

Дамыған елдерде тауар сату алу мен қызмет түрлеріне үй шаруашылығы кірісінің 50%-ы кетсе, ал біздің республикамызда 2000 жылы тұтынушылық шығынға 83% жұмсалды, бұл 1990 жылмен салыстырғанда 10%-ға көп. Тұтынушылық шығындарда тамаққа - 2000 жылы 50%, 1990 жылы - 30,3% жұмсалған, ал азық-түлік емес тауарларға тиісінше 26% және 35% жаратылған, басқа әр түрлі шығындарға - 24% және 9,4% кеткен. Отбасы бюджетінің үлесі бойынша тамаққа жұмсалған шығын сол отбасының тұрмыс жағдайына қарай болатыны белгілі. Халықаралық статистикаға сәйкес, егер отбасы өзінің кірісінің 50%-ынан астамын тамақтануға жұмсаса, онда ол отбасы кедей болып есептеледі. Ауылдықтардың тұтынушылық шығындары құрылымындағы азық-түлік тауарларының үлес салмағы 51% құрайды.

Тұтынушылық құрылымында тауарларды сатып алу шығындарына әр түрлі қызмет көрсету түрлеріне жұмсалатын шығындар да кіретінін атап өткеніміз орынды. Қызмет көрсетуге кететін шығындардың жалпы сомасының жартысынан көбін құрайтыны коммуналдық, үйді ұстау және жөндеу жұмыстары шығындары екені белгілі (51%). Ай сайын орташа 3000 теңге ғана еңбек ақы алатын тұрғындардың жартысының тамақ өнімдерін және бірінші қажеттіліктегі тауарларды алу, коммуналдық шығындарды төлеу секілді аса қажетті нәрселерді таңдауына тура келетіні тағы рас. Олардың мұндай шығындары ай сайын орташа 2-4 мың теңге аралығында жүретіні анық. Индустриалды елдер тәжірибесі көрсеткеніндей, төлемақыны төлеу сұраныстарын өтеу және экономикалық дамуды ынталандыру үшін айлық жалақыны көбейту керек. Сонымен бірге тұрғындардың сатып алу мүмкіндіктерінің өсуі экономикалық дамуға кедергі жасамайтын орташа инфляциямен қатар жүретіні сөзсіз. Егер жалақы көлемі тауар шығынының ұлғаюына қарсы тұра алатын жағдайда болса ғана, әрине.

Шығындардың төрттен бір бөлігі көлік пен байланыс қызметіне, 11%-ы білім беру қызметіне, 5%-ы денсаулық сақтауға, 3%-сы жеке қызметтерге жұмсалады. Бұл ретте, мәдени іс-шәлалар мен бос уақытты дұрыс ұйымдастыру шығындары тіпті де жоқ, ал оның тұрғындардың рухани жандүниесін байытуға қаншалықты пайдасы бар екені айтпасақ да түсінікті. Құнды қағаздарды сақтау орындарына жинақтау жайлы бұл жерде ештеңе айта алмаймыз, мұндай жағдайда мемлекет тұрғындардың өмір сүруін

қамтамасыз ету мәселесінің үлкен бөлігін шешуді іске асыра алмайды. Егер, қазіргі таңда барлық қамқорлықты «тұтынушылық байлықты» арттыру үшін (ең алдыменен тұрғын үй-коммуналдық реформалар) тұрғындардың мойнына артатын болсақ, онда мұның нәтижесі тұрғындарға ұсынылған нақты кірістерді азайту болар еді, бұл тұста әсіресе, тұрғындардың кедейшіліктегі қабаты көп нәрсені жоғалтатыны айдан анық.

2000 жылы тұрғындардың экономикалық белсенді қатары тұрғындардың жалпы санының 47,8%-ға жуығын сақтап қалды. Осы жылдардағы мәліметтер талдауы көрсеткеніндей, елдегі барлық тұрғындардың еңбекпен қамтылуының біршама өскенін көрсетеді. Мұның өзі экономикалық өсудегі жағымды қарқынның өріс алғанын білдіреді. Елдегі жүргізілген бірқатар жұмысшы күштерін зерттеу мәліметтері көрсеткеніндей, тұрғындардың экономикалық белсенді емес қабатының жалпы санының шамамен 10%-ы жұмыс іздеп жүргендер екенін көрсетті, бірақ олар жұмыс іздеуден шаршаған және бірден жұмысқа түсіп кетуге мүмкіндігі жоқ адамдар [3].

1991 жылдан 2000 жылдар аралығында еңбекпен қамтылу 19,6%-ға, еркектер - 17,3%-ға, ал әйелдер - 22,1%-ға азайған. Мұндай тенденциялар тұрғындардың жалпы санына қатысты еңбекпен қамтылған үлесі бойынша да байқалады, олар 47,2%-дан 46,1%-ға дейін төмендеген. Және бұл тенденция республика тұрғындарының жалпы санында 1462,1 мың адамға немесе 1,1 есе азайған. Тұрғындардың секторлар бойынша қамтылуының үлкен бөлігі – жекеменшік секторы (76,7%), ал басқа сала бойынша – қызмет көрсету сферасы (59,6%) екенін атап өткеніміз жөн.

2000 жылдың желтоқсанының аяғындағы жағдай бойынша жұмыссыздар саны 906,4 мың адамды құрады, ал еңбекпен қамту органдарында ресми түрде тіркелгендері - 231,4 мың адам. Еліміздегі жұмыс істеуге қабілеті бар тұрғындарының ресми түрде тіркелгендері 3,7% құрады. Ауылды жерлерде жұмыссыздар 2001 жылдың маусым айының соңында жалпы санның 38,7%-ын құрады. Сонымен бірге 1999 жылмен салыстырғанда ресми тіркелген жұмыссыздар 1,3 пайызға өскен. Ал жалпы жұмыссыздар саны біршама қысқарған. Бұл тұста мына мәселені атап өткеніміз орынды: 1997 жылғы жұмыссыздар туралы Статистика жөніндегі Агенттіктің келтірген мәліметтері мен ҚР адамды дамыту жөніндегі есебіндегі мәліметтердің арасында елеулі айырмашылықтар бар: мәселен, 1994 жылы айырмашылық 42,9 мың адам, 1995 - 63,4 мың адам, 1996 - 109,3 мың адам құраған.

2000 жылы жалпы жұмыссыздар саны 906,4 мың адам құрады, бұл экономикалық белсенді тұрғындардың 12,8%-ына тең. Еңбектің қазіргі нарығы жұмыссыздардың жасырынуының жоғары деңгейімен сипатталады. 2001 жылдың орта тұсында жұмыссыздықтың орташа жалғасуы 8,2 айға ұласты, сол кездегі аналогиялық көрсеткіш 1998 жылы 6 ай болатын. Сонымен бірге жұмыс іздестіру 2001 жылы 12 айға дейін созылып, онда 73,2 мың адам болды (тіркелгендердің әрбір үшіншісі), бұл 1998 жылдың аяғымен салыстырғанда екі есеге көп еді. 59,4 мың адам (тіркелген жұмыссыздардың әрбір төртіншісі)

6 айдан 12 айға дейін жұмыс іздестірген, бұл 1998 жылға қарағанда 6,8%-ға аз.

ТМД елдері арасында ең ұзақ жұмыс іздейтіндер Арменияда - 14 ай, Украинада -11, ең төмені Өзбекстанда - 4 ай уақыт. Жұмыссыздардың жұмыс іздестіру ұзақтығынан көріп отырғанымыздай, еңбекпен қамту органдарына шағым түсіргендер санынан жұмыс іздеушілердің саны көп секілді. Еңбекпен қамту органдары қызметінің жұмыссыздарды қайта даярлау жөніндегі жұмыстарының қаншалықты тиімділігі күмән тудыраарлықтай. Мәселен, 1999 жылы небәрі 12,8 мың адам жұмысқа тұрғызылған, бұл оларға тіркелген жалпы санның 3,6%-ын ғана құрайды.

Қазақстандағы жұмыссыздар мәселесін қарастыра отырып, қазіргі таңда еңбек нарығында әйелдер мен жас адамдар капиталының жағдайын атап өтуге тура келіп тұр. Мәселен, 2000 жылдың соңында жалпы құрылымдағы ресми түрде тіркелген жұмыссыз әйелдер көлемі 57,2%, ал жастар (19-29 жас аралығында) - 29,1% құраған. Ресми түрде тіркелген жұмыссыз әйелдер деңгейі ерлерге қарағанда бір жарым есе көп (2000 жылы тиісінше - 4,3% және 3,0%), ал жастар арасында жалпы ресми деңгейден - 0,6 пайыздық көрсеткіш жоғары.

Сонымен, Қазақстан Республикасында ХХ ғасырдың соңғы онжылдығында адамзаттық капитал жағдайы бірқатар мынадай жағымсыз көріністерімен сипатталды: тұрғындардың басым көпшілігінің кірістерінің төмендігі, еңбек нарығының әлеуметтік қорғалуының және реттелуінің әлсіздігі, қызметкерлер ұдайы өндірісінің құны мен еңбек бағасы байланысының бұрмалануы, білім беру және денсаулық сақтау сфераларындағы кепілдемелердің жоқтығы, мәдени деңгейдің төмендеуі. Өз кезегінде, адам капиталының төмен сапасы экономикалық дамуға, әлеуметтік-экономикалық жағдайларды қалыптастыруға келеңсіз ықпалын тигізді. Мұндай жағдайларда мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының басты бағыты адам капиталының деңгейін жақсартуға бағдарлануы тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Кривко Н.И.* Оценка уровня бедности в Республике Казахстан // Экономика и статистика. 2000, №2. С. 9-16.
2. *Лебедева Л.Ф.* Экономическая безопасность человека // США-Канада: экономика, политика, культура. -1999. -№9. - С.66-78.
3. *Мухамедиева А.Д., Коканбаева З.А., Айгазин Ж.Ж.* Тенденции развития современного международного рынка труда // Экономика и статистика. 2000, №2. - С.94-99.

А.АҒАЙДАРОВА

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистр-оқытушысы

**ХІХ ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫНДА РЕСЕЙДІҢ ОТАРЛАУ
САЯСАТЫНДАҒЫ ТАШКЕНТТІҢ БАСЫП АЛЫНУЫНЫҢ КЕЙБІР
НӘТИЖЕЛЕРІ**

В этой статье изучаются захватнические действия Ташкента в колониальной политике России в конце XIX в.

This article deals with some actions of Tashkent in colonial policy of Russian in the 20th century.

Кеңестік империя құлаған соң, 1991 жылы тәуелсіздік алған Өзбекстан және басқа да Орталық Азия республикалары төл тарихын қайта қарап, онда бұрынғы халықтан жасырып келген "ақтандақтар" мен бұрмалаушылықтарды ғылыми тұрғыдан зерттеуді бүгінгі күннің басты мұраттарының бірі ретінде қолға алып отырмыз.

Орталық Азия халықтарының Ресей құрамына кіруінің екі формасы бар: жаулап алу және бейбіт жолмен кіру. Орталық Азиядағы Қоқан, Хиуа және Бұқара хандықтары патша әскерімен жаулап алынды. Өзбек ССР тарихында "Патшалық Ресей Өзбек хандықтарын бір-бірлеп жаулау арқылы және ұзақ соғыс нәтижесінде күштеп кіргізді", - деді [1.38]. Яғни бағынғысы келмеген ортаазиялық хандықтарды ерте ме, кеш пе бәрібір бағындырар еді, себебі олар Орталық Азияны басып алып, басқа да Шығыс елдеріне жол ашамыз деп үміттенді.

Ташкент сол уақыттағы стратегиялық маңызы бар сауда орталығы және Бұхара мен Қоқан хандығы арасындағы таластар мен келіспеушіліктерді тудырған қала. ХІХ ғасырдың орта кезінен басталған Ресейдегі индустрияландыру процесі революция қарсаңында оны дүние жүзіндегі өнеркәсібі дамыған елдер қатарына қосты. Ресей өнеркәсібінің алға қарай дами түсуі үшін тауарларын өткізетін жерлер мен шикізат көздері қажет болды. Осындай маңызды қалалардың бірі Ташкент қаласы, ол мануфактуралық тауарлар өткізуге және бұл жерлерден Ресей экономикасын мақта, тері, жүн сияқты маңызды шикізат түрлерімен қамтамасыз етіп тұруға ыңғайлы еді. Ташкенттің әлеуеті осымен ғана шектелмейді, бірақ оны Ресей мүддесіне орай пайдалану мен дамыту тек қана орыс үстемдігін орнату арқылы жүзеге асырылатыны анық.

Ерекше комитеттің мұндай шешіміне қаржылай қиыншылықтармен қоса Ресейдің Орталық Азиядағы саясатының міндеттері мен мақсаттары туралы екі генерал-губернатордың көзқарастарының қарама-қарсы болуы әсер етті. Безак Ташкентті алып, Ресей құрамына кіргізуді ұсынса, Дюгамель Ташкент оазисінде "Ресейге бағымды" жеке хандық құруды ұсынды.

1863 жылдың 2 наурызында бекітілген Ерекше комитеттің шешімі бойынша, Сырдария мен Сібір бағыттары аралығын тәптіштеп зерттеу көзделді. Арал флотилиясының басшысы Бутаковқа, Сырдария ағысын,

Перовск портынан жоғарыға қарай зерттеу тапсырылды.

Патша әскерінің 1864 ж. жаз, күз айларындағы әскери қимылдары Қоқан хандығының Оңтүстік Қазақстандағы билігінен айырды. Бірақ, Қоқан хандығы бұл территорияны тегіннен-тегін бергісі келмей қарсыласты күшейте түсті. 1864 жылы күздегі Черняев әскерінің сәтсіздіктері Қоқан хандығының жоғалтқан беделін қайтаруға деген қарсылығын одан сайын өршітті.

1864 ж. қараша айында Қоқан әскері (10000 адам) Арыс өзеніне келіп, Шымкент пен Түркістан қалалары арасындағы жолды кесіп тастады. Осы әрекеті арқылы олар Түркістан қаласына тосын шабуыл ұйымдастыруды ойлады. Қоқан әскерін бұл жорықта молда Әлімқұл басқарды. Желтоқсан айында бұл әскер Иқан ауылы маңында есаул Серовтың басқаруындағы казак әскеріне жолығып күшті тосқауылға тап болды. Мұнда казактарға Иқан тұрғындары көмектесіп қоқандықтардың шабуылы туралы Түркістан комендантына хабар беріп үлгерді. Себебі, олар бұдан бұрын орыс бодандығын мойындап қойған еді [1.42].

Осы жағдайдан кейін Әлімқұл Түркістанға тосыннан шабуыл жасай алмайтынын түсініп, Иқан ауылын талқандап, тұрғындарын тұтқындап айдап кетті. Бұл кезде Ташкент қаласының тұрғындары, көптеген әскери салықтардан шаршап көтеріліс жасауға ұйымдаса бастаған болатын. Наразылық басында қала саудагерлері мен қолөнершілері тұрды. Оның басшылары Қоқан езгісінен құтылу үшін орыс әскерлерімен байланысқа шығуға әрекеттенді.

1864 жылдың аяғында Шымкентте Ташкент қаласының атақты бегі, қаланың шығыс бөлігінің басқарушысы Абдырахман-бек қашып келіп, Черняевқа Ташкент қаласының жағдайы мен қорғанысы жайлы деректер беріп, Абдырахман-бек Орталық Азияның өте ірі орталығының бірі Ташкент қаласының орыс қарамағына өтуін қалайтын жеке басының пікірі емес екенін де жеткізді. Ол бұл пікірдегі жалғыз адам емес еді [2.48-50].

Кеңестік тарихшы Ф.Азадаев Ташкенттен Петербургқа барған елшілік туралы документтер облыстық архивте сақталғанын айтады.

1865 ж. басында Ресей империясының астанасына Төрехан Зейбуханов атты елші келеді. Ол өзін Ташкенттік 50 лауазымды адамның өкілімін деп таныстырып, өзін жіберген адамдардың Ташкент қаласын Ресей құрамына қабылдауын өтінетіндігін жеткізеді. Елші жіберген 50 лауазымды адамның әрқайсысы 2000 адамның сөзін сөйлейтінін және олардың бәрі соғыстан шаршап көпір болғандығын, Бұхара хандығының қол астына бағынғысы келмейтіндігін айта отырып, Бұхарадағы жансызы арқылы көктемде мал жайылымға шыққанда, Бұхара хандығы Ташкентке шабуыл жасайын деп отырғанын айтады [3.73-74]. Қанша әрекеттенгенмен Төрехан Зейбухановтың жұмысы нәтиже бермеді. Оның жолда келе жатып Нижний Новгород пен

Москва аралығында "Сенім хатты" жоғалтуы да сенімсіздік тудырды. Бірақ Орталық Азиядағы Ресей саясаты бұл елшіліктің жұмысынсыз да алға қарай дами берді.

М.Вакабаева өзінің "Ташкенттің жаңа тарихы" атты еңбегінде Мұхаммед Салих өз қаласының тағдырына жаны ашымаған, соғыспаған, соғыспақ түгілі соғысқандарға көмектеспегендерге зығырданым қайнайды деп келіп мынадай қорытынды жасайды. "Бұхара ханынан әбден жапа көрген, қорлық көрген, ханның әртүрлі ережелерінен титықтаған, орыстардың келуінен қорықпайтын немесе оларға бәрібір жоғалтатын ешнәрсесі жоқ адамдар болғанға ұқсайды. Міне осындай көзқарас Орталық Азия хандықтарының құлауына алып келген басты себеп болған" [4.90].

Сонымен бірге хандардың, бектердің зорлығынан көп нәрсе жоғалтқан саудагерлер де қосымша болған деп ой түюге болады.

Мысалға Ташкент қаласын басып алу кезінде көп көмек көрсеткен қала тұрғыны, аса бай беделді, Ресеймен арада сауда жасайтын, Москва, Нижний Новгород қалаларындағы сауда үйлерімен үнемі байланысы бар саудагер Сәтбай болған. Бұл уақытта қала тұрғындарының бір бөлігі: діни шонжарлар және олардың айналасына топтасқан қала халқы Бұхара әміріне елші жіберіп, қалаға әскер кіргізуін және өздері Бұхара бодандығын қабылдауға дайын екендігін жеткізеді.

Дәл осы кезде қалаға Әлімқұл өз сарбаздарымен оралып, Бұхара бодандығын жақтаушыларды жазалап, Мұзаффар әмірдің әскерін шегінуге мәжбүр етеді. Белсене қимылдаған Әлімқұл әскері Ташкент қаласында қайтадан Қоқан билігін күшейтті. Бірақ, халық наразылығын жоя алмады.

Ташкент қаласындағы осындай жағдайды ескеріп, Черняев егер қалада төңкеріс болатын болса, онда олар орыс әскерінен көмек сұрайтынын, егер көмек сұраған жағдайда қандай қимыл жасау жөнінде Ресей үкіметінен ақыл-кеңес сұрайды.

Бұл мәселе, яғни Ташкент қаласын қалай игеру керектігі үкімет тарапынан талқыланып қойылған еді. Сондықтан бас штабтың генерал квартирмейстері "бекеттегі әскердің аздығы тағы да жеңілуге әкеліп соқтыруы мүмкін, сондықтан қосымша күш барғанша тек бақылап отырумен және үнемі байланысып, көмектен олардың күдерін үзбей отыру керектігін Черняевқа тапсырған хат жіберді" [2.32].

Сыртқы істер министрі әскердің одан әрі жылжуына қарсы болды. Азия істері жөніндегі департамент директоры Стремоухов әскерді тек ескерту шабуылдарымен, орыс сауда саясатына қажет кезде ғана пайдалану керектігін бұйырды. Ол басып алған жерлерді одан әрі кеңейтудің қажет еместігін, керісінше көрші елдермен бейбіт сауда қатынасын орнатуды көздеді. Ташкент мәселесі жөнінде Стремоухов ішкі күрес арқылы алулары тиіс екенін алға тартты. Себебі, егер Ресей әскері арқылы Ташкент Қоқан

езгісінен құтылатын болса онда тұрақты орыс гарнизоны бұл қаланы қорғап тұру керек болатын. Бұл Ресей үшін көп күшті қажет ететін. Сонымен бірге Ташкент қаласы Ресей үшін елшілік, сауда-саттық орталығы болғанда ғана көп пайда келтіретін еді.

Осындай көзқарасты Горчаков та Орынбор губерниясының жаңа генерал-губернаторы Н.А.Крыжановскийге жазған хатында қайталайды. Сыртқы істер министрі өз хатында орыс бодандарымен сауда-саттық қатынасын жақсартуға итермелейді. Сондай-ақ ол қазіргі қалыптасып отырған жағдайда Қоқан хандығының ішкі ісіне араласудан аулақ болу керектігін, ішкі іске араласқан жағдайда Орталық Азия феодалдарының өзара қырқысына кіріп кетіп, соғыстан көз алмай қалуымыз мүмкін екендігін, сонымен бірге орыс әскерлерінің жаңа жерлерді жаулап алуын тоқтата тұру керектігін атап көрсетті. Ташкент біздің ең жақын көршіміз ретінде тек қана саяси және сауда-саттық қарым-қатынас жасау басты орында екендігін атап көрсетті. Бұл қаланы империя құрамына енгізу тиімсіз, ал Ташкент қаласы Қоқан мен Бұқара хандығынан тәуелсіздігін өздері жеңіп алатын болса, онда орыс империясы үшін тек қана қалқан емес қайта бұл хандықтарға күш көрсету құралына айналар еді деп аяқтайды.

Осы кезде Сыртқы істер министрі Бұқара әмірінің Ташкентті жаулап алуынан сақтанып отыр еді. Себебі Бұқара әмірі Ташкентті алатын болса, онда бұрынғыдай орыс саудагерлеріне шектеу, орыс үкіметін жоюға талпынып отырған болатын.

Сондықтан Горчаков Крыжановскийге Бұқара әмірімен келіссөз жүргізіп орыс империясының сауда-саттықты жақсарту ниетін жеткізуді және орыс әскері келгеннен кейінгі өзгерген саяси ахуалды талқылауды тапсырады. Міне осыдан кейін Орынбор генерал-губернаторы Черняевқа осы документтің бір көшірмесін жіберіп, “Ташкенттегі Қоқан езгісінен құтылғысы келетін партиялармен” бірге жұмыс істеуді және Ташкент қаласының Қоқан хандығынан тәуелсіздігін алуға, бірақ Ресейге бағынышты ету бағытында жұмыс істеуді тапсырады.

Осыған ұқсас хатты Черняев генерал-квартирмейстер Веригиннен де алды. Бұнда да Ташкентті Ресей қолдауындағы тәуелсіз қала ету керектігін айтады. Қоқанның немесе Бұқараның билігі бұл қалаға жүрмеуі тиіс дейді [2.70].

Орталық Азияда жүргізіліп жатқан саясаттың үлкен бір құрамдас бөлігі бұл – жаулап алған жерлерді басқару үшін әкімшілік жүйені қайта құру еді. Бұл мәселемен құрамында бірнеше министрлері бар ерекше комитет айналысты. Ерекше комитет мүшелері: Әскери министр – Милютин, Ішкі істер министрі – Валуев, Шығыс Сібір генерал-губернаторы – Корсаков, Батыс Сібір генерал губернаторы Дюгемель, Шығыс Сібір бұрынғы генерал-губернатор – Муравьев Амурский мен Орынбор өлкесінің бұрынғы генерал-губернаторы Безак, генерал-квартирмейстер Веригин, Азиялық департаменттің

директоры Стремоухов, сондай-ақ Тимашев, Бутков, Ег Ковалевскийлер болды. 1865 жылы 25 қаңтардағы комитет отырысында Сырдария және Жаңақорған шекаралық аймақтарын қосып, (Ыстықкөлдің Батыс жағалауымен Арал теңізіне дейін) Орынбор генерал-губернаторлығының құрамындағы Түркістан облысын құрды. Бұл облыстың әскери губернаторы болып генерал-майор М.Г.Черняев тағайындалды [2.40].

Бұл әскери губернатордың ерекше құқықтары болды. Черняевтің саяси көзқарасы оған берілген төтенше өкілдіктің арқасында бұрынғыдан салмақтырақ бола түсті. Ерекше комитеттің шешіміне жауап ретінде Черняев Қоқан мен Ресей арасында шекара сызығын белгілеу қазір де, болашақта да оң нәтиже бермейді. Себебі оны қоқандықтардың әскері бәрібір бұзған болар еді. Сондықтан Қоқан хандығының территориясын да Ресей империя құрамына бағындыру керек. Сонда ғана шекараның мықтылығына кепілдік беруге болады деп атады. Орыс үкіметі өз саудагерлерінің Орталық Азияға еркін келіп, сауда жасауын және олардың өмірлерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тиісті болды. Сондықтан шекараны мықтаған жағдайда сауда мәселесі үкіметтің араласуынсыз-ақ саудагерлер өздерінің қызығушылығы арқылы дамытқан болар еді. Сондай-ақ орыс шаруаларын жаулап алынған жерлерге көшіріп әкелуге қарсы екенін де білдірді. Себебі жергілікті шаруалардың қолындағы азғантай жерді тәркілеу өлке үшін өте зиянды деп көрсетті.

Ресей үкіметі әкімшілік жүйені қайта құру ісімен айналысып жатқанда, орыс-қоқан соғысын пайдаланып, Бұқара әмірі Ферғана жазығын жаулап алуға тағы әрекет жасады. 1865 жылдың басында Самарқандта әскерін дайындап алып, Ферғанаға баратын жолды бөгеп тұрған Ұра Төбеге қарай жылжыды.

Ал Ташкенттегі жағдай шиеленіскен күйде еді. Беделді саудагерлер және өнеркәсіптік байлар бейбітшілікті жақтады. Бейбітшілікті сонымен бірге ориенталдар да және бұқаралық топтар да жақтады. Орысшыл бағыт жолын ұстаушылар Черняевқа өздерінің байланысшыларын бірнеше мәрте жіберді [5.178].

Патшалық үкімет қалыптасқан жағдайды Орталық Азияны одан ары жаулап алуға пайдаланғысы келді. Қоқан мен Бұқараның бір-бірімен соғысуы олардың енді бірігіп, Ресейге қарсы бірге шыға алмайтынын көрсетті. Ташкенттегі ішкі саяси күрес орыс әскеріне қала халқының айтарлықтай қарсылық көрсетуіне мүмкіндік бермейтін еді. Осындай жағдайда Черняев үкіметін де, әскери феодалдық аристократтардың және сауда өнеркәсіптік байлардың көзқарасымен сәйкес келетін қадам жасады. Орталық Азияда әрі қарай жаулап алуды тоқтатуға шақырған дипломатиялық ведомствоның әрекеті тек Англияның қарсылығына ұшырамау үшін жасалған алдамшы әрекет екенін өте тамаша түсінді. Бұл әрекетімен Черняев жаза емес, мақтау

немесе қызметтегі жоғарылау сияқты марапаттан да үміттенді.

1865 жылы 20 сәуірде 1300 адам 12 пушкамен қаруланған әскер Ташкентке қарай жылжыды. Черняевтің бұлай асығыс қимылдауына тағы бір себеп болды. Ол Орынбордың жаңа генерал-губернаторы Крыжановский Түркістан облысына келіп әскери бекіністерді өз көзіммен көремін деуі еді. “Бұл келісімді”, - деп атап көрсетті Черняевтың көмекшісі Качалов өз бастығына яғни Черняевқа айтқан актында генерал-губернатор Крыжановский Ташкентке әскерді өзі басқарып барып басып алады да барлық атақ-абыройды өзі пайдаланып граф атағын алады, ал біз барлық жұмысты істеп ақымақ болып үлессіз қаламыз деуі басты себеп болды [5.102].

1865 жылы 28 сәуірде Черняев Ташкенттен 25 шақырым жердегі Шыршық өзенінің жағасындағы Ташкент су жүйелеріне бақылау жасайтын Ниязбек бекінісіне берілуге мәжбүр болды. Бекіністі басып алған Черняев, Ташкентті судан қысып, берілуге мәжбүр еткісі келді. Бірақ қала жақтан ешқандай берілу туралы хабар берілмеген соң, Ташкенттен 8 шақырым жерге келіп орналасты. Осы жерге Қоқан хандығынан Әлімқұл қаза болып, қоқандықтар шегінуге мәжбүр болды. Айтулы қолбасшы, мемлекет қайраткері Әлімқұлдың қайтыс болуы Черняевқа шекара жөнінде мәселе көтеруге қолайлы жағдай туғызды. Черняев Бұқара әміріне: «Шекараны Сырдария бойымен жүргізіп, дарияның арғы бетіндегі Қоқан иелігін түгелімен иемден» - деп ұсыныс айтты. Бірақ әскери министрлік Бұқара әмірінің билігін Қоқан хандығында үстем етуді жақтамады. Черняевқа Бұқара әміріне Қоқан хандығының жеріне тиіскені Ресей иелігіне қол сұққанмен бірдей бағаланып, Бұқараның Ресейдегі сауда-саттығына әсер ететінін ескертуді тапсырады [5.146-149].

Осымен бірге Сыртқы істер министрі де Орынбор генерал-губернаторына Бұқара саудагерлеріне Ресейде қандай жағдай жасалса, орыс саудагерлеріне де, Бұқара әмірлігінің территориясында сондай жағдай жасау туралы келісімге келуді тапсырады. Орыс саудагерлерінің жеке бастары мен заттарына тиіспеу, барлық қалаларда еркін сауда жасау құқығын беру туралы мәселелерді, тек Бұқара әмірлігі территориясында ғана емес Ташкент қаласында да пайдаланғысы келді. Ташкенттегі Қоқан билігінің жойылуы сауданың кең көлемде дамуына қолайлы жағдай жасайтын еді. Ташкент қаласының тұрғындары Шымкенттегі Түркістан облыстық губернаторына өздерінің “еркі мен қалауын білдіретін” сенімді өкілдерін жіберу ұсынылды [2.38]. Бірнеше күннен кейін Горчаков Крыжановскийге “Қоқан хандығының әскери және азаматтық басшыларына” арналған арнауын жіберді. Алайда бұл арнауда еш жаңалық болмағанымен онда былай делінген: Ресей империясының ең басты мақсаты сауданы дамытуға, Қоқан хандығы керуендерге шабуыл жасап, саудаға кедергі келтіріп отырғандықтан жауап

әрекеттерге баруға мәжбүрміз. Қалай дегенде де осы документте патшалық Ресей жергілікті халықтың ашық наразылығын тудырудан сақтанып отыр.

Горчаковтың нұсқауы кешігіп қалған еді. Бұрыннан Қоқанның жас ханы аталған Қоқан әскери қолбасшысы Сұлтан Сейдханмен, Ташкент қаласының билеушісі құсбегі Бердібай, Ташкент қаласының дінбасы, аса беделді хакімі Қожа қазылар билікке таласты. Азық түліктің жетіспеуі және су тапшылығы қала тұрғындарының наразылығын тудырып, ашу мен ызаға булыққан халық көшеге шығып, мұсылман дінбасыларының біразын таяққа жықты. Ташкент қаратабандары шілденің 9-нан 10-на қараған түні Сұлтан Сейдханды 200 әскерімен қаладан қуып шықты. Клерикальдық үстем таптың кейбір өкілдері (Хаким Қожа қазы, Иман Махсум Гусфендуз, Қырабан Қожа Мутевели және басқалар) көп әскермен Ходжентке келіп жатқан, Бұқара әмірінен көмек сұрады.

Бұқара әмірінің бұл мәселеге араласуын қаламай, Черняев Бұқара жолы Сырдария жағасындағы Чиназ бекінісінің штаб капитаны Абрамовтың басшылығымен шағын әскер отрядын жіберді. Сөйтіп Ташкент қаласы үш жағынан қоршай орналасты. 1950 адамнан, 12 зеңбіректен құралған патша әскері қала қорғанына келіп ішке оқ ата бастады. Оларға 1500 адамдық Қоқан гарнизоны қарсы шықты. Бірақ зеңбіректері тиімсіз орналасқан әскер, әр жердегі қорғаныс бекіністеріне бөлініп кеткен Ташкент гарнизоны жеңілуге мәжбүр болды. Оның үстіне қала халқында ауызбіршілік болмады. Халықтың бір бөлігі орыстармен бірігіп кетуге дайын тұрды. Міне осындай себептерден де қала гарнизоны 2 күндік көшедегі ұрыстан соң қорғанысшылар тізе бүгуге мәжбүр болды.

16 маусым күні Черняевқа жергілікті билік өкілі келіп, Ташкент ақсақалдарын қабылдауын өтінді. 17 маусым күні ақсақалдар мен қаланың құрметті беделді азаматтары қала халқының атынан орыс билігіне бағынатынын мойындады. Черняев әскері 63 зеңбірек пен көптеген қару жарақты иеленді. 25 адамы өліп, 89 жараланды. 28 контузия алып, ал Қоқан әскері мен жергілікті халық шығыны есептелмеген күйінде қалды [5.244-254].

Бұқара жылнамашысы тарихшы Мырза Абдал Азим Сами өзінің агрессорлық әрекетімен Черняевқа Ташкентті алуға мүмкіндік жасады. Себебі жақсы қаруланған көп әскермен Ходжентке келуі, Қоқан хандығына шабуыл жасайды екен деген хабар тез таралады. Міне көпшіліктің өз жанұясын сақтап қалу үшін қашып кетуге мәжбүр етті. Сөйтіп Ташкент қаласы тағдыр талқысында қалды деп жазады.

Черняев Ташкент қаласында аз уақыттың ішінде бірқалыпты өмірді қалыптастыруға, антиресейлік күштердің діни үстем табымен күресуді алдымен қолға алды. Бұқара әмірінің жақтастарының үмітін тоқтату, Қаланың мұсылман халқына үндеу жолдап, олардың діні мен әдет ғұрпына

тиіспеуге және әскерге адам алмауға уәде жасады. Ескі мұсылмандық сот аяқталды. Бірақ қылмыстық оқиғалар Ресей заңдары бойынша қаралып, жазаланды. Бет бетімен салынған ауыр салық түрлері түгел жойылды. Бір жылға дейін халықтан ешқандай салық жиналмайтын болды [6.60-61].

Осындай шаралардың арқасында жағдай тез арада бір қалыпқа түсе бастады.

Орыс әскерлерінің Орталық Азияға тереңдей енуі шығыстағы халықаралық жағдайға күшті әсер етті. Ташкентті патша үкіметінің әскері алғаннан соң, шығыс мемлекеттерінің өкілдері орыс мемлекетімен саяси және сауда-саттық істерінде дамуды көздеп бір-бірімен байланысы артты.

Қорыта айтқанда, бүгінде Орталық Азия мемлекеттері Ресей мемлекетімен достық байланыста. Достық қарым-қатынастарда жасалынып жатқан іс-шаралар, құрылып жатқан ұйымдардың негізгі түпкілікті мақсаты, мемлекеттер және олардың құқықтары мен территориялық қауіпсіздіктерін қорғау болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Иванов П.* История Узбекской ССР. Т.П. Ташкент. 1968, 338 б.
2. *Найит В.* Türkistan devletlerinin milli mücadeleler tarihi. Ankara. 1995, 406 б.
3. *Азадаев Ф.* Ташкент во второй половине XIX века. Казан. 320 б.
4. *Вахабов М.Г.* Формирование узбекской социалистической нации. 204 б.
5. *Шмид Ю.* Общий очерк Киргизской степи. 1894, 504 б.
6. Мирза Абдал Сами. Тарих-и. 196 б.

ЖУРНАЛИСТИКА

Ә.Б.ТӘШМОВА

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің оқытушысы

ЖАҢА МЕДИА ЖӘНЕ ҚАЗАҚ БАСЫЛЫМЫ

В статье рассматриваются новые медиа и казахстанские СМИ как новое явление в истории СМИ. Анализируются проблемы казахской журналистики, казахских веб-сайтов интернета.

This article deals with the new media and its outlook in the Kazakh mass media. It discusses the problems of the internet and web-sites in the Kazakh language.

Жаңа ақпараттық технологиялардың дамуымен қоғамда «интернет журналистика», «жаңа медиа» деген ұғымдар пайда болды. Соңғы кездері интернет қоғам өмірінің ажырамас бөлігіне айналды.

Батыста сонау 90-жылдары (үшінші мыңжылдықтың басында да) кейбір медиа зерттеушілері қарқынды дамып келе жатқан жаңа құбылысты (жаңа медианы) дәстүрлі БАҚ-тың «көр қазушысы» ретінде танығаны да бар. Тіпті таяу уақыттарда газеттер жабылып, теледидар интернетті төрге оздыруы мүмкін деген сәуегейлік пікірлер болды.

Расында өзінің айрықша мүмкіндіктерімен: орасан зор жылдамдығымен, (медиа зерттеушілері «супер ұшқырлық» дейді), интерактивтілігімен, мультимедиаылығымен (аудио, видео, фото), конвергенттелген бүгінде жаңа медиа дәстүрлі БАҚ-ты біршама ысырып, төрге озуда. Миллиондаған тиражы бар атақты газеттердің («Файненшэл таймс» «Гардиэн», т.б.) таралымы күрт төмендеп кетті. Жұрт бұрынғыдай газеттерді жаздырып, дүңгіршекте газет сатып алуға кезекке тұрмайды. Бірақ баяғы, сарапшылар айтқандай жаңа медиа дәстүрлі БАҚ-тың түбіне жеткен жоқ, керісінше оған бірігіп, кірігіп, оны байытты. Жаңа Медиа дәстүрлі БАҚ-қа бәсекелес емес, оның жаңа технологиялық жалғасы, жаңа формаға енген трансформациясы деп қарастырған жөн [1].

Енді қазақша жаңа медиаға келсек. Интернеттің қазақ тілді сегментінде соңғы жылдары салыстырып қарасақ, өрлеу байқалады. Жалпы, Қазнетте 6 997 сайт тіркелсе, оның ішінде 617-і, яғни 8,8 пайызы (2010 ж.) қазақ тілінде көрінеді. Бұл көрсеткіш әлбетте елімізде орыс тілді ресурстармен салыстырғанда төмендеу екенін байқатады. Бірақ қазақ тілді сегмент негізінен мемлекеттің қолдауынсыз, қазақ интернетшілерінің жеке этуазистігімен осы деңгейге жеткенін ұмытпау керек.

Қазақ тіліндегі сайттарды негізгі 3 категорияға бөліп қарастыруға болады:

- ✓ ресми БАҚ
- ✓ порталдар
- ✓ діни бағыттағы сайттар [2].

Ресми БАҚ-тар бұл республикалық және облыстық мерзімді басылымдардың

сайттары: «Айқын», «Жас Алаш», «Азаттық радиосы», «Егемен Қазақстан», «Дала мен қала», «Алаш айнасы», «Ана тілі», «Түркістан», «Жас қазақ», «Нұр Астана», «Маңғыстау газеті». Ақпараттық агенттіктердің қазақша нұсқалары: «Қаз ақпарат», «ҚазТудей», «Газета.КЗ», «В-news».

Діни бағыттағы сайттар: «Құран.кз», «Дінислам.кз», «Мүфтиат.кз», «Иман.керек.инфо», «Аль-ханифия.кз», «Ақиқат.кз». Бұл ресурстарда аса үлкен интерактив жоқ, жазбаларға пікір сирек жазылады, себебі, бұл сайттарды қолданушылар негізінен mp 3 файлдарды жүктеп, жаңалықтарды, түрлі материалдарды оқуға, исламға байланысты сұрақтарға жауап іздеуге пайдаланады.

Қазақ тіліндегі порталдар да ресми материалдарды жариялайды, бірақ олардың ең басты контенті қолданушылардың жасаған дүниелері. «Мәссаған», «Дастан студиясы», «Абай.кз», «Мінбер.кз», «Керек инфо», «Деген екен», «Замандас.кз» порталдары бүгінгі күні интернеттегі қазақ тілінің дамуы үшін арнайы жасалған негізгі ресурстар. «Дастан студиясы» сайтында қазақстандық эстрада жаңалықтарымен танысып, әртістерге байланысты талқылаулар жүргізіп, музыкалық файлдар мен фотосуреттерді жүктеуге болады. Бір күндік пайдаланушылардың орташа саны – 500.

Негізі, интернеттегі республикалық және облыстық газеттерге өздерінің онлайн-ресурстарында қағаз нұсқасын көшіріп қана қоймай, Интернеттің ұсынып отырған мүмкіндіктерін пайдалануға болар еді. Мысалы, аудио және видео файлдар, әлеуметтік закладкалар беру, веб-конференциялар ұйымдастыру, болашақ сұхбат берушілер жайлы әңгімелеп, оларға сұрақ қоюды ұсыну, мақалаларды толық нұсқасында жариялау.

«Азаттық радиосы» сайтының қайта жаңғырудан өтіп, дизайнын қайта жасағанынан кейін оқырмандар арасында танымалдылығының артқандығын атап кету қажет. Сайтта навигациялар пайда болды, пайдалану оңтайландырылды. Редакция Твиттер микроблогын жаңа материалдарға кросс-пост сілтемелер үшін пайдаланды, сонымен қатар, әр жарияланымның астында ең танымал әлеуметтік закладкалар бар (Фейсбук, Твиттер, Делишес, Дигг). Интернет-журналистика теориясындағы кез келген медиаға қатысы бар веб-ресурсты негізгі үш категорияға бөлуге болатыны секілді, қазақстандық ресурстарды да үш категорияға бөліп қарастыруға болады:

- клондар (басылымның онлайн көшірмесі);
- гибридтер (арасында мультимедиялық элементтері жарияланатын);
- оригиналдар (тек интернетте шығатын газеттер) [3].

Бұл категориядағы сайттардың ішінде қазақстандық интернет-журналистика кеңістігіндегі ресурстардың басым көпшілігі *клондар* болып табылса керек. Клондар деген – дәстүрлі БАҚ-тың интернеттегі аянышты көшірмесі, яғни клон-сайттар газеттердің оффлайндағы нұсқасының құр көшірмесі рөлін ғана атқарып, әдетте газеттің оффлайндық нұсқасы жарияланып

болған соң барып жаңарады.

Қазақстандық дәстүрлі БАҚ-тың баспа өкілдерінің басым көпшілігінде бар бұл сайттың түрлері көбіне маркетингтік не жарнама тарту үшін ғана жаңарып тұрады. Ол ресурстарда интернет технологиялары мен интерактивтілік пен мультимедиалық ерекшеліктер мүлдем ескерілмейді және іске асырылмайды.

Қазақстандағы бұл тектес сайттар мыналар: «Время», «Литер», «Мегаполис», «Казправда», «Егемен», «Айқын», «Жас Қазақ», «Ана тілі», «Жас Алаш» және басқа да газеттер. Бұларды көбіне оффлайндық нұсқасы бар, бірақ, интернет технологияларын пайдаланудан бас тартып отырған ресурстар ретінде клон-сайттар деп атауға ғана болатын шығар [4].

Ал екінші категориядағы «гибрид» сайттар қазақстандық интернет-журналистика кеңістігінде мүлдем кездеспейді деп айтуға болатын сияқты. Әрине, «Егемен Қазақстан» және «Казправда» газеттерінің онлайн-нұсқаларындағы жаңашылдықтар, мобильдік нұсқаларының пайда болуы, кейбір «Алаш айнасы» сияқты газеттердің сайтындағы рейтингтік сауалнамалар мен әркелкі кері байланыс құралдарын ескермегенде бұл категорияға жатқызуға болатын қазақстандық интернет-ресурс жоқ екен.

Ал үшінші категориядағы «оригинал» ресурстар қазақстандық интернет кеңістікте кездескенімен де, олардың ерекше «оригиналдығы» да күмәнді болып жатады. Қазақстанда танымал «tengrinews.kz», «gazeta.kz», «platon.kz», «zonakz.net», «azattyq.org», «today.kz» және басқалары. Бұл ресурстардың барлығының да оффлайндық нұсқасы жоқ. Тек «Азаттық радиосының» ресми сайты ескермегенде. Бірақ, «Азаттық радиосының» веб-сайты тек қана радионың онлайндық нұсқасы емес, барлық интерактивтілік пен мультимедиалық функцияларын толықтай орындап отырған ресурс деп сенімді түрде айта беруге болады.

Сонымен бірге, қазақтілді «abai.kz», «masa.kz» және «zamandas.kz», «minber.kz» сияқты ресурстардың де оффлайндық нұсқасы жоқ, таза оригинал жобалар ретінде қарастыруға болады.

Бұлардан бөлек, қазақстандық интернет-журналистикада тек интернет арқылы ғана ақпараттар лентасын таратып отыратын ақпарат агенттіктерін де естен шығармаған дұрыс. Олар: «Қазақпарат», «ҚазТАГ», «Қазақстан-Today» және басқалары. «ҚазТАГ» ақпарат агенттігі өзінің ақпараттар лентасын тек қана жазылу арқылы ғана емес, сонымен бірге, смс арқылы да алып отыру мүмкіндігін жасап қойғандығын да атап өткен дұрыс сияқты.

Ал негізінен алып қарағанда, қазақстандық интернет-журналистикада онлайндық медиа-ресурстардың барлық мүмкін түрлері қамтылған. Олардың ішінде тек қана клондар мен гибридтер, не оригинал жобалардан бөлек. Мүлдем жаңа форматтағы интернет-журналистикамен де айналысатын ресурстар кездесіп те жатады. «МедиаNET» журналистика мектебінің

мультимедиалық журналистика сабақтарына арналған арнайы курстары, сондай-ақ медианеттің ресми сайты бұл саладағы алғашқы қарлығаш десе болады. [5]

Ал, *newreporter.org* интернет-ресурсы тіптен жаңа бағытты ұстанған ресурс екен. Ол ресурс бетінде интернет-журналистика, жаңа медиаға қатысты барлық материалдар жинастырылған. Жаңа бастап келе жатқан интернет-журналистерге тиімді тренингтер мен курстарды, тіпті арнайы гранттарды да ұсынып отырады екен. Сондай-ақ, бұл ресурстың ең басты артықшылығы – онда вебинарлардың ұйымдастырылып тұруы. Вебинар деген интернет-конференция арқылы танымал интернет-қайраткерлердің тренингтеріне қатысу мүмкіндігі. Ол вебинарлар арқылы танымал ресейлік, батыстық не басқа да шетелдік медиа-сарапшылардың тренингіне қатысу мүмкіндігін туғызады.

Сондай-ақ, қазақстандық интернеттегі «Матрица» бағдарламасы мен оның интернет-сайты жайында да айтпай өтпеске болмайды. «Матрица» бағдарламасы интернет-сауаттылықпен айналысатын, интернет және интернетке қатысты барлық дүниелер туралы телебағдарлама. Ал оның ресми сайты, тек бағдарламаның клон-сайты болудан қалып, өз алдына жеке-дербес өмір сүре бастаған.

«Матрица» бағдарламасының сайтында өз алдына интернеттік, мультимедиалық құралдарды тиімді пайдаланған өзіндік айдарлар, подкастинг, видеоблогтар бар. Интернет туралы әртүрлі видеороликтер, бағдарлама журналистерінің блогтары да бар. Жалпы, «Матрица» бағдарламасының ресми сайты дәстүрлі БАҚ-тың интернеттік журналистикадағы ең идеалды көрініс табуы деп те бағаласақ артық болмас.

Қазақ тіліндегі порталдар: «Мінбер кз», «Абай кз», Керек инфо», «Замандас кз», «Деген екен», т.б. Бұлардың кейбірі жабылып та қалды. Қайта ашылып, жалғасын тапқандары да бар. Қазақ тілді порталдар да ресми материалдар жариялайды, бірақ олардың контенті қолданушылардың өздері интернеттің «қазақшасын дамыту үшін» жасаған материалдармен толығып отырды. Ал, енді Аршат Оразов, Б.Байтелі, А.Еркімбаев, т.б. қазақ интернетшілерінің энтуазизмі, олардың көптеген блогерлердің азаматтық белсенділігі туралы әңгіме бір бөлек. Бүгінгі қазақша жаңа медиа белгілі бір деңгейге жетсе, ол таза ынта-жігердің, осы азаматтардың қарапайым азаматтық белсенділігінің арқасында ғана дамып отыр. Бірақ, энтуазизмнің де шегі бар. «Жалғыз энтуазизммен Қазнетті көтеру мүмкін емес. (А.Оразов). Қазақ сайттарының бірқатарының әрі қарай өрістей алмауының себебі, біздіңше қаржылық демеудің, әлеуметтік қолдаудың болмауынан. Оның үстіне бізде интернет саласының дамуы кенже қалуынан да. Әсіресе, форумдарда қоғамдық-саяси тақырыптар көп талқыланбайды. Салмақты мақалаларға үн қосу аздау. Бұл біздің қолданушылардың белсенділігінің

төмендігін байқатады. Әрине, олардың басымы жастар болғандықтан, белсенді қозғалатын тақырыптар бар. (Zhastar.biz порталы).

Қазақ блогтарына келсек. Соңғы кезеңде жақсы дамып келеді. Олар: kaz jur.kz, kerek.info.kz, blogger.com, blogspot.com, blog.ru, жеке тұғырнамаларда. Олардың тақырыптарына келетін болсақ:

1. Саяси-қоғамдық
2. Пиар және жарнама
3. Кәсіптік
4. Жалпытанымдық
5. Фотоблогтар
6. Сатира және юмор
7. Жеке күнделіктер
8. Саяхаттар мен жолжазбалар, т.б.

Соңғы уақытта кейбір саясаткерлер блогты электоратпен жұмыс жасаудың тиімді құралы ретінде пайдалануды түсініп, қолдана бастады. Блогтарды өзгеше тәсілмен, жанашырлықпен жүргізе бастады. Бас министр К.Мәсімов, депутаттар Б.Тілеухан мен М.Абенновтың блогтарын айтуға болады. А.Сарым, Е.Қарин сынды саясаттанушылардың белсенділігі қазақ интернетіне оң көзқарастары байқалады. М.Әбенновтың Үкіметке жолдаған ұсынысы құптарлық. Расында, қазақ тілді интернет сегментті дамыту үшін веб-ресурстарды дамыту қажет қазақша контент сапасын артыру керек, студент жастарға арналған әмбебап энциклопедия, электронды кітапхана қажет дейді. Мұның барлығы қаржыға тіреледі емес пе? Қазақстандық медиаға бағытталған интернет-ресурстарды бірнеше категорияға классификациялауға болады. Бұл интернет-журналистика теориясы ұсынған классификация бойынша қазақстандық интернет-ресурстарды іріктеп көрейік:

- ✓ интернет-радио: energy fm, tengri fm, eugore plus және басқалары.
- ✓ интернет-тв: «Хабар», «Еларна», «Қазақстан», «Балапан», «Каспионет» арналарының онлайн режимдегі тікелей таратылымдары. КТК және өзге арналардың жаңалықтарының сайттарында көрініс табуы.
- ✓ интернет-газет: а) дәстүрлік БАҚ-тың онлайндық клон-нұсқалары – «Жас Алаш», «Жас Қазақ», «Ана тілі», «Время» және т.б. ; б) өзіндік ерекшелігі бар оригинал сайттар – «tengrinews.kz», «today.kz», «masa.kz», «abai.kz» және басқалары.
- ✓ интернет-журнал: voxpopuli.kz және басқалары.
- ✓ ақпараттық агенттіктер: inform.kz, «Қазақстан-Today», «ҚазТАГ» және т.б.

Қазақша жаңа медианың проблемалары :

1. қазақстандық журналистердің интернет-сауатсыздығы;
2. IT мамандарының жетіспеушілігі;

3. Қаржылық қолдау болмауы және қазақша интернеттің коммерциялану дәрежесі (ақша табуға бейімдігі) төмендігі.

4. Шын мәнінде, үлкен медиа-жобаларды қаржыландыратын инвесторлардың болмауы. Тіпті, сол инвестицияны ақтауға тиесілі климаттың болуы, пайдалы қаржылық ахуалдың болмауы

Қазақ тілді интернет сегментін дамыту үшін әрине мемлекет тарапынан қолдау қажет. «Мәдени мұра» секілді ауқымды бағдарлама керек шығар. Бұл тарапта үкімет жұмыс жасамай отыр демейміз, «Электронды үкімет», «ҚР Ақпараттық кеңістігінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру» бағдарламалары болды. Бірақ нәтиже аз. ҚР Ақпараттандыру және байланыс (АБА) агенттегінің мәлімдеуінше еліміздің интернеттенуі 30 пайыздан асқан. Бұл әлі де төмен. Оның үстіне интернеттің тұтыну бағасы қарапайым қазақ отбасына қолжетімді деңгейде емес. Оның тарифін әлі де арзандату қажет. Ауыл халқы(қазақ) толық интернеттенген жоқ... Сондықтан да әрине, интернеттің қазақ тілді сегментінің мәселелері көп-ақ.

Интернет-журналистиканың Қазақстанда кең етек жая алмауының бірнеше себептері бар. Ал оның қазақ тілінде дамымауы туралы одан да терең қозғауға болады. Бірақ, Қазақстанда жоғары жылдамдықты интернетке қосылудың болмауында, болған жағдайда да оның бағасының тым жоғары болуы ең негізгі фактор болып табылса керек. Қазақстанда интернетке қолжетімділік жоғары деңгейде десек те (АБА-ның мәліметінше), олардың басым көпшілігі мобильді интернетті тұтынушылар. Яғни, ұялы байланыс құралдарына негізделген. Ал, Қазақстандық интернет-ресурстар, өкінішке қарай, мобильді интернет тұтынушыларына бейімдеген ресурстарды жасауды (әсіресе, қазақ тілінде) әлі күнге дейін толық жүзеге асырып үлгермеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Дэн Гиллмор. Мы, Медиа.//www.computerra.ru/Authors
2. Зерттеу /Қазақстанда Интернет. «MediaNet» Халықаралық журналистика орталығы. Алматы: 2010.
3. Калмыков А.А., Коханова Л.А. Интернет журналистика. М.: - ЮНИТИ-ДАНА, 2005.
4. Нурмақов Ә. Қазақстандағы интернет контент// Зерттеу /Қазақстанда Интернет. «MediaNet» Халықаралық журналистика орталығы. Алматы: 2010.
5. Қазақстан журналистерінің тәжірибесінен . «MediaNet» Халықаралық журналистика орталығы. //www.medianet.kz.

ӨНЕРТАНУ

К.СЕЙТМЕТОВ

өнертану ғылымдарының кандидаты
А.Ясауи атындағы ХКТУ-нің профессоры

А.СЕЙТМЕТОВА

А.Ясауи атындағы ХКТУ-нің аға оқытушысы

ҚАЗАҚТЫҢ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІНДЕГІ АКТЕРЛІК ЭЛЕМЕНТТЕР

Статья посвящена исследованию актерских элементов в фольклорных традициях.

This article deals with acting elements in folklore.

Қай ұлттың өнерін мысалға алсақ та ол өнер ғайыптан, өздігінен көкпен түсе қалмайды. Оның туатын, туындайтын орны, ошағы болады. Сол топырақта дүниеге келген өнер белгілі бір шартқа, болмысқа, ұлттық құбылысқа бағынады. Ұлттық өнеріміздің, оның ішіндегі актерлік өнер түрінің дүниеге келу орны – халық арасы, ел іші. Ендеше, елдің өз бойында туындаған өнер сол елдің әдет-салтын, ұғым-нанымын, мақсат-мүддесін паш етеді. Олай болса, халқымыздың өз іргесінде пайда болған салт-дәстүрлік ойындар, той-думандар, ел аузындағы әңгіме, аңыздар, ұлы жиында айтылар ән-күйлер, күлкілі жайттер – біздің актерлік өнеріміздің туған, қалыптасқан, дамып жетілген орны. "Өзге жұрттың мысалына қарағанда, театр өнерінің ұрығы елдің әдет-салтынан, ойын-сауығынан, ән-күй, өлең-жырларынан басталған. Театр өнерін туғызатын жайлы топырақ, қолайлы шарт елдің өз денесінен шыққан, өнердің іргесін қалайтын елдің өзі" [1] – деген ұлы суреткердің тұжырымдамасы бұған дәлел. Біз әңгіме етіп отырған актерлік өнердің тууы мен дамуы ұлтымыздың алуан түрлі ойын-сауықтарымен, әдет-ғұрыптарымен тығыз байланысты екендігінде. Қазақтың ертеден дәріптеп, қастерлеп келген ұлттық халық өнерлеріндегі актерлік шеберліктің егін тектеу, болмысын тану, оның асылдарын бүгінгі сахналық мәдени керуеніне ілестіріп отыру – зерттеудің басты мақсаты. Олай болса, алдымен ұлттық өнеріміздің өзегі болатын қазақтың ескіден келе жатқан көне ауыз әдеби мұраларынан актерлік өнердің элементтерін іздестіруге болады. Бұлар жайында халқымыздың тұрмысы мен кәсіпшілігінен, рухани байлығынан, эстетикалық талғамынан мәлімет мол. Рас, ол кездегі алуан түрлі орындаушылық өнер түрлерін қазіргіше актерлік өнер деп атамағанымен, бірақ оған негіз боларлықтай "Жар-жар" мен "Беташар", "Айтыс" өлеңдері бойынан актерлік өнер элементтерін молынан кездестіруімізге болады. Бір кездері М.Әуезов ұлт театры екі бағытта – қалалық және далалық болып дамиды деген пікір айтқан. Осы ойға орай қыр театрының (дала театры) репертуарына жоғарыда аталған салт өлеңдері еніп, өзінің тамаша орындалуымен дүйім елді таң-тамашаға бөлеп отырған. Зерттеушілер

Ш.Құсайынов пен Ы.Дүйсенбаев халық ойындарының рухани мәдениетіндегі дала театры болатындығын айтады: Театры жоқ елдің театр орнына көретін сауығы – еңбек мерекелері мен өлгенге ас беру, қыз ұзату, бала сүндеттеу сияқты ойын-тойларының өзекті арқауы ән мен күй, драмалық театр элементіне жататын халық ойындары болғаны да даусыз" [2].

"Жар-жар" өлеңінің екі топқа бөлініп, яғни, қыз бен жігіт болып топтасып, алма-кезек айтысуының өзінде актердің сахналық сөз әрекеті, іштегі астары, тартысы, мән-мағынасы араласып, астасып жатыр. Мәселен жігіттер тобы:

"Бір толарсақ, бір тобық,
Санда болар, жар-жар-ау!
Қырық кісінің ақылы
Ханда болар, жар-жар-ау!
«Әкем-ау» деп жылама,
Байғұс қыздар, жар-жар-ау!
Әкең үшін қайын атаң
Онда болар жар-жар-ау! - десе,

Қыздар тобы:

Жазды күні ақша қар,
Жаумақ қайда жар-жар-ау!
Құлын-тайдай айқасқан
Оң жақ қайда, жар-жар-ау
Қанша жақсы болса да
Қайын атам, жар-жар-ау!
Айналайын әкемдей

Болмақ қайда, жар-жар-ау" [3] – деген жолдарды орындаушылардың іс-әрекеттерінен, көпшілік алдындағы қалпынан, бүгінгі тілмен айтқанда, мизансценаны бағдарлаймыз, олардың жауаптасуының өзі сахналық қарым-қатынастың үлгісі дерлік. Байыптап қарасақ, "Жар-жар" М.Әуезов айтқандай актердің ойнауына ыңғайлы көркем құбылыс. "Жар-жар" өлеңін айтушылардың әзіл-қалжың араластыра отырып ұзатылып бара жатқан қызды жұбатып өлең айтуы, ал қыздың туған жер, ата-анасына, құрбы-құрдастарына деген қимастық сезімі, мұңын айтып өлеңмен жауаптасуы сияқты ұлттық дәстүрлік әрекеттердің бәрі актердің сахнада жасайтын іс-әрекеттері мен сөз әрекеттеріне, мизансценалық құрылымына, сахнадағы серіктесімен жасайтын қарым-қатынасына, ішкі психологиялық арпалыстардан туындайтын көңіл-күй құбылыстарына келеді. Сондай-ақ көпшіліктің оларды қостап не болмаса қарсылық білдіре отырып әрекет етуі де актерлердің көпшілік сахнасындағы ойын өрнегіне ұқсайды. "Жар-жар" өлеңін орындау кезіндегі сәттердің бәрін ой елегіне сала отырып қарасақ бір немесе бірнеше актердің оқиға желісіне байланысты жасап жатқан әрекеттер

түріне бара-бар. Біз өлеңнің көркемдік бойында драмалық, трагедиялық күйлердің барлығын, оның актерлік ойнау өрнегінде көрерменді еліктіріп ерекше әсер ететіндігін, шынайы сахналық шығарма үлгісінде қабылданатынын байқаймыз. Осыған орай академик З.Қабдолов ежелгі заман поэтикалық синкретизмдегі эпос, лирикамен бірге ән бастаушылар мен қоштаушылар диалогтарын, адамдардың дене қимылдарының, бет құбылыстарының араласуының "өнерге қолма-қол сахналық сипат беретін" [4] ерекшелігін атайды.

"Жар-жардың" осындай сахналық ерекшелігін ең алдымен танып, өзінің театр туралы алғашқы мақаласында ашып берген ұлы суреткер М.Әуезов болатын. "Шынында, ерте күнде ас пен тойда ұлы жиында ізденіп келіп өлеңмен, әнмен айтысатын ақындар, өз заманында театр жасамай, не жасады? Солар жасаған сауық елдің құр қуанып, құр көңіл көтергенінен басқа, кәрі-жастың сай сүйегін босатып, аруағын шақыртып, барынша қыздырып, желіктірген жоқ па еді?" Онан соң ұзатылатын қыздың тойында еркек пен әйел қақ жарылып алып, айтысатын жар-жар, салт ойынын туғызатын театрдың өзі емес пе? "Жар-жар" мен "Беташар" бүгінгі заманның сахнасына қою үшін ешбір қосымша керек қылмайды. Солар сияқты толып жатқан айтыс өлеңдерінің қай-қайсысы болса да қалай болса солай қоюға болады [1] – деген сөзінде мұндағы сахнаға қатысты актерлік элементтердің барлығын, оның сахна төрінде актер арқылы орындауға ыңғайлылығын, ондағы сахналық құрылымды, мизансценалық қалыптарды, актерлік ойынды соқырға таяқ ұстатқандай етіп көрсетіп отыр. Демек, біз өзіміз іздеген актерлік орындаушылық өнер ұшқыны мұнда барынша айқын көзге ұрып тұр. Мысалы, "Қаракөз" пьесасында оны орынды да оңды пайдаланған.

Асан салдың:

"Жар-жар айта біз келдік, еркем, сізге, жар-жар,
Айтысқан сөз жарассын сіз бен бізге, жар-жар!
Қуаныш тойыңды құттықтаймыз, жар-жар,
Тілеу тілеп алдыңнан үй мен түзде, жар-жар!
Жиылған жұрт ағайын тілегінде, жар-жар
Еш күмән жоқ оң сапар тілеуінде, жар-жар!
Екі асылдың сынығы қосылыпсың, жар-жар,
Міні бар деп айтпаймыз, біреуінді жар-жар!
Еркелетіп өсірген бетін қақпай, жар-жар,
Жар атын да айтпағын зорын таппай, жар-жар!
Көп тілеулес ағайын ортасында,

Бетін аштық сол сөздің келген ашпай, жар-жар десе, әрі қарай Сырым бастаған шымылдық ішіндегілер:

Жар жақсы деп жаршылар көп айтады, жар-жар,
Өмір көркі жарменен деп айтады, жар-жар!

"Жігіт айтса күлкімен айтар сөзін, жар-жар,
Қыз жыласа уайым жеп айтады, жар-жар!
Сал жігітке шырқаған әні қызық, жар-жар,
Ағайынға той қылған сәні қызық, жар-жар»
Қыз не десе о десін аттанарда, жар-жар,
Тізіп алған атаға малы қызық, жар-жар
Мен жыласам жылайын қайғым айтып, жар-жар
Іштегі өртті тығамын айтпай қайтіп, жар-жар
Ұрыссаң - дағы ата-анам естісеңде, жар-жар

Мен бекіндім кетуге барым айтып, жар-жар! [5] – деп басындағы мұң мен шерді сүйгеніме қосылсам-ау деген арман, дертті, Мөржан бастаған топқа деген қарсылықты Сырымға қосылып айтқан Қаракөз аузынан естиміз.

Сонымен автор халық өнер түрлерін қалай пайдалану керектігін айтып қана қоймай, өзінің драматургиялық шығармаларында да кеңінен пайдалана білген. Ол "Жар-жарды" сахнада нақты бір оқиғаға арқау етіп ала отырып, оған трагедиялық мұң беріп, кейіпкерлер арасындағы тартысты шиеленістіре түскен. "Жар-жар" айтысы Мөржан бастаған алқалы топтың наразылығын араластыра отырып, оқиға желісін шиеленістіруге мол дәнекер болған. Ойымызды жинақтай келе айтарымыз біз өзіміз іздеген актерлік өнердің тууына, дамып, қалыптасуына "Жар-жар" өлеңінің ерекше әсері бар деп айтуға болады.

Қыз бен жігіт болып бөлініп айтысатын "Жар-жардан" кейінгі қазақ қызының жанкүйер жақындарымен, ел жұртымен қоштасу сәтін білдіретін әріден келе жатқан салт жырларының бірі – "Сыңсу". Бұл жырдың бойынан да біздің актерлік ойынымызға тән боларлықтай ерекше сәттерді байқауға болады. Еріксіз ұзатылып бара жатқан қазақ қызының мұң-шерін, арман-ниетін, наза көңілін, аянышты тағдырын, танытып мұңмен айтылатын бұл өлең – актерлік өнер түріне, өзінің ұлттық, салттық орындалу жолымен бір табан жақын.

"Заманым өтті басымнан,
Дәуренім кетті басымнан.
Ата-анам еді дәулетім,
Ағайын жұрттым-сәулетім.
Жат жұрттық боп кеткен соң,
Кетер - ау бастан сәулетім.
Айналайын, ел-жұртым,
Не болар менің заманым,
Естіле жүрер дейсің бе,

Не болып жүрген хабарым..." [6] – деп лирикалық мұңды, психологиялық көңіл-күйді тудыруы, сахнадағы актер толғанысын, көңіл-күйінің құбылысын білдіретін сәттермен салыстыруға болатын сияқты.

"Сыңсу" жырының бойында физикалық әрекеттен гөрі адамның ішкі көңіл-күйі арпалыстарын білдіретін сезім басым. Оның ата-анасымен, туған ауылымен, туыс-жақындарымен, бірге өскен құрбы-құрдастарымен қимай қоштасып, жат-жұртқа амалсыз кетіп бара жатқаны, қам көңілі мен іштей торығуы сахнадағы актердің трагедиялық күй кешу сәттеріне, психологиялық әрекеттеріне жақын. Сыңсудың өзіне тән әуені, жеке бастың күйіне байланысты айтылу мазмұны, орындалуы сахнадағы актердің іштей толғанысына бара-бар. Қыздың құлазыған көңілін, қиналған сезімін, басына түскен тауқыметін білдіріп егіле сыңсуы, оған кейбіреулердің аяушылығы, олардың бет-әлпетіндегі шарасыздық сипаты – сахнадағы жеке бір кейіпкер мен көпшілік топтың актерлік ара қатынасын білдіріп тұрғандай.

Сонымен бірге қызға ақыл-кеңес ретінде айтылатын жұбату өлең түрі де актерлік өнер түрімен сабақтасып жатыр. Мәселен үшін:

"...Жыламай құлақ салыңыз,
Бұл сөзіме наныңыз.
Мен айтамын өсиет
Тыңдап ұғып алыңыз.
Мұннан көшіп кетерсің.
Тең құрбың шықса алдыңнан
Ойын-күлкі етерсің.
Құрбы келсе күлгейсің,
Әдеппенен жүргейсің.
Салмақпенен сөз сөйлеп,

Жақсы жауап бергейсің" [6] – деген жыр тізбектері оңаша емес көпшілік қауым алдында айтылады. Оның шаруаға икемді, сабырлы, салмақты болуын, бөтен мінез көрсетпей, өтірік-өсекке берілмей тазалық сақтауын, ата-анаға бауырмал, ел-жұртының сенімін ақтауы сияқты өсиеттер айтылады. Содан соң қыздың тақиясын алып, сәукеле кигізіп, жас келіншектер киіндіріліп, отауға құда-құдигилар шақырылып көрімдік сұралады. Осындағы әрекеттер табиғатынан актер іс-әрекеттеріне келетін сахналық көріністі, алдын-ала ойластырып актерше ойнауға болатын ұлттық салт-дәстүр ерекшелігін тануға болады.

Содан соң сарын /аужар/ айту рәсімі өтеді. Ол еріксіз, малға сатылып, теңіне қосыла алмай шалға кетіп бара жатқан қыз тағдырына үн қосқан жеңгесінің мұңға толы өлеңі.

Бірінші жеңгесі:

"Ойнаушы ең бала күнде түйе болып,
Жүріпті-ау біреу саған ие болып,
Айдыңның аққуындай қайран қалқа,

Қазан қайтіп ұстайсың күйе болып?" – деп амалсыз көзіне жас алса, екінші жеңгесі:

Кішкене болдың түймеден,
Жіңішке болдың иенден.
Ерніннен сүт кеппестен

Барасың кетіп кімменен? [6] – деп қыз мұңын одан әрі тереңдете айтса, оған сол ауылдың бойжеткен қызы бар әйелдері қосыла жылап, оның трагедиялық мазмұнын қалыңдата түседі. Міне, осының бәрі сахнада ғұрыптық тұрғыда өтетін, актердің сахна төрінде әрекетке баруына қолайлы, қиындық туындатпайтын дайын сахналық элементтер.

Сонымен сыңсу өлеңі бойынан да орындаушылық өнер түрін көреміз, яғни актерлік өнерімізге негіз боларлық, актерлік элементтер түрі бар екендігін байқау қиын емес. Біздің актерлік өнеріміздің дүниеге келуіне сыңсу өлеңінің тікелей қатысы бар десек жаңылыспаймыз.

Актерлік өнер ошағы қалыптасқан салт-жырларының тағы бірі – Беташар". Бұл жоғарыдағы біз әңгімелеген "Жар-жарға" ұласатын ұлттық көркемдік дәстүрдің жалғасы. "Беташар" – жаңа түскен келінге үлгі-өнеге, насихат айтатын халық арасына кең тараған салт өлеңі. Мұны орындаушылардың, яғни, әр түрлі әуезге салып айтатын ақынның әншілік және домбыра тартатын қабілеті жоғары болған. Бұл орындаушыдан табан астынан небір күлдіргі, айызыңды қандыратын өлеңдерді суырып салып, тыңдаушыларын өз өнерімен баурап әкететін үлкен актерлік шеберлікті талап еткен.

Мәселен: "Бетіңді келін ашқаным

Жаңа жұртқа қосқаным.

Жасы үлкенді сыйлап жүр,

Құрмет қылып жасқанып...

Айт келін...енді айт, келін,

Өзіңнен үлкен адамның

Бетіне тіке қарама,

Үлкен кісі келгенде

Қатарласып отырмай,

Кейін отыр панада.

Жасы құрбы екен деп,

Жаманға болма ашына.

Ойынның мәні осы деп,

Әркімге берме шашыла...

Ерте тұрып төсектен

Қақандама келіншек,

Өзің жатып байыңа

Тұр-тұрлама келіншек.

Аузы-басың сүйрендеп

Өсек айтпа келіншек..." [1] – деп ақын жігіт жиналған көпшілікті мәз-мәйрам етіп, көптің көңілін сергіткелі, күлкіге кенелткелі, айтып жатқан өлең

сөздеріне әр алуан ауық-ауық әзіл-қалжың араластыратын болған. Сонымен бірге ақын жігіт өлең соңында өзінің келіннің бетін ашқаны үшін сый-сияпат дәмепіп жаңа түскен келінге жасы үлкендердің әр қайсысына жеке-жеке сәлем салғызып, тағзым жасатады. Араларында пейілі тар, көңілі қара, сараңдары болса оларды жол-жөнекей әжуа-мазақ қармағына іле кетеді:

"Нар берсеңіз, мая бер,
Үстіне кілем жая бер...
Жылқы берсең биеден,
Кем болмасын түйеден...
Сиыр берсең қызылдан,
Шұбалақ құйрық ұзыннан.
Қой берсең үлкен ағынан,
Егіз болсын қозысы,
Болмасын жалқы тағынан" [6].

Міне өздеріңіз байқап отырғандай, "Беташардың" айтылуының өзі салт-дәстүрге құрылған, актердің сахналық ойын өрнегінің ерекше бір түрін көрсетеді. Оған қатысушы топтың әр қайсысының мизансценалық орны, актерлікке шектес орындаушылық тәсілі қалыптасқан. Айталық, жас келіннің басына ақ желек жамылып жеңгесінің икемімен жасы үлкендерге тағзым етуі, оны көпшілік қауымның қоштап риза болуы, айтушы ақынның ауық-ауық сөзін бөліп, келінге сәлем жасатуы, осыған жалғасатын тағы да басқа дәстүрлік қимыл-әрекеттер сахнадағы актер ойынымен астасып жатқан дайын бөлшектер тәріздес. "Беташар" нақты бір сюжетке жазылып, белгілі бір төкпе әнге құрылған. Келіннің бөтен елге келген, енді сол елдің үлкен-кішісіне жаға білуі, үлкенді үлкендей, кішіні кішілей сыйлай білуі өлеңмен айтылып, көпшілік қауыммен қабылданып, ду-ду әңгіме, әзіл-күлкіге ұласуы, қойылымның халықтық сахнасындағы көріністерді еске түсіреді. Сонымен орындаушы жігіттің әрекет шындығына сеніп, сөз арқылы қимыл-қозғалысқа түскені анық.

Сондай-ақ беташарды айтушы жігіттің өзін қоршаған айналасымен қарым-қатынас жасау үшін ол маңайындағыларды көре, ести, сезе тұрып, олардың тыныс-тірлігін дұрыс сезініп, терең түсінетін аңғарымпаздық қабілеті болуы керек. Бұл қасиет актерлік өнерде зейін элементі деп аталады. Сол сияқты ақын жігіт беташарды тамашалап тұрған көпшілік қауымды уысынан шығармай ұстап тұру үшін оның адамдармен қарым - қатынас жасай алатын табиғи қабілеті, көпшілік көңілін өзіне аудара білетін актерлік қасиеті, орындаушылық шеберлігі жоғары болуы керек болған. Демек, орындаушы мен көрермен арасындағы үздіксіз қарым-қатынас процесі үнемі жалғасып тұруы қажет. Олай болса актерге аса қажет алыс-беріс сезімі, қуат жолығысы, өз ара қарым-қатынас тәріздес элементтер шоғыры орындаушы жігіт бойында табиғатынан бар болған.

Әсіресе, көзге ұратыны "Беташардың" адамды мінездеуі, кісінің характерін жасауы және оны көпшілікке жеткізу мақсаты актерлік ойын-өрнегінің нақты бір элементтерінен туындағандай әсер қалдырады. "Беташар" салт-дәстүрінен біз сахнадағы актерлердің рөл орындағандай сәттерін аңғарғандай боламыз.

Айталық, "Беташардың" бас кейіпкері – келіннің атасы мен енесі, игі жақсылар, ауыл ақсақалдары тағы басқа топтардың әрқайсысы сахнадағы рөл орындаған актердей өз міндеттеріне қарай басқалармен қарым-қатынасқа түсіп, өз міндеттерін іштей сезімталдықпен, аса ыждақаттылықпен атқара білген. Сондай-ақ мұны айтушы- ақынның сол тойдың жүргізушісі немесе жетекшісі болуы – режиссерлік өнерді еріксіз еске түсіреді. Ол суырыпсалма, өлең шығаратын әрі ауыл адамдарының мінезін білетін психолог, ең бастысы, көпшіліктің ойын-тойға деген талабын шебер орындайтын өнерпаз болып көрінуі актерлік өнермен іштей қабысып жатыр.

"Беташар" оқиғасының өрбуіне қарай орындаушының қимыл-әрекеті, дене қозғалысы да рөл үстіндегі актердің іс-әрекетіне ұқсап жатады. "Беташарды" айтушы ақынның актер тәріздес өтіп жатқан оқиғаны іштей түсініп соған орай суырыпсалмалық әрекетке баруы және оны қызықты етіп көрсете білуі орындаушылық өнердің ерекше бір сәттері деп түсінген жөн. "Беташар" өлеңін айтушының іс-әрекеті мен мінез-құлық ерекшеліктері актердің сахнадағы іс-әрекеттеріне бір табан жақын. Айтушы жігіттің мақсаты жаңа түскен келіннің бетін ашып көпшілікке таныстыру, жас келіннің жақсы жақтарын сипаттап, келген жерін мақтап көпшілікке өз өнерімен әсер етуі актердің рөл орындау кезіндегі нақты бір қисынды әрекеттеріне келеді. Орындаушы жігіттің актер тәріздес неше түрлі көңіл-күй құбылыстарына түсіп көңілді әрекеттер жасап, үнін құбылтуы актер ойынына ұқсас. Демек, беташар өлеңін орындаушының алдына қойған үлкенді-кішілі мақсаты, актердің рөл орындау барысындағы рөлдің көкейкесті мақсатын айқындау үшін жасалатын іс-әрекетіне келеді. Беташарды айтушы жігіт актер тәріздес саналы түрде алдын ала сөйлейтін сөзін, жасайтын іс-әрекеттерінің тізбектерін дайындап алып отырған. Сонымен қатар оның беташар өлеңінің сөздерінің астарын ашуы да актердің рөл сөзінің астарын ашуына келеді. Ол беташар өлеңінің сөзін нақты бір халықтық әннің әуенімен айта отырып актер тәріздес әрі жатық, әрі әдемі айтып жеткізуге тырысқан.

Сонымен, ұлттық сахналық элементтер халық шығармаларының көптеген түрлерінде дами қалыптасып, бүгінгі актерлік өнердің нәр алар мәйегі болып отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әуезов М. Шығармалар. 11-том. Алматы: Жазушы, 1969.
2. Хұсайынов Ш., Дүйсенбаев Ы. Қазақтың ауыз әдебиеті және ойындарындағы театрлық элементтер // Ш.Хұсайынов. Өнер өрімдері: Мақалалар, әңгімелер. Пьесалар, киноповестер, аударма. Алматы, 1991.
3. Айтыс. Қазақ халық әдебиеті. 1-том. Алматы: Жазушы, 1988.
4. Қабдолов З. Сөз өнері: Әдебиет теориясының негіздері. Алматы: Мектеп, 1982.
5. Әуезов М. Мақалалар, әңгімелер, аудармалар, пьесалар 1921-1929.
6. Қалиев С., Оразев М., Смайылова М. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Алматы: Рауан, 1994.

А.СӘДІБЕК

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің оқытушысы

БАЛАЛАРДЫҢ ЖАС ЕРЕКШЕЛІГІНЕ ҚАРАЙ КИІМ ФОРМАСЫ МЕН КОНСТРУКЦИЯСЫНЫҢ ӨЗГЕРУІ

В статье рассматриваются изменение пропорциональных соотношений в телосложении ребенка и особенности формы и конструкции одежды по возрастным группам.

The article considers the changing of proportional corrtlatoin of the childs body and the peculiarity of the shape and clothes design due to different age groups.

Біздің өмірімізде киім балаларға белгілі бір мөлшерде психикасына әсер етіп, әр баланың көзқарасы әр түрлі дами бастайды. Сонымен қатар киім әр адамның ой-өрісін, қоғамдағы орнын, мінезін білдіреді. Балалар киімінің өзіндік ерекшелігін бірнеше факторлардың әсерімен анықтайды.

XX ғасырдың 60-жылдары сән ағымы балалар киім үлгісіне жақын болды. Түрлі жолақты матадан тігілген әрі қатпарлы белдемшелер, өте үлкен жағалар, көйлектер жастар сәніне енді. Ал, бұл өзінің ыңғайлылығымен балалар киіміне жақындай түсті. 1970 жылы сән ағымында денеге жабысып тұратын «өте кішкене» формадағы киімдер пайда болды, ал балалар киімінің формалары ұзара түсті, бірақ қимыл-қозғалысқа ыңғайлы етіп тігілді. Қазіргі кезде денеге қынамалы болып тұратын киімдер, трикотаж, майка, футболка, кең формалы киімдермен бірге күртеше, блузон қолданылып жүр. Балалар киіміне деген сұраныс олардың тез жетілуне, дамуына, дене пропорциясына байланысты [1].

Қазіргі уақытта өнеркәсіп балалар киімдерінің барлық түрлерін өндіруде. Онда балалар киімдерін түрлі материалдан: мақта, трикотаж, жасанды немесе табиғи талшықтардан және т.б. материалдардан тігілуде. Балалар киіміне қойылатын талаптар: минималды масса, жұмсақ, ашық және көңілді колорит, денеге зиянды емес материалдан тігілуі қажет. Қолданылуына байланысты және климаттық жағдайға қарай киім материалына қойылатын талаптар түрліше. Мысалы, іш киім матасы мақта, жібек, ауа өткізгіштік, ылғал сіңіргіштік қасиетке ие болуы тиіс әрі түсі ашық болғаны дұрыс, ал сырт киім баланы сыртқы түрлі әсерлерден қорғап, су өткізбейтін, тығыз, жұмсақ, жеңіл, қанық түсті және бір түсті немесе оюлы суреті бар матадан тігілген жөн. Көйлек матасы ассортиментке байланысты түрлі болып келеді. Әсіресе ою-өрнегі, суреті бар маталарға мынандай талаптар қойылады: композициялық сызбасы қарапайым әрі түсінікті болуы тиіс, мата бетіндегі сурет жеңіл оқылып, ою формалары айқын контурлы болып, ішкі бөлігі қызықты көріністерді бейнелеуі қажет. Мұндай суреттер баланы қызықтырып, қиялын, сурет салуға әуестігін және т.б. жақсы қасиеттерге еліктеуіне, әсемдікке тәрбиеленуіне әсер етеді.


Балалардың жас ерекшелігіне қарай мынандай топтарға бөлінеді [2]:

- сәбилер (1 жастан 3 жасқа дейін);

- мектеп жасына дейінгі балалар (3 жастан 6 жасқа дейінгі);
- төменгі мектеп жасындағы балалар (6 жастан 10 жас аралығы);
- жеткіншектер (11-14 жас аралығы);
- жасөспірімдер (15-17 жас аралығы).

Балалар 1 жастан 3 жасқа дейінгі аралықта тез жетіледі. Сондықтан балалардың дене бітімінің пропорциясы өзгереді, мойыны ұзарып, иығы кеңейе түседі, қарны үлкен, жауырыны дөңестеу келеді. Омыртқа бөлігі ирек сызықты, тұлға шалқақтау. Сәбилер бұл кезде жүре бастайды, ал 2-3 жаста көп қимылдай бастайды сондықтан, олардың киімдері кең формада болуы қажет.

Қыз балалардың көйлектерінің формасы трапециялы, иық тігісінен төмен қарай кеңейтілген болып келеді. Мұндай формадағы киімдер сәбидің қарын бөлігінің шығыңқылығын жасырып тұрады. Әрі пропорционалдылығын айқындайды. Ер баланың киімдері тік формалы болып келеді. Шалбарлары көбіне қысқа, тік немесе төмен қарай тарылып, кеңейіп жейдемен, күртешемен үйлесімділігін табады. Қыз балалардың гардеробына түнде киетін жейде, пижама, көйлек, алжапқыш немесе сарафан, жейде, шалбар, күртеше, пальто, комбинезон енеді. Ұл балалар гардеробында түнгі жейде, пижама, қысқа немесе ұзын шалбар, көйлек, халат, пальто енеді.




2-3 жастағы сәбилердің дене бітімінің пропорционалды арақатынастарының сызбасы және киімдерінің конструкциясы мен түр ерекшеліктері

Балалардың сырт киімдерін модельдеуде көбіне оларды қалпағымен қосып жасайды. Олардың киімін көркемдеп сәндеуде түрлі сәндеу элементтерін пайдаланып, безендіруде тіптен көп салмақ салмау қажет. Мектепке дейінгі жастағы бала «ненің жақсы, ненің жаман екенін» түсіне бастайды, мінез-құлықтың басталуы да – осы кезең. Баланың белсенді физиологиясының өсуі

жалғаса береді. 4 жаста балада сымбатты тұлға қалыптаса бастайды: аяқ ұзарып, кеудесі кең және жазық болады, іштің дөңестігі қайта бастайды. 5 жасар баланың дене бітімі 1:5 қатынаста болып, іші тартылып, аяғы мен қолы ұзара түседі. Бұл кезеңде балалар бәрін білгісі келіп, айналадағы құбылыстарды танығысы келеді. Анау не? Мынау не?- деген көп сұрақтарды жаудыратын кезеңі. Сондықтан бұл жастағы балалар киімін конструкциялау мен модельдеуде киім пішімі мен сәндік әшекейлерді таңдағанда балалардың қызығуын ескеруді қажет етеді.

Дене пропорциясы да өзгереді: бас биіктігі 1:5 немесе 1:5,5. Киім ассортименті бұрынғы негізде қалады, бірақ бұйымды мүшелуе түрі ауысады. Кішкентай иінішті көйлектің төменгі тұсын жинақтауға, қатпар салуға болады. Жаздық көйлектің мойын ойындысы кең, ал жаға пішінін әр түрлі етіп жасайды. Иінішті ұзартып, одан қатпарлар мен бүрмелер есебінен белдемшені кеңейтуге мүмкіндік туады.


Киімнің негізгі пішіндері: трапеция түрінде және тік. Конструкциялық тұрғыда бұл, бел сызығының көтерілуімен түсіндіріледі.



Мектеп жасына дейінгі 3-7 жас аралығындағы балалардың дене бітімінің пропорционалды арақатынастарының сызбасы және киімдерінің конструкциясы мен ерекшеліктері

7-10 жаста балада біраз өзгерістер болады: өседі, сүйегі дамиды, нығыздалады, алғаш мектепке баратын болғандықтан киім гардеробында жаңа киім үлгілерімен толыға түседі. Балалар киімі қимыл-қозғалысқа ыңғайлы әрі, көңілді түстердің үйлесімділігімен шешілуі қажет. Ашық, айқын түстер балалардың психикасына әсер етеді. Дене пішімі сымбатты бола түседі, аяғы ұзарып, іштің шығып тұруы кетіп, белі көрінеді. 10 жасқа таяу дене бітімінің өлшемі өзгереді: 1:6 немесе 1:6,5 [3].


7-8 жасар қыздың бітімі – бел сызығынан тіке кең түскен, ал 9-10 жасар қыздың – жартылай тар киімдер. Тік силуэтті жартылай тырысып тұратын киімге күртешелер мен жейденің төменгі тұсына жасырын белдіктер, сырып тігулер жүргізіп салынады.



Төменгі мектеп жасындағы 7-10 жас аралығындағы балалардың дене бітімінің пропорционалды арақатынастарының сызбасы және киімдерінің конструкциясы мен түр ерекшеліктері.

Баланың дене бітімінің өзгеруі жалғасады. Жылдам өсудің жаңа дәуірі басталады. 12-13 жастағы қыздарда бас биіктігі дене ұзындығына жатады: 1:7 немесе 1:7,5. қыздарда көкірек жұмырлануы пайда болып, аяқтың сан, балтыр тұстары кеңейе түседі, бел пайда болады.


Қыздарға арналған киім төрт силуэтке жасалуы мүмкін. Жетекші рөлде жартылай қынамалы, сосын тік силуэт (спорттық киімдерде) трапеция түріндегі силуэт маусымдық бұйымдарда көп қолданылады. Қыздың дене пішімінде қалыптасқан ерекшеліктер бұйымның композициялық орталығын дененің жоғары бөлігіне орналастыруға мүмкіндік береді. Бұл жинақтар мен рельефтердің көмегімен қажетті бұйым көлемін жасап шығаруға болатын иініш болуы мүмкін тік жағаларда ұтымды пайдаланады. Қыздардың гардеробына: мектеп формасы, шалбар, белдемше, блузка, көйлек, сарафан, спорттық күртеше, плащ, пальто кіреді. Бұл жаста балалар өседі. Мінез-құлық қалыптаса бастайды, бала өзін ұжым мүшесі ретінде есептей бастайды.



Жоғарғы мектеп жасындағы 11-14 жас аралығындағы балалардың дене бітімінің пропорционалды арақатынастарының сызбасы және киімдерінің конструкциясы мен түр ерекшеліктері

13-16 жастағы жеткіншектердің дене бітімі үлкендердікі секілді қалыптаса түседі. Қыздар 12-13 жасында, ал ұлдар 13-14 жастан бастап тез жетіле бастайды. Бұл жастағы қыз балалардың дене бітімі барынша жетіліп, жіңішкеріп, сұлуланады. Жасөспірімдер қоғамдағы пайдасы бар істерге жақынырақ болып өздерінің ой өрістерінің өскендігін көрсетеді. Қыз балалардың дене пітімі: 14-17 жастағы қыздарда бас биіктігі денеге 1:7 қатынаста немесе 1:1,75 қатынаста болады.

Жасөспірім қыздардың көкірегі жетіліп, бөксе шыға бастайды, барлық дене бітімі үлкендердікіне ұқсай түседі. Қыз балалардың гардеробы көбіне спорттық киімдермен және көйлек, блузка, белдемше, жилет, шарфтармен толықтырылады.



14-18 жас аралығындағы жасөспірім балалардың дене бітімінің пропорционалды арақатынастарының сызбасы және киімдерінің конструкциясы мен түр ерекшеліктері

Балалар киімі үлгілерін дұрыс модельдеу үшін балалардың дене бітімін толық меңгеріп, оның жеке бөліктері формасының пропорционалды арақатынастарын білу қажет. Киімнің жеке бөліктерінің денеге үйлесімді болуы балалардың дене бітімінің өлшеміне байланысты.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Матузова Е.М., Соколова Р.И., Гончарук Н.С. Разработка конструкций женских швейных изделий по моделям. М.: Легкая и пищевая промышленность, 1983.
2. Козлова Т.В., Рытвинская Л.Б., Тимашева З.Н. Основы моделирования и художественного оформления одежды. М.: Легкая индустрия, 1979.
3. Черемных А.И. Основы художественного проектирования одежды. М., 1968.

МАЗМУНЫ-СОДЕРЖАНИЕ-CONTENTS

ФИЛОЛОГИЯ

НАЙМАНБАЙ А.Р. Көркем шығармадағы энантиосемия құбылысы Явление энантиосемии в художественных произведениях NAIMANBAI A.R. The Phenomenon of Enantiosemy in Literary Works	3-6
ТАУКЕБАЕВА Р.Б. ШАФИГУЛИНА Р. О феномене языковой картины мира Әлемнің тілдік көрінісі құбылысы TAUKEBAYEVA R.B. SHAFIGULINA R. About Phenomenon of a Linguistic Picture of the World	7-11
БЕЙСЕМБАЕВА С.Б. Публицистический стиль речи как сфера функционирования фразаологизмов Фразеологизмдердің қызмет ету аясы ретіндегі публицистикалық стиль BEISEMBAYEVA S.B. Publicistic Style of Speech as Sphere of Functioning of Phraseological Units	12-15
KARBOZOVA G. Usage and Comprehension of Idioms, Proverbs and Sayings by Native Speakers of English КАРБОЗОВА Г. Ағылшын тіліндегі идиомалар мен мақал-мәтелдерді тіл иелерінің түсініп қабылдауы Использование и понимание идиом, пословиц и высказываний носителями английского языка	16-19
ҮРІМОВА Р.К. Аймақтық лексиканы зерттеу бағыты Направление исследований региональной лексики URIMOVA R.K. Research Line of Regional Vocabulary	20-26
БАЙТУОВА А.Н. Сравнительные исследования в области тюркских языков Түркология саласындағы салыстырмалы зерттеулер BAITUOVA A.N. Comparative Research in the Field of Turkic Languages	27-30
ТАУКЕБАЕВА Р.Б. БАЙРАМКУЛОВА С. Грани дарования Джулии Ламберт (роман У.С.Моэма «Театр») Джулия Ламберттің дарын қырлары (У.С.Моэмнің «Театр» романы) TAUKEBAYEVA R.B. BAIRAMKULOVA S. Talent Sides Julia Lambert (U.S.Moem's Novel "Theatre")	31-35

ӘБИЕВ Б. Ауған, Иран қазақтарының ауызекі тіліндегі кейбір фонетикалық ерекшеліктер Некоторые фонетические особенности разговорной речи у казахов Афганистана и Ирана	36-40
АБИҮЕВ В. The phonetic peculiarities of Oral Speech of Kazakhs in Iran & Afghanistan	
ӘДІЛБЕК Р. Қазақ фольклорындағы тарихи өлеңдердің зерттелу мәселелері Проблемы исследований исторических песен в казахском фольклоре	41-46
АДИЛБЕК Р. Research Problems of Historical Verses in Kazakh Folklore	
ТЮТЕБАЕВА А.М. Медiateкст как основная единица языка СМИ Медиа мәтін топтаманың шектелген тіркес бірліктері	47-51
TUTEBAJEVA A.M. Media Text as main Unit of Language of Mass Media	
АБДУКЕРИМОВА Т.А. «Шипагерлік баян» еңбегіндегі ауру атауларының лексикалық мағынасы Лексические значения лечебных наименований болезней в книге Отейбойдака Тлеукабылулы под названием «Лечение»	52-56
ABDUKARIMOVA T.A. Lexical value of medical names of diseases in Oteyboydak Tleukabylula's book under the name "Treatment"	
ALJANOVA D. “Kan ile Ter” ve “Devlet Ana” romanlarında dil ve üslup Язык и стиль романов «Кровь и пот» и «Девлет ана» Language and Style in the Novels “Kan men Ter” and “Devlet Ana”	57-60
ӘЛЖАНОВА Д. “Қан мен тер” және “Девлет ана” романдарындағы тіл мен стиль	
ÖZTÜRK E. Şakerim Kudaiberdiuli'nin eğitim konulu şiirleri Стихи о воспитании Шакарима Кудайбердиева Shakarim Kudaiberdiulu's poems about education	61-64
OZTURK E. Шәкәрім Құдайбердіұлының тәрбие туралы өлеңдері	
КАВАКЛИ М. Kazak atasözlerinde kalıp formüllerinden “soru sorma kalıpları” Формулы шаблонов «шаблоны вопросов» в казахских пословицах и поговорках Formulas of templates «Templates of questions» in the Kazakh proverbs and sayings	65-68
КАВАКҰЛЫ М. Қазақ мақал-мәтелдеріндегі қалып формулалары “Сұрақ қалыптары”	
ТАЖМЕТОВ У. САЙФУТДИНОВА А. Проблемы перевода в художественном тексте Аударманың көркем мәтіндегі мәселелері	69-74

TAZHMETOV U.
SAIFUTDINOVA A.
Problems of Translation in the Art Text

ПЕДАГОГИКА

СЫЗДЫҚОВ О. Кәсіптік білім мазмұнының оқу-тәрбие үрдісінде іске асырылуы Осуществление содержания профессионального знания в учебно-воспитательном процессе	75-78
<hr/> <hr/>	
SYZDYKOV O. The Content of Professional Education in Teaching and Educational Process	
<hr/> <hr/>	
ДЖАКУПОВ С.М. ИСАХАНОВА А.А. Психологические показатели всеобщего равенства в процессе этнического возрождения личности Тұлғаның этникалық қайта өрлеу процесіндегі жалпы теңдіктің психологиялық көрсеткіштері	79-83
<hr/> <hr/>	
JAKUPOV S.M. ISAKHANOVA A.A. Psychological indicators of general equality in the course of ethnic revival of the person	
<hr/> <hr/>	
КУЗДЕУБАЕВА А.Б. Болашақ музыка мұғалімінің шығармашылық қабілетін қалыптастыру Формирование творческих навыков будущего учителя музыки	84-87
<hr/> <hr/>	
KUZDEUBAYEVA A.B. Formation of creative skills of future teacher of music	
<hr/> <hr/>	
ОРАЗБЕКҰЛЫ Қ. Қазақтың пәлсапалық ойлау жүйесінің негізі Основы казахской философской системы мышления	88-93
<hr/> <hr/>	
ORAZBEKULU K. Bases of the Kazakh Philosophical System of Thinking	
<hr/> <hr/>	
ДҮЙСЕНОВ О.Қ. Табиғи апат кезінде зардап шеккендерге көмек көрсетуді үйрету әдістемесі Методика обучения оказания помощи пострадавшим в природной стихии	94-97
<hr/> <hr/>	
DUYSENOV O. Training Technique of Assisting Victims in Natural Elements	
<hr/> <hr/>	
ЖОЛДАСОВА Б. Болашақ мамандарға ұлттық қолөнерді композициялық тұрғыдан үйрету Возможности обучения будущих специалистов средствами композиции декоративно-прикладному искусству	98-102
<hr/> <hr/>	
ZHOLDASOVA B. Resources for Training Media Professionals Composition Arts and Crafts	
<hr/> <hr/>	
ҚҰРБАНҚОЖА С. ҚҰРБАНХОДЖАЕВА А. Ұлттық тәрбие негіздері туралы кейбір мәселелер Некоторые проблемы основ национального воспитания	103-107

KURBANKOZHA S. KURBANHODZHAEVA A. Some Problems about Bases of National Education	
ДЛИМБЕТОВА Б.С. ӘКІМБАЕВ А.Ә. ЕРЕПБАЕВ Н.Қ. Жеткіншек жастағы балалардың мінез-құлықтарының өзгеруінің себептері Причины изменения поведений подростков	108-115
DLIMBETOVA B.S. AKIMBAYEV A.A. YEREPBAYEV N.K. Reasons of Change of Teenagers with Deviantny Behavior	
ОРАЗБЕКҰЛЫ Қ. Ұлттық тәрбиенің алтын діңгектері Золотые основы национального воспитания	116-121
ORAZBEKULU K. About National Experience of Kazakh Ethnopedagogics	
МАҒЖАН С. ЖҮСПІОВА Б. Инновациялық оқыту технологиясының оқыту процесінде қолданылу ерекшеліктері Особенности использования инновационных технологий в процессе обучения	122-125
MAGZHAN S. ZHUSIROVA B. The Peculiarities of Using Innovative Technology in the Process of Teaching	
МЕЛДЕБЕКОВА Ү. Абай және музыка Абай и музыка	126-131
MELDEBEKOVA U. Abai and Music	
ЖОЛДАСОВА Б.Б. РҮСТЕМОВА С. Болашақ дизайнерлердің шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастыру мәселелері Проблемы развития творческой деятельности будущих дизайнеров	132-136
ZHOLDASOVA B.B. RUSTEMOVA S. Problems of Developing Activities of Future Creative Designers	
ПЕРДЕБЕКОВА К.П. Болашақ музыка мұғалімінің кәсіби-педагогикалық іс-әрекеттерінің негіздерін қалыптастыру Формирование профессионально-педагогических навыков будущего учителя музыки	137-141
PERDEBEKOVA K.P. The Formation of Professional-Pedagogical Activities of Future Teachers of Music	

ЖАҚСЫЛЫҚОВА Г.А. Оқу үдерісінде оқушылардың музыкалық шығармашылық қабілетін қалыптастыруды ұйымдастыру Формирование музыкально-творческих способностей учащихся в учебном процессе	142-146
ZHAKSYLYKOVA G.A. Formation of Musical and Creative Abilities of Pupils in Educational Process	
ҚАСЕНОВ Т.Б. Ұлттық ойындар – халық педагогикасының құрамдас бөлігі Национальные игры – составная часть народной педагогики	147-150
KASENOV T.B. National Games – a Component of National Pedagogics	
УРАЗБАЕВ А. Кәсіптік орта оқу орындарында дене тәрбиесін оқыту ерекшеліктері Особенности обучения физической культуры в профессиональных средних учебных учреждениях	151-155
URAZBAYEV A. Features of Training of Physical Culture in Professional Average Educational Institutions	
ЖУНИСОВА Н.А. Болашақ мұғалімдерді оқушыларға сәндік-қолданбалы өнерді үйретуге даярлаудың теориялық және әлеуметтік алғы шарттары Теоретические и социальные аспекты подготовки будущих учителей обучающихся школьников прикладному искусству	156-159
ZHUNISOVA N.A. Theoretical and Social Preconditions for Future Teachers in Teaching Applied Arts Students	
ЕРКИШЕВА Ж.С. Есептер жүйесі студенттердің оқу іс-әрекетін белсенділендірудің амалы Система задач как активизации учебной деятельности студентов	160-163
ERKISHEVA ZH.S. System of Tasks as Activization of Educational Activity of Students	
ДАУЛЕТБЕКОВА Б. Математикалық ұғымдарды меңгерудің жолдары Пути освоения математических понятий	164-165
DAULETBЕКOVA B. Ways of Development of Mathematical Concept	
ӨМІРБЕКОВ С.П. Дене тәрбиесі сабағында ұлттық ойындар арқылы халықтық педагогика элементтерін пайдаланудың ерекшеліктері Особенности использования элементов народной педагогики через национальные игры на уроках физического воспитания	166-170
OMIRBEKOV S.P. The Peculiarities of Using Some Elements of Public Pedagogy Through National Games in Physical Culture Classes	

ТАРИХ

АЛБЖАНОВА Э. БАБАШЕВ М.	Тұрғындардың өмір деңгейі әлеуметтік-экономикалық дамудың маңызды шарты ретінде	171-177
	Уровень жизни населения как важнейшее условие социально-экономического развития	
ALZHANOVA E. BABASHEV M.	Tendencies of Life Population as an Important Factor of Social Economic Development of the Region	

АФАЙДАРОВА А.	XIX ғасырдың соңында Ресейдің отарлау саясатындағы Ташкенттің басып алынуының кейбір нәтижелері	178-185
	Некоторые итоги захватнического действия Ташкента в колониальной политике России в конце XIX в.	
AGAIDAROVA A.	Some Results of Aggressive Action of Tashkent in a Colonial Policy of Russia at the End of the 20 th Century	

ЖУРНАЛИСТИКА

ТӨШІМОВА Ә.Б.	Жаңа медиа және қазақ басылымы	186-191
	Новая медиа и казахская периодика	
TASHIMOVA A.B.	New Media and Kazakh Press	

ӨНЕРТАНУ

СЕЙТМЕТОВ К. СЕЙТМЕТОВА А.	Қазақтың салт-дәстүрлеріндегі актерлік элементтер	192-199
	Актерские элементы в фольклорных казахских традициях	
SEITMETOV K. SEITMETOVA A.	Actor's Elements in Kazakh Folk Traditions	

СӨДІБЕК А.	Балалардың жас ерекшелігіне қарай киім формасы мен конструкциясының өзгеруі	200-204
	Изменение конструкции и формы одежды по возрастным группам	
SADIBEK A.	The Peculiarity of the Shape and Clothes Design Due to Different Age Groups	

Мазмұны		205-210
Содержание		
Contents		
